An important point of interest in studies of business discourse in international contexts has been the use of English as a lingua franca in, mostly written, text types. Nickerson's (1999) study provides an insight into the use of English in one division of a large Dutch multinational corporation. This investigation combined a case study approach with a text-based corpus investigation featuring a relatively new computer-mediated business discourse at the time, namely business email (Collot & Belmore, 1996; Gains, 1999; Mulholland, 1999; Gimenez, 2000). As such, it remains one of the few practice-based business discourse studies to date that have considered authentic electronic communication produced by non-native corporate writers of English. Nickerson gives examples of how Dutch and English interplay in email communication in the Dutch multinational context, and pinpoints the reasons why and when English is selected as the appropriate code in favour of the local language.

Collecting a corpus of discourse is also a useful research strategy in situations where the researcher wants to engage in an in-depth linguistic analysis of a specific genre of business discourse or a particular text type. A corpus is a body or collection of (written or spoken) texts. There is no fixed size for a corpus, or a specific description of what it should contain. For example, a corpus could contain the annual reports for 2004 of the top 50 companies in the Fortune 500, transcriptions of a series of Board meetings at a Swedish bank, or the emails sent and received in a given month by a customer service employee.

Back translation is one of the most common techniques in crosscultural research, and involves looking for equivalents in languages through the translation of stimuli, survey items, interview data, central research concepts, and so on. For example, in experiments involving crosscultural comparisons (e.g., testing the effectiveness of certain language strategies in two target cultures) back translation can help improve the validity and reliability of experimental stimuli in the different languages involved. It requires that the quality of translated stimulus material is verified by an independent translator translating back into the original (source) language. The original and back translated texts are then compared to determine how equivalent the different versions are, and to clarify or remove ambiguities.

The higher the equivalence achieved between the two versions of the experimental stimulus, the more valid

and reliable it is considered to be. Back translation is also used in business to develop equivalent advertising texts across cultures, and to minimize language problems and crosscultural gaffes commonly associated with international marketing campaigns (see e.g. Brislin, 1980). A statistical analysis (One-way Analysis of Variance: ANOVA) was used to test whether the three versions of the job add differed with respect to the three dependent variables (text evaluation; attitudes towards the ad, company and job; and text comprehension). With regard to text evaluation, no statistically significant differences emerged between the scores on the three versions with respect to attractiveness and intelligibility. However, the naturalness of the three versions of the ad was assessed differently by the three groups of respondents. Overall, the completely English version of the ad was regarded to be more natural than the other two versions.

As a whole, we can say that since the 80-s the methodology of business discourse research has changed significantly. Particularly, the accent of written discourse has moved to the spoken discourse. The methods have changed from quantitative to qualitative, from mono-methods to multi-methods, from intra-cultural to cross- and inter-cultural, from Euro- (US-) centred to “international”, from mono- to multi-disciplinary [9].

### **Some perspectives in business discourse research in Kazakhstan**

As we have mentioned above, cross-cultural approach to business discourse research is one of the most up-to-date trends in contemporary discourse research. Though there is much done in the world linguistics in this field, Kazakhstani business discourse is not studied well. Lack of research in business discourse as in Kazakh, so in Russian languages made many Kazakh linguists refer to the works of foreign researchers in English business discourse in order to implement those experiences in kazakhstani reality in future. Today in Kazakhstan English language business discourse dominates among other foreign languages in the field of communicating with foreign partners and organizations. Moreover, E.Suleimenova and G.Burkitbayeva emphasize that Kazakh and Russian languages are influenced much by English. English language business discourse is obviously more developed, steady, and has more advanced forms of various genres. So, nowadays it dominates in our country and more demanded, displacing not only Kazakh, but Russian as well [10]. However, the policy of trilingualism proposed by the President N.Nazarbayev makes us particularly interested in studying business discourse of Kazakh language. As the leading role is given to English we find it scientifically significant and valuable to make comparative research of pragmatic aspect of business discourse in two languages. Special attention is given to cross-cultural approach, English discourse in Kazakhstani organizations and Kazakh discourse in the same conditions. What is its role? How can the communicants achieve the necessary perlocutionary effect in our non-native English language environment? Those questions seem particularly interesting for us as a part of speech acts research and critical discourse analysis. Certainly, authentic cross-cultural business negotiations are planned to be analyzed. As a comparison, our work also includes a task where pure British and pure Kazakh negotiations will be investigated.

Thus, on one hand, business discourse is a field where much significant research has been done. On the other hand, there are still many untouched questions which must be investigated, and as a result will certainly influence both on the linguistic part of business discourse and to solving some cross-cultural contradictions in business field in general. So, our research is aimed to affect as to the theory of discourse and practical business in contemporary language situation in the country.

- 1 V.Karassik «Языковой круг: личность, концепты, дискурс». - Волгоград, 2002.
- 2 Teun A. Van Dijk. *Language. Cognition. Communication*. 1989.
- 3 Fairclough. *Discourse and social change*. 1992.
- 4 G.Burkitbayeva «Деловой дискурс: онтология, интеракция и жанры». 2005.
- 5 F.Bargiela-Chiappini, C.Nickerson and B.Planken. *Business Discourse*. Houndmills, Basingstoke: Palgrave, Macmillan, 2007.
- 6 F.Bargiela-Chiappini, Nickerson. *Business discourse*, 1997.
- 7 M.Lampi, H.Nyyssonen, R.Schulze, D.Neuendorff. *Discourse analysis: openings*. 1987.
- 8 F.Bargiela. *Business Discourse across 'cultures': data selection, collection and analysis*. Warwick, 2010.
- 9 А. Айтмолдина. «Об изучении делового дискурса в современной лингвистике», Вестник ЕНУ, 2011
- 10 President N.Nazarbayev's address to the nation «Стратегия «Казахстан-2050», 2012.

ӘОЖ 811. 512 ББК 81.2

## ДИСКУРСТЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҮСІНІК КОМПОНЕНТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСЫ

К.Қ. Садирова -

филология ғылымдарының докторы, доцент

**Аннотация:** Мақалада дискурстың семантикалық құрылымы мен оның түзілуіне негіз болатын семантикалық түсінік байланысы сөз болады. Осы байланысты О.Бөкейдің "Кербұғы" әңгімесінен алынған үзіндіні талдау арқылы көрсеткен. Семантикалық түсінік семантикалық компоненттердің үндестігінен туындайды. Семантикалық түсінік құрылымының түзілу грамматикасы болады. Ол дискурстың түзілу грамматикасына негіз болады.

**Тірек сөздер:** дискурс, семантикалық компонент, семантикалық құрылым, дискурс құрылымы.

**Аннотация:** В статье рассматривается взаимоотношение семантических компонентов понятий и семантическая структура дискурса. Осуществлен анализ текста (рассказа) О.Бокеева "Кербұғы", выявлена связь между компонентами семантических понятий и структурой дискурса. Семантическое понятие зарождается из созвучия семантических компонентов. Структура семантического понятия имеет свою грамматику образования, которая служит основой грамматики образования дискурса.

**Ключевые слова:** дискурс, семантический компонент, семантическая структура, структура дискурса.

**Abstract:** The article considers the relationship of semantic components concepts and semantic structure of discourse. The analysis of the text (story) O.Bokeeva "Kerbugi", the relationship between the components of the semantic concepts and discourse structure. Semantic concept arises from the harmony of the semantic components. The structure of a semantic concept has its own grammar school, which served as the basis of grammar education discourse.

**Key words:** discourse, semantic components, semantic structure, discourse structure.

Семантикалық түсінік термині ой мен тілдің арақатысын сөз еткен зерттеулерде, сонымен бірге «ОЙ – ХАБАР» лингвистикалық моделіне қатысты талқыланып жүр. А.Р.Лурияның пікіріне сүйенсек, семантикалық түсінік дегеніміз – *является не исходным терминальным компонентом модели языка, а некоторым продуктом мыслительного процесса, мыслительной деятельности, в свою очередь имеющей «замысел (или мысль), с которого начинается процесс формирования высказывания»* [1.9]. А.Е.Кибрикше, семантикалық түсінік – бұл синтаксистік деңгейдегі бірліктердің арақатысына қажетті құрастырушылардан тұратын базалық құрылым, бұл құрылым элементтерінің және олардың мағыналарының арасындағы сәйкестену өте айқын, әрі уәжді болады [2.202]. Дәлірек айтсақ, айтылымның түзілу негізінде жатқан түпкі ой, ойлау әрекеті мен ойлау үрдісінің өнімі саналатын семантикалық түсінік - жалпы ойдың пайда болуы мен оның өзара түзіліп тілдік бірліктерге еншіленіп, дискурста көрініс табуының және қабылдаушыда дұрыс қабылдануының негізі. Оның өзі белгілі құрылымға ие болады. Мұндай құрылым компоненттері қатарында негізінен 8 сыңар аталып жүр. Олар: **жағдаяттық** (ситуационный), **дейктикалық не актілік-сөйлеу** (дейктический (акто-речевой)), **коммуникативтік (қаттаушы)** (коммуникативный («упаковочный»)), **референциялы, модальды, логикалық, эмоциональды, интенциялы не иллюкутивті**. Бұл компоненттер мәннің негізгі компоненттерімен сай түседі: жағдаяттық, коммуникативтік, референциялы және дейктикалық. Мәннің жағдаяттық компонентіне сөйлемде не айтылымда, дискурста бейнеленген шынайы жағдаят туралы хабар, ақпарат еңсе, әр тілден тыс жағдай қалай да белгілі бір саналы тұлғаға тікелей қатысты өтеді, ал оның сөйлеу әрекеті тек шындықты сана сүзгісінен өткізіп қана қоймайды, оны өз өлшеміне сай шындық бейнесіне-мәтінге айналдырады, сол кезде ақпараттың маңыздылығы, жаңалығы не бұрыннан таныс болуы, оның өзіне де, тыңдаушыға қатысына қарай да анықталады, оны ақпараттың коммуникативтік компоненті деп есептейді. Сөйлеу актісінің сәтті орындалуы сөйлеушінің тыңдаушы назары мен көңілін өзі тірек етіп тұрған шындық моделіне аударуда жатады да, ол тыңдаушының референт атауын, сипатталып отырған оқиға өткен орын мен уақытты, олардың сөйлеу актісі орындалып жатқан орталықпен сәйкестену жүйесімен байланыста жүзеге асады, ақпараттың бұл түрі *референциялы және дейктикалық компонент* деп аталады. Кейбір әдебиеттерде соңғыларын – коммуникативтік, референциялы, дейктикалық – прагматикаға, жағдаяттық компонент семантикаға қатысты баяндалса, дискурста бұл үшеуі өзара тығыз байланыста көрініс табады.

**Жағдаяттық компонент** - семантикалық түсініктің хабар мен сөйлеу актісіне қатысты кейбір сыртқы жағдаятты бейнелейтін бөлігі. Бұл компонент семантикалық түсінік компоненттерінің иерархиясында маңызды рөлге ие болады. Сондықтан да ол зерттеушілер назарын үнемі аударып келеді. Оның тілдік көрінісінің ең негізгі бірлігі – сөйлем.

Тілден тыс қарапайым жағдаят кейбір типтік жағдай мен оған қатысушылардан тұрады. Семантикалық-синтаксистік деңгейде мұндай тілден тыс жағдайды пропозиция бейнелейді, ол предикат



пен аргументтерден тұрады. И.А.Мельчук [3.85.] аргументтердің семантикалық валенттілігі сай түсетін маңыздыларын актанттар деп бөліп көрсетеді. Түсініктірек айтар болсақ, әр айтылым не дискурстың әр бірлігі жағдаяттық компонент, өйткені олар сыртқы жағдай бөлігін бейнелеуге қатысып тұр. Сондықтан да, ең алдымен, жағдаяттық компонент пропозициясы лексикаланады. Қалған компоненттер пропозициясының лексикалануы және тікелей синтаксистік құрылымға енуі де ақпараттың маңыздылығына қарай орындалады. Егер айтылым мазмұны тек бір көмекші компоненттен тұратын болса, оларды әдеттегідей предикаттық-аргументтік құрылымға талдауға келе қоймағанымен, олардың иллокутивті-дейктикалық мәнін семантикасына қарап танымыз.

**Дейктикалық не актілік-сөйлеу компоненті** айтылымның жағдаяттық мазмұны мен сол жағдаятқа қатысушылардың барлығына да қатысты қабылданатын сөйлеу актілері нүктелерімен арақатынасын белгілейді. Сөйлеу актісі хабарламаға қатысты алғанда сыртқары қала алмайды, шоғырландыру жүйесінің қызметін атқарады, ол сөйлеу актісі мен жағдаятты уақыт пен кеңістікке, сөйлеу актісінің орындалған орнына, яғни қазір және осында деген ұстаныммен бағдарлай отырып белгілейді. Сондықтан да күрделі коммуникативтік жағдаят барысындағы сөйлеу актісінде сөйлеуші хабардың жалпы мәнін тірек етіп отырады, ал сол мән сөйлеушілер сөзінде, негізінен, дейксистер арқылы (жіктеу есімдіктері, демеуліктер, мезгіл үстеулері т.с.с арқылы) заттанады немесе деректенеді.

**Коммуникативтік «қаттаушы» компонент** әр нақты айтылымды дискурс бөлігі ретінде тұтас дискурспен арақатынасын белгілейді. Ол сөйлеушінің «мәндік тапсырмасын» орындаудағы стратегиясының материалдануын анықтайды. Коммуникативтік компонент хабарды тудыруда оны алдыңғы мәтінмен сәйкестендіріп қана қоймайды, сонымен бірге тыңдаушының қабылдауына ыңғайлап та үлгереді. А.Е.Кибриктің пайымдауынша, бұл компонент сөйлемді актуальды мүшелеумен сай келеді. Яғни, бұл компонент бірліктеріне мыналар жатқызылады: тема-рема, ескі/жаңа ақпарат, топик, эмпатия, түрлі анафоралық айтылымдар, коммуникативтік ақпарат тасымалдаушылары, яғни интонация мен сөздердің орын тәртібі т.б.

**Референциялы компонент** реляциялы болып табылады, оның қызметі – шындық элементтерін бейнелеген мәтін элементтерінің арақатысын ашу, теңдестіру, айтылым формасын өзектілендіру. Референциялы компоненті болмаса, ақпарат дұрыс түсінілмейді. Мысалы, О.Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесінен алынған талданған мәтін үзіндісіндегі «–Ааааа, ууууу, аааа» айтылым формасына көңіл аударайық. Бұл айтылым екі кейіпкерге тиесілі: мұның бірі Кербұғының дыбыстауын білдірсе, екінші жерде – Жасбұғының дыбыстауы. Ал оның қай коммуникантқа қатыстысы тек осы референциялы компоненттен білініп тұрады. Референциялы мағынаны тасымалдаушыларға интонация, есімдіктер т.с.с жатады. Біздің мысалымызға келсек, Кербұғының дыбыстауын білдіріп тұрған бірліктер референциялы компонентке жатады: *Кербұғы –А-а-а-а-у-уу-аааа! Бұлбедеу үн зор болмағанымен, жұрнақ . Тұман әлі сейілген жоқ. ...-Ааа, ууу, ааа? Өзімен қоса үні де келмеске кете бастаған Кербұғы, қаңси бастаған кеудесін қақ айыра шақырмаққа аузын ашты, бәрібір баяғыдағы сырнай үні тарғылданып шықты. – Аааа, уууу, аааа? Тау жаңғырыққан жоқ, мелішіп әр тасы көкбеттеніп дүмбілез жатыр(353-б.). ...Ақшағыл арман – Ақшоқыға аман-сау жетті де, қарсы алдында тұрған діңгекті иіскеп, жүгіре-жүгіре деміккен танауын қасыды. Бұдан соң көзіне жас алып тұрып, баяғыша жас шағындағыдай арқырап, таза әрі зор дауыспен күйек шақырды. –Аааааааа, ууууууууу, ааааааааа, ууууууууу, ууууууу! Бұл үнді күллі тау әулеті үздік-создық ұзақ қақпақылдады, қайталады-ау..... Жасбұғының дыбыстауы өзін мерткітіріп кеткен Жасбұғының қызықишыл рақатты әні естіледі. Жасбұғының рақатқа батқан ессіз үні естіледі. –Аааааа, уууууу, аааааа, уууууу!!?(354-б.).*

**Модальды компонент** реляциялы, пропозиция мен шындық болмыстың арақатысын белгілейді. Бұл қатынас сөйлеушінің пропозицияның шынайылығы мен ирреальдылығына сенімділігін танытады. Модальды мағына модаль сөздермен, рай категориялары, интонация арқылы бейнеленеді.

**Логикалық компонент** мәтінді тыңдаушы мен сөйлеуші түсінігіндегі әлем туралы білімімен сәйкестейді, бұрыннан бар білімнің жаңа біліммен толықтырылуын, мәтіннің мәндік дұрыс болуын қамтамасыз етеді. Оның элементтеріне пайымдаудың субъект-предикаттық құрылымы, айтылым мазмұнының презумптивтік және ассертивтік бөліктерге бөлінуі жатады.

**Эмоционалды компонент** сөйлеуші тұлғаның тілегімен, бағалауымен, психофизикалық күйімен айтылым мазмұнның арақатынасын белгілейді.

**Интенциялы (иллокутивті) компонент** айтылымды сөйлеушінің сөйлеу ниетімен байланысын көрсетеді: тыңдаушысын ақпараттандырады, оның әрекетіне ықпал етеді, оның эмоционалды, сөйлеу, ойлау реакциясына түрткі болады, нақты айтсақ, айтылымның иллокутивтік қызметімен байланыстының бәрі де осы интенциялы компонентке жатады. Жоғарыда айтылғандарға О.Бөкейдің «Кербұғы»

әңгімесінің мәтінінен ішінара алынған үзіндіні талдау арқылы көз жеткізейік: *А-а-у-у-а! Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ. (342-б.)...-А-а-а-а-у-у-а-а-а-а! Бұл бедеу үн баяғыдай дүниені дүр сілкіндірер зор болмағанымен, тегіндегі тегеурінді дауыстан қалған жұрнақ айқай екенін аңғарталық. (342-б.).....Әлде көз алдында ақырғы рет секіріп билеп кетіп бара жатқан жас марал-қызды енді қайтып (түсінде, қиялында болмаса) көре алмайтыны енді қайтып салмақпен жүріп, сабырмен еркелейтін марал-анаға наз қыла алмайтыны, енді қайтып көре алмасы, ести алмасы көп баянсыз жалғанның тұмбасына шам батқан, тұманына шын адасқаны енді ғана есіне түскендей селк етіп, ұнжырғасын көтерді де, тағы да бір рет жан-дүниесін қақырата ышқынды.- Ааааа, ууууу, аааааа! (343-б.). ...-Аааааааааа, уууууууууу, аааааааааа, ууу! ...Осы бір оқиганы еріксіз есіне алған Кербұғы ұмтылып барып қайыңның сарғая бастаған жапырағын үзіп алды да, талмап оразасын ашты. Тұман әлі сөйілген жоқ. (346-б.). ...Осы кезде алып таудың арғы қапталынан өзін мертіктеріп кеткен Жасбұғының қызықшыыл рақатты әні естіледі. Баяғыда бұл да кәрі бұғының шекесін қақ айырып, үйірді өзі иемденгенде, дәл осылай шаттыққа, шабытқа толы жеңімпаз әнін шырқап еді-ай. Дүние кезек екен, дүние кезек екен... -Аааа, уууу, аааа!(348-б.). ...-Ааа, ууу, ааа? Өзімен қоса үні де келмеске кете бастаған Кербұғы сонау сары жағал таудың ар жағындағы ұша басы аппақ қар меңдеп, мұнартқан шоқыға қарады. Сол шоқы мұның қозықа шағында тым биік болып елестесе, есейе келе аласарып кеткендей еді, енді, міне, тағы да заңғар тартып аспандап тұр.(351-б.). ....Кербұғы қаңси бастаған кеудесін қақ айыра шақырмаққа аузын ашты, бәрібір баяғыдағы сырнай үні тарғылданып шықты. – Аааа, уууу, аааа? Тау жаңғырыққан жоқ, мелішіп әр тасы көкбеттеніп дүмбілез жатыр(353-б.). ...Ақшағыл арман – Ақшоқыға аман-сау жетті де, қарсы алдында тұрған діңгекті иіскеп, жүгіре-жүгіре деміккен танауын қасыды. Бұдан соң көзіне жас алып тұрып, баяғыша жас шағындағыдай арқырап, таза әрі зор дауыспен күйек шақырды. – Ааааааааа, ууууууууу, аааааааааа, ууууууууу, ууууууу! Бұл үнді күллі тау әулеті үздік-создық ұзақ қақпақылдады, қайталады-ау..... Ағаш қоршаудың ішінен Жасбұғының рақатқа батқан ессіз үні естіледі. –Аааааа, уууууу, аааааа, уууууу!?(354-б.). Үзіндіде берілген ақпараттың семантикалық түсінігінің жағдаяттық компоненті әр айтылымда көрініс тапқан, бірақ олардың үстірт құрылымының сипаты бір емес. Мысалы, *А-а-у-у-а!* айтылымының құрылымы дәстүрлі предикаттық-аргументтік құрылымға сай келмейді, бірақ оның семантикалық түсінігі дискурстың жалпы мәні негізінде анықталады. Дискурстың өнімі мәтіннен алған үзіндідегі осындай құрылымда мәннің эмоциональды мағынасы берілген: «Өзегімді өкініш өрті жандырып барады. Дәуренім өтті», келесі осындай айтылымдардың мағыналары мен оның семантикалық түсінігінің қалпына келтірілген түрін келтірейік: *–А-а-а-а-у-у-а-а-а-а!* мәннің эмоциональды компоненті, негізгі мағынасы «Мен өзімді жағымсыз, әлсіз сезінемін», - *Аааааа, ууууу, ааааааа!* Эмоциональды компонент, негізгі мәні «Менің жаным ышкында», *Аааааааааа, уууууууууу, аааааааааа, ууу!* айтылымы мәннің иллюкутивтік-дейктикалық компоненті, негізгі мәні «Менің дәуренім өтті, тұман сөйілмейді», эмоциональды мәні «Мен өзімнен де, өмірден де түнілдім». ... *-Аааа, уууу, аааа!* айтылымы Жасбұғыға тиесілі, эмоциональды компонент, негізгі мәні: «Мен үйірге өзім иемін, мен шатпын, өмір қандай рахат», ...*-Ааа, ууу, ааа?* айтылымы қайтадан Кербұғыға тиесілі, эмоциональды компонент, негізгі мәні: «Шынымен де, менің дәуренім өткені ме?», – *Аааа, уууу, аааа?* эмоциональды компонент, «Шынымен де өмірімнің шаттығы осымен аяқталды ма, өзегім өртеніп барады», –*Аааааааааа, уууууууууу, аааааааааа, уууууууууу, ууууууу!* айтылымы тағы да Кербұғыға қатысты, мәннің эмоциональды компоненті, негізгі мәні: «Қайран, жастық шақ, осылай арқырап едім-ау!», –*Аааааа, уууууу, аааааа, уууууу!?* бұл айтылым тағы да Жасбұғыға қатысты, эмоциональды компонент, негізгі мәні: «Мен рақаттанып тұрмын, өмір қандай ғажап!».Өзіміз қалпына келтіріп отырған ақпараттың толық күйі дискурстың жалпы мәнін тірек етуден туындап тұр да, сол мәннің ішінде референциялы компонент көмекке келіп отыр, атап айтқанда, референттер атауы (Кербұғы, Жасбұғы, марал, күйік, үйір т.с.с.), есімдіктер (бұл,өзімен қоса ), интонация (леп сазды және сұрау сазды- бұлар оқырманға жазушы таңбалаған сұрау (?), леп (!) белгілерінің таңбасымен, сондай-ақ олардың қабаттасып қолданылуы арқылы (!?) белгілі бір қызмет етіп тұр. Мәннің коммуникативтік компонентіне «сөйлеуші стратегиясының» заттанып, таңбаға түсірілуі мен әр нақты айтылымның тұтас дискурспен байланысын, сонымен қатар алдыңғы мәтінмен байланыстырып, соған сай қабылдануын ыңғайлау деген болсақ, біз талдауға нысана еткен үзіндіде бұл мынадай сипатта көрініс тапқан: сөйлеуші үшеу: 1) автор, 2) Кербұғы, 3) Жасбұғы. Сөйлеушінің негізгі мәндік тапсырмасын орындауда екінші, үшінші қатысушыларға тіл бітірген, бұл дискурс мәні қабылдаушыларда (оқырмандарда) бұрыннан бар білімге сүйенілген (мал шаруашылығымен айналысатын кәсіп иелеріне бұл өмір шындығы таныс, сонымен бірге қабылдаушылар жадында бұрыннан ауыз әдебиеті арқылы тілсіз кейіпкерлерге тіл бітіру дағдысы бар, сонымен қатар адамның өміріне ұқсастығы бар). Бұл тұста логикалық компонент іске қосылып тұр. Автор өзі тудырған туындысының әр кейіпкерінің сана-сезімін*

өзінше, өз ақылы негізінде туғызып отыр, сонда оның ақыл-ойынан туындаған үш топқа жіктеуге болатын (автордың өз атынан баяндауы мен Жасбұғының, Кербұғының пайымдауын) астырт және үстірт құрылым жұптастығы пайда болған. Бірақ шын мәнінде бұл бір ғана тілдік тұлғаның ақыл-ой жемісінің нәтижесі, сондықтан да авторға тән айтылымдар (мәтіннен авторға бағытталғанда) осы барлық дискурс тақырыбына сай оны шоғырландыру жүйесі болып саналады. Оның дискурста түсуінде қабылдаушылар, оқырмандар тарапынан туындайтын тағы да осындай астырт және үстірт құрылымдар жұптастығы түзіледі, осылайша мәтін тіні өз жалғасын тауып, бірімен-бірі өріледі. Семантикалық түсінік астырт құрылымға сай түседі. Н.Хомский көрсеткендей, терең не астырт құрылым мағынағы сай құрылады да, ондағы әр пайымдау (пропозиция) бір-бірімен байланысқа түседі, осыдан астырт құрылым түзіледі. Астырт құрылымның үстірт құрылыммен арақатынасы ойлау операцияларының дәнекерлігі арқасында орындалады, қазіргі терминологиямен айтсақ, грамматикалық трансформация жолымен жүзеге асады. Бұл тұстағы айтылып отырған грамматика термині Н.Хомскийдің көрсеткен сөздің түзілу және түсінілу кезінде пайдаланылатын ойда, санада тіркелген сөз түзу мен астырт және үстірт құрылым байланысын жүзеге асыратын ұстанымдар жүйесі [4.30]. Жағдаяттық компонент әр предикаттық-аргументтік не предикаттық актанттық, субъект - предикаттық құрылымға ие сөйлемдерден көрініс тапқан. *Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ* Кербұғы – субъект, агенс, ішкен жоқ – предикат. Осы предикат үш аргументті/актантты өзіне бекітіп тұр: Кербұғы (субъект, агенс), бүгін (сирконстант), су (объект). Логикалық компоненттік сипатына сай бұл айтылым мазмұнының презумпциясы бар: 1) Кербұғы бұрын су ішетін. 2) Кербұғы бірнеше күннен бері су ішпеген. 3) Кербұғының су ішпеу себебі бар (белгілі себептермен не өзі ішпей тұр, не оған су бермеуде, не оған ішетін басқа сұйықтық (сүт не т.б.) берілген). Сонда бұл айтылым мазмұнына қатысты бөліктердің қай-қайсысы да презумптивтік. Бұл дискурс барысында пропозициялы құрылымда тасымалданған акпараттың дұрыс қабылдануына алғышарт жасайды, сонымен бірге келесі айтылым мазмұнын болжауға, қабылдауға дайындық пайда болады, коммуникативтік компонент сипаты танылады. Бұл әр компонент тұтас мәннің дұрыс берілуі мен қабылдануын қамтамасыз етеді де, осылардың негізінде біртұтас дискурстың сәтті орындалуы жүзеге асады. Сөздің туындауына негіз болатын осы мәндік компоненттер осы болмысымен дискурстың ұйымдастырылуына да тірек болады, өйткені дискурс сөзсіз, тілсіз (вербальды не бейвербальды) мүмкін болмайды. Қорыта айтсақ, семантикалық компоненттердің үндестігінен туындайтын *семантикалық түсінік құрылымының түзілу грамматикасы дискурстың түзілу грамматикасына негіз* болады. Сондықтан да сөйлемнің, мәтіннің, дискурстың семантикалық құрылымының түзілу заңдылықтарының ортақ негізге – семантикалық түсінікке – сәйкестенуі заңды.

1 Лурья А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. - М., 1975. - 414 с

2 Кибрик А.Е.. Очерки по общему и прикладным вопросам языкознания. - М.: Изд-во МГУ, 1992. - 336 с.

3 Мельчук И.А.. Опыт теории лингвистических моделей «СМЫСЛ - ТЕКСТ». М., 1974. - 250 с

4 Хомский Н. Язык и проблемы знания. Перевод Б.Ю. Городецкого. Б.: БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 1999. - 252 с.

5 Бөкеев О. "Кербұғы" // Ұйқым келмейді. - Алматы, 1990. - 402 с.

ӘОЖ 811.512.122:39

## Г.Л. ПЕРМЯКОВ ПЕН ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ТОПТАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚ

Ш.П. Қарсыбекова -

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Аңдатпа:** Бұл мақалада паремиология ғылымының мақал мәтелдер мен әр алуан қанатты, нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі ретінде қарастырылған. Мақал-мәтелдерді мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекшеліктері қарастырылған. Бұл салада бүкіл Шығыс халықтарының мақал-мәтелдерін жан-жақты зерттеп, олардың жүйелі түрдегі ғылыми классификациясын жасаушы белгілі кеңес ғалымы Г.Л.Пермяковтың ұсынып отырған топтастыру жүйесі мен принциптеріне сүйене отырып, қазақ мақал-мәтелдерінің топтастырылу принциптері айқындалған.

**Кілт сөздер:** паремиология, логика-семиотикалық инварианттар, логика-семантикалық топтар, мағыналық-тақырыптық топтар, мақал-мәтелдер, сәйкестік пен сәйкессіздік, абстракцияланған ұғым.

**Аннотация:** В настоящей статье рассматриваются пословицы, поговорки и крылатые выражения паремиологической науки как самостоятельная наука. Пословицы и поговорки группируются в зависимости от

содержания и структурных особенности. В этой статье казахские пословицы и поговорки группируются на основе классификации Г.Л.Пермякова.

**Ключевые слова:** паремиология, логико-семантические инварианты, логико-семантические группы, содержательно- тематические группы, пословицы и поговорки, сходство и различие, абстракционное понятие.

**Abstracts:** This article deals with the proverbs, sayings and popular expressions of paremeological science as independent science. Proverbs and sayings are grouped depending on the peculiarities of contents and structure.

This article is classified with the Kazakh proverbs and sayings on the basis of classification of G.L.Permyakov.

**Keywords:** paremeology, logical- semantic invariants, logical- semantic groups, pithy-thematic groups, proverbs and sayings, similarity and difference, abstract concept.

Өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін тіліміздегі тақырыбы, мазмұны бай әрі құнарлы салаға – ММ-дер жатады. ММ-дер арқылы халықтың ғасырлар бойы жинақтаған еңбек, өмір тәжірибесі небәрі бірнеше ауыз сөзбен тұжырымдалып беріледі. Олар өмір шындығын дәл де нақтылы, әрі көркем бейнелеп көрсетеді. ММ-дер бір ғасырдың ғана емес, сан ғасырдың жемісі болғандықтан мазмұны да, тақырыбы да кең, сөз етер объектісі де сан алуан болып келеді. Сондықтан да оларды зерттеп, мән-мағынасын терең түсіну үшін жүйелеп, тақырыптық, логикалық тұрғыдан топтастыра, өзара салыстыра қарау қажеттігі туындайды.

ММ-дер, оны жасаушы, қолданушы этнос та өзімен ғасырлар бойы бірге жасап, өзгеріп, дамып отырады. Осыған байланысты қазақ ММ-дері халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне, еңбегі мен тәжірибесіне байланысты тақырып жағынан өте кең әрі алуан түрлі болып келеді. Олар халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, дүниетанудағы көзқарасы, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен қайғысы, айтатын ақыл-өсиеті мен тыйым салуы тағы басқа осы сияқты халық өмірінің барлық жақтарын қамтиды.

ММ-дерді топтастыра қарауға байланысты паремиологиялық зерттеулер жалпы түркі тілдерінде әсіресе қазақ тілінде жан-жақты зерттеле қойған жоқ. Бұл мәселе көбінесе әдебиетшілердің міндетіне жүктеліп, тілшілер зерттеуінің объектісі болмай келеді.

Қазақ ММ-дерін қолданыс (әдеби норма, авторлық-оказионалды тағы басқа) ерекшеліктеріне байланысты [1] қарастырған кейбір еңбектер болмаса [2] тақырыптық-логикалық топтастыруға бағышталған еңбектер жоқтың қасы.

Осы орайда, жалпы Шығыс тілдеріндегі ММ-дерді зерттеудегі елеулі еңбектердің бірі ретінде қазақ ММ-дерін топтастыруда біз Г.Л.Пермяковтың [3] еңбегін атауымызға болады. Онда 200 ұлт тілі бойынша 50 мыңға жуық ММ-дер жинастырылып, жүйеленіп, тақырыптық топтарға бөлініп қарастырылған. Г.Л.Пермяковтың теориялық принциптеріне сүйене отырып қазақ тіліндегі мыңдаған ММ-дерді іштей жіктеп, 70 тақырыптық топқа бөліп қарауға болады екен.

ММ-дер – халықтың өмір тәжірибесінде көрген-білгенін қорытып айтқан ақиқат, айқын ой-тұжырымдар. ММ-дерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, халықтың сергек ақыл-ойын, тапқырлығын, табиғат құбылыстарын, адам баласының тұрмыс жайы, үміт-тілегі, халықтың өнері мен іс-әрекеті, адамгершілік, тәлім-тәрбие тәрізді алуан түрлі мәліметтерді, даналық қорытындыларды көреміз.

Осыншама мол объектінің ішінде ММ-дердің ерекше көңіл бөліп, өзінің барша мазмұн-мәніне арқау етіп келе жатқан тақырыптарының бірі – “Адам болмысы”, яғни адамның жақсы-жаман әдеттері мен жағымды, жағымсыз қасиеттері, өнегелі өмірі мен бей-берекет ретсіз де сүренсіз өткізіп жатқан тіршілігі, көрген рахаты мен тартқан азабы, жеке басының кемшілігі мен артықшылығы, моральдық, этикалық, әдептілік, имандылық тағы басқа осы сияқты адам бойындағы сан алуан қасиеттер болып саналады.

Осы қатардағы өзекті мәселелердің санатына адамның игі жақсы, зиялы қасиеттері де (*ар, ұят, намыс, борыш, парыз, міндет т.б.*) ММ-дердің өте жиі сөз ететін тақырыптарына жатады. Бұл тақырыптар тек сан жағынан ғана емес, ішкі мазмұн, мән-мағына жағынан да алуан түрлі. Тіпті оларды санамалап, тізіп шығудың өзі мүмкін емес.

Осыған байланысты мақал-мәтелтану (паремиология) саласында оларды іштей жіктеп, логикалық жүйеге салу, тақырыптық, мағыналық ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қарай саралап, топтастыра қарау дәстүрі қалыптасып келеді. Алайда, бұл дәстүр қазірше орыс паремиологиясында қалыптасып, кейінгі жылдары ғана Шығыс тілдеріндегі, соның ішінде түркі тілдеріндегі ММ-дерді зерттеуде қанат жая бастады. Осы орайда, ең алдымен Г.Л.Пермяковтың еңбектерін [3, 4, 5, 2] қазақ ММ-дерін жүйелі түрде, топтастыра зерттеуде үлгі боларлық, арқа сүйерлік соны ізденістердің бірі деп айта аламыз.

Г.Л. Пермяков ұстанған принциптер бойынша, тіліміздегі ММ-дер сан жағынан қаншама көп, мағына-мазмұн, құрамы мен тұлғасы жағынан алуан түрлі болып келсе де, іштей жүйелеуге болатын, өзара

жақын, әрі ұқсас, нақтылы да жалпылама белгілері бойынша топтастырып қарауға болатын тілдік құбылыстар қатарына жатқызылады.

Бір қарағанда, бір-бірінен тым алшақ, іштей байланысы жоқ, мүлдем екі басқа объектіге қатысты айтылатын тіліміздегі ММ-дердің мазмұн-мағынасын зерделей түсіп, олардың нақтылы лексикалық мағынасынан абстракцияланып барып туындайтын ауыспалы мағынасы тұрғысынан қарастырсақ, олар кейде ортақ арқау болып тұрған өзектес, өзара сәйкес тақырыптардың төңірегінде шоғырланып, топ-топ болып тұратындығын көреміз. Керісінше, кейбір өзара жақын, құрамы мен тұлғасы, нақтылы мағынасы жағынан ұқсас, тіпті абсолютті сәйкес көрінетін ММ-дер абстракцияланған жалпы да ауыспалы мағынасы бойынша бір-бірінен мүлдем жырақ, екі басқа тақырыптық топтың құрамына жатуы мүмкін.

Мәселен осы принцип тұрғысынан қарастырғанда қазақ тіліндегі ондаған, тіпті жүздеген ММ-дерді өзара қатысты “Сәйкестік” және “Сәйкессіздік” деген “Мүдделестік және мүддессіздік”, “Тұрақтылық және тұрақсыздық”, “Заттардың, құбылыстардың өзара қатыстылығы”, “Шарттылық”, “Біртіндеп (эволюциялық) даму” тағы басқа осы сияқты (біз олардың 30 шақты түрін ғана қарастырамыз) топтарға шоғырландырып, екі-үш түрлі деңгейде: ең жоғарғы – *логика-семиотикалық инварианттық деңгейде*, одан кейінгі сатыдағы *логика-семантикалық топтар деңгейінде* және кішігірім *мағыналық-тақырыптық топтар деңгейлерінде* қарастыруға болады.

“Сәйкестік пен сәйкессіздік” деген абстракцияланған ұғым, бірде өзара логикалық байланыста тұрған екі объектінің (заттың, құбылыстың т.б.) белгілі бір қасиеттері мен сипаттары бойынша бір-біріне сәйкестігін, үйлесімділігін, ұқсастығын, ыңғайластылығын, баламалылығын, жарасымдылығын тағы басқа қасиеттерін білдіріп тұрса, енді бірде осы қасиеттер мен сипаттардың сол тәрізді екі объектінің арасында керісінше сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Мысалы: *Ағасына қарай – інісі,*

*Апасына қарай – сіңлісі <>*

деген мәтелді алайық. Мұнда өзара логикалық байланыстағы екі объект ретінде бір атаның балалары (бірде ағасы мен інісі, бірде апасы мен сіңлісі) алынып, олардың өзара сәйкестігі сөз болып отыр. Басқаша айтқанда, бірге туған ағайынды апалы-сіңлілі адамдардың үлкендері – *ағасы мен апасы* – отбасынан, жастайынан қандай (жақсы, жаман) тәлім-тәрбие алып өссе, оларды көріп, соларға еліктеп өскен жете-ғабыл *інісі мен сіңлісі* де сондай (жақсы, жаман) болмақшы. Демек, бұл мәтелде нақтылы түрде *аға меніні, апа мен сіңлі* арасындағы абстракцияланған түрінде – жалпы адам баласына тән, алдыңғы буын мен соңғы буын ұрпақтары арасындағы сәйкесе жалғасып тұратын заңды процесс паш етіліп тұр.

Енді “Сәйкессіздікке” келсек, ол да принцип жағынан “Сәйкестіліктің” екінші бір түрі, яғни олар бір медальдің екі жағы іспеттес өзара қатысты құбылыстар. Өйткені болмыстағы өзара байланысты ММ-дер объектілері ылғи да бірыңғай – не *сәйкесті*, не *сәйкессіз* бола бермейді. Кейде бір ММ объектісі мен екінші ММ объектісі өзара әрі *сәйкес*, әрі *сәйкессіз* қатынастарда бола береді.

Мысалы: *Біреу тойып секіреді,*

*Біреу тоңып секіреді <>*

деген мақалды алсақ, осындағы “*біреуге*” “ортақ процесс – *секіру*”. Бірақ осы “*секірудің*” (яғни салдардың) себебі бірдей емес, біреулер үшін оның нақтылы себебі – “*тамаққа тою*”, ауыспалы мағынасы – “*рахат өмір сүру*” болса, ал екінші біреулер үшін секірудің нақтылы себебі – “*суықтан, аяздан тоңу*” денесін қорғайтын жылы киімнің жоқтығы, ал ауыспалы мағынасында “*жай-күйінің болмауы*”. Демек, өзара байланысты бір процестің салдары (“*секіру*”) бірдей болғанымен, себептері басқа-басқа. Ал, бұл фактіні логикалық тұрғыдан бағалайтын болсақ, бір мақал ішінде – сәйкестілік (“*тоңып секіру*” – *әдетте тоңған адам ғана секіреді*) пен сәйкессіздік (“*тойып секіру*” – *тойған адам секірмейді*) қатар келіп, жарыса қолданылып тұр.

Осы бір логикалық жүйе, принцип бойынша жасалған ММ-дер қазақ тілінде баршылық және олар объект, тақырып жағынан адам болмысының, қоғамдық өмірдің табиғат құбылыстарының барлық саласын түгел қамтиды. Демек, бұл универсалды тілдік құбылыс деген сөз. Бірақ ММ-дердің осы бір ең жоғарғы логика-семиотикалық инвариант деңгейіндегі “Сәйкестілік” пен “Сәйкессіздікті” паш ету тәсілдері мен мотивтері, ММ объектілері арасындағы логикалық қатысы мен құрамдық-тұлғалық моделдері сан алуан.

Негізгі зерттеу объектісін сөз етуден бұрын, жалпы тақырыпқа қатысы бар, оның ғылымдағы мақсат-мүддесі мен адам өміріне, ана тілін жетік те терең білгісі келетін қауымға қажетті бір-екі мәселенің басын аша кеткенді жөн көрдік. Олар:

1) “*Онсыз да жалпы мағынасы түсінікті, әркім-ақ өз білгенінше қолдана беретін ММ байлығын іштей жіктеп, тақырыптық-мағыналық топтарға бөліп, тәптіштеп, таратып жатудың не қажеті бар?*”

2) “Өмірдің сан алуан саласын қамтып, асып-төгіліп жатқан рухани байлығымыздың шеңберін тарылтып, белгілі бір логика-семантикалық, мағыналық-тақырыптық топтардың аясына сыйдырып, шектеп, топтастырып, жүйелеп көрсетуден тілдік қауым, жас ұрпақ не ұтпақшы?” деген сұрақтарға барып саятыны мәлім.

Шынында да, бұлар – паремиология (мақал-мәтелтану) проблемасына байланысты негізінен әдебиетші ғалымдар [6] тарапынан бұрын-соңды жүргізіліп келе жатқан дәстүрлі зерттеулерден өзгешелеу тілдік, этнолингвистикалық тұрғыдан жанаша көзқарасқа байланысты қойылуға тиісті заңды сұрақтар.

1) ММ-дер әрбір этностың болмысында бар, жасырлар бойы қалыптасып, мәңгі-бақи бірге жасайтын рухани мұра, халық даналығының жадында сақталып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын мәдени мирас.

2) ММ-дер көркем сөздің көрікті де бейнелі, ажарын ашатын, нақыш бояуын келтіретін айшықты да, адуынды, құнарлы да құдіретті құралы.

3) ММ-дер біле білген адамға, сыры тұңғыық терең, айтуға жеңіл, тіл ұшына үйіріліп тұратын, “әрі қысқа, әрі нұсқа”, көл-көсір ойды бір ауыз сөздің қауызына сыйғызып, нысанаға дөп тигізетін, ауыз әдебиеті дәстүрінде қалыптасқан ерекше жанр.

Міне, осы тәрізді ерекше қасиеттері тіліміздегі ұлан-ғайыр (шамамен 15 мыңнан астам) ММ-дерді тек сыртынан ғана қызықтау, есте қалған бірлі-жарымын ретін тауып қолданумен ғана шектелуге болмайтынын көрсетеді. Халық өмірінің тұңғыық терең сырын, толассыз ой-толғаныстарынан өз бойында тоқып, көркемсөз өрнегімен өріп, өміріміздің шындығын айнадай айқындай түсетін даналық энциклопедиясы саналатын –ММ-дер байлығын толық болмаса да, ой-пікір түйіндері тоғысқан тұстарын, өмірдің әр саласында сараланып жатқан тармақтарын тап басып, қажетіне керектерін тез тауып ала білу, өзін сыйлайтын қазақ ретінде ата-бабадан қалған даналар сөзін сыйлайтын әрбір азаматтың абзал міндеті болса керек.

Алайда 15 мыңнан астам ММ-дердің ішінен қажеттісін, сөз қисынына оралып, оның күш-құдіретін асыра түсетін ММ-ді сол бір сәтте жадыңнан тауып ала қою, ММ-дер жүйесін меңгермеген адамға теңіз түбінен асыл тас (маржан) іздегенмен пара-пар.Басқаша айтқанда, мақалнама жүйесінің тетігін білу деген сөз – өмірдің өзімен бірге өріліп жатқан шындықты дәлелді, деректі, уәжді сөз өрнегінен олардың мағыналық-тақырыптық, логикалық жүйелері арқылы тап басып, дәл таба білу. Аз сөздің аясына сыйдырып айта білген ата-бабаларымыздың өзіне дәл қазір қажетті болып тұрған ойын қай тұстан іздеудің құбыланамасы да мақалнаманың жүйесін білуде. Ой жүйелілігі, тақырып жүйелілігі, мағына-мазмұн жүйелілігі, сайып келгенде, әрбір ММ-дің мағына, мазмұн, тақырып, ой жүйесі – логика жағынан іштей шоғырланып тұрған топтардың ішкі сырына ұлттық салт-дәстүр өзіндік дүниетаным тағы басқа ментальдық қасиеттер тұрғысынан үңіле түсу қажет.

Қазақ ММ-дерінің осы бір ерекшеліктерін Н.Уәлиев былай деп сипаттайды: “Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының (мақал, мәтел, канатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны, халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген” [7].

Шынында да, адам өзінің ой-пікірін көл-көсір етіп, көп сөзбен баяндауы, қысқа да нұсқа” түрінде, “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” етіп, аз сөздің аясына сыйдырып, тоқ етерін бір-ақ айтып қарап отыруы мүмкін. Бұл тәсілдің екеуі де қажет. Бірақ бұлардың біріншісі, жалпы халыққа, қалың көпшілікке тән тәсіл болса, екіншісі, көбінесе сөз шеберлерінің сөз саптау мәнеріне, өнеріне тән қасиет. Алайда, ылғи мақалдатып, мәтелдетіп сөйлеу шешендіктің белгісі емес, жадағай жаттандылыққа көбірек берілудің белгісі болып танылады. Демек, бұдан ММ-дердің сөз жүйесінде қолданылатын өз орны, өз реті, өз қажеттілігі бар деген ұғым туады.

Мақал-мәтелтаным ғылымының бірімен бірі жалғасты, бірінен бірі туындайтын үш түрлі аспектісі бар. Олар:

1) ММ-дердің дүниеге бір кезде келуі, бұл олардың тарихтағы белгілі адамдардың дуалы аузынан шығып, өмір тәжірибесі арқылы расталып, халық жадында сақталу процесіне байланысты;

2) ММ-дердің белгілі бір ұғым, түсінікті, идея мен ой-пікірді білдіретін азаматтық, діни, құқықтық талаптарды түсіндіретін моральдық, этикалық, эстетикалық нормалар мен әдептілікті, имандылықты уағыздайтын халықтың салт-дәстүрін, жөн-жоралғысын сақтауды талап ететін, гибрат, ақыл-кеңес беретін ерекшеліктері. Біздің зерттеп отырған мәселеміз осы аспектіге байланысты ММ-дерді толық игеру жолдарын қарастыру.

3) ММ-дерді практика жүзінде дұрыс қолдану деген сөз – білген ММ-дерін әйтеуір бір қолданып қалу мақсатында емес, оны тиісті орнын тауып, жалпы түрде бір сарынмен айтылған ой-пікірді иіратып, шегелей түсу үшін, сөзіне ажар беріп, тыңдаушының құлағын бір елең еткізіп, оның көңілін бірден өзіне аудару үшін қолдану болып саналады. Қазақ болмысында мақал сөздің байыбына бара алмау, орағытып, тұспалдап, айтылған сөздің астарына бойлай алмау, нарқы мен парқын ажырата алмау зор қасірет, бишаралық.

Мақал-мәтелтанудың өзара байланысты, астарлас, бірін-бірі толықтыра түсетін үш аспектісі оның негізгі де, ең өзекті зерттеу объектілеріне жатады.

Жоғарыда сөз болған “Сәйкестік пен сәйкессіздік” тобын құрайтын ММ-дердің мұндай қатынасқа енетін ұғым-түсініктердің сан алуан түріне байланысты жасалатындығы. Анығырақ айтқанда, өзара байланыста тұрған екі объектінің (заттың, құбылыстың) сәйкес, не сәйкессіз болып келуі сол объектілердің бірде сапасы мен санына, ұқсас, не әр алуан түр-түсіне, сын-сипатына, енді бірде – жаратылысы мен табиғатына, көлемі мен ауқымына, өлшемі мен мөлшеріне, енді бірде уақыт мезгіліне байланысты болып келеді.

Енді осылардың арасындағы “Сәйкестіктер” мен “Сәйкессіздіктерді” нақтылы мысалдар келтіре отырып, жеке-жеке қарастырайық. Біздің топшылауымыз бойынша: “Сәйкестік пен сәйкессіздік” деп аталатын абстракцияланған ең жоғарғы деңгейдегі логика-семиотикалық инварианттар тобына жататын ММ-дер жоғарыда көрсетілген ерекшеліктеріне қарай төменгі деңгейдегі 10 түрлі тақырыптық-мағыналық топ құрайды және әрбір топтың өзі мағынасына қарай іштей бірнеше кішігірім топтан тұрады [5].

Қорыта келгенде, Г.Л.Пермяков ұсынып отырған топтастыру жүйесі мен принциптері кез-келген тілдердің мақал-мәтелдеріне қатысты қолдануға болатындығы этнолингвистикалық тұрғыдан айқындалды.

1 Турабаева Г. *Окказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке. Рукопись канд. Дисс., – Алматы, 1989. - 229 с.*

2 Пермяков Г.Л. *От поговорки до сказки. – М., 1970. 240 с.*

3 Пермяков Г.Л. *Избранные пословицы и поговорки народов Востока. - Москва, 1968, 376 б.*

4 Пермяков Г.Л. *Основы структурной паремииологии. – М., 1988, 240 с.*

5 Пермяков Г.Л. *Пословицы и поговорки народов Востока. – М., 1979.- 375 с.*

6 Қожахметов Қ. *Қазақтың мақал-мәтелдері. - Алматы, 1950.*

7 Уәлиев Н. *Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998. - 12 б.*

ӘОЖ 81' 371

## М.ӘУЕЗОВ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

А. Б. Күшібар - Абай атындағы ҚазҰПУ

*Магистратура және PhD докторантура институты филология мамандығының 2курс магистранты*

**Андатпа:** Бұл мақалада ұлы суреткер М.Әуезов пьесалары тіліндегі фразеологизмдердің поэтикалық қолданысы жан-жақты қарастырылады.

Әуезов еңбектерінде фразеологизмдер өте мол кездеседі. Фразеологизмдер – ойды әсерлі берудің негізгі тәсілдері.

Осы мақалада, М.Әуезовтың бірнеше пьесаларының тілдік ерекшеліктерін айқындап, автор шығармаларында қолданған фразеологизмдерді талдауға тырыстық.

**Кілт сөздер:** поэтикалық фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тілдік бірліктер, образдар жүйесі, идиолект.

**Аннотация:** В статье рассматриваются разносторонние языковые особенности поэтических фразеологизмов в пьесах великого писателя М.Ауезова.

В произведениях М.Ауезова встречаются много фразеологизмы.

Фразеологизмы – это способы передавать впечатляющие мысли.

В статье мы рассматривали разносторонние языковые особенности в пьесах и фразеологизмы в произведениях М.Ауезова.

**Ключевые слова:** поэтические фразеологизмы, пословицы-поговорки, устойчивые языковые единицы, образная галерея, идиолект.

**Abstract:** The article deals with various language peculiarities of poetic phrase logical units in the poems of great writer M.Auezov.

A lot of idioms found in the works of M.Auezov.

Idiom – a way to get impressive thoughts.

In this article we considered versatile linguistic features in plays and collocations in the works M.Auezov.

**Key words:** poetic phrase logical units, proverbs and sayings, language set-expressions, system of characters, idiolect.

Мұхтар Әуезов десек, бірден ауызға «Абай жолы» түсері сөзсіз. Одан бөлек, жазушы әдебиет қоржынына «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» т.б. сынды көптеген өлмес туындыларын қалдырды. Шығармалары арқылы қоғам бейнесін ашып, тұспалды ой айтты.

Әуезов драматургия саласында көп еңбек еткен жазушы. XX ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды. Суреткер сол халық әдебиетінен нәр алды. Қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, ойындары тұңғыш рет драмалық шығармаларға арқау болды. Бұл тәжірибе жазушыға сахна сырын жете үйретті. Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады.

Әуезов еңбектерінде фразеологизмдер өте мол кездеседі. Фразеологизмдер – ойды әсерлі берудің негізгі тәсілдері. Жеке қаламгерлердің қолданысындағы бейнелі сөз тіркестері де, халықтың тұрмыс-тіршілігінде күнделікті қолданған ауызекі сөздерінен алынып отырған.

М. Әуезов әңгімелері сан түрлі образдарды суреттеп, сол образдар арқылы қазақ тілінің бай, әдеби сөздік қорын кеңінен көрсетуімен ерекшеленеді.

«Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік бірліктердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің өзара қарым-қатынасының нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі», - дейді академик Ә.Қайдар [1,102 б.].

«Қазақ халқының өзіндік болмысын көрсететін, салт-дәстүр айырмашылықтарын айғақтайтын тілдік тұлғаларын таныту, талдау тіл арқылы ұлт мәдениетін таныту болып табылмақ», - дейді А.О.Тымболова өз еңбегінде [2, 214 б.].

М.Әуезов шығармаларындағы фразеологизмдер жөнінде мынадай басты сипаттарды атап көрсетуге болады:

Проза тілі фразеологизмдерін де жазушылар қалай болса солай, оңды-солды қолдана бермейді. Тұрақты тіркестерді атқаратын қызметіне қарай, қолданылу заңдылықтарына қарай шығарманы көркемдем, әр қаламгер өз стиліне сай, өз орнында қолданады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің жан-жақты зерттелуі академик І.Кеңесбаевтың, профессор С.Аманжоловтың, профессор К.Ахановтың ғылыми зерттеулерімен тікелей байланысты.

Жалпы, тілші ғалымдарымыз фразеологизмдерді көркем шығармада қолданудың екі тәсілі бар дейді.

I. Жалпы халықтық формада қолдану;

II. Өзгертіліп, авторлық өңдеуден өткізіп қолдану;

Осы тәсілдерге М.Әуезовтің қаламынан туған тұрақты тіркестердің үлгісін қосып, үшінші тәсіл деп алуды дұрыс деп таптық.

Автор қаламынан туған тұрақты тіркестердің үлгісі молынан кездесіп отырады: *кеуде жарған арман, өмірдің өрі, желікті күлкі, сұр өмір, шын сезімнің тілі, шер күні, ашулы көз, қызуы мол толық өмір, қараңғы тағдыр, ауыр дәулет* т.б. Бұл тәсіл – Әуезовтің қазақ тілін байыту, көркейту, айшықтау әлемін туғызған шеберлік сырының бір бөлігі.

«Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі». [3,214 б.]. Фразеологизмдердің образдылығы, бейнелілігі, сезімнің күйін жеткізу күші айырықша. Драманың күштілігі де, әлсіздігі де тілінде, сол шығармада қолданылған сөз айшықтарында көрініс табады.

М.Әуезов шығармаларының табиғаты соншалықты күрделі. Автордың пьесада көрсетпек болған әр қилы образдар жүйесі, шығармаға желі болған жалпы композициялық тұтастық – тек тілдік құралдар арқылы ғана беріледі.

Осы мақалада, М.Әуезовтың бірнеше пьесаларының тілдік ерекшеліктерін айқындап, автор шығармаларында қолданған фразеологизмдерді талдауға тырыстық.

Мысалы, «*Аз жерге бармастан қарасы өшіп, боранмен араласып көрінбей кетті. ...әйелдер де дауыстың естілмейтінін білген соң ішінен зор қауіпке түсіп, зарлап тұрды*» («Оқыған азамат») [42 б.].

«*Ғазиза да екі шешесімен қосылып, жүректерін жеген қайғыларын сыртына шығарып сөйлескенде, бұрынғы өткен күндерін сағынушы еді*» («Оқыған азамат»). [42 б.].

«*Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай*» («Қорғансыздың күні») [1,56 б.].

«Еңлік-Кебек» пьесасындағы «*Тынбаған көңіл, талмаған көкей күшік!..*», «*Қизаш қасты, қалаң*



шашты», «Әр лебізің алтындай», «Асқар таудай ақылың», «Қыздырманың қызыл тілі» т.б. немесе «Мұрнын тескен тайлақтай қып», «Бойына сенген түйедей боп», «Алалы жылқы, ақтылы қой», «Еркек тоқты құрбандық» деген халықтық тіркестерде де поэтикалық мағына айқын байқалады.

М. Әуезовтің прозалық шығармаларында сол алғашқы кезеңнің өзінде тұтастай фразеологизмдерден құралған сөйлемдер аз кездеспейді.

Фразеологизмдерді мәндес сөзімен қатар беру М.Әуезов шеберлігінің, стильдік ерекшелігінің, даралығының бір көрінісі.

*«Еті қашып, арыған жіңішке қолдар, іш күдік-қауіп, сансыз үміт, сансыз қиял, бет ажары суықтанып-бұзылып, құрық көрмеген асау т.б.»*

*«Бұл уақытта Жұмағұл жаратылысындағы тақыстық құлығына салып, бойын бағып отырды» («Оқыған азамат»). [2,222 б.].*

Жазушының халық тіліндегі фразеологизмдерді максатты түрде өзгертіп айтуы әңгіме тілінің әсерін күшейтіп, өткір сөз жасауына мүмкіндік береді. Мысалы:

*Ар-намысын тілгілеу (жырту), барар жерім жоқ (барар жер, басар тауым жоқ), дәме болу (дәме ету), сөздің құйрығы (өтіріктің құйрығы), жерік ас (нәре), жүрек ояну (селк ету), құдайына жылап (құдайдан тілен), уайымның сызынан шытынау (қайғыға бату) т.б.*

*«Бір күні кешке жастар жүрердің алдында сөзді бір жерге байламақ үшін, үй ішінің аз ғана кеңесі болды» («Оқыған азамат»). [222 б].*

Құлашын кеңінен сілтеуге мұрсат бермеген ғұмырының ішінде, ол кең құлашты прозалық шығармаларымен қатар хас шебердің өміріндей әсем, ондаған әңгімелер, пьесаларды, әңгімелерді дүниеге алып келді.

Аса терең, мәнді шығармасының бірі - «Түнгі сарын». Бұл - қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды. «Түнгі сарын» - қазақ драматургиясында жағымды кейіпкерлер проблемасын шешкен туынды.

«Еңлік-Кебек» пьесасының тілі де осындай айшықты сөз оралымдарына өте бай. Мысалы: *«Екпінін су сепкендей басу, сағы сыну, зықысы шығу, намысын жырту, шіріген жұмыртқа, сыныққа сылтау таба алмай, қой аузынан шөп алмау, еңкейген кәрі, еңбектеген бала»* т.б. тұрақты тіркестер шығарма шырайын аша түседі.

«Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларында Әуезов реалистік драма жасаудың түрлі-түрлі құралдарын пайдаланған.

Пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, мағыналы да мәнді болуы шарт. Халқымыз көкейге қонымды көркем, алуан түрлі орамды сөз мәйегін орнымен дұрыс пайдаланып отырған:

*«Күшікпай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, Уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын-қыстауда ақыл тауып, қажымай, қайрат, ерлік көрсеткен» («Қорғансыздың күні») [1,366].*

«Көркем сөз жолын кеңес дәуіріне дейін-ақ драмалық шығармадан бастаған Мұхтар Әуезов 1920 жылдардың басында алғашқы прозалық шығармаларымен, әңгіме-повестерімен әлеумет назарын өзіне қаратып, құлағын елең еткізді. Тырнақ алды әңгімесі «Қорғансыздың күні» жас жазушының ауыл өмірін терең біліп, әдемі суреттей алып, адам да, құдай да аямаған қорғансыз жандардың өлмелі күн кешуі, жан түршігерлік тұрмыс-тіршілігі бар ауыртпалығымен, азап-қиыншылығымен жанды сурет болып көз алдыңнан өтіп жатады», - дейді профессор С.Исаев.

*«Жол үстінде ымырт жабылып, қас қарайған шақта жалғыз келе жатқан баланың ойында үлкен мұң, қабағында қалың қайғы бар» («Жетім») [79 б].*

*« - Болат-ау, сенің де базарың тарқамағаны ма, жаным-ау – дейді...» («Қаралы сұлу») [87 б].*

Суреткер өзінің сөз қорын молықтыру үшін жалпы халықтық тілдің тілегей-теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше молырақ игеруі, оның қилы-қилы, әрі қызық құбылыстарын жете түсінуі, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, құбылу мен құлпыруларды дәл аңғара білуі қажет.

М.Әуезовте халық тілінде қолданылу қалпынша алып пайдаланған фразеологизмдер де өте көп кездеседі.

Мысалы, *«...топырағы торқа болу, тырнағына татымау, құдай сүйер қылық, жаны шығу, мойнына су құйылу, күні біту, табанынан таусылып, бал жалау, өңі қашу, дүние салу, іштен тыну, қайғы жұту, төрінен көрі жуық, жүдеп келу, көз түсу, көрер күн, күдер ұзу, басын ашу, мал табу, айла іздеу, үй ішінен үй тігу, оқты көзбен ату, үстіне шыбын қондырмау, іргені аулақ салу, өкпемен қағу, көзге түрткі қылу, қанаты сынған торғайдай...»* т.б.

Сонымен, М.Әуезов әңгімелеріндегі, пьесаларындағы фразеологизмдерді ажыратуда І.Кеңесбаев, Е.Жанпейісов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, М.Серғалиев, Ә.Хасенов, Ә.Болғанбайұлы, Г.Смағұлованың айғақ-тұжырымдарының зор әсері болған.

Фразеологизмдер негізінен үш тірек белгісіне қарай ажыратылатындығы белгілі. Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын үш түрлі белгісі:

1. Даяр қалпында жұмсалыу белгісі;
2. Мағына тұтастығы;
3. Тіркес тиянақтылығы.

Г.Смағұлова бұл белгілерді былайша атап көрсетеді:

1. Қолдану тиянақтылығы;
2. Мағына тұтастығы;
3. Тіркес тиянақтылығы [4, 96 б.].

Фразеологизмдердің бұл мағыналық тұжырымдама, сипатынан басқа басқа толып жатқан айырым-белгілері бар екендігі де белгілі.

Фразеологизмдерді ғалымдар сөйлемнің бір мүшесі болу қызметіне орай сөз таптарына телиді, міндетті түрде тіркес болғанның өзінде де ол тіркес компоненттілігі әр қилы болып келеді.

Әрине, бұл тұжырым М.Әуезов шығармашылығын да жатсынбайды. Сонымен бірге, тек адам деп емес, жалпы жаратылыс құдіретін әр қалыпта, әр мәнде бейнелеуге ұмтылудың көркем сөздің негізгі мәндерінің бірі екендігін еске ұстай отырып, Әуезов прозасындағы фразеологизмдерді сөз таптарына қарай бейімдеп қарастырдық.

М.Әуезов прозасындағы қолданылған фразеологизмдерді олардың грамматикалық сипатына қарай қарастырғанда негізінен етістік мағыналы фразеологизмдердің жиірек қолданылғанын байқадық: *«Жақсысын асырып, жаманын жасырып; тіс жарып ішін ашып; дауыс айтып; көз майын ағызып; күдердеі әбден үзгендей болып; сөзді байлау қылып ұстап қалу; қолға қондыру; жота көрсету т.б.»*. Драматург көсемше, тұйық етістік формаларына сүйеніп жасалған фразеологизмдерді белгілі бір мәнді күшейте түсу мақсатында жиі қолданған.

Кез-келген қаламгердің тілі қандай элементтен тұрса да, жалпыға ортақ әдеби тіл нормасынан ауытқымауы керек.

«Біздіңше, М.Әуезовтің мұрасын жалпы қазіргі қазақ тілінің таза тілдік лингвистикалық мұраттары тұрғысынан да, жазушылық стиль даралығы тұрғысынан да тұтас қарастырған дұрыс. Себебі, Әуезов әлдеқалай бір роман ғана жазып жазушы санатына қосылған жан емес. Ол – көп жанрда дәлірек айтқанда, новеллистикада, драматургияда, әдеби сында, әдебиеттануда, тіпті, поэзияда әрі қазақ әдеби тілін қалыптастырушы, әрі дара стильді сөз зергері», - дейді М.Т.Жұманазарова [5, 115 б.].

М.Әуезов шығармаларындағы фразеологизмдерді арнайы зерттеу, тереңдете қарастыру – қазақ тіл біліміне қыруар тіл фактісін беріп, зерттеу нысандарын кеңейте түсері хақ. Фразеологизмдер жөніндегі тұжырымдардың тиянақтала түсуіне әсер етері даусыз.

1 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -Алматы, 1998. - 304 б.

2 Тымболова А.О. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. - Алматы, 2013. -328 б.

3 І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977-711 б.

4 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. -Алматы, 1998. -196 б.

5 Жұманазарова М.Т. «М.Әуезов әңгімелерінің тілі» - Алматы, 1998.

6 Әуезов М. «Қилы заман» - Алматы, 2004. -280 б.

7 Әуезов М. Повестер, әңгімелер. -Алматы :Мектеп, 1983. - 332 б.

ӨОЖ 419.992 71

С-90

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТАУЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж. К. Сүйінжанова - ф.ғ.к.,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың аға оқытушысы

**Аңдатпа:** Қазіргі заманда ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің дамуы тілімізде әртүрлі ұғымдар мен олардың атауларының пайда болуына ықпал етті. Олардың ішінде лексикалану құбылысы нәтижесінде мағыналық құрылымында жаңа сема қалыптастырылатын атаулар да көптеп кездеседі. Бұл атаулар лексикалық бірлік ретінде сөздік құрамды байытады. Олар еркін сөз тіркестерінен мағыналық өзгеріске ұшырап, номинативтік мәнге ие болған атаулар. Бұл мақалада еркін сөз тіркесінің ішкі лексикалық мағынасы өзгеріп, номинативтік мәнге ие болатын атаулық тіркестердің грамматикалық, қызметтік және семантикалық мәні сөз болады.

**Тірек сөздер:** Атаулық тіркестер, лексикалану құбылысы, сөзжасамдық семантика, аналитикалық тәсіл, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық модельдер, семантикалық тұтастық.

**Түйіндемесі:** Мақалада қазақ тіліндегі атаулық тіркестердің тілдік табиғаты мен өзіндік белгілері сөз болады. Атаулық тіркестер сөзжасамдық аспектіден қарастырылып, кейбір теориялық мәселелері, негізгі белгілері мен өзіндік ерекшеліктері айқындалады.

**Аннотация:** На современном этапе развитие науки и образования, культуры и искусства способствуют появлению различных понятий. Среди этих понятий встречаются такие новые наименования, которые появляются в процессе лексикализации. Эти наименования содействуют обогащению словарного состава языка. Они из свободных сочетаний преобразовываются в процессе семантических изменений в наименования. В этой статье анализируются преобразования свободных словосочетаний в номинативные словосочетания и их грамматические, семантические функции.

**Ключевые слова:** Номинативные словосочетания, явления лексикализации, словообразовательная семантика, аналитический способ, словообразовательное гнездо, словообразовательная модель, семантическая целостность.

**Резюме:** В статье анализируются языковые особенности и признаки номинативных словосочетаний в казахском языке. Номинативные словосочетания рассматриваются в словообразовательном аспекте, описываются некоторые теоретические проблемы и основные признаки их специфических особенностей.

**Abstract:** At the present stage of development of science and education, culture and the arts contribute to the emergence of different concepts. Among these concepts there are such new names that appear in the process of lexicalization. These items contribute to the enrichment of vocabulary. They are converted from free combinations in processes of semantic changes in nominations. This article analyzes the transformation of free phrases in nominative phrases and their grammatical, semantic functions.

**Key words:** leksikalization phenomena, word-formation semantics, analytical method, family of words, word-formation model, semantic integrity.

**Summary:** The article deals the linguistic features and signs nominative phrases in Kazakh language. The nominative phrases are analyzed from the word-formation aspects and some theoretical problems, basic signs and definite peculiarities are explained.

Дүниенің болмысы мен рухани мазмұны өзгеріссіз қалғанмен, оның түсініктерінің, танымдық мәнінің адами формалары дамиды. Қазіргі уақыт пен әлемдік кеңістікте жаһандану орнығуда, осыған орай барлық техникалық және гуманитарлық ғылым салаларында интеграциялық үдерістер жүріп жатыр. Тұтасу мен бірігудің жалпы заңдылықтары жеке ғылым салаларына да, оның ішкі мазмұнына да, соның ішінде қарым-қатынас құралы болып табылатын тілге де ерекше әсер ететіні, онда ортақ құбылыстар болатыны анық. Бүгінгі таңдағы ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің даму сатылары тілімізде әртүрлі ұғымдар мен олардың атауларының пайда болуына ықпал етті. Жаңа қолданыстар, жаңа ғылыми терминдер мен терминдік атаулар санатына қосылып жүрген бұл атаулардың тілдік табиғаты мен жалпы жасалу болмысының өзіндік ерекшелігі бар.

Қазір мағыналық құрылымында жаңа ерекше сема қалыптастырып, лексикалық бірлік ретінде жұмсалатын, сөйтіп сөздік құрамды байытатын атаулар көптеп кездеседі. Олар еркін сөз тіркестерінен ішкі лексикалық мағынасы өзгеріп, жеке номинативтік мәнге ие болған атаулар. Жаңа атаулар екі сөздің тіркесуі, кейін бірігуі арқылы жасалып, біріккен сөздердің, кіріккен сөздердің номинативтік мағына алуымен ұштаса жалғасып, сөздік құрамды байытады. Бұл лексикалану құбылысының нәтижесі.

Еркін сөз тіркесінің құрамынан шығып, атаулық тіркес ретінде танылып жүрген тұлғалардың тілдік табиғатын анықтап, олардың грамматикалық, қызметтік және семантикалық мәнін айқындаудың ғылыми маңызы зор. Осы ретте *атаулық тіркестердің* жасалу жолы мен олардың мағыналарының қалыптасуының өзіндік ерекшелігі ретіндегі ондағы мағыналық тұтасу заңдылығын анықтап, олардың сөзжасамдық мәні мен мазмұнын айқындаудың ғылыми-теориялық маңызы ерекше.

Мағыналық тұтастық арқылы шығып, өзіндік ерекшеліктерін орнықтырған қазіргі тіліміздегі атаулық тіркестердің негізгі сипатты белгілерін, өзге тіркестерден ерекшелігін айқындау, олардың жақындығы мен айырмашылығын көрсетіп, ғылымдағы орнын белгілеудің маңызы зор. Атаулық тіркестер көптеген салаларға ортақ мәселе болғандықтан, құбылыстардың негізін түсініп ұғынуға септігін тигізері даусыз.

Атаулық тіркес туралы теориялық мәселелердің зерттелуі, шындап келгенде, сөз тіркесімен тығыз байланыста қарастырылады. Олай болуының өзіндік ішкі себептері бар. Атаулық тіркестің номинативтік мағынаға ие болып, жаңа сөз ретінде танылуы, ең алдымен, олардың сөз тіркесі ретінде қолданысынан бастау алады. Еркін сөз тіркесі сипатында қалыптасып, тілдік қолданыста жұмсала жүріп, даяр қалпында қолдану деңгейіне жеткенге дейінгі тұлға мағыналық құрылымында әртүрлі өзгерістер мен дамуға ұшырайды. Осы тұрғыдан алғанда атаулық тіркестер мәселесі басында синтаксисте көтерілген болатын. Түркітанудағы синтаксис мамандары еркін сөз тіркестерінің лексикалануы мәселесін бірінші болып көтеріп, оны теориялық тұрғыдан дамытқан.

Күні бүгінге дейін көптеген ғылыми еңбектерде атаулық тіркестер синтаксис саласында зерттеліп келгені аян. Дей тұрғанмен, екіншілік мағына иеленіп, синтаксистік тіркестен гөрі туынды сөзге айналған бұл лексикаланған композиттердің сөзжасамда зерттелуі әлі де болса тереңірек қарастыруды қажет етері даусыз. Терминология саласында да атаулық тіркестер арқылы жасалған атаулардың саны өте мол. Бұл туралы қазақ тіл білімінде біршама пікірлер айтылып келеді. Қазақ тілі білімінде күрделі сөздердің мәселелері туралы А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Т. Сауранбаев, М. Балақаев, К.Аханов, Н.Оралбаева, А.Салқынбай, Б.Момынова, Б.Қасым т.б. ғалымдар еңбектерінде жазылған.

Н.Т.Сауранбаев. «Изафеттік тіркесте ілік жалғауы бірде жалғанып, бірде жалғанбайды. Ілік жалғауы түсіріліп айтылғанда, алдыңғы сөздің иелік, субстантив мәні сезілмейді, көмескіленеді де екеуі бір сөз мағынасында айтылады, яғни атауға айналады. Сондықтан изафеттің ілік жалғаусыз түрі сөйлемде бір ғана мүше болады» деп, оның сөз тудыру жүйесіне айналған тәсіл екенін, изафеттің бұл түрі қазірде тұтас, бір атау (лексема) болып ұғынылатынын сөз етеді. *Гималай тауы, Шу өзені, Москва қаласы, қазақ халқы, драма театры, Киров шахтасы, Партия ұйымы, Оқу министрлігі, Алматы станциясы* сияқты күрделі атауларды жасау кең өріс алғанын келтіреді [1, 86].

Сөз тіркесінің лексикалануы мен атаулық тіркестердің жасалуы туралы ғылыми пікір Ә. Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтың “Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі” атты ғылыми зерттеуінде терең қарастырылған. Авторлар орыс тілінен ұғымдарды баламалылық тәсіл арқылы (калька) атайтын *жарыс сөз, келісім шарт, зейнет ақы, айып пұл, өнеркәсіп* сияқты сөздер мен термин сөздердің қалыптасу жолдарын көрсете отырып, былай деп жазады: “Осы тәріздес сөз орамдарының синтаксистік сөз тіркестерінен де, фразеологиялық тіркестерден де өзіндік айырмашылығы бар, сондықтан мұндай тіркестерді атаулық тіркестер деп атауды орынды деп санаймыз” – деп жазады [2,12].

Бұл мәселені арнайы зерттеген профессор Б.Қасым еңбектерінде қазіргі лингвистикадағы уәждеме мен аталым теорияларының қағидаларына сүйеніп, «күрделі аталымдардың» даму, қалыптасу тәсілдері мен заңдылықтарын қарастырады [3,5]. Атаулық тіркестер жеке зерттеу нысаны ретінде Н.Ә. Ильясова, М.Сәрсембаева, Ж. Әуелбековалардың еңбектерінде қарастырылған [4].

Атаулық тіркестердің мынадай басты белгілерін көрсетуге болады: мағына тұрақтылығы. Құрамындағы сөздердің негізінде сөзжасамдық мағына жасалып, жаңа ұғымды атайтын номинативтік мағына беретіндіктен де, атаулық тіркестер сөзжасамның зерттеу нысаны болып, синтаксистік нысан болудан арылады[5]. Мысалы, *саяси қулық, саяси қылмыс, саяси мәдениет, саяси зерттеу, саяси ғылым, саяси экономика* деген әлеуметтану саласының терминдері қабыса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалып тұр. Сөзжасамдық аспекіден зерделегенде, бұл туынды сөздер аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Мұндағы ортақ мағына туынды сөздердің «саяси» деген ортақ сөздің келуімен байланысты. Ортақ сөздің сөздің болуы туынды сөздер тізбегі мен сөзжасамдық ұяның бірлігін көрсте алады. Ортақ сема арқылы сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің мағыналық сабақтастығы көрінді. Аталған туынды термин сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам құрай алады. Мысалы:

*Саяси қылмыс – саяси қылмыстық (іс);*

*Саяси қылмыс – саяси қылмыскер;*

*Саяси қылмыс – саяси қылмыссыз;*

*Саяси қылмыс – саяси қылмысты (кісі)т.б.*

Ортақ сема туынды сөздердің жасалуының когнитивтік негізділігі мен уәжділігін айқындауда маңызды рөл атқарады. Өйткені сөздердегі ортақ мазмұн мен ортақ мағыналық мән арқылы олардың

танымдық сипаты мен атаудың жасалуының уәжін айқындауға мүмкіндік мол болады. Бұл сөздердің сөз тіркесі емес, туынды сөз екенінің негізгі белгілері – жаңа ұғымды таңбалауы, терминдік сөздікте реестр ретінде берілуі және сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек жасай алу қабілеті.

Жалпы атаулық тіркестердің жасалуының өзіндік ішкі заңдылықтары мен модельдері бар. Синтаксистік ортақ тұлғалық жақындық сөзжасамдық ортақ модельдердің тууының басты шарттарының бірі деп бағалаймыз. Ортақ модельдердің мол болуы атаулық тіркестердің жасалу белсенділігін арттырады, әрі көптеген сөзжасамдық жұптардың жасалу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Құрамына қарай атаулық тіркестердің сипаты әртүрлі болуы мүмкін: екі сыңарлы атаулық тіркестер; үш сыңарлы атаулық тіркестер; төрт сыңарлы атаулық тіркестер.

Қазақ тілінің деректерін мол қарастыру барысында біз екі сыңарлы атаулық тіркестердің мынадай модельдері болатынын аңғарамыз:

1. зат есім + зат есім моделі – *әуе толқыны, ас бөлме, ас бұршақ, ас үй, ата кәсіп, ата сақал, ата мұра, ата тек, ата қоныс, ата жасу, ата жұрт*;

2. сын есім + зат есім моделі – *ашық дауыс, ашық рай, ашық сөз, ашық хат, ашық сабақ, ашық сот, алғы сөз*,

3. зат есім + сын есім – *басы ашық, түлкі тымақты, т.б.*

Үш сыңарлы атаулық тіркестердің мынадай модельдері болады:

1. зат есім + көсемше тұлғалы етістік + кимыл есімді етістік – *хабарды саралап таратау, малды жайып семірту (ауыл шаруашылығы термині)*,

2. зат есім + туынды сын есім + зат есім – *есім құрамды баяндауыш, тілдің таңбалық теориясы, дыбыстардың комбинаторлық өзгерісі*,

3. сын есім + зат есім + заттанған атау – *жеке адам даралығы (психология термині), дара үй құрылысы*,

4. зат есім + заттанған атау + зат есім – *құжаттың шығыс номері т.б.*

Төрт сыңарлы атаулық тіркестер.

1. зат есім + шылау + үстеу + зат есім – *сын және өзара сын*,

2. зат есім + сын есім + зат есім + зат есім – *Еңбек Қызыл Ту ордені*,

3. сын есім + зат есім + зат есім + зат есім – *асыл тұқымды мал шаруашылығы, т.б.*

Бес және одан да көп сыңарлардан тұратын модель негізінде жасалған атаулық тіркеспен келетін терминдер ішінара кездесуі мүмкін, бірақ олар көп емес, сондықтан оларды ерекше модель ретінде анықтамаса да болады.

Бұл атап көрсетілген модельдерден байқалатыны қазіргі тілімізде қолданылып жүрген композитжасам арқылы жасалған терминдердің барлығы дерлік лексикаланған атаулық тіркестердің жемісі.

Атаулық тіркес туғызушы мұндай модельдердің көптігі, ең алдымен, қазақ тілінің сөзжасаудағы ішкі мүмкіндігінің молдығын танытса керек. Бұл сөздердің қай-қайсысы да алдымен еркін тіркес ретінде жасалып келе-келе атау сөз болып қалыптасқан. Көпшілігі белгілі бір ғылым саласының арнайы термині ретінде де бағаланады. Ең бастысы, қазақ тілінің қазіргі сөйлеу тілінде бұл атаулар дайын қалпында жұмсалады.

Кез келген тілдік тұлғаның сөйлеу барысында өзіндік қызметі болары даусыз. Тіл біліміндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, атаулық тіркестердің мынадай қызметі болатынын анықтаймыз:

1. Коммуникативті-синтаксистік қызметі;

2. Конструктивті-синтаксистік қызметі;

3. Мағыналық-мәндік қызметі;

4. Стилистикалық қызметі.

Атаулық тіркестің коммуникативті-синтаксистік қызметі өзге тұлғалардың осындай қызметімен сәйкес келеді. Коммуникативті-синтаксистік қызмет атаулардың негізгі қызметі, мұнда белгілі бір ақпарат берілу үшін, сөздердің сөйлемдегі орны мен тәртібі сақталуы керек болады. Сөздердің орын тәртібі, әсіресе, жазба тілде толық әрі жүйелі сақталады.

Тілдегі конструктивті-синтаксистік қызмет синтаксистік құрылымды түзудегі сөздердің орын тәртібі және оның рөлі саналады. Атаулық тіркестер кез келген туынды сөздер сияқты жеке тұлғалармен байланысып, еркін тіркес құрай алады. Еркін тіркес құру барысында олар сөз тіркесінің бір ғана сыңары болып, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатыны үнемі есте сақталғаны дұрыс. Атаулық тіркестер сөйлемде кез келген сөйлем мүшесі болуы ықтимал.

Атаулық тіркестің мағыналық-мәндік қызметі оның тұрақты қолданысы арқылы анықталады. Өзге атаулармен салыстырғанда, сөйлемдегі мағыналық-мәндік қызметі атаулық тіркестер үшін аса маңызды.

Олай болатын себебі атаулық тіркестердің атаулық қызметі мәтін арасында нақты көрініс тауып отырады.

Атаулық тіркестердің стилистикалық қызметі туралы да мол айтуға болады. Кез келген номинативтік бірлік сияқты атаулық тіркестер де өзіндік стилистикалық қызмет атқарады. Бұл атаулардың өзге номинативтік бірліктерден біршама айырмашылығы да бар. Қазіргі тілдік қолданысымыздағы атаулық тіркестердің көпшілігі термин сөздер мен терминдік атаулар екені белгілі. Бұл туралы көптеген ғылыми зерттеулерде жазылған, дәлелденген. Бұл терминдер мен терминдік атаулар көбінесе ғылыми әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерде кездеседі. Мұны атаулық тіркестердің өзіндік ерекшелігі ретінде тануға болады деп есептейміз. Сонымен бірге атаулық тіркестер арқылы жасалған номинативтік мәнді номенклатуралық атаулар да көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне тән.

Қорыта айтсақ, қазіргі қазақ тілінде, әсіресе ғылыми зерттеулер мен арнайы сөздіктерде атаулық тіркестер жиі кездеседі. Олардың семантикалық сипаты мен қолданыс қызметін зерттеудің, мағыналық және тұлғалық ерекшелігін талдаудың қазақ тіл білімінің кейбір теориялық мәселелерін шешуде өзіндік қосатын үлесі бар. Өйткені, әдеби тіліміздің дамуы, ең алдымен, жаңадан жасалатын тұлғалардың семантикалық құрылымының дамуымен байланысты десек, сол даму деңгейі мен бағыты, ең алдымен, тіліміздегі сөз қолданысын анықтаумен, жаңадан жасалып жатқан атаулық тіркестердің сипатын, қызметін, қолданысын, прагматикалық ерекшелігін, функционалдық мәнін, атаудың семантикалық жіктелісін көрсетуімен де тығыз байланысты болып есептеледі.

1 Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.

2 Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

3 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 183 б.

4 Ильясова Н.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі: филол. ғыл. канд.... автореф.: 10.02.02 – Алматы, 2003. – 25 б.

5 Салқынбай А., Сүйінжанова Ж., Сәрсембаева М., Әуелбекова Ж. Атаулық тіркестердегі әлем бейнесі: семантикасы мен уәжділігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 294 б.

ӨОЖ 811.512.122: 367.627

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘДЕМІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

Г.М. Текесбаева -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
2-курс магистранты

**Аңдатпа:** Мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы «әдемі» концептісінің көрінісі қарастырылады. Қаламгер шығармаларындағы «әдемі» концептісінің танымдық сипаты ашылып, қолданыс ерекшеліктері туралы айтылады. Сондай-ақ, М.Жұмабаев адамның қоршаған ортаны қабылдауындағы таным үдерісінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы «әдемі» концептісінің ассоциациялық өріс аясы талданды. «От», «аспан», «ертегі» сияқты ұғымдардың акын дүниетанымындағы орны, ерекшелігі және «әдемі» концептісімен байланысы анықталды.

**Тірек сөздер:** Әдемі, концепт, ұғым, мағына, символ, акын, көркем шығарма, қоршаған орта, таным

**Аннотация:** В статье рассматриваются особенности произведения Магжана Жумабаева. В трудах М.Жумабаева раскрывается познавательный характер концепта «красиво» и особенности их использования. Также М.Жумабаев подчеркивает значение познавательного процесса в восприятии человеком окружающего мира. В статье анализируется ассоциативное поле концепта "красиво". Раскрывается в мировоззрении поэта роль и особенности таких понятий как «огонь», «небо», «сказка» и взаимоотношение их с концептом «красиво».

**Ключевые слова:** красиво, концепт, понятие, значение, символ, поэт, художественное произведение, окружающий мир, познание

**Abstract:** The article discusses the features of the product Magzhan Zhumabayev. In proceedings M. Zhumabayev revealed cognitive nature concept "beautiful" and usage. M. Zhumabayev also emphasizes the importance of cognitive processes in the human perception of the surrounding world. The article analyzes the associative field concept "beautiful." Opens up in the role of the poet's worldview and features of concepts such as "fire", "sky", "fairy tale" and their relationship with the concept of "beautiful."

**Key words:** beautiful, concept, concept, meaning, symbol, poet, artwork, the world, knowledge

Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі атанған талантты ақыны, қазақ өмірін шынайы суреттеген жазушы әрі публицист. Өз талантының күшін, ұлылығын сезген

ақын «жер еркесі – жел» болып өмір сүрді. «Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың, Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың» деп жырлаған өр тұлғалы ақын жырлары оның эстетикалық талғамын танытады.

Мағжанның көзқарасы бойынша, адамның әдемі пішіндерді, табиғаттың сұлулығын көру қабілеті, терең ойлау мен қиялдың ұшқырлығы күрделі таным үдерісі арқылы жүреді. Ақын жалпы “таным” деген ұғымды әртүрлі әдемі түстерден рақат алу, табиғат құбылыстарының жаратылысы, ондағы дыбыстардың сан алуандылығынан ерекше әсер алу деп ұғады. Ол жан мен тәннің әдемілігін өз жырларына арқау ете отырып, философиялық ой қозғайды.

*Жан толқытар жыр іздеген,*

*Әдемілік нұр іздеген,*

*Қиял құлы – мен бір ақын, –*

дейді. Ақын «әдемілік нұр іздеген», яғни «әдемілік» ақын қолданысында «ізгілік, жақсылық» ұғымын білдіріп тұр [1, 48].

Ақын «От» өлеңінде:

*Әдемі отпен аспаның*

*Бәрі жасық басқаның.*

*Жалын жұтам – тез тоям [1, 49], –*

дейді. Мұндағы «әдемі от» тіркесіндегі «әдемі» «лаулаған, жалындаған» сөзінің баламасы ретінде жұмсалса, «Бостандық» өлеңінде:

*Ғарыш нұрлы жүзі бар*

*Кәусар жібек сөзі бар,*

*Әдемі, алмас ақ қанат, –*

деп **бостандықты** «әдемі, алмас ақ қанатқа» теңейді [1, 88].

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге катысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. Бұған дәлел – “Сен сұлу” өлеңі.

Өлеңде сұлулық пен әдеміліктің көркіне көз тоймай, айналасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айырықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мақтаныш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің арайлы күні, күміс табактай көкте жүзген асқақ та әдемі, сұлу Ай, жібектей есіп, жанды жадыратар Жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашып тұрған Күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан әдемілік пен сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Сонда да болса, дүниедегі ең сұлу, ең әдемі жаратылыс Мағжан үшін бұл емес. Сұлудың сұлуы, әдемінің әдемісі – оның жүрегі қалаған сүйікті адамы.

*Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,*

*Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу! –*

дейді. Осы өлеңінде:

*Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,*

*Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.*

*Әдеміаспан – төбедегі көк шатыр,*

*Асқар тауы, дариясымен жер сұлу [1, 96], –*

деп, «әдеміні» «көгілдір», яғни түс ұғымында қолданса, «N-ға» деген өлеңінде:

*Сөйлетіп қоя берсең, сөзге тақ-тақ,*

*Күлкісі күміс сылдыр, емес сақ-сақ.*

*«Философ», «экономист», «артист», «поэт» -*

*Қайдағы әдемі сөз алған жаттап [1, 101], –*

деп, «әдеміні» «жаттанды, жат» ұғымында қолданған.

Мағжан Жұмабаев «әдеміні» «қызықты, тартымды» мәнінде де қолданғанын төмендегі үзінділерден де байқауымызға болады:

*Түйіннің тоқсан түрлі шеңуі бар*

*Әдемі ертегідей баяғыда.*

*Әдемі өткенді ойлап айнымасам,*

*Сұм өмір күшті уын аяды ма? [1, 232].*

Немесе «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде «Балалы болсам, **әдемі өмірім** бұзылады-ау», - деп ойлайтын еді Шолпан.... [2, 293]. Сондай-ақ, «Ақан сері» мақаласында «...аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі **ертегідей әдемі** Ақан сері – осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар» [2, 318].

М.Жұмабаев шығармаларында «әдемі» концептісі символдар арқылы да беріледі. Мысалы, «Батқан күн, атқан таңның жыры» өлеңінде:

*Алтын Күн батып барады,*

*Күйдіріп көктің жиегін.*

**Құралай көзді қарағым,**

*Болдың ба иіріп жібеңіз? –*

деп «әдемілікті» құралай көзге баласа [1, 46],

*Қалай батыл ойнайды,*

**Сүйрік саусақ** бізбенен? –

дегенде сүйрік саусаққа теңейді [1, 77].

**Бота көзді, бұраң бел,**

*Жіберші жақын қасыңа* [1, 77], –

десе, енді бірде:

**Қарақат көзің** мөлдіреп...

*Алма ернің елбіреп....* [1, 104].

Немесе:

**Иіс шашып, жайнап тұрар түрлі гүл,**

*Гүл тербетіп кешкі жылы жібек жел.*

*Күнәсі көп жаны үшін ағаңның*

*Сол уақытта, қарашығым, дұға қыл!* [1, 116].

«Зуһра» өлеңінде:

*Зуһра деген қыз бала,*

**Беті – алма, жүзі – Ай.**

**Саусақтары күмістей,**

**Сүмбіл шаш, көзі құралай**[1, 119], –

деп, әдемілікті «бота көзді, бұраң бел», «қарақат көз», «алма ерін», «гүл», «алма ет», «ай жүзді», «күміс саусақты», «сүмбіл шаш», «құралай көз» деп арулардың әдемілігін жырға қосады.

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы – аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін», «Шолпы», т.б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю – Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтын әдемі сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

«Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңі – дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма.

*Сүйгеніне қол созған ғашық жан:*

*Кел, жұлдызым, жылжып кана жібектей,*

*Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін, –*

деп, жүрек сырын ақтарады. Оның ғашығы – сөзі сиқыр, шашы толқын, күлкісі күміс табақтай сыңғырлаған ғажайып сұлу. Ақын осы әдемілікке жету жолында бәрін де құрбан етуге даяр ғашық жанының бар сезімін тамаша суреттермен, бейнелі кестелермен береді. Лирикалық кейіпкерінің «көз жасынан меруерт тізіп», тіпті аспандағы жұлдызды жүзік, айды алқа етіп ғашығына сыйға тартқызады.

Мағжан – қазақ өлеңінің көркіне көрік қосқан, саздылығы мен әуезділігін әсемдеген ақын. Жоғарыдағы өлеңдерінің бәрінде де ол қарапайым өмір құбылыстарын әсем суретке айналдыра жырлайды. «Толқын», «Шолпы», т.б. өлеңдерінде Мағжан өлеңдеріне тән ерекше бір әуезділігі айқын көрінеді. Мысалы: «Шолпы» өлеңіндегі:

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр,*

*Қанымды қайнатты құрғыр.*



*Шық-шық жүрекке тиеді,  
Күлпәра талқан боп сыңғыр, –*

деген жолдардағы қазақ қызының шашына таққан шолпысының сыңғыры әркімнің құлағына қазір де жетіп тұрғандай әсер береді.

Қорыта айтқанымызда, қазақтың ұлттық ұлы ақыны [3, 132] Мағжан Жұмабаев шығармаларында «әдемі» концептісі ізгілік, жақсылық, лаулаған от, қызықты, тартымды, көгілдір түс сияқты ассоциациялық өріс аясында танылса, «бота көз, бұраң бел», «қарақат көз», «алма ерін», «гүл», «алма ет», «ай», «сүйрік саусақ», «сүмбіл шаш», «құралай көз» символдары арқылы да беріледі.

- 1 Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 2 Жұмабаев М. Мақалалары. - Алматы: Рауан, 1993. – 378 б.
- 3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. - Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

ӘОЖ 8.808.5(81355)

## ТЕЛЕХАБАРЛАР ТІЛІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**К.А. Лайық -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада «Қазақстан» ұлттық арнасындағы қорытынды жаңалықтардың берілу тәсілдерін негізге ала отырып, телехабарлар тілінің ерекшелігі туралы айтылады. Қазақ тіл білімінде бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндері бұрыннан зерделеніп келе жатыр. Соның ішінде мерзімді басылымдар мен радио тілі ғана ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастырылып, әр түрлі ғылым саласының зерттеу нысанына айналып отыр. Ал телехабарлар тілі бойынша зерттеу жұмыстары көп емес. Телехабарлар тілін меңгерудің қиындығы және бұл сала бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерімен салыстырғанда аз болуы теледидардың қоғам өміріне кеш енуіне, сонымен қатар жалпы теледидар құрылымы мен оның тілінің өзіндік ерекшелігіне әрі күрделілігіне қатысты әр алуан факторларға байланысты болуы мүмкін.

**Тірек сөздер:** телехабарлар тілі, ұлттық телеарна, ақпараттық норма, тілдік норма, орфоэпиялық норма.

**Аннотация:** Статья основана на новостных программах телеканала «Казахстан» и освещает вопросы особенностей языка телепередач.

**Ключевые слова:** язык телепередач, национальный телеканал, информационная норма, лингвистическая норма, орфоэпическая норма.

**Abstract:** The article is based on the news programs of TV channel of "Kazakhstan" and covers the language features of TV shows.

**Keywords:** language of TV shows, national TV, information norm, language norm, orthoepical norm.

Дүние жүзі халықтары «жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның» қандай деңгейде дамып келе жатқанын, жалпы, Қазақ елін, оның мәдениетін, тілін, дінін, жүргізіп отырған саясатын электронды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, соның ішінде телехабарлар, яғни ақпараттық жанрдағы жаңалықтар арқылы таниды. «Қазақстан» телеарнасының жаңалықтары өз отанымызда ғана емес, көршілес Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Моңғолия және Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы өңірлеріне хабар тарататынын ескерсек, онда ақпаратты таратушы тележурналистердің тілін зерттеу маңызды екені көрінеді. Телехабарлар адамзат баласының дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды білім қорымен қаруландырып, сауатты, мәдениетті сөйлеудің үлгілерін көрсетеді және адамдардың әдетке айналған кейбір қылықтарын өзгертеді немесе ол керісінше болуы мүмкін. Бұл тележурналист айтар сөздің көтерер жүгі зор екенін көрсетеді. Ал «тіл мәдениеті – тележурналистерге тән кәсіби біліктіліктің ең маңызды факторы» болып табылады [1, 5 б.].

«Қазақстан» ұлттық арнасы еліміздегі 24 сағат бойы тек қазақ тілінде хабар тарататын бірден-бір арна. 56 жылдық тарихы бар алғашқы телеарна туралы біраз мәлімет.

«Қазақстан» Ұлттық телеарнасы Республикалық «Қазақстан» телерадиокорпорациясы АҚ құрамына кіреді. Отандық телевизияның алғашқы қарлығашы ретінде 1958 жылы ірге көтерген телеарна алғашында 5 сағаттық хабар тарата бастаған. Техникалық әлеуеті жыл сайын ұлғайған телеарна 1987 жылы телетаратылым бойынша одақтас республикалар ішінде төртінші, көркем және деректі фильмдер өндірісі бойынша екінші орынды иеленді.

Бүгінгі таңда еліміздегі ең ірі медиа құрылым. Телеарнаның техникалық әлеуеті Республика аумағының 100 пайызына жуық және көршілес мемлекеттер аумағын да қамтиды. Сондай-ақ, заманауи телетаратылымның барлық талаптарына сай. Қазіргі заманғы ең үздік құрылғылар техникалық аса

күрделі тікелей трансляцияларды жүргізуге де зор мүмкіндік туғызып келеді. Мәселен, Мемлекет басшысының елдің барлық облыстарымен жүргізген телекөпірлері немесе әскери мерекелік парадтар, НАТО Саммиті, ЕҚЫҰ елдері-қатысушылары, Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі, дүбірлі Азиада, Euro-2012 сияқты көптеген шаралар Ұлттық телеарнаның толықтай техникалық қолдауы арқылы өткізіліп келеді.

Бүгінгі таңда Ұлттық телеарна эфирінде әр түрлі жастағы көрермендерге арналған жаңалықтар мен ерекше ток-шоу жанрлары, ойын-сауық және танымдық бағдарламалар, қоғамдық-саяси, экономикалық хабарлар, сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамытуға негізделген жобалар көп. Әлемнің түкпір-түкпірін қамтитын тілшілік желі жаңалықтар қызметіне елдегі және төрткүл дүниедегі барлық маңызды оқиғаларды шұғыл түрде жариялап отыр.

Бүгінде телехабарлар, соның ішінде қорытынды жаңалықтар қоғам мүшелерінің дүниетанымдық шеңберін құрайтын саяси-әлеуметтік, мәдени, тарихи тақырыптарды, діни мәселелерді тіл арқылы бұқаралық санаға ықпал етуші қуатты құрал болып табылады. «Журналистиканың қоғамдық міндеті - халықты барынша ауқымды және сан алуан ақпаратпен қамтамасыз ету. Қандай шешім болса да, оны журналистер қабылдамайды. Журналистер тек жариялайды, әлгі ақпаратты таратады. Тыңдаушының өзі сараптап, қажеттісін сұрыптап алады, сол арқылы саяси ой қалыптастырады. Осындай ешкімнің түсіндірмесінсіз таза ақпаратты алған адам ғана сол мемлекеттік институттар жөнінде, коммерциялық ұйымдар туралы нақты шешім шығарып, пікір қалыптастырады», - дейді ғалым М. Барманкұлов [2, 18 б.].

Жаңалықтардың тілдік бейнесіне әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың бірі - уақыттың аз не көп болуы, қазіргі кезде бұл өте маңызды. Телехабарларда уақыт факторы бірінші орында тұратындықтан, көрсетілетін жаңалықтар қысқа әрі нұсқа формасындағы сөйлемдермен рәсімделеді, онда штамп, тұрақты тіркестер көп қолданылады. Әр күні кешке ұлттық арна эфирінде шығатын кешкі жаңалықтар әр күннің маңызды деген саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайларға және мәдени-рухани кеңістіктегі оқиғаларына талдау жасайтын ақпаратты-сараптамалы бағдарлама. Қорытынды жаңалықтар тілінде әр алуан дәстүрлі қалыптар (стандарттар мен клишелер) орнығып қалыптасқан. Мәселен, кешкі жаңалықтардағы «Тілші репортажы», «Тікелей эфирде «Қазақстан» ұлттық арнасының қорытынды жаңалықтары», «Хабарымызды жалғастырамыз», «Тілшіміз әңгімелейді», «Ұлттық арна тілшілері дайындаған жаңалықтар легі осымен тәмам. Ұлттық арна қосулы болсын!» және т.б. тілдік оралымдар тұрақты қолданылды.

Бұл – телехабарлар тілінің табиғатына тән құбылыс. Телехабарлардың визуалды (көруге болатын) ерекшелігіне сәйкес, қандай да бір сурет, визуалды бейне тележурналист тарапынан айтылған сөзді толықтырып отыратындықтан, телехабарлар тілінде аз сөзбен көп мағына берілуі тиіс. Бірақ тележурналист сөзі мен көрсетіліп отырған суреттің сәйкес келуін, яғни хабар айтылып жатқан кезде суреттің қатар көрсетілуін ескеру қажет. Бұл жөнінде К.Д. Кирия былай дейді: «Стоит отметить, что также влияет на текст наличие и качество «картинки». Как известно, хороший, яркий видеоматериал, в котором кадры говорят сами за себя требует минимального комментария: текст не должен мешать «картинке», напротив, бедная, однообразная «картинка», как правило, нуждается в подробном и интересном тексте» [3, 77 б.].

Сонымен қатар жаңалықтарда берілетін хабарландыруларды құруға және тілдік бірліктерді таңдауға әсер ететін фактор – аудиторияның айтылған мәтінді жеңіл қабылдауы, берілген ақпаратты қабылдауды жеңілдету. Ю.В.Мостепанова атап көрсеткендей, «в выпуске новостей сообщения идут одно за другим настолько непрерывным потоком, что каждый следующий сюжет частично затмевает предыдущий» [4,3.].

Аудиторияның айтылған ақпаратты қабылдауын жеңілдету үшін, тележурналист өз сөзінде күрделенген жай сөйлемдерді, құрмалас сөйлемдерді емес, құрамында жалпы қолданыстағы сөздер берілетін жай сөйлемдерді пайдалануы керек. Бір сөйлем шамамен алғанда 5-6 сөзден ғана тұруға тиісті. Мысалы, *Биылғы ауыл әкімдерін сайлау науқаны бұрынғыдан өзгеше. «Енді жағдайымыз жақсарады» - деп үміттенеді халық. Әлеуметке іскер әкім керек. (31.07.2013)*

Мерзімді басылымдар мәтіндерінің тақырыпаты болады, бұл тақырыпат оқырманға көп нәрседен хабар береді, онда мәтіннің мақсаты, идеясы және т.б. көрсетілсе, кешкі жаңалықтарда қандай мәселелер, оқиғалар жөнінде хабарланатындығы туралы диктор хабардың басында жүйелі түрде айтып өтеді. Бұл – ақпараттың қабылдануын, жүйелі түрде айтылуын жеңілдету мақсатында қолданылатын тиімді тәсіл. Мысалы: *Ұлттық арнада қорытынды жаңалықтар. Ассаламағалейкум! Кеш жарық! Тізгіншілер Айзада Жақсыбек...Мейіржан Әлібек. (31.07.2013)* түріндегі диктор сөзінен кейін, хабарда көтерілетін мәселелер туралы айтылады:

*Зымыранның зауалы қандай, аймақтың ахуалы қандай? Өңірлік даму министрі Байқоңырда болды. (31.07.2013).*

*Жібі түзу жолымыз жоқ, ішер ауыз суымыз жоқ. Астанадағы Шыршық-Сүмбе көшесінің тұрғындары әкімдікке өкпелі. (31.07.2013).*

*Ойыннан от шықты. Атырауда қызық көріп көпіден секірген бозбала Жайыққа батып кетті. (31.07.2013)*

*Жүрегінің түгі бар қария. Түркияның 87 жастағы тұрғыны көктен парашютпен секірді. (31.07.2013)*

Бұл мәселелер хабар барысында толықтырылып беріледі. Ғалым Н. Уәли берілген хабардың «ақпараттық нормасы» мен «тілдік нормасын» бөліп көрсетеді. Ақпараттық норманың бұзылуы хабардың тілдік нормасына ықпалын тигізеді. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «БАҚ-тың беретін ақпараттарының мазмұны факт, комментарий, баға беру тәрізді үш түрлі құрылыстық бірліктерден тұрады. БАҚ-та норманың ақпараттық норма және тілдік норма деген екі түрі болады. Ақпараттық норма тек кәсіп, мамандық мәселесіне ғана емес, тілдік нормаға да әсер етеді. Ақпараттық норма идеологиялық қысымда болуы ықтимал. Идеологиялық қысыммен байланысты ақпараттық норманың бұзылуы тілдік құралдардың жұмсалыуына ықпалын тигізеді: балама сөздер, жасанды метафоралар, ақпараттық мәні ақиқатпен үйлеспейтіндіктен, сөздің құнсыздануы сияқты жағымсыз құбылыстар пайда болады» [5, 207 б.]. Тележурналист сөзінің формасы монолог болса да, ол тілдесім барысында диалог, дискурс элементтерін пайдалануы мүмкін. «С помощью языка зрительных образов телевидение делает человека участником событий, происходящих на другом конце планеты, порождая феномен достоверности телевизионного изображения» [6, 5 б.].

Тіл мәдениеті сол тілде сөйлейтін ұлттың ерекшелігімен байланысты. Ал қазақ тілінің бүгінгі сипаты телехабарлар тілінен көрінеді. Осыған орай «әр тілдің өзіне тән төл заңдылығы болады, сонымен бірге тіл-тілге ортақ заңдылықтар да бар» [7, 21 б.]. Әр тілдің өзіне тән табиғаты болады. Тіл -үнемі дамып, толығып отыратын қоғамдық құбылыс. Қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалықтардың барлығы тілдің көмегімен өмірімізге еніп жатады. Телевизияның ең басты әрі негізгі қызметі – қоғамда орын алған жаңалықтар туралы ақпарат беру болғанда, өмірге келген жаңа тілдік қолданыстардың қалыптасып тұрақталуында да телевизияның ерекше қызмет атқаратындығы баршаға белгілі.

Телевизиядағы тілдік бірліктердің қызмет ету заңдылықтары, оларды қолданудың стилистикалық мүмкіндіктері телехабарлар тілінің өзіне тән табиғатын ашады. Өйткені, біріншіден, телехабарларда негізгі жүк сөзге, сөз жағдаятына түседі; мұнда визуалды бейнелер қосымша ақпарат түрінде беріледі. Сондықтан телехабарларда экраннан көрсетілетін бейнені қайталамайтын ақпарат тілдік бірліктердің көмегімен жүзеге асырылады. Телехабарлар заңдылығы бойынша көрсетуге болатын ақпарат сөз арқылы берілмейді. Журналистердің айтуынша, баспасөз бетіндегі ақпаратты теледидар арқылы көрсеткен кезде, ол ақпарат 75 пайызға қысқарады екен. Телехабарлар арқылы таралатын ақпарат көпшілік қауымға бағытталғандықтан, телехабарлар тілі публицистикалық стильге негізделеді. Сөйтіп, журналистер экрандағы сөз арқылы жұртшылықты өздері хабарлап отырған ақпараттың мазмұнына сендіреді, көрерменнің санасына және көңіл-күйлеріне әсер етіп, қоғамдық пікірдің қалыптасуына себепкер болады. «При обязательном соблюдении литературных норм языка, книжной речи, выступающий на ТВ неизбежно употребляет разговорные средства, типичные для речевого общения» [8, 82 б.].

Телехабарлар көпшілік қауымға арналғандықтан және оның негізгі мақсаты қоғамымыздағы, әлемдегі оқиғалар туралы ғылыми емес, халыққа жалпы ақпарат беру болғандықтан, оның тілі сол халықтың түсінігіне қиындық тудырмайтындай дәрежеде құрылады. Демек, телехабарлар тілінде әдеби нормаға негізделген жалпы халықтық қолданыстағы сөздер пайдаланылады.

Ауызша әдеби сөйлеу тіліне құрылған телехабарлар ерекше интонациямен айтылады. Ауызша публицистиканың әрбір жанры өзіне тән орфоэпиялық нормаға сәйкестендіріледі. Мәселен, қорытынды жаңалықтарды жүргізуші диктор ресми ақпаратты оқыса, онда оның сөйлеу мәнері бейтарап, кітаби стильге жақын болады, ал Үкіметте болған маңызды (құттықтау, жұмыс бабындағы қызметтік орын алмасулар) хабарландыруларды салтанатты дауыспен айтады.

Сонымен, «Қазақстан» ұлттық арнасының жаңалықтары негізінен әлемнің түкпір-түкпірін қамтитын жаңалықтар мен елдегі және төрткүл дүниедегі барлық маңызды оқиғаларды қамтиды. Телевизия көрермендермен аудиовизуалдық байланыста болып, ақпаратты жылдам, ықшам беретін сала болғандықтан, айтылар сөйлем ықшам, қысқа да нұсқа болуы тиіс. «Қазақстан» ұлттық арнасының тілі – қазақ журналистикасының алғашқы мектебі десе де болады. Онда оқиғаны нақты, дәл жеткізетін тілшілер де, жүргізушілер де жеткілікті. Телехабарлар тілінің табиғатын тану оның өзіндік сипатын, өзіне тән

ерекшеліктерін анықтаумен шектелмейді. Өйткені телехабарлар тіліне қатысты барлық үдерістерді адам - журналист жүзеге асырады.

1 Әбдіжәділқызы Ж. Тағы да тіл мәдениеті туралы. – Журналист. 2005. – 16 б.

2 Барманқұлов М. Телевизия: бизнес әлде билік? – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 216 б.

3 Кирия К.Д. Текст в новостях. – М.: АНО «Интерньюс», 2005.

4 Мостепанова Ю.В. Содержание и структура телевизионных сообщений как фактор из эффективности: дисс....канд. филол. наук.: 10.02.20. – Москва, 2002. – 129 с.

5 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

6 Матвеева Л.В., Аникеева Т.Я., Мочалова Ю.В. Психология телевизионной коммуникации. – М.: РИП – Холдинг, 2004. – 316 с.

7 Балақаев М., Серғалиев М.С. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 140 б.

8 Ма Дихун. Языковые выразительные средства в СМИ. – 2005. - №47. – 81-84 бб.

УДК: 801(091):82(091):001.8

### ЛИНГВОТЕКСТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ (Абай, Ыбырай шығармаларының негізінде)

Г.Ж.Убайдуллаева- филол.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ,  
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы,

З.Н. Махамбетова-  
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, магистрант

**Аңдатпа:** Мақалада текстология ғылымының бір саласы – лингвотекстология мәселелері, авторлық нұсқаны дәлелдеу жолдары, текстолог мамандардың авторлық нұсқаны дәлелдеуде қолданып келген әдіс-тәсілдері қарастырылған. Жеке әдеби немесе тарихи шығарманы басылымға әзірлеу үстінде текстолог мамандар авторлық нұсқаны дәлелдеу үшін түрлі әдістер қолданады. Абай мен Ыбырай шығармаларының текстологиялық зерттелуіндегі текстолог мамандар еңбектерінен мысалдар келтіре отырып, авторлық нұсқаны дәлелдеу мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, лингвотекстология, текстолог, қолжазба, көшірме, түпнұсқаны қайта қалпына келтіру, графикалық ерекшеліктер, авторлық нұсқа т.б.

**Аннотация:** В статье автор рассматривает вопросы лингвотекстологии – одного из направлений науки текстологии, в частности, методы и приемы подтверждения авторского в варианте специалиста-текстолога.

При подготовке литературного или исторического произведения к изданию специалист текстолог выбирает методы исследования, доказывающие авторский вариант. В статье приводятся примеры из научных текстологических трудов, исследующих произведения Абая и Ибрая. Главные вопросы текстологии – критический текст, авторский вариант и методы исследования – являются актуальными вопросами филологии. При подготовке произведения к изданию специалисты-текстологи в казахской филологии выполнили очень большой объем работы, но они не делились с методами исследования, доказывающие канонические тексты. Поэтому нужно обобщить и систематизировать все методы специалистов-текстологов.

**Ключевые слова:** казахский язык, лингвотекстология, текстолог, рукопись, копия, восстановление первоначального варианта, графические особенности, авторский вариант и др.

**Abstract:** The article considers one of the directions of textology – lingvotextology, its issues, ways and methods of confirming the original variant by textologists. During the process of preparation the literature or historic composition for publication, textologists use different methods of research, confirming the original variant. There are also given the examples from the works of textologists, studying the compositions of Abai and Ibray. The main questions of textual criticism, critical text, the author's version and the methods of research-relevant issues of Philology. When preparing artwork for publication tekstologi-specialists in Kazakh Philology have very big volume of work, but they do not share with the methods of research proving the canonical texts. So you need to compile and systematize all the methods of tekstologist's.

**Key words:** Kazakh language, lingvotextology, textologist, hand writing, copy, recommencement of the original variant, graphic characteristics, original variant etc.

Лингвотекстология мәселелерін сөз еткенде, ең алдымен, Р.Сыздық, Ә.Құрышжанов, Ш.Сарыбаев, Б.Сағындықұлы сынды ғалымдарымыздың еңбектері ойға оралады. Дегенмен қолжазбалар арасындағы айырмашылықтардың авторлық нұсқасын дәлелдеу барысында тек әдеби тұжырымдар аясында ғана шектеліп қалмай, қажеттіне орай нақты тілдік деректерге де сүйеніп зерттеу жүргізген әдебиетші, тарихшы ғалымдарымызбен қатар баспа орындарының қызметкерлері де жетерлік. Атап айтар болсақ,

Қ.Өмірәлиев, Қ.Мұхамедханов, Т.Әбдрахман, Т.Жұртбай, Қ.Салғараұлы, Ғ.Әнес және т.б. ғылыми еңбектерінде жеке әдеби немесе тарихи шығарманы қайтадан басылымға әзірлеу үстіндегі текстологиялық жұмыстар жүргізіп келді. Орыс филологиясында текстология ғылымының негізін салушы ғалым Д.С.Лихачев: «Методические приемы текстолога должны быть крайне разнообразны», - деп айтқандай, біздің текстолог мамандарымыз да текстология тарихында бұрын-соңды болмаған әдіс-тәсілдерді қолданып отырған [1,568]. Бірақ олардың, яғни текстолог мамандардың өз ойларын ортаға салып, зерттеу, дәлелдеу әдістерін ғылыми жұртшылыққа ұсыну мәселесіне аса мән берілмей келеді. Сондықтан да әрбір текстолог өз жұмысын ең алғашқы деңгейден қайта бастауға мәжбүр болады. Ғылымдағы осы бір олқылықтың орнын толтыруды мақсат ете отырып, біз аталған мақаламызда өзімізге дейін кеңінен зерттеліп жүрген Абай және Ыбырай шығармаларының текстологиялық еңбектерінен мысалдар келтіре отырып, лингвотекстология саласында қолданылып келген әдіс-тәсілдерді топтап, жүйелеуге тырысамыз.

Қолжазбалар арасындағы айырмашылықтардың авторлық нұсқасын дәлелдеу барысында ғалымдарымыз мынадай нақты тілдік тұжырымдарға сүйеніп отырғаны байқалады.

1. *Арабиша жазудың ерекишелігін ескере отырып, мәтінді дұрыс оқу арқылы түпнұсқаны қайта қалтына келтіру*

Қазақ тілі жазу тарихына көз жіберер болсақ, бірнеше графиканы бастан өткергеніміз белгілі. Абай шығармалары біздің заманымызға Кәкітай мен Тұрағұл қолжазбалары арқылы жетті. Олардың заманында араб жазуының мәртебесі зор болатын. Кейінгі зерттеушілердің араб графикасын жетік меңгермегенінен сол дәуірдің шығармаларын оқуда көп айырмашылықтардың пайда болғаны рас. Мәселен, араб графикасындағы және ұқсастығынан оларды жете айыра алмағандықтан мәтінді оқу барысында туындаған қатені түзету. Араб графикасы мен тіліне жетік ғалымдарымыз бұл тәсілді өз еңбектерінде кеңінен қолдана отырса да, дәл осылай атап, топтауды мақсат етпеген. Олар авторлық нұсқаны дәлелдеуді ғана көздеп, тіпті кейде, автордың өз сөзінен тірек іздеген. Мысалы Абайдың «Татьянаның Онегінге жазған хатындағы» Татьянаның сөзі «талапсыз» деп қате оқылып келгенін біз өзімізге дейін зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, өз пікірімізді айтсақ дейміз.

| «Татьянаның Онегінге жазған хаты»                              |                                        |          |
|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------|----------|
| Абай шығармаларының екі томдық жинағы, «Ғылым» баспасы 1977 ж. | Абай өлеңдерінің 1909 жылғы қолжазбасы | Дұрысы   |
| «Талапсыз, бақсыз мен сорлы»                                   | Талайсыз, бақсыз, мен сорлы            | Талайсыз |

Біздің ойымызша, «талайсыз» деген нұсқа авторлық болуы әбден мүмкін. Текстологияның теориялық әдебиеттерінде де қолжазбалардың ең ерте көшірілгені авторлық нұсқаға ең жақын нұсқа болып табылады [2,131]. Біздің сөзімізді тіліміздегі «тағдыр талайы» деген тіркестің күні бүгінге дейін қолданылатыны дәлелдей түспек.

Дәл осындай қадым мен жәдидтің арасындағы оқу әдісінен кеткен қателердің біріне мысал ретінде Абайдың Лермонтовтан аударған «Ой» өлеңінің екінші шумағындағы екінші жолды келтіруге болады. Көптеген басылымдарда:

Жасынан білер ескі шалдың мінін,  
Апық жерін, ақылға кеш енгенін,-  
Өзі өнерсіз өмірден тез суынар,  
Ойлаған жоллаушыдай бос жүргенін - деп жазылып келген.

Тілімізде «апық жеу» деген тұрақты тіркес жоқ, «аптығы басылмады», «аптығыңды бас» деген тіркес асығып-үсігіп, желігіп келген, еңтігіп тұрған адамға айтылады. Ал осы сөздің түп төркіні «опық жеу» тұрақты тіркесінен шыққаны күмәнсіз. Бұл арада өткен өміріне опық жеп, «қолын мезгілінен кеш сермеген» адамның өкініші бейнеленген. Сонда бұл шумақ былай болу керек:

Жасынан білер ескі шалдың мінін,  
Опық жерін, ақылға кеш енгенін,-  
Өзі өнерсіз өмірден тез суынар,  
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін

Келесі бір мысал Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің «Көре тұра қалады қашқан түлкі», - деген жолы туралы. Абай шығармаларының текстологиясы туралы сүбелі еңбек жазған автор – Қайым Мұхамедханов. Ғалымның көптомдық шығармалар жинағының 1-томының 203-бетінде «Ақын

бұл арада аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан құр қаша бергенмен құтыла алмайтынын білген түлкінің жанын қорғау үшін қайрат қылмақ болып, кере тұра қалған жайын дәл суреттеп отыр. Бұл жай Абай өлеңінде айқын бейнеленген:

... Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға,  
Кере тұра өалады ұашқан түлкі  
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.  
Аузын ашып, қоқаңдап, тісін қайрап  
О да талас қылады шыбын жанға.

Абай өлеңінің түпнұсқасы осылай оқылғанда дұрыс болмақ», - деп әдеби образдылық тұрғысынан дәлелдейді [3,203]. Біз бұны мәтінді баспаға әзірлеушілердің араб графикасындағы дауысты дыбыстарды дұрыс айыра алмауынан жасалған айырмашылыққа жатқызамыз. Өйткені, Қ.Мұхамедханов көрсеткендей, 1909 жылғы кітаптың 71-бетінде Араб әрпімен былай басылған:

Яғни, мәтінді оқушы *Ө* және *Е* дауысты дыбыстарын жете тани алмаған.

Дәл осы сияқты тағы бір мысал айтуға болады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - деп аталатын өлеңінің 9-шумағының екінші жолы Абай шығармаларының 1909, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарында:

«Бас жоғары жаралған, мойын төмен,  
Қарашы, дүние біткен ретімен  
Істің басы – ретін танымақтық,  
Иман білмес тағатты қабыл демен», -деп берілген.

«Абай бұл арада дүниенің құрылысын айтып отырған жоқ, адамның дене мүшесінің рет бітімін айтып отыр. Бұл пікірімізді осы өлеңнің 1-жолы тапжылтпай дәлелдеп отыр», -дейді ғалым Қ.Мұхамедханов [3,201]. Әрине, түпнұсқаны дәлелдеуде автордың өзіне жүгінудің өзі текстологтың әдістерінің бірі болып табылады. Ал лингвотекстология тұрғысынан біз оны тағы да «Арабша жазудың ерекшелігін ескере отырып, мәтінді дұрыс оқу арқылы түпнұсқаны қайта қалпына келтіруге» жатқыза аламыз. Бұл жерде Қ.Мұхамедханов өз пікірін Абай сөзімен шегелеп отыр. Шындығына келсек, жазу тарихын жетік меңгерген ғалым дауысты дыбыстырды дұрыс танып оқи алмау салдарынан кеткен қатені дәл тауып, орынды түзету енгізген.

2. *Араб графикасында тыныс белгілерінің болмауы әсерінен қате оқылған сөздердің қажетті тыныс белгісін қою арқылы, авторлық нұсқасын дәлелдеу.*

Тіліміздің қазіргі заңдылықтарына сай тыныс белгілерін дұрыс қойып Абай шығармасын орынсыз бұрмалаулардан тазарту.

Бір үтірдің және бір сызықшаның қойылмағаны мәтінге қаншама нұқсан келтіріп тұрғанын мәтін айырмашылықтарындағы нақты мысалдармен қарастырып көрелік. Мысалы:

Әбдірахман науқастанып жатқанда жазған Абай өлеңіндегі (қазіргі пунктуациялық ережемізге сай қойылуды талап ететін) кішкене ғана дефис өлең мәтінінде қойылмағандықтан, Әбдірахманның қай жері ауырғанын түсіну қиын:

| Бұрысы                                                                           | Бұрысы                                                                           | Дұрысы                                                                             |
|----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Абай өлеңдерінің 1922 ж. басылымы                                                | Осы қате 1954 ж. жинақта қайталанған                                             | 1988 ж. Абай өлеңдерінің толық жинағында                                           |
| Екі аяқ, не қылып,<br>Басқаша ауырып,<br>Япырмай, докторлар<br>Жүрмесін жаңылып. | Екі аяқ, не қылып,<br>Басқаша ауырып,<br>Япырмай, докторлар<br>Жүрмесін жаңылып. | Екі ай-ақ, не қылып,<br>Басқаша ауырып,<br>Япырмай, докторлар<br>Жүрмесін жаңылып. |

Осындағы «аяқ» сөзін бастырушылар қай мағынада алып жүргені белгісіз, бұл күйін оқушы оны кәдімгі екі аяқ (аяқ – дене мүшесі) деп түсінеді. Абай өлеңдерінің соңғы екі басылуында да осылай берілген бұл сөзге үңіле қарасақ, мағынасының мүлдем басқа екенін көреміз. Оны «екі аяқ» деп емес, «екі ай-ақ» деп оқыр едік. Өйткені Абдрахманның аяғы емес, өкпесі ауырғаны мәлім. Абай мұнда сүйікті баласының «екі ай-ақ ауырып» мүрт кеткеніне өкініп отыр[4, 93].

3. *Орынсыз қойылған тыныс белгісін алып тастау арқылы автор ойының оқырманға қатесіз жетуін қамтамасыз ету.*

|                                                                |                                        |                                 |
|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------|---------------------------------|
| Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың                                |                                        |                                 |
| Абай шығармаларының екі томдық жинағы, «Ғылым» баспасы 1977 ж. | Абай өлеңдерінің 1909 жылғы қолжазбасы | Дұрысы                          |
| Ағайын, жоқ нәрседен етер бұртың                               | Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың        | Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың |

Мұнда да 1909 жылғы қолжазбаның дұрыстығына көңіл аудартқымыз келеді. Абай «Ағайын» сөзін қаратпа ретінде емес, зат есімнен жасалған бастауыш ретінде қолданып отырғанын өлең мазмұнынан байқауға болады.

Бір басылымнан екінші басылымға ұласа бермей осы секілді қателердің уақытылы түзетілуі оқырман қауымның, әсіресе оқушылар мен студент шәкірттердің мәтінді шатыстырымай, қатесіз жаттауына мол ықпал етеді.

Ыбырай Алтынсариннің кейінгі ұрпаққа қалдырған өлең мұралары аққұла түзетулерге түсті, сөйтіп біразының өңі айналып кетті. Ағартушының әңгімелерімен қатар өлеңдерінен де өзіндік тіл, стиль ерекшеліктері байқалады. Сондықтан да ақын өлеңдерінің текстологиясын да бір ізге түсірудің маңызы зор. «Қырғыз хрестоматиясы» өлеңдері кейінгі басылуларда бірталай өзгеріске ұшыраған. Оған дәлел ретінде 1935, 1943, 1948, 1955 жылдардағы басылған шығармаларына енгізілген өзгерістерге тоқталып өтелік.

Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясының» «Сөз басы» деп берілген «Кел, балалар, оқылықтан» басталатын өлеңі көпке дейін жырымдалып, басылмай келді. Бұл өлең негізінде тоғыз шумақтан тұрады. 1935 жылғы жинақта жеті шумағы, 1943, 1948 жылдардағы жинақтарда үш-төрт шумағы ғана берілген. Сол жылдары баспаға дайындаушылар ақынның «Бір құдайға сиынып», «Бастасаңыз алданып», «Қыдыр-ата дарымыс» тағы сондай сөздер бар өлең жолдары кездескен шумақтардың бәрін алып тастап, аттап өтіп жүре берген. Ыбырай сөзін осылай бастамаса халық балаларын оқуға бермес пе еді? Бұл сөздердің кейінгі басылымдарда түсіріліп қалғандарынан ағартушының сол айтулы өлеңдеріндегі:

«Оқу деген шыны-ды,  
Тұрған сайын шыныққан.  
Оқу білген адамдар,  
Май тамызған қылыштан,  
Білмегенді білуге  
Есті бала тырысқан,  
Есер бала ұрысқан...» деген сияқты,  
немесе:

«Әлпештеген ата-ене  
Қартайатын күн болыр.  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болыр.  
Ата-анаң қартайса-  
Тіреу болар бұл оқу.  
Қартайғанда мал тайса,

Сүйеу болар бұл оқу...» - деген сияқты жастарды оқу-білімге шақырған жерлері жинақтарда оқушыларына көрінбей келді. 1955 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» бұл өлең түгел берілген. Бірақ, бірнеше қате бар.

«Өлеңнің қайырмасы үнемі «Кел, балалар, оқылық!» деген шумақтармен басталады. Ақын тек соңғы қайырымда ғана «Қой, балалар, оқылық!» деп отырған. Ақын бұл сөзді тауып қолданған. Осы бір ұятты айтылған сөз қазіргі қауымға жетпей отыр» - деп, 1966 жылы «Қазақстан мектебі» журналында шыққан «Ы.Алтынсарин шығармаларының текстологиясы» деген мақаласында С.Хасанова сөз етеді [5, 73].

«Атамұра» баспасынан 2008, 2010 жылдарда шыққан 1 сынып оқушыларының «Ана тілі» оқулығында Ы.Алтынсариннің осы өлеңі:

«Бір Аллаға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық!» - деп басталып, толық нұсқада берілуі С.Хасанова еңбегінің зая кетпегенін көрсетеді.

Текстология мәселелерімен шұғылданып жүрген мамандардың міндеті – жоғарыда келтірілгендей айырмашылықтардың қай-қайсының болмасын дұрыс нұсқасын анықтау, үйлеспей, автордың ойын бұзып тұрған ағат сөздің түпкі төркінін табу болып саналады. Бұған қоғамдық маңызы бар іс деп қараған жөн.

Бір қуанарлығы, соңғы жылдары текстология мәселесіне көбірек көңіл бөлініп келеді. Тек мақалалар, жинақтар ғана жарық көруімен шектеліп тұрған жоқ, сонымен қатар ғылыми диссертациялар да қорғалуда. Атап айтсақ, Ғ.Әнес «Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің лингвотекстологиясы» 2002, Ж.Жүнісова «Айман-шолпан» жырының текстологиялық және тілдік ерекшеліктері» 2009, А.Болсынбаева «М.Әуезов. Қараш-қараш оқиғасының повесі» 2004, Ақан А.Ү. «Р.Мәзқожаев жырлауындағы «Көрұғлы» эпосы (сюжетикасы мен текстологиясы)». – Алматы, 2010 және т.б. Сол сияқты «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы» (Алматы: 2012.–184б.), «Қамбар батыр және оның текстологиясы» (А.: Олжа, 2009) деген монографиялар да жарық көрді.

Біз осы мақаламыз арқылы текстология ғылымының дамуы нәтижесі біздің мектеп оқулықтарымыз бен жоғары оқу орнының оқу хрестоматиялары кітаптарында кеткен қателіктерді түзетуге тигізген септігіне, үлесіне де назар аудартқымыз келді.

Қорыта айтқанда, текстология ғылымының дамуы оқу-ағарту ісінің дұрыс дамуына оң бағыт беріп, мұғалімдер мен оқытушыларға мол дидактикалық материал бола алатынын байқаймыз.

- 1 Лихачев Д.С. Текстология. Краткий очерк. – Москва: Издательство наука, 1964. – 602 с.
- 2 Рейсер С.А. Палеография и текстология. – Москва: Просвещение, 1970. – 336 с.
- 3 Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.
- 4 Саламат Р. «Абай мұрасының текстологиялық тұрғыдан зерттелуіндегі жалғастық» // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2002. - №11. - 92-95 бб.
- 5 Хасанова С. «Ы.Алтынсарин шығармаларының текстологиясы»// Қазақстан мектебі. 1966. - №11. - 71-75 бб.

## ӘОЖ 80181 ББК 81.2.

### Ы. МАМАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ ЖАЙЛЫ ҰСТАНЫМЫ

Г.Т. Бейбітова -

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты,

Г.Қ. Жылқыбай - ф.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Аңдатпа:**Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішінде ең күрделі сөз табы етістік болғандықтан, оның лексикалық, мағыналық ерекшеліктері де мол. Әр саласы жеке-жеке зерттелгеніне қарамастан кейбір мәселелерінің күні бүгінге дейін бірізді шешімін таба қоймағандығы да етістік сөз табының сол күрделілігін аңғартса керек. Қазақ тіл білімінің морфология саласында бірыңғай пікір қалыптаспаған сондай мәселелердің қатарына етістіктің шақ категориясын, шақ түрлерінің саралануын, аталуын жатқызуға болады. Мақалада ғалым Ы.Мамановтың шақ түрлеріне байланысты ұстанымдары сараланады. Шақ категориясына байланысты Ы.Мамановтың ой-пікірлерін сараптай келе, қорытынды тұжырым жасалады.

**Тірексөздер:** шақ категориясы, етістік, сөзтабы, мағыналық ерекшелік, ұстаным.

**Түйін:** Етістік – қазіргіқазақтіліндегікүрделісөзтабы. Шақ категориясы да етістіктің күрделі грамматикалық категорияларының бірі. Мақалада ғалым Ы.Мамановтың қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы жайындағы ұстанымы қарастырылады.

**Аннотация:** Среди частей речи казахского языка весьма сложной частью речи является глагол, который имеет свои особенности как лексические, так и семантические. Несмотря на то, что исследованы многие категории глагола по отдельности, некоторые проблемы до сегодняшнего дня не нашли единого решения, что еще раз подтверждает о сложности данной части речи. В казахском языкознании в области морфологии к таким проблемам можно отнести категорию времени глагола, его анализ и понятие.

**Резюме:** Глагол – сложная часть речи в современном казахском языке. Категория времени тоже является одним из сложнейших грамматических категорий глагола. В данной статье рассматриваются принципы ученого Ы.Маманова о категориях времени глагола в современном казахском языке. В настоящей статье, анализируя и основываясь на принципах Ы.Маманова, даются соответствующие выводы о категории времени глагола.

**Ключевые слова:** категория времени, глагол, часть речи, семантическая особенность, принцип.

**Abstract:** Very difficult part of speech among the parts of speech in the Kazakh language is the verb as its lexical meaning has very significant feature. Despite some problems of separate studying of each branch with participation of many



scientists, it isn't found the consecutive solution of this difficult concept of a verb till today. There isn't created the identical opinion about the branches of morphology of the Kazakh language, it is possible to carry out such problems as a category of time of a verb, their analysis and names. There are analyzed Y.Mamanov's views connected with types of tenses in this article. By analysing Y.Mamanov's opinion, we are giving a conclusion connected with categories of time.

**Key words:** category of tenses, verb, part of speech, semantic feature, principle.

**Summary:** Verb is a difficult part of speech in modern Kazakh language. Category of Tense is also one of the most difficult categories of a verb.

This article deals with scientist Y.Mamanov's principles about Verb categories of Tense in modern Kazakh language.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішінде ең күрделі сөз табы етістік болғандықтан, оның лексикалық, мағыналық ерекшеліктері де мол. Көптеген ғалымдардың қатысуымен әр саласы жеке-жеке зерттелгеніне қарамастан кейбір мәселелерінің күні бүгінге дейін бірізді шешімін таба қоймағандығы да етістік сөз табының сол күрделілігін аңғартса керек.

Қазақ тіл білімінің морфология саласында бірыңғай пікір қалыптаспаған сондай мәселелердің қатарына етістіктің шақ категориясын, олардың саралануын, аталуын жатқызуға болады. Қазіргі қазақ тілінде шақ түрлерін саралауда бірізділіктің жоқ екенін қазақ тілі морфологиялық еңбектерінің бірнешеуін-ақ салыстыру барысында көз жеткіземіз.

Айталық, 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасының» авторлары «Шақ іс-қимыл жай-күйдің орындалу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынастарды білдіретін грамматикалық категория» десе [1,198], «Осындай істің әр түрлі уақытта істелгенін, я істелетіндігін, я істеліп тұратындығын адам санасының дәл ажыратуы – етістіктің шақ категориясының көп салалы болуының негізгі себебі» [2,130] деген Н.Сауранбаевтың пікірі де, К.Ахановтың өзінің тіл біліміне қатысты еңбектерінде шақ категориясы туралы «Грамматикалық категориялардың бірі – шақ категориясы етістіктерге тән категория ретінде танылады. Бұлай болуы заңды да: қимыл, іс-әрекет уақыт ұғымымен тығыз байланысты, ол белгілі бір мезгілде өтетін процесс ретінде ұғынылады» [3,145] деп айтқан анықтамасы да бір-біріне жақын деуге болады. Ал ғалым Қ.Жұбанов өз грамматикасында етістіктің шақтарын өз таным-түсінігі бойынша көп тұста басқа зерттеушілерге қарағанда өзгешелеу жіктейді. Мәселен, «сөйлеп тұрған кезден бұрын болған іс» [4,388] деп көрсететін өткен шақты өз ішінде тоғызға бөліп қараған ол әр сипатына жеке-жеке атау ұсынады. Яғни, бұлай ерекшелеу түрі қазіргі тіл білімінде арақидік болғанымен осы күйінде атаушылық жоқ.

Ы. Маманов еңбектерінде шақ категориясына былайша сипаттама беріледі: «Грамматикалық шақ категориясының қарастыратын мәселесі, объектісі – істің, қимылдың болған нақты мезгілі де емес, нақты мезгілін білдіретін жеке сөздер де емес, шақтық мағына білдіретін етістіктің қалыптасқан грамматикалық формалары. Шақ формалары істің, қимылдың нақтылы өту кезін дәл көрсетпейді. Олардың шақтық мағынасы абстракт түрде сөйлеу кезімен өлшенеді. Былайша айтқанда, етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болатын қимылдың, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді» [5,72]. Ғалымның тұжырымдауынша, қимылдың, уақиғаның дәл өту мезгілін сөйлемде нақты түрде мезгіл үстеулерімен және жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесу арқылы ғана білдіре алады. Бұл тұжырымның функционалды грамматиканың зерттеу нысанына сай айтылғандығын айту керек. Сөйлеуде шақтық мағына, Ы.Маманов көрсеткендей, лексикалық бірліктер арқылы ғана анық көрінеді.

Ы.Маманов шақ формаларының мағыналық ерекшелігіне баса назар аударған. Шақ түрлерінің атаулары шартты түрде алынған терминдер деп көрсетеді. Өткен шақ формаларының түрлі жағдайларда кездесетінін атап көрсетіп, олардың арасындағы айырмашылық әр түрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасында екендігін дәлелдейді. Ендеше ғалымның өткен шақтың әр түріне байланысты көрсеткен мағыналық реңктің сөйлемде берілуіне тоқталайық:

1. Жедел өткен шақ формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдіреді (Мен кітапханаға кеттім).

2. Бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады (Мен ол жігітті жақсы танымын, институтта бірге оқығанбыз).

3. Бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен немесе басқа бір жағдай арқылы білдірсе, оны ежелгі өткен шақ формасында баяндайды (Қайырбек кеше Москвадан қайтыпты).

4. Дағдылы өткен шақ сөйлеу кезінен кем дегенде жарты не бір жыл бұрын болып өткен істі, қимылды

білдіреді және істің, қимылдың ертеректе бірнеше рет қайталанып, әдетке, дағдыға айналғандығын көрсетеді (Әбдірахман әкесі үшін қатты қиналып, оңашада ұзақ ойланып жүруші еді).

5. Қатысты өткен шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын болып өткен іс, қимылмен ұштасып, соған байланысты өткендігін немесе белгілі бір мезгіл ішінде өткендігін көрсетеді (Мен кеше киноға барып едім).

Қазіргі қазақ тілі грамматикаларында *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары бұрынғы өткен шақтың формаларын жасаушылар екені белгілі. Олардың беретін анықтамаларына қарсақ та, Қ.Жұбанов ізін көруге болады. Н.Сауранбаев «Бұрынғы өткен шақта болған істің айқын, ақиқат екендігі тұжырымды болып көрсетіледі» [2,131] деген анықтамамен түсіндірсе, «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Өткен шақ деп сөйлеу кезінен бұрын болған я істеліп тынған амал-әрекетті білдіретін етістік формаларын айтамыз», -деп, анық (айғақты), танық (айғақсыз), неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ түрлері көрсетілген [6,328]. Осындай құбылыстарды жинақтаған Ы.Маманов: Қазақ тілінде *еді* көмекші етістігі күрделі шақ формаларын жасауда үлкен рөл атқарады. Бұл есім сөздермен және етістіктің кейбір формалармен тіркесіп, сол тіркескен сөздеріне әр түрлі грамматикалық рең береді. Солардың ішінде *еді* көмекші етістігі өткен көсемше (-п/ -п/ -іп), өткен шақ есімше (-ған/ -ген/ -қан/ -кен) және қалып етістіктерімен (отыр, тұр, жатыр, жүр) тіркесіп, қатысты өткен шақ формаларын жасайды, - дейді [5,112].

Ал келер шақ жөнінде ғалым «сөйлеу кезінен кейін болатын істі, қимылды білдіретін етістік формасы» деген анықтама береді де, оның үш түрін көрсетеді: а) ауыспалы келер шақ (жаз+а+мын), ә) болжалды келер шақ (жаз+ар+мын), б) ниет келер шақ (жаз+бақ+пын).

Ауыспалы келер шақ формасы дәл сөйлеу кезіндегі болып жатқан істі, қимылды білдіре алмайтын, оның негізгі мағынасы – осы шақтық емес, келер шақтық. Ал осы шақ мағынасында жұмсалуды оның ауыспалы мағынасы екендігін білдіреді. Яғни бұл мағына контекстке байланысты анықталады.

Әрбір шақ формаларының шақтық мағынасы сөйлемде мезгіл үстеулерімен тіркескенде айқындала түсетіні белгілі. Бұл тұрғыдан ғалым мезгіл үстеулерін горизонтальды және көлемдік деп екіге бөледі. Мезгіл үстеулерін етістік формаларын тіркестіре отырып, тұжырым жасайды: горизонталь мезгіл үстеулері (әлгінде, кеше, баяғыда, былтыр, біраздан, ертең, бүгінгі, ендігі жылы т.б.) өткен шақ және келер шақ етістік формаларымен тіркесіп, осы шақ формасымен тіркеспейді. Ал көлемдік мезгіл үстеулері (қазір, бүгін, осы кезде, осы айда, биыл т.б.) етістіктің өткен шақ, келер шақ, осы шақ формаларымен түгел тіркесе береді (Биыл келдім. Биыл келемін. Биыл келіп жүрмін). Сөйтіп, ауыспалы келер шақ көп жағдайда жалпы осы шақ мағынасын беріп, кейде алдыңғы сөйлемнің әуеніне қарай өткен шақтық ұғымда да жұмсалатындығына тоқталады [5,115].

Ы.Маманов болжалды келер шақ формасын сөйлеушінің сөйлеу кезінен кейін бір қимылдың, істің болу-болмауы туралы сенімді түрде айтпай, болжай айтуын білдіреді деп түсіндіреді. Сонымен бірге, субъективтік мәнде сөйлеушінің бір іске көзқарасын білдіретіндіктен, болжалды келер шақты ашық райға жатқызбайды.

Ғалым *-мақ, -мек... -мақшы, -мекші..* жұрнақты есімшенің жіктелген түрін ниет келер шақтың грамматикалық көрсеткіші қызметін атқарады деп таниды. Болжалды келер шақ сияқты ниет келер шақ формасы да сөйлеу кезінен кейін болатын қимылды, істі объективтік шындық түрінде білдірмейді. Мұнда сөйлеушінің немесе қимыл иесінің болашақта бір істі, қимылды орындау туралы ниетін, ойын білдіреді, яғни қимылға субъективтік қатысты білдіреді.

Ниет есімшеге «еді» және «бол» көмекші етістіктері тіркесіп ниет өткен шақ формасын жасайтындығын айтады. Сонда қимылдың өзі келер шақпен де, өткен шақпен де ұштасып жатады екен. Мысалы, «Қапан келесі айда қайтпақшы еді» десек келер шақты, «Қапан былтыр қайтпақшы еді» десек өткен шақты білдіреді. Сөйтіп, ғалымның пікірінше, болжалды келер шақтағыдай ниет есімшенің «еді» және «бол» көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі формасы ашық рай мәнінде белгілі грамматикалық шақ мағынасын білдірмейді.

Ы.Маманов етістіктің осы шағына мынадай анықтама береді: «Осы шақ – сөйлеу кезінде болып жатқан қимылды білдіретін етістік формасы». Қазақ тілінде осы шақты білдіретін арнайы грамматикалық морфема жоқ. Осы шақ қалып етістіктеріне және созылық сипатқа жіктік жалғауы тікелей жалғану арқылы жасалады деп қорытынды шығарады. Етістіктің ауыспалы келер шақ формасы қимылдың әр түрлі ағымын білдіріп, осы шақ мағынасында жұмсалады деп көрсетеді. Ал осы шақ мағынасы оның ауыспалы мағынасы екендігін айтады.

Шақ категориясына байланысты Ы.Мамановтың ой-пікірлерін сараптай келе, оның төмендегідей мәселелерге қатысты пікірлерін орынды деп есептейміз:

1. Етістіктің шақ формалары қимылдың, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді. Ал дәл өту мезгілін жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесу арқылы және мезгіл үстеулері арқылы білдіре алады.

2. Шақ формаларының арасындағы айырмашылық - әр түрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, олардың әрқайсысына тән өзіндік семантикасында.

3. Болжалды келер шақ субъективтік мәнде сөйлеушінің бір іске көзқарасын білдіретіндіктен, ашық райға жатпайды. Тек мақал-мәтелдерде ғана ашық рай мәнінде айтылады.

4. Ниет есімшесінің «еді» және «бол» көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі формасы ашық рай мәнінде белгілі грамматикалық шақ мағынасын білдірмейді (бармақшы болды – кеше бармақшы болды – ертең бармақшы болды).

5. Етістіктің ауыспалы келер шақ формасы қимылдың әр түрлі ағымын білдіріп, осы шақ мағынасында жұмсалады. Ал осы шақ мағынасы – оның ауыспалы мағынасы. Ғалымның етістік шақтарын мағыналық жақтан топтағанда оған қойылатын атаулар шартты түрде алынды деген пікірі өте орынды. Өйткені бұл атаулар кейінгі ғалымдар еңбектерінде әлденеше өзгеріске түсті деп есептейміз. Ы.Маманов қазақ тіліндегі көмекші етістіктер мәселесін зерттеуде қалып етістіктеріне арнайы тоқталып, оларды созылықты шақ көрсеткіштері деп таниды [5,172].

Сонымен, қазіргі қазақ тіл білімінде етістіктің шақ категориясы біршама зерттелгенімен, әлі де шешуін таппаған мәселелер баршылық. Оларды оқулықтарда, лингвист ғалымдардың монографияларында шақ категориясының әр түрлі топтарға бөлініп, түрліше аталып жүргенінен байқаймыз. Бұл - аталған грамматикалық категорияның әлі де зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

1. Қазақтілініңграмматикасы. -А., 1967. - 264 б.

2. Сауранбаев Н.Қазақтілі. -А., ОПБ., 1953. - 220 б.

3. Аханов К. Грамматика теориясыныңнегіздері. -А.: Мектеп, 1972. -215 б.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - өңд., 3- бас. -А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. - 608 б.

5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -А.: Арыс, 2007. - 488 б.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. -А.: Ана тілі, 1991. - 384 б.

УДК: 811.512.12237

## АУДАРМА ТЕРМИНДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

А.Т. Қоңырова - ф.ғ.к.,

Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

**Тірек сөздер:** аударма, термин, этнолингвистика, метатіл, қазақ тіл білімі, когнитивтік құрылым, контрастивтік лингвистика, лингво мәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, сигнификативтік мағына, құрылымдық мағына, парадигматикалық құрылымдық мағына,

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются виды переводческих терминов в казахском языке, виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексическо-семантических изменениях. А также рассматривается проблемы когнитивно-семантической системыпереводческих терминов. В данной системе рассматривается языковая природатерминов с точки зрения семасиологической, ономасиологической и когнитивной лингвистики.

**Ключевые слова:**природы переводоведческих терминов, «языковая картина мира»,терминологическое поле, терминологическая система, концептуальная структура,теория мотивации и ономасиологии, когнитивная лингвистика и лингвоконцептология.

**Abstract:**This article examines the kinds of translation of terms in the Kazakh language, types of motivation words, their interaction and role in lexical and semantic changes. And also consider the problem of cognitive-semantic sistemyperevodcheskikh terminov.V the system language is considered from the standpoint of prirodateterminov semasiological, onomasiological and cognitive linguistics.

**Keywords:**nature of of translating terms,"language picture of the world", terminological field, terminological system, conceptual structure, theory of motivation and onomasiologičeskoj, cognitive linguistics and lingvokontseptologiya.

Бүкіл рухани қазынасын жинақтап сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, психолінгвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвистикалық елтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы

тілдің құрылымдық, жұмсалымдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Бұл жағдай қазіргі таңдағы мемлекеттік мәртебесіне сәйкес әлеуметтік, қоғамдық, коммуникативтік қызметі ерекше өзектелу үстіндегі қазақ тіліндегі терминологиялық жүйеге де тікелей қатысты.

Ғалымдардың ғылым метатілі теориясына деген зерттеу талпыныстарының өсуімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, кез келген ғылым саласын бейнелейтін терминдердің тілдік табиғатын тану үшін кешенді, жүйелі түрдегі зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі қазіргі таңдағы тіл ғылымының жаңа бағыттарымен тығыз байланысты.

Осы орайда қазіргі кездегі қазақ тіл білімі метатілінің бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминологиялық жүйе, жаңа ғылым саласы–аударма терминдерін даралап, когнитивтік-семантикалық құрылымын зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстарды санада қалыптастырып қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Осы қағидаға сәйкес терминдерді де адамның табиғи танымына белгілі деңгейде өлшем бола алатын когнитивтік құрылым ретінде арнайы қарастырамыз. Термин біздің зерттеуімізде субъектінің қабылдауы, ойлауы, танымы және практикалық әрекеті арқылы тілде тұтылған білімдердің байланысы, адам санасында ғаламның ғылыми бейнесіндегі ұйғырылған түсінігі ретінде анықталады.

Сонымен қатар, бұл тектес зерттеулер тілдік құрылымды тереңдеп қарастыруды мақсат етеді, өйткені қазіргі кезде тілді антропоөзектік бағытта зертеу тілді «өз ішінде» ғана емес, тілден тыс, яғни, ақиқат шындықпен тығыз байланыста қарауды қажет етеді.

Тақырыпқа сай тілдік бірліктердің семасиологиялық, ономасиологиялық, когнитивтік қырларын сабақтастықта зерттеудің мәні ерекше. Аударма терминдеріне когнитивтік-концептуалдық талдау жасау мен сол атаулардың ономасиологиялық негізін уәжтанумен байланысты сабақтастыра зерттеу.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың лингвистикалық теориясы.

Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – XX ғасырдың соңғы жылдары ғана қолға алынған жаңа салалардың бірі. Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде, лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Тілдің өзі нысан ретінде алынатын зерттеулерде тіл білімі терминдері жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Мамандар арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікірлер көп: метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл [1, 7]; «метатіл» – ерекше семиологиялық жүйе [2, 3]; тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс [3, 297] және т.б.

Әрбір ғылым саласының дамуы тіл білімі метатілінің дамуын талап етеді. Белгілі бір ғылымның, оның ішінде, аударматану саласы метатілінің қалыптасуы мен дамуына өзара байланысты бірнеше себептер ықпал етеді: аударма теориясы бағытындағы зерттеулердің күрделенуі мен тереңдеуі; аударма теориясында жаңа бағыттардың пайда болуы; жаңа терминдік бірліктердің пайда болуы; жаңа концептуалдық аппараттың қалыптасуы мен белгілі терминдердің жаңа мазмұнмен толығуы. Соңғы жылдары аударма мәселесі көптеген лингвистикалық қырларынан қарастырылып келеді. Мысалы, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, контрастивті лингвистика, мәдениаралық коммуникация, салғастырмалы стилистика және т.б.

Осы тұрғыдан алғанда, терминнің мағынасы мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді, себебі бұл аударматану метатілінің дамуына маңызды үлес қосады. Мағына мәселесін зерттейтін тіл білімінің семантика саласы орыс тіл білімінде М.М.Покровский, А.А.Потебня, В.В.Виноградов есімдерімен байланысты.

Тіл білімінде семантика теориясының жүйелілік мәселесін зерттеуші Л.А.Новиков өзінің зерттеуінде мағына түрлерінің мынадай жіктемесін ұсынады [1]:

1) *Сигнификативтік мағына* (сигнификативтік мағына таңбаның сигнификатқа (ұғымға, мән-мағынаға) қатынасы арқылы айқындалады). Ол сөздің толық семантикалық мүмкіндігін, сөздің мән-мағыналық көрінісін айқындайды. Мысалы, аударматану – аударманы лингвистикалық құбылыс ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы; жағдаят – сөйлеу әрекеті сәтінде болатын немесе айтылымда

сипатталатын шындыққа сай болмыстың құрамдас бөліктерінің жиынтығы; түпнұсқа – аудармадағы бастапқы мәтін (аударма осы мәтіннен жасалады) т.б.;

2) *Құрылымдық мағына* (лексикалық мағынаның құрылымдық аспектісі). Бұл мағына семиотика теориясына сәйкес белгілі бір таңбалық жүйе шеңберіндегі таңбаларға деген қатынасы арқылы анықталады. Осы негізде ол өз ішінде синтагматикалық құрылымдық мағына және парадигматикалық құрылымдық мағына түрлеріне бөлінеді:

а) *синтагматикалық құрылымдық мағына* (лексикалық мағынаның құрылымдық-синтагматикалық аспектісі). Құрылымдық мағынаның бұл түрін *валенттілік* деп те атайды. Мысалы, *аударма тілі, аударма теориясы, аударма процесі, аударма бірлігі, аударма лингвистикасы, аударма нормасы, аударма баламалығының нормасы* және т.б.

ә) *парадигматикалық құрылымдық мағына* (лексикалық мағынаның құрылымдық-парадигматикалық аспектісі). Ол белгілі бір топ құрайтын лексикалық бірліктердің өзара байланысын және қарама-қарсы мағыналарын белгілейді. Мәселен: **аударма→жазбаша аударма→көркем аударма**.

3) *Прагматикалық мағына* (лексикалық мағынаның прагматикалық аспектісі). Мағынаның бұл түрі, негізінен, сөздің эмоционалды және экспрессивті-стилистикалық сипатын көрсетеді. Сондықтан бағалаудың спецификалық тілдік көрінісін белгілейтін лексикалық мағынаның бір түрі болып саналады. Ол аталымның экспрессивті түрінде ғана орын алады;

4) *Сигматикалық* (заттық, денотативтік, жағдаяттық) мағына (лексикалық мағынаның сигматикалық, заттық, жағдаяттық аспектісі). Сигматикалық мағынаның атқаратын негізгі қызметі тілдік бірліктердің нақты жұмсалуды мен белгілі коммуникативтік міндетті атқаруымен байланысты. Мысалы, *«Жоғарыда айтылғандай сорақы кемшіліктер осы аудармалардың көпшілігінде-ақ бар»* (Қ.Аманжолов, Шығ.жин.); *«Бірақ та, мен де бір кезде асқан ақындық шеберлікті керек қылатын аудармашылық өнерге ден қоярмын деген игі тілектің жетегінде болатынымын»* («Қаз.әдебиеті»); *«Абайдың өз шығармалары мен аударушылықеңбегі қатар жүріп отырған»* (Ғ.Мүсірепов). Байқап отырғанымыздай, метатілдік бірліктердің мағынасы лексикалық мағынаның үш түрінде ғана көрініс табады.

Сонымен, тіл білімінде «термин-мағына-ұғым» мәселесіне қатысты үш түрлі көзқарас қалыптасты:

1.Терминдердің лексикалық мағынасы бар, бірақ ол сол ұғыммен толық сәйкес келе бермейді (Л.С.Ковтун, Д.Н.Горский, К.Н.Левковская);

2.Терминдердің лексикалық мағынасы бар және ол сол ұғымды толық сипаттайды (Е.М. Галкина-Федорук, П.С.Попов, А.Шафф);

3.Терминдер – ұғыммен сәйкес келетін лексикалық мағынаға ешбір қатысы жоқ тілдік бірліктер (В.А.Звегинцев, А.А.Реформатский, Л.Н.Капаназде).

Сонымен бірге, «Терминнің ерекшелігі оның тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни, оның мағына сипатында. Ғылыми термин – бұл ғылыми ұғыммен байланысты мағынасы бар тілдік бірлік. Бірақ бұл мағына ғылыми ұғымның тек негізгі және маңызды белгілерін ғана көрсетеді» деген пікірлер бар екені белгілі [4, 37].

Біздің ойымызша, термин-сөздер – ғылыми ұғымдарға сәйкес келетін арнайы терминологиялық лексикалық мағынасы бар тілдік құрылымдар.

Аударматану саласының терминологиялық жүйесіне жататын терминдердің барлығына бірдей ортақ сема (архисема) – «аудару ісі» болып табылады. Бұл – «аудару» мағынасын білдіретін өзекті сема. Жалпылаушы сема барлық терминдік атауын «аударма» деген жалпы атау төңірегіне топтастырса, даралаушы сема әр терминдік бірліктің «көркем аударма», «сөзбе-сөз аударма», «төлтума аударма», «толыққанды аударма», «еркін аударма», «баламалы аударма» секілді мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді.

Жалпы қолданыстық мағыналарында болмайтын термин семемасының нақтылаушы кәсіби семаларының қайталануы бір ғылыми ұғымның тілде екі түрлі лексемасының болуымен түсіндіріледі.

Осыған байланысты сема табиғатын арнайы зерттеген М.Ш.Мұсатаева еңбегінде семалар классификациясының өзгеше жіктемесін кездестіруге болады [5, 204]:

1) Референттілік қасиеті тұрғысынан: *экстралингвистикалық* және *лингвистикалық*;

2) Міндеттісема (*актуалдыланған, интенционалды*);

3) Прагматикалық мәртебесі мен білдіретін ақпарат сипатына орай: *денотативті* және *коннотативті*;

4) Импликационалдысемалар (*жасырынды, қосымша, потенциалды*);

5) Білдіретін ақпараттың категориялық мәртебесі тұрғысынан: *архисемалар* мен *дифференциалды* семалар;

6) Семалардың иерархиялық қатынасы тұрғысынан: *маркерлер* мен *дистингвишерлер* немесе логикалық белгісі бойынша – *гиперсемалар* мен *гипосемалар*;

7) Ұғым сипаты бойынша: *терминологиялық* және *терминологиялық емес* семалар;

8) Тіл мен сөйлеу тұрғысынан: *узуалды* және *оказионалды*;

9) Сема құрамының тіркесімділік қасиеті бойынша: *болымды* және *болымсыз*.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек қана теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында ғана емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациялау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.). «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [6, 9].

Когнитивтік лингвистика терминдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі-құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше, терминологиялық процестерді жаңа тұрғыдан зерттеп ұғынуға ұмтылыс жасайды. Когнитивтік лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы ғылымның ауқымын кеңейтеді.

Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік фактілер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

Ғаламның ғылыми бейнесі мен тілдік бейнесі арасындағы айырмашылықтар турасында ғалым В.В.Воробьев төмендегідей тұжырымдаманы ұсынады [7, 9]:

1) когнитивтік жүйе әмбебап сипатта болады, оның көлемі мен тұтастығындағы айырмашылық түрлі ұлт өкілдері өркениетінің деңгейіне байланысты. Лексикалық жүйе ұлттық сипатта болады, түрлі тілдердің лексикалық жүйелері арасындағы айырмашылық, алдымен, ішкі бөліктерге бөлінуіне байланысты (Осы тұрғыдан келгенде, терминдер әмбебаптық сипатқа ие болғандықтан, когнитивтік жүйенің негізгі бір бөлігін құрайды);

2) функционалдық айырмашылықтарға келсек, когнитивтік жүйе тану процесі мен еңбек әрекетіне бағытталған болса, лексикалық жүйе коммуникацияға бағытталған (Терминдер аталған екі қызметті де атқаруымен ерекшеленеді);

3) генетикалық тұрғыдан когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге қарағанда алғашқы болып табылады және табиғатынан консервативтік саналатын лексикалық жүйеге қарағанда тезірек қарқынды жетіліп, дамып отырады (Генетикалық тұрғыдан терминологиялық жүйе лексикалық жүйенің бір бөлігі болып табылады. Бірақ даму тұрғысынан когнитивтік жүйенің құрамдас бір бөлшегі деп қабылдауға болады);

4) когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге және жалпы тілдік жүйеге қарағанда толығырақ, байырақ болып көрінеді, лексикалық жүйе когнитивтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады (Терминологиялық жүйе терминдік қоры жағынан лексикалық жүйе секілді когнитивтік жүйенің бір бөлігі болып саналады).

Терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұн мәселесінің маңызы зор. Себебі *терминнің концептуалды құрылымы* дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі, оны концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан концептуалдық құрылымның өзі де белгілі бір семантикалық және ұғымдық категориялармен сипатталады. Бұл үшін біз «сема» немесе «семантикалық белгі» категорияларын қолданғанды жөн көрдік.

Егер терминді тек жеке сөз ретінде ғана қабылдамай, оны белгілі бір терминологиялық жүйе бірлігі ретінде қабылдайтын болсақ, онда ол өзінің негізінде бүкіл сол жүйенің құрылымдық және мазмұндық жақтарын сипаттауымен қоса, онымен семантикалық қатынаста болуы тиіс. Яғни, бір жеке терминнің концептуалдық құрылымын айқындау арқылы сол терминологиялық жүйенің де концептуалдық құрылымын анықтауға болады.

Біздің зерттеуімізде «концептуалдық құрылым» терминісөздің терминологиялық мағынасының семантикалық белгілер жиынтығын, олардың иерархиялық құрылымын көрсетеді.

Концептуалдық құрылым категориясы жекелік (жеке термин) пен жалпылық (терминологиялық жүйе) арасындағы диалектикалық байланысты экспликациялауға мүмкіндік береді. Жеке термин концептуалдық құрылымының семантикалық негізі жалпы терминологияның мазмұн межесіндегі жүйелілік сипатын айқындайды.

Концептуалдық құрылымның жұмсалымдық негізі терминнің когнитивтік-семантикалық ерекшелігін айқындауға, лингвистикалық логикалық (білім) бірлігін көрсетуге бағытталады.

Терминологиялық жүйелердің концептуалдық құрылымын айқындаудың практикалық маңызы арнайы ұғымдар жүйесі мен тұрақты тілдік тәсілдер байланысының экспликациялануында болып табылады.

Когнитивтік семантика тілді түсіну және қолдану мәселесін негізгі назарға ала зерттеп, мағына санада кодталатын процесс, ғаламның тілдік, ғылыми бейнесін құрушы элемент екені ескеріледі. Соның нәтижесінде когнитивтік процестің «әрекет етуші → әрекет → мақсат → нәтиже» қатынасы негізінде ғана жүзеге асатыны мойындалады. Әрекет етуші (сана, аралық әлем) әрекетті белгілі бір мақсат көздеп жасайды және ол белгілі бір нәтижеге бағытталады. Ал нәтиже – объективтік шындықтың тілдік бейнеленген формасы (мағына, мазмұн), концептуалды жүйесі (семантикалық құрылымдар – терминдер, терминдік бірліктер, кәсіби атаулар т.с.с.), ал ол мағына – санада кодталатын процесс. Ғылыми танымның кодталуы әрекет түрінде сөз, дыбыстық құрылым мен мазмұн бірлігі арқылы ойша және бейвербалды емес, вербалды түрде жүзеге асады. Вербалды түрде кодталған ғылыми, тілдік таным мағынасы (терминдер, терминдік бірліктер т.б.) ғаламның ғылыми бейнесі ретінде көрініс береді. Ал объективті дүниені тану, яғни, тілдің шындықты тануға бағытталуы мақсат ретінде анықталады.

Аударма коммуникациялық қарым-қатынаспен тығыз байланысты практикалық қызмет атқаруымен сипатталады. Аударманың тілдік негіздеріне мыналар жатады: 1) аударма алғашқы емес, қайталанатын қызмет; 2) бұл қайталанатын қызмет табиғи тілдердің материалы негізінде тілдің нормалық-бағалау сәйкестігі жолымен жүзеге асады. Яғни, бұл – тілдік-мәтіндік қызмет.

А.Попович аударма процестерін зерттеу барысында қолданылып отырған терминдер мен ұғымдарды енгізді. А.Попович енгізген «мәтін → түпнұсқа мәтіні → протомәтін», «екінші деңгейдегі мәтін → аударма мәтіні → метамәтін» деген терминдер тілде түпнұсқа және аударма мәтіндерін жіктеу әдістемесі деп аталатын зерттеу аппаратына кірді. А.Поповичтің пікірі бойынша, протомәтін-метамәтін қатынасы инвариант пен вариант арақатынасы бойынша құрылады. Ғалымның пайымдауынша, «метамәтін жоғары деңгейде протомәтінді қайталай алмайды. Себебі мұнда ең басты рөлді атқаратын – автор-аудармашы, ал метамәтін авторлық стратегияның құндылығы болып табылады» [9, 184].

Бұл терминдер денотаттағы ақпаратты дәлірек ашып беруге және аударма процесін талдау барысында дұрыс бағытты ұстануға септігін тигізеді.

Қазақ тілінің терминологиясында ерекше терминологиялық жүйе ретінде орын алатын аударматану терминдері тек тілдік тұрғыдан ғана емес, когнициямен байланысты зерттеліп, олардың экстралингвистикалық қырлары когнитивтік лингвистика аясында концептологиялық қасиеттерінің анықталуы арқылы және «ғаламның тілдік бейнесі» теориясына сай лингвокогнитивтік негізде кешенді түрде анықтала алатындығы айқындалды.

Аударматану терминдері болашақта терминдер мәселесін салғастырмалы лингвистика, психолінгвистика тұрғысынан қарастыруға, кез келген ғылым мен білім саласы терминдерінің когнитивтік концептосферасын қалыптастыру мен біріздендіру мәселелерін шешуге септігін тигізеді. Терминдер мәселесі кез келген тілдер материалында сол халықтың ұлттық когниция ерекшеліктерімен жете танысуға мүмкіндік береді.

1 Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 173 с.

2 Ахманова О.С. Предисловие// Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – 608 с.

3 Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. – М., 1990. – 685 с.

4 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 197с.

5 Мұсатаева М.Ш. Двухязычная лексикография: тенденции и перспективы. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 204 с.

6 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск.: Тетра Системе, 2004. – 225.

7 Воробьев В.В. О русской национальной личности в языке и культуре // Язык и культура. – 1998. – ч.1.- С.52-57.

9 Попович А. Проблемы художественного перевода. – БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 280.

10. Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинара по проблемам мотивированности языкового знака. – Л.: Наука, 1969. – С.21-25.

УДК 316.722

## «МӘДЕНИЕТ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

А.О. Устемирова – магистрант

**Аңдатпа:** Автор бұл мақалада қазіргі қоғамдық ғылымдарда жиі ұшырасатын «мәдениет» термині іргелі ұғымдар екенін көрсетіп кетеді. Мәдениет ұғымының қалыптасу тарихына сипаттама бере отырып, «мәдениет» сөзінің екі түрлі мағынасын ашып көрсетеді. Бұл мақалада «мәдениет» сөзінің ауыспалы мағынасы арқылы табиғаттағы түзілістен бөлек, одан басқа адамның қолымен жасалған дүниелер түсінігі жайында айтылады. Жалпы мәдениеттің адамнан тыс тұра алмайтындығы, онсыз өмір сүре алмайтындығы қарастырылған. Автор мәдениеттің көрінісі саналатын салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жалпыға бірдей келетін ортақ тәртіптер мен ережелер әр халықта ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады деген қорытындыға келеді.

**Кілт сөздер:** мәдениет, болмыс, әлеуметтік фактор, нормативті фактор, таным.

**Аннотация:** Автор в этой статье рассматривает термин фундаментального понятия «культуры», который часто встречается в современных общественных науках. Описывая историю становления понятия «культуры», раскрывает два значения данного термина. В этой статье говорится не только о переносном общепринятом значении термина «культура», но и о понятии искусственно созданного мира. Рассматривается то, что культура неотъемлема от человека, и имеет неразрывное существование с ним. Автор приходит к заключению, что в каждом народе от поколения к поколению передаются культурное богатство обычаев, традиции и общепринятые морально этические нормы.

**Ключевые слова:** культура, бытие, социальный фактор, нормативный фактор, познание

**Abstract:** The author of this article examines the fundamental concept of the term "culture", which is often found in modern social sciences. By describing the history of formation of the concept of "culture", the author reveals two meanings of the term. This article discusses not only of conventional figurative meaning of "culture", but also about the concept of an artificially created world. In this article considers that the culture is inseparable from human and has an indissoluble existence from it. The author concludes that in every nation from generation to generation passed the cultural richness of customs, traditions and generally accepted moral ethical standards.

**Key words:** culture, existence, social factor, regulatory factor, cognition

Қазіргі қоғамдық ғылымдарда жиі ұшырасатын «мәдениет» термині іргелі ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл терминнің этимологиясы мен ғылыми айналымға енуі туралы көптеген зерттеушілердің еңбектерінде аз айтылған жоқ. Олардың қатарына М.С.Каган [1], А.Арнольд [2], С.Артаковский [3] және тағы да басқа ғалымдарды атауға болады.

«Мәдениет» терминінің шығу тегі шетел тілдері сөзінде былайша көрсетілген: латынша «cultura» - бастапқыда *өңдеу, егу, айдау* деген ұғымды білдірген [4, 499 б.]. Яғни ауыл шаруашылығындағы жер телімдерін өңдеуге қатысты сөз болып табылады. Кейін уақыт өте келе бұл сөздің семантикалық құрылымына «табыну», «оқып шығу» секілді мағыналық реңктер қосылған. Дегенмен көне рим цивилизациясы кезеңінің өзінде-ақ бұл сөздің бойында келесі мағыналар болған. Мәселен, атақты римдік шешен Цицеронның еңбегінде мәдениет терімсөзі агротехникалық термин ретінде емес, ауыспалы мағынада қолданылған және ол білдірілген ауыспалы мағынасы «адамның жаны мен ақылының жасауы» дегенге саяды. Мәнмәтінде бұл «мәдениет» деген сөздің ауыспалы мағынасы арқылы табиғаттағы түзілістен бөлек, одан басқа адамның қолымен жасалған дүниелер түсінік қалыптасқан. Осылайша, «мәдениет» сөзі латынның екінші бір «табиғи» деген ұғымды беретін сөзіне қарсы қойылған. Осы кезден бастап мәдениет түсінігі осы арнада, осы бағытта түсінілетін болған.

Сонымен, *мәдениет* дегеніміз – адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтиды [5, 14 б.].

Мәдениет бұл ұғымда он жетінші ғасырдың соңына дейін қолданылып келді. Алайда Ағартушылық дәуірінің соңына қарай мәдениеттің бағалаушылық түсіндірмесі пайда болып, осыған сәйкес аталған терминде бағалаушылық мағына компоненті қалыптасты. Сөйтіп, мәдениет өмірдің жайлы, ыңғайлы жағдайларымен теңестіріліп қаралды.

Дәл осы түсіндірме-интерпретацияда аталған термин он сегізінші ғасырда Германияға келді. Бірақ көп уақыт өтпей-ақ оған жаңа мағына үстелді. Ол мағына білімділік және ағартушылық сөздеріне мағыналас, синоним болды. «Мәдениет» терімсөзінің бұл жаңа мағынада қолданылуы неміс заңгері Самуэл Пуфендорфтың есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің «О праве естественном» атты еңбегінде Цицерон



қолданған мәдениет сөзінің түсінігінен алшақ кетіп, мәдениет сөзін адамның ішкі және сыртқы табиғи болмысын толықтыратын, адамды адамның өз әрекеті нәтижесі ретінде жоғары деңгейде көрсететін жағымды сапалардың жиынтығы ретінде сипаттайды.

Қалың көпшілікке арналған қазақ әдеби тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде «мәдениет» сөзінің екі түрлі мағынасы ашып көрсетілген. Олар: «МӘДЕНИЕТ – ар. зат. 1. Жетілгендік, дамығандық, өркениеттілік; 2. ф и л о с. <лат. *cultura*>. Адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі» [6, 116 б.].

Философиялық сөздікте бұл сөзге берілген анықтама: «*М ә д е н и е т* – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылық қызметі; бұл қызмет өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның кен байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағыт алады» [7].

Ал мәдени-философиялық энциклопедияда бұл терминнің анықтамасы төмендегіше көрсетілген: «МӘДЕНИЕТ – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Әлеуметтік болмыс адамсыз тірлік етпейді, оның табиғаттан айырмашылығы да дәл осы қасиетінде» [8, 172 б.].

Дегенмен, мәдениет ұғымына қатысты бірізді түсінікті ғылыми еңбектерден таба қою қиын. Оған өткен ғасырдың сексенінші жылдары өткен философтардың алқалы бас қосуында осы терминге берілген екі жүз елуге жуық анықтаманың берілгендігі дәлел бола алады. Бірақ осы анықтамаларда негізге алынған шарттарды топтастыра келгенде, мәдениетке берілген түсініктемені *әлеуметтік, тарихи, нормативті, психологиялық, дидактикалық және антропологиялық* жағынан қаралған деп топшылауға болады [9, 19-22 бб.].

*Әлеуметтік фактор* мәдениетті адамдардың ұжымдық әрекеттерін қамтамасыз ететін әлеуметтік институттардың ұстанымдары мен идеяларының жиынтығы ретінде ұғынылады. Сөйтіп, қоғамдық өмірді ұйымдастырушы фактор болып танылады.

*Тарихи* тұрғыда мәдениет адамның тәжірибесімен жасалып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қоғам тарихындағы өнім болып саналады. Сонымен қатар, мәдениет ұғымы адам өміріндегі әрекеттерді реттеп отыратын ережелер мен тәртіптердің жиынтығы деп түсінілетін *нормативті* фактор ретінде де анықталады.

«Мәдениет – бұл өмір сүру бейнесі, біз бірбірімізбен қарым-қатынас жасайтын, ойлайтын, сезінетін тіршілігіміз өтетін контекст» ретінде түсінілетін мәдениет ұғымының негізінде оны адам психологиясымен өзара байланыста қарайтын *психологиялық фактор* жатыр.

Ал «мәдениетке бала кезден үйренеді және мәдениетті бала кезден игереді» деген түсінікпен астасатын анықтамада оның генетикалық жолмен берілмей, керісінше, адам өз өмірінде оны оқып үйренетіндігін негізге алатын түсінікке *дидактикалық фактор* арқау болған.

*Антропологиялық* тұрғыдан мәдениетке берілетін анықтамада мәдениет әрекет ретінде танылып, оның мәні «адам өмірінің барлық саласындағы әрекет нәтижелерінің жиынтығы» деп түсініледі.

Мәдениетке қатысты бұл анықтамалардың барлығы да бір нәрсені анық байқатады: ол – мәдениет мәселесінің ғылыми ортада қашанда талқыланып, зерттеушілерді қызықтырғандығы және мәдениетті зерттеудің бірнеше бағытын қалыптастырғандығы. Ал бұл бағыттардың барлығы мәдениеттану деп аталатын ғылымның құрамдас бөліктері болып табылады.

Сонымен қатар, осы мәдениетке берілген анықтамалардың ішінде бәріне ортақ болып табылатын бір желіні байқауға да болады. Сөйтіп, осы ортақтықтар негізінде мәдениеттің жалпы сипаттамасын жасауға болады және оларды былайша топтастырып бере аламыз:

1) мәдениет – адам өміріндегі әмбебап құбылыс; олай болса, бірде-бір әлеуметтік топ – социум немесе адамзат қоғамы өзіне тән болып келетін мәдениетсіз болмайды;

2) мәдениет адамдардың бірлескен әрекетінің нәтижесінде пайда болады;

3) мәдениет құндылықтар, ережелер мен әдет-ғұрыптардан, салт-дәстүрлерден көрініс табады;

4) мәдениетке түрлілік тән, оның себебі адамзат тұтастай бір әлеуметтік топ емес: мұны адамдардың түрлі популяциясы әр алуан этникалық, әлеуметтік және аймақтық мәдениеттерді қалыптастыратындығымен түсіндіруге болады;

5) мәдениетке динамикалы сипатқа ие болып келеді, ол адамдардың қызығушылығы мен талаптарын қанағаттандыратын түрлі тәсілдер мен формаларда жаңаша сипат алып отырады; әрине, бұл тұста ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдениет тұтастай жоқ болып, орнына жаңасы пайда болады деген түсінік тумауы керек. Мұнда қоғамдық дамуға сәйкес мәдениет түрлері де жаңаша сипатта көрінеді;

6) мәдениетті ұжым ісінің, әрекетінің нәтижесі десек те, оны тұтынатындар жеке тұлғалар болып табылады;

7) мәдениет қоғам мен қоғам мүшелерінің өзін-өзі идентификациялауға арналған негіз ретінде қызмет етеді. Соның нәтижесінде өзге халық пен мәдениет әрекеттестігінде МЕН, ӨЗІМДІКІ және ӨЗГЕНКІ деген ажырату пайда болады.

Осы көрсетілген мәдениет туралы берілген барлық анықтамалардың желісінен табуға болатын ортақ сипаттар және мәдениеттің анықтамалары, интерпретациялары мен методологиялық жақтары бұл ұғымның адамзат тұрмысының барлық жағын қамтитын өте күрделі және сан қырлы құбылыс екендігін аңғартса керек. Осымен байланысты мәдениетке ғылымның басқа салаларының қызығушылықтары артып отыр.

Мәдениет – семиотика, әлеуметтану, тарих, антропология, аксиология, лингвистика, этнография сияқты басқа да ғылым салаларының зерттеу нысаны болып отыр. Осы ғылымдардың әрқайсысы өз саласындағы ерекшеліктермен байланысты жоғарыда мәдениеттің әр түрлі аспектісін алып, қарастыруда.

Жалпы мәдениет адамнан тыс тұра алмайды, онсыз өмір сүре алмайды. Мәдениет пен адам ұғымдары бірін-бірі толықтыратын және бірін-бірі айқындайтын, бірінсіз-бірі «анықталмайтын», екеуін бөле жаруға болмайтын ұғым – түсініктер. Адамзат баласы үшін тану әлемі мен әрекет ету әлемі өмірдің әлеуметтік шарттарымен айқындалған. Адам қайсы бір қоршаған ортаға тап болған кезде оған бейімделу үшін өзінің екінші жасанды әлемін – екінші табиғатты жасайды. Бұл екінші табиғат материалдық заттардан, рухани құндылықтар, қоғамдағы тәртіптер мен әдептер, символдардан тұрады. Бұл адамзаттың өзі жасаған жасанды екінші әлемі өмір сүру ортасын ғана белгілемейді. Адам баласы материалдық және рухани заттар мен құбылыстарды, белгілі ортада өзін өзі ұстаудың тәртіптері мен дағдыларын жасай отырып, оны дамыта отырып өзін де соған бейімдейді. Осылайша ол өзінің тарихын, өзінің танымының, өз әрекетінің өнімін жасайды.

Сонымен, жоғарыда мәдениет ұғымына берілген түрлі анықтамалар мен түсіндірулер негізінде оның күрделі құбылыс екендігін аңғару қиын емес. Мәдениеттің көрінісі саналатын салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, сондай-ақ, жалпыға бірдей болып келетін ортақ тәртіптер мен ережелер әр халықта ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Осы мәдениеттің арқасында адамдардың өзара, табиғатпен және өзімен-өзінің қарым-қатынасы реттеліп отырады.

1 Каган М.С. *Философия культуры*. СПб., 1996.-621 с.

2 Арнольд А.И. *Введение в культурологию*. – М.: НАКиОЦ, 1993. – 349 с.

3 Артановский С. *Историческое единство человечества и взаимное влияние культур: Философско-методологический анализ современных зарубежных концепций*. – Л.: Просвещение, 1967.-540 с.

4 *Новый словарь иностранных слов*. – Минск: Современный литератор, 2005. -1088 с.

5 Сейдімбек А. *Күңгір-күңгір күмбездар*. –А.: Жалын, 1981. – 240 б.

6 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11 том*. – А.: Арыс, 2009. – 752 б.

7 *Философиялық сөздік*. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 526 б.

8 *Мәдени-философиялық энциклопедия*. – А.: Раритет, 2007. – 336 б.

9 Садохин А.П. *Межкультурная коммуникация*. – М.: Альфа М, 2004. – 288 с.

ӘОЖ 811.512.122.373:070

## БАҚ-ТАҒЫ ЗАТТЫҚ-МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Л. Т. Ермахан -

Абай ат. ҚазҰПУ 2 курс магистранты

**Аңдатпа:** Этностильдік қолданыстар тілдің мәдени ақпаратты бейнелеуші, сақтаушы қызметін атқарады. Сонымен қатар ол бүгінгі ұрпақтың тарихи түпбастауымен байланысын нығайта түсетін дәнекерлік қызметін атқаратын негізгі тетік болып табылады. 20 шақты жыл бұрын үкімет цензурасының қарауында болған баспасөз бетінен аталмыш атауларға барынша аз берілетін еді. Ал қазіргі тәуелсіздік жылдарындағы баспасөзде асыл қазынамыздың бір бөлігі ретінде этнографизмдер барынша белсенді қолданылатын, газеті лексиканың өзекті рөлін атқарып отыр. Заттық-мәдени лексика тиімді тәсіл әрі мәдениет құралы ретінде актив қолданыла бастады.

**Тірек сөздер:** антропоцентрилік, этникалық қоғамдастық, фразеологиялық оралым, әлеуметтік сипат, этнографизм, этностильдік қолданыстар, аялық білім, когнитивтік сана, газеті лексика

**Аннотация:** Единицы этностилей служат изобразителями и хранителями культурной информации языка. Наряду с этим, он является основным инструментом, выполняющего функцию связующего звена, укрепляющая связь современность с историческими глубинами потомков. Ранее, около 20 лет назад, из-за государственной цензуры в

периодической печати, перечисленные наименования по возможности старались не упоминать. А с обретением независимости, считающиеся драгоценным достоянием – этнографизмы, начали активно использовать в периодической печати, выполняя ключевую роль газетной лексики. Вещно-культурная лексика начала активно употребляться как эффективный способ и инструмент культуры.

**Ключевые слова:** антропоцентрические, этнические сообщества, фразеологические обороты, социальная характеристика, этнографизм, единицы этностилей, отраслевые знания, когнитивное сознание, газетная лексика.

**Abstract:** Units of ethnostyles serve as creation and keepers of cultural information in a language. Along with it, it is the main unit, which links the function, strengthening relations of the present with historical depths of descendants. About 20 years ago, because of the state censorship in the periodicals, the listed units were not much used. And by getting the independence of our country, ethnographisms are started to use actively in periodicals, carrying out a key role of newspaper vocabulary. The real and cultural vocabulary started to be used actively as an effective way and the instrument of our culture.

**Keywords:** anthropocentric, ethnic communities, set phrases, social characteristic, ethnographism, units of ethno styles, branch knowledge, cognitive consciousness, newspaper vocabulary.

20 ғасырдың соңғы он жылдығына дейін тілдің негізгі үш қызметі маңызды болып келгені белгілі. Олар: хабарлау, қарым-қатынас жасау және әсер ету құралы ретіндегі қолданысы.

Алайда адам факторы бірінші орынға қойылатын антропоцентрилік бағыттағы зерттеулерде оның үшеуінен маңыздылығы жөнінен аталмаш кем түспейтін тағы бір қырына баса назар аударылып келеді. Ол тіл иесі халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдениет әлемінің таңбалық көрсеткіші ролінен байқалады. Яғни тіл адам әлемі мен мәдениетін бейнелеп қана қоймайды, сол мәдениетті сақтаушы қойма қызметін атқарып, оның ұрпақтан ұрпаққа тұтас қалпында жеткізілуіне себепкер болады. Сондықтан да тілдің, тұлғаның, ұлттық мінездің, этникалық қоғамдастықтың, халықтың, ұлттың қалыптасуындағы ролі орасан. Бұл лингвистикалық әдебиетте тілдің кумулятивтік қызметі деп анықталып жүр. Қазақшалағанда «жинақтаушы», «сақтаушы» мәнін беретін бұл ұғымның шеңберіне тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, тұрақты теңеулер, эпитет-метафоралар сияқты бейнелі қолданыстардың барлығы белгілі бір дәрежеде қатысты болады.

Жалпы тілдің идиоматикалық қабатында этностилдің ұлттық табиғаты айрықша нақышталады. Онда тілдің ұжымның өзіне тән құндылықтар жүйесі, қоғамдық ізгілік қағидалары, өзге халықтарға, сыртқы әлемге деген көзқарастары түгел көрініс табады. Яғни фразеологиялық оралымдар, мақалдар мен мәтелдер белгілі бір мәдениетті иемденген қауымның өмір салтын, географиялық ахуалын, тарихын, дәстүрлерін барынша көрнекілендіретін құнды материал болып табылады. Сондықтан да идеоматикаға қалам тартпаған зерттеуші сирек кездеседі десек қателеспейміз. Біз де зерттеу нысанымыз баспасөз тіліндегі этностильдік қолданыстар болғандықтан осындай формасы жағынан тұрақты тіркестердің мағыналық-мазмұндық түрленуіне тоқталуды жөн санадық. Қазақ халқының тарихында отырықшылық салты бір кезде болғанымен түрлі саяси жағдайларға байланысты көшпелілік салтына ауысқан ұзақ та бай мәдени қазынасы бар тамыры аса тереңге кететін ежелгі этностардың бірі болып табылады. Өкінішке орай, сол қазыналардың бір бөлігі уақыттың сан иірімдерінің тасасында қалып, бүгінгі ұрпақ үшін қол жеткізсіз, жұмбаққа айналды. Алайда «заты жоқ аты бар» сол дүниелер жөнінде белгілі бір дәрежеде түсініктер қалыптастыруға болады. Мұндағы негізгі құрал тілімізде сақталған мағынасы белгісіз немесе күңгірт көне атаулар. Түрлі паремиялар мен фразеологизмдердің құрамында кездесетін көне тұлғалардың мағынасын олардың контекстік қоршауына сүйене отырып реконструкциялау тәжірибелері тіл білімінде қолданыс тапқан. Осы тұста тіліміздегі мәдени лексиканың заттық саласын құрайтын этнографизмдер қолданысына қатысты мынадай тұжырым жасауға болады; қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік сипатының өзгеруіне байланысты белгілі бір дәрежеде тұрмыстық саладағы қолданысы сиреген, шектелген заттар, керісінше тілдік салада актив қолданылып келеді. Мәселен, қазіргі қоғамымызда малшылар тұрмысында және кейбір мерекелік шаралар өткізу барысында ғана қолданылатын киіз үй және оны құраушы компоненттердің атаулары іс жүзінде қазақ қауымындағы ресми тілдік қолданыстардың актив бөлігін құрайды деуге болады. Сөзімізді қазіргі қазақ газеттерінен жиналған тілдік материалмен дәйектейік.

Шаңырақ: 1. Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.

2. Ауыс. Әркімнің тұрған, туған үйі. (Қазақ тілінің сөздігі. А, 1999, 20-бет)

Қазіргі қазақ баспасөзінде бұл этнографизм біршама жиі қолданылатын, семантикалық аясы өте кең бірлік саналады. Мысалы: *Қазақтың егемен ел болуы тегін емес сияқты. Олай дейтінім, одақтас республикалардың да тәуелсіздікке қол жеткізуі осы қара шаңырақта болған 1986 жылғы «Желтоқсан» көтерілісімен тікелей байланысты.* («Әдебиет айдыны» 11.12.2008ж №50 1-бет) *Жақында Қазақстанда*

құрылған алғашқы оқу орындарының бірі, қасиетті қара шаңырақ Абай атындағы университеттің құрылғанына 75 жыл толуына орай көптеген жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылары қатысқан шахмат жарысы болып өтті. («Қазақстан мұғалімі» 8,11,2003ж 11-бет) Ел әлемді дүрліктірген осынау ұлы дүбірлі сілкіністі Балтық жағалауы елдерінен, немесе Украина мен Қап тауларындағы халықтардан күтіп еді. Алайда, Нұхтың дүмпуі тағы да елеусіз де, ескерусіз келген қарапайым қазақтың киелі шаңырағынан орын алды. («Әдебиет айдыны» №50 11,12,2008ж 1-бет) Оңтүстік астанамыздың көрікті жерлерінің бірі Әуезов ауданында орналасқан №122 орыс-қазақ орта мектебінің шаңырақ көтергеніне 35 жыл толып отыр. («Қазақстан мұғалімі» 18,10,2003ж 2-бет) Оны сездіртіп, жаман үйдің қонағын шаңыраққа қарататын да мемлекет құраушы қазақ халқы екендігін ескерсек, біздің БАҚ пен қоғам мойнындағы қыларқанның қандай екендігіне көз жеткіземіз. («Ана тілі» №44 10,30,2008ж) 3-бет), Сыр еліндегі өнердің қара шаңырағы Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театры өзінің таланттарымен республикаға, көрерменіне жақсы таныс ұжым. («Ана тілі» №45, 17.12.2013ж, 14 бет») Бұл мысалдардағы қара шаңырақ, киелі шаңырақ, қасиетті қара шаңырақ, шаңырақ көтеру қолданыстары қазақтың байырғы сөздік қорынан алынып қалыптасқан күйінде жұмсалған өзгеріссіз нұсқалар екені белгілі. Яғни білім ордасы – мектеп пен жоғары оқу орындары туралы баяндағанда автордың этномәдени мазмұны бай, айқын атауды қолдануы заңды және уәжді болып табылады. Бұл үзінділердегі аталмыш этнографизмнің мағынасы сөздіктегі дефинициясынан алшақ емес. Бір ғана айырмашылық «адамның тұратын жері, туған үйі» деген түп мағына біршама кеңейіп, білім алатын орын – оқитын жер семасына ауысқан. Бұлайша ауыспалы мәнде жұмсалуды қазақ тілдік ұжымы үшін үйреншікті жағдай болғандықтан оқырманы автордың ойын адекватты түрде қабылдайды, тіпті сөздің ауыспалы мәнде жұмсалуды құбылысына аса мән де бермейді: Демек мұнда автор газет мәтініне біршама стилистикалық бояу үстеу мақсатын көздеген. Ал төртінші мысалдағы шаңырақ көтеру тіркесіне кеңірек тоқталғанымыз жөн. «Мектептің құрылуы» жөніндегі ақпаратты бейнелі түрде жеткізу үшін автор «отау тігу», үй болу, үйлену, жанұялы болу, тұрмыс құру мәнін білдіретін «шаңырақ көтеру» тұрақты оралымын [әдейі] мақсатты түрде тандаған. Мұндағы негізгі ой тірек мектептің «білім мен тәрбие де беретін қасиетті орда» екендігі.

Адам өмірінің маңызды бір кезеңінің (ересектік) басталуынан хабар беретін «шаңырақ көтеру» тіркесі қабылдаушы санасында «құрылу», «қалыптасу», «орнығу» сияқты негізгі семалармен қатар, «есею», «өсіп-жетілу», «толығу», «кемелдену» сияқты қосалқы семаларды актуалдандырады. Ал адам өмірінің материалдық өлшемі «жас» (жыл) түрінде көрініс табатынын ескерсек мәтіндегі («35 жыл толып отыр») сандық көрсеткіштің («35») мәні айқындала түседі. Яғни 35 жастағы адамның (ер азаматтың) көптеген табыстарға қол жеткізіп үлгеретіні белгілі. («30-ында орда бұзар» т.б.) Ал 35 жылдық тарихы бар білім ордасының қандай жетістіктері бар екен деген (любопытный) сұрақ оқырман санасында қылаң беріп үлгереді! Демек мақаланың басқа бөлігіндегі ақпараттың адресат санасына қозғау салып, оның материалға деген қызығушылығын оятып, мәтінді оқып шығуына түрткі болады.

Бесінші мысал алдыңғы төртеуінен едәуір ерекшеленеді. Өйткені мұнда тіліміздегі «жаман үйді қонағы билейді» мәтелі мен ескерту мәнді «шаңыраққа қара!» тіркесі біріктіріліп, автордың түпкі прагматикалық ұстанымына орай, перифразаланған. Яғни тілдік жағдаятқа қатысты жұмсалатын тілдік бірліктер мәтін авторының негізгі бағдарын да байқатады:

Газет мақаласында қазіргі қоғамымыз бен БАҚ-тың ахуалы «кісіні қуантарлық» күйде еместігі жөнінде ой қозғалып, «қоғам айнасы» болып саналатын баспасөздің өз қызметін тиісті дәрежеде атқара алмай отырғандығы қынжыла баяндалады. Журналшы бүгінгі баспасөздің «мойнына салынған қыларқанның» «көзге көрінбейтін қасиеті» барын ескертіп, {оқырман қауымнан} қалың бұқарадан «араша сұрағандай» әсер қалдырады. Бір кездері қазақтың «құдайы қонақты» «құдайындай күтетін» дарқан мінезін «пайдаланып», «есіктегі кіре, төрге озып», сол төрге нық отырып, енді босатпақ былай тұрсын, «қонақ» екенін ұмытып, келген жеріне билік жүргізуге кіріскен «кірмелерге» «шаңыраққа қара» дейтін мезгіл жеткенін автор «шырылдай» отырып еске салғандай Әрине, адресанттың жан айқайына түрткі болған бүгін де ұлттық дертке айналған- тіл мәселесі екені түсінікті

Сонымен қазіргі қазақ баспасөзіндегі этностильдік қолданыстардың актив қолданылуы үйреншікті жағдай деуге болады. Әсіресе жиі кездесетін этножұмсалымдар қатарына: отау, босаға, қамшы, мәдени отау, қамшы, шымылдық, сандық, көрпе сияқты заттық-мәдени атауларды жатқызуға болады: *Күндердің күнінде алгі байдың босағасына бір мүсәпір келеді.* («Қазақстан мұғалімі» 8,11,2011ж 11-бет) *Олардың барлығына жоғары білімді диплом алуларына себепкер болып, әрқайсысын өз алдына отау еткен.* («Қазақстан мұғалімі» 8,11,2012ж 10-бет) *Түрлі мәдени отаулар мен спорт үйірмелері заман талабына сай тәрбие беруде.* («Қазақстан мұғалімі» 8,11,2012ж 7-бет) 20-30 жылдардағы ұжымдастыру туралы

халық арасында «қырық құлақ қазаннан бәрі бірге ас ішіп, қырық құлаш көрпенің астында жатады екен» деген алып-қашпа әңгіменің гүлегені мәлім. («Ана тілі» 30,10,2008ж 7-бет) Тамаша қойылымның шырқау шыңына жеткен шақта сахна шымылдығы жабылып, ортаға автордың шығуын сұрады. («Әдебиет айдыны» 11,12,2008ж 2-бет) Әлгі ұл бір күні жалғыз қара жолмен келе жатып, бір кішкене сандық тауып алады. Бұл бай баласының байлықтан айрылып жұтаң, жүдеу тартқан кезі еді. («Қазақстан мұғалімі» 8,11,2003ж 11-бет) Жаңа жұмысына төс табанын сала кіріскен Ельцин аз уақытта герман барлау қызметінің Түркістан жағын ғана емес, империялық С С бас басқармасының саяси жұмысын да өрім қамшыдай үйірді. («Ана тілі» 30,10,2008ж 13-бет) Бұл мысалдарда ұлттық мәдениетіміздің үлкен бір саласын құрайтын тұрмыстық лексика бірліктері негізінен тура мағынасында алынып, мақала тілін шұрайландыру, стильдік бояуын қоюлату мақсатына байланысты жұмсалады. Бұдан бөлек төл мәдени атауларға тән бір қасиет қазіргі адресатты ойша бұрынғы бағзы көне заманға жетелеп, сол кезеңде қалыптасқан, үстемдік еткен рухани дүниенің үзіктерін еске салады. Яки материалдық сала тілдік ұжымның бірнеше дәуір бұрынғы рухани әлемінен хабардар ететін сияқты. Яғни этностильдік қолданыстарды тілдік социумның когнитивтік санасындағы терең астыртын құрылымдарда жинақталып сақталған аялық білім қорын активтендіретін, стимулдық мәні күшті құрал болып табылады.

Сонымен, тіл халықтың мәдениетін, әлеуметтік құрылысын, менталитетін, дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, этнос жинақтаған әлеуметтік мәдени қабатты сақтай отырып, кейінгі ұрпақтардың қалыптасуында маңызды тиімді тәсіл ретінде мәдениеттің құралы болып табылады.

Қорыта айтқанда, этностильдік қолданыстар тілдің мәдени ақпаратты бейнелеуші, сақтаушы қызметімен қатар бүгінгі ұрпақтың тарихи түпбастауымен байланысын нығайта түсетін дәнекерлік қызметін атқаратын негізгі тетік болып табылады. 20 шақты жыл бұрын үкімет цензурасының қарауында болған баспасөз бетінен мұндай атауларға барынша аз берілсе (ол кезде мұндай қолданыстар «ескіліктің сарқыншағы» саналатын), тәуелсіздік жылдарындағы баспасөзде асыл қазынамыздың бір бөлігі ретінде этнографизмдер барынша белсенді қолданылатын, газети лексиканың өзекті рөлін атқарып отыр.

1 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка, их личностная и национальная специфика [Текст] А.П. Бабушкин: 10.02.19, автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук, Воронеж, 1998.-3-14 с.

2 Гак В.Г. Языковые преобразования [Текст] / В.Г. Гак.-м. Школа «Языки русской культуры», 1998.-768 с.

3 Смағұлова Г. БАҚ тілінің ұлттық менталитетіне әсері // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі.

5 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.- 304 б.

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

### ЖЫР ЖӘНЕ ТАРИХ

Б. Сманов -

*ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,  
Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

**Аңдатпа:** Мақалада Қалыбай Мәмбетұлының әдеби мұралары қарастырылған. Ақын шығармаларының ерекшелігі айқындалған. Поэзиялық туындыларындағы тақырыптық бағыттар сөз етіледі. Ақынның тарихи дастандары қарастырылды.

**Тірек сөздер:** Қалыбай Мәмбетұлы, ақын, шығармалар, тақырып, көркемдік ерекшелік

**Аннотация:** В статье проанализированы литературное наследие - Калыбай Мамбетулы. Отмечены специфические характеристики произведения поэта. Рассмотрены тематические направления произведения Калыбай Мамбетулы. Исследованы основные исторические поэмы.

**Ключевые слова:** Калыбай Мамбетулы, поэт, произведения, тема, художественная особенность

**Annotation:** In the article analysed literary heritage - Kalibai Mambetuli. Specific descriptions of work of poet are marked. Thematic directions of work are considered Kalibai Mambetuli. Basic historical poems are investigational.

**Keywords:** Kalibai Mambetuli, poet, works, theme, artistic feature

Көне тарихымызды зерделеп, халыққа таныстыруда өткен ғасырдың басында академик Н.Н.Веселовский жазып алып, қағазға түсірген ақын Молда Қалыбай Мәмбетұлының «Орыс әскерінің Түркістанға тарихтың 1853-1866 жылдарында жасаған басқыншылығы» атты дастанының орны ерекше.

Молда Қалыбай Мәмбетұлы 1856 жылы Оңтүстік өлкенің Ақжар болысындағы Шарбұлақ ауылында (қазіргі Қазығұрт ауданы) туылған. Ташкентте оқып, сауат ашқан ол, кейіннен өз ауылындағы оқыған адамдардың арқасында білімін толықтырған. Қалыбай жастайынан өте зейінді де зерек болған. Көптеген тарихи оқиғаларды, дастандарды, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін терең меңгеріп, кей кездерде оларды жатқа айтып жүрген. Әкесі Мәмбет пансат\* (500) кезінде Шадманқожа мыңбасының жауынгері, жүзбасы қызметтерін атқарған. Кейіннен Ташкент қаласы орыс билігіне көшкен тұста Мәмбет пансат әмірләшкер Әлімқұлдың әскерінің құрамында ту ұстаушы болып қызмет еткен.

Қалыбай 1888 жылы Ташкент түбіндегі Бостандық ауданының Искендер елді мекеніндегі Искендер арығын қазып жатқан уақытта көзі ашық, сауатты меценат Ақрам Асқаровпен танысады. Оның өтінішімен әкесі Мәмбеттің көрген-білгендерін, куәсі болған оқиғаларын хатқа түсіреді. Соның нәтижесінде аталған тарихи дастан дүниеге келеді. Академик Н.И.Веселовский өзі жақын танысып, жақсы араласқан азамат Ақрам Асқаровтан осы жырды алып кетеді де, «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» деген атпен 1894 жылы Санкт-Петербургте кітап етіп бастырып шығарады. Онда дастанның орыс тіліндегі көркем аудармасымен бірге, араб жазуындағы нұсқасы да берілген. Бізге қолжазбаның негізгі нұсқасы жетпегенімен Н.И.Веселовский жазбасы арқылы онымен танысуға мүмкіндік алдық.

Осы жерде тағы бір ескерте кететін нәрсе – қағазға қазақша түскен аталған жыр-дастан бізден бұрын өзбек тіліне аударылып, «Түркістанды басып алу» (Туркистон босқини) деген атпен 2009 жылы Ташкентте жеке кітап болып жарық көргені.

Ақын Қалыбай Мәмбетұлының аталған тарихи шығармасында бейнеленген осыдан бір жарым ғасырдан астам уақыт бұрынғы «**Арғымақтың тәуірі арбада кеткен, ер жігіттің тәуірі арманда кеткен**» (сол кезеңнің мақалы – Б.С.) замандағы бүкіл түркі ұлысының қалың қолын басқарған қыпшақ Әлімқұл Әмірләшкердің тарихи тұлғасы жырда сәтті суреттелген. Оның Қоқан хандығының ішкі саяси жағдайын жақсарту мен сыртқы саяси ұстанымдарын нығайту мақсатында жасаған игі қызметтері хандықтың \*пансат – 500 адамдық әскерлердің басшысы әскери күш-қуатын дамытуға ықпал еткені мәлім. Соның нәтижесінде ол Қоқан билігі әскери құрылымының кәсіби даярлығы мен қару-жарақ қорын өз мүмкіндігінше жетілдірді. Осы тұрғыда біршама жеңістерге жеткен Әлімқұл Әмірләшкер патшалық Ресейдің отаршыл басқыншыларының Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Тоқпақ, Пішпек, Алматы қалаларын жаулап алу үшін жүргізген сұрапыл соғыстарына берік қорғанысты қамтамасыз етуге және белгілі бір дәрежеде жетістіктерге ие болды. Алайда, оның жеке-дара жеңістері мен жетістіктерінен соң

кайта шапқан жаудың – бақайшағына дейін қисапсыз қаруланған күш-қуаты мол отаршылдардың толассыз жойқын шайқастары, батыс пен Сібірден ағылып келіп, қосылып жатқан қарулы күштері қорғануға мүмкіндік бермеді. Бірақ, сонда да ел тәуелсіздігін сақтап қалу үшін ішкі және сыртқы жағдайларды реттеуге әрекет етіп, патша әскерлерінің басқыншылығына қарсы қалың жұртты жұмылдыра білген әскербасы жалпы халық тарапынан ерекше қолдау тапты. Сөйтіп, ол әскери және саяси саладағы жіберген кейбір кемшіліктеріне қарамай, Түркістан өлкесін мекендейтін халықтардың үлкен құрметіне ие болды. Сондықтан, сол заманның тарихшылары, жылнамашы-хаткерлері, ақын-жазушылары өз еңбектерінде Әлімқұл Әскербасының атқарған қызметіне жоғары баға беріп, оның айтулы тарихи тұлға, саяси және әскери қайраткер болғандығына айрықша назар аударады.

Ақын Қалыбай Мәмбетұлының тарихи дастанының негізгі кейіпкерлері – Қоқан ханы Мәллахан тұсындағы қыпшақ Молда Әлімқұл Ләшкербасы (Әскербасы) бастаған иісі түркі жұртының, оның ішінде әсіресе, қазақ халқының елі мен жерін отаршылдардан қорғау жолында ерлік көрсеткен ержүрек батырлары. Жырда сол кездегі ел басшылары мен олардың ұжымдық бейнесі шынайы сомдалады.

Шығарманың басқа түркі тарихи туындылардан басты ерекшелігі әрі артықшылығы – оның поэзия тілімен қазақша жырлануында дер едік. Онда ардагер азаматтардың жанқиярлық ерлік істері, ата-баба аманат еткен ұлан-ғайыр жері мен туған елін қорғаудағы әрекет-қимылдары тарихи деректер ізімен жүйелі баяндалған.

Дастанда тағы бір жиі аталатын кейіпкерлердің бірі – Молда Қошық датқа Токбайұлы. Ол 1796 жылы қазіргі Ташкент қаласының аумағындағы Дархан ауылында туған. Қошық алдымен Ташкенттегі «Көкалташ», одан кейін Бұхарадағы «Міраб» медреселерін тәмамдаған; ислам шариғатын, әдет-ғұрып заңдарын, құран-хадис ұстанымдарын жетік білген. Ол Орта Азияға келіп, сауда-саттықпен айналысып жүрген орыстың көпестерімен, іскер-саудагерлерімен аралас-құралас бола жүріп, орыс тілін жетік меңгерген.

Молда Қошық датқа 1814 жылы Қоқан хандығын Омархан билеп тұрған шақта, он сегіз жасында, датқа лауазымына ие болған. Хандық дәуірдің бұл кезеңі оңтүстік өлкеде рулық басқару жүйесінің қаймағы әлі бұзылмаған кез еді. Сонан дарынды жас шанышқылы елінің мыңбасысы қызметін де қоса атқарған. Тарихи деректерге қарағанда, Молда Қошық екі жыл (1844-46 жылдары) Қоқан хандығының Ресейдегі елшісі, Хан әскерінің Бас қолбасшысы (Әмір-Ғаскер яғни Батырбасы, 1859 ж.), Ташкент қаласының даруғасы (басшысы), алғаш Түркістан генерал-губернаторлығы ұйымдастырған қалалық әкімшілік деңгейіндегі «Мекемеде» Ташкенттің бас биі (1866 ж.) қызметтерінде болған. Ел арасында ол – Датқа, Ләшкербасы, Батырбасы, Молда-би сияқты лақап аттармен танылған кісі. **Мұны халық арасында кең тараған өлең-жырларда, аңыз-әңгімелерде, Майлықожа, Сүйінбай ақынның жыр-толғауларында, айтыстарында келтірілген деректер де айғақтайды.**

«Елдістірмек – елшіден» демекші, ол өз заманының сарабал саясаткері, мәмілегер елшісі ретінде екі-үш рет Бұқар әмірлері Насрулла мен Мұзаффардың тұстарында олардың қабылдауларында болып (А.Кенесарин т.б. деректері бойынша), Қоқан хандығының ұсыныс-тілектерін жеткізген, бауырлас халықтарды береке-бірлікке, ынтымаққа шақырған.

Датқа – өмірінің соңғы жылдарына дейін жанқиярлық күрескерлікпен өткен қайсар қайраткер, бәһадүр батырбасы. Ташкенттің он екі қақпасының әскери күзетінің басшысы кезінде оның Қоқан билігіне наразылық ретінде хан тағайындаған Ташкент бегі Қанағатшахқа қарсы 1859 жылы халықтың көтерілісін басқарғаны, сонан (ханға) бүкіл елдің талабын орындатқаны, өзі әмір-ғаскер (Батырбасы) дәрежесіне қол жеткізгені, сондай-ақ, Шымкент, Ташкент қалаларын қорғауда, Түркістан маңындағы Иқан жерінде, Алматы жанындағы Ұзынағаш түбінде болған орыс басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыстарға Нармұхаммед күшбегі, Қанағатшах, Әлімбек датқа, Ниязқұл пансат, Керімқұлдармен бірге қол бастап келгені, соңғы шайқаста Сыпатай, Сұраншы, Тайшық, Сыздық, Тойшыбек, Байсейіт сынды т.б. халқымыздың елі мен жерін қорғаған батырларымен бірге ерлік көрсеткені бірқатар тарихи құжаттарда аталады.

Молда Қошық 1866 жылдың басында, патшалық Ресейдің Ұлы Императоры Александр Екіншінің арнайы шақыртуымен бүкіл түркі жұртының жақсы-жайсаңдарын (7 адамды) Санкт-Петербургке бастап барған. Онда патша ағзамға аса маңызды талаптар қойып, сол ұсыныс-тілектерін мүлтіксіз орындатқан саясаткер. Атап айтқанда, патшалық Ресейдің жаулап басып алу мақсатындағы әскери қимылдарына қарсы Түркістан жұртының ғазуат соғыс жариялап, шайқасқа шығуының негізгі себебі – қанқұйлы генерал Черняев әскерлерінің жауыздығын, отаршыл қолбасшының шектен тыс қатыгездігі мен имансыздығы, иісі мұсылман жұртына ортақ қастерлі діни орындарды қиратуы болғандығы; сондықтан оны кері шақыруын талап етеді.

Ақ патша Молда Қошық датқаның тілегін қабыл алып, 1866 жылы 8 ақпанда генерал Черняевті кері қайтарып, орнына жиені, князь, генерал-майор Д.И.Романовскийді жібереді. Мұны патшалық Ресейдің әскери тарихшысы, генерал-лейтенант М.А.Терентьев «Орталық Азияны жаулап алу тарихы» атты үштомдық еңбегінде: «...Соңынан 475 рубль зейнетақымен отставкаға жіберілген Черняевтің тамаша мансабы осылайша аяқталды», – деп жазды. (– СПб, 1906. 1-том, 335-бет). Онда Батырбасы (Молда Қошық датқа) да аталады. (216-бет). Бұл туралы өткен жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жазылды (2 наурыз 2013 жыл).

Біз әңгіме өзегі етіп отырған Қалыбай ақын Мәметұлының дастаны Қоқан ханы Құдиярдың билік құрған тұсындағы 1853 жылдың бір күнінде Ақмешіт қаласын орыс әскерлерінің қоршап алғаны жайлы хабардан басталады. Сол жайтты ақын дастанда былай баяндайды:

Өмір қылды ханымыз:  
Үш күнге шейін жиылғын,  
Дін-мұсылман бәріңіз,  
Уәзірлер мен саркарда,\*  
Жақсыларым келіндер,  
Бір маслихат беріндер.  
Жақыпбектің үстіне,  
Батыстан жау келіпті,  
Дін-исламды бөліпті.  
Жақыпбектен хат келді,  
Еліме қатер төнді деп,  
Бір күн ұрыс қылдым мен,  
Сол бір күннің ішінде,  
Жүз елу жігіт өлді деп,  
Келген хат-тіл бізге сол  
Кім барады енді деп?

Содан Қасым мыңбасы бас болып, Жалау күшбегі, Әлімбек, Сейітбек, Молда Сапар пансат, Ғазібек, Жұматай пансат, Есенгелді датқа, Мұхаммед жүзбасы барлығы ханнан бата алып, отыз мың әскермен жаумен соғысуға шығады. Ол кезде Ақмешіт қаласының әкімі қыпшақ Жақыпбек болатын. Оның алдында Жақыпбек Ташкентте әкім болған. 1864 жылдың соңында әмірләшкер қыпшақ Әлімқұлдың бұйрығымен ол Шығыс Түркістанның Жетішарар қаласына әкім етіп жіберіледі.

Ақмешіт үшін болған соғыста түркі жұртынан жиылған әскер үш күнге жетпей жеңіліп кері қайтады. Ал олардың басшысы – Қасым мыңбасы Бұқарға қашып тынады. Содан қаланы отаршылдар басып алады. Арада екі жыл өткен соң Құдияр хандықтан қуылып, орнына (анасы бөлек) ағасы Мәлліхан таққа отырады. Осы тұста ол Алматыға Атабекті әкім етіп тағайындайды. Алайда, арада көп уақыт өтпей (1860 ж. Н.И. Веселовский) отаршылдардың әскерінің Алматы қаласына да жеткені жайлы хабар келеді.

Бұл да ел қорғаушы жауынгерлер мен халық басшыларының отан қорғау үшін сапарға шығуы сол тұстағы хан Мәлліхан құзырында болған мәжілістен өрбиді:

*«Бір мәслихат етпек керек,  
Ғазауат айтып көп дұшпанға,  
\*Саркарда – әскер басшылары  
Біз мұратқа жетпек керек  
Әркім болсын тәуекелшіл,  
Қырық мың қолға басыы болып,  
Алматыға кетпек керек.  
Алматының жолы қысқа,  
Ер жігітке сөзім нұсқа...  
Алматыға келді орыс,  
Қылар қайрат қайсы батыр.  
Алдын алып біз бармасақ,  
Мұнда бізді қоймас ақыр».*

Аталған әдеби дереккөз орыс мұрағаттарының мәліметтерімен де сәйкес келетінін байқаймыз. Мұны Алатау округі бастығының Сібір корпусы қолбасшысына жазған ресми құпия хатының мазмұнынан аңғарамыз.



Бұл жайтты Верный бекінісіндегі Алатау округінің бастығы подполковник Г.А.Колпаковскийдің Сібір корпусының қолбасшысы генерал Г.Х.Гасфордқа 1860 жылы 8 қыркүйектегі №2147 «Өте құпия», «Аса маңызды» деген белгімен жолдаған хаты дәлелдейді. Онда: «Аса жоғары мәртебелім! Сізге осы құпия хатты қолма-қол жіберіп отырғанда, Пішпекті алғаннан кейін, Тоқмақтың бұрынғы әскери комендантының әскери тұтқыны, Ұлы жүз Суан болысының қазір Верныйға отбасына басқалармен бірге қайтқан сарбаз – қазақ Әлжанбай Биболовтың жаңа хабарын естідім. Осы аталған қазақ Әлжанбай Атабектің тапсырмасымен біздің отрядтың Шудың арғы жағына келгені туралы Ташкентке хабар жеткізген және ол мынадай мәліметтер әкелген: Қанағатшах Ханның (Құдиярдың – Б.С.) тапсырмасымен құрамында ташкенттіктер мен көшпелі Құрама рулардан тұратын 10-15 мың әскермен Әулие атаға келген. Олардың 24 лафеттегі қаруы (зеңбірек), **бұдан басқа 600 жалдамалы парсылардан құралған жаяу әскері бар. Бұлардың мақсаты – Пішпекті қайтарып алу және Қанағатшах бізбен келіссөз жүргізбек. Онда бізден олардың шекарасын бұзып, жеріне өткенімізге жауап алу туралы ханнан тапсырма алғанын айтпақ. Жауап алудан бөлек, ол бізден әскери тұтқын болған датқалар мен біздің жағымызға өткен адамдарды қаруларымен қайтаруды талап етпек. Егер біз бұл талаптарды орындамаған жағдайда, олар бізге қарсы соғыс жарияламақ»,** – деп жазады. (Осы 1860 жылдың 21 қазанында болған Ұзынағаш шайқасындағы патша әскерлерінің жеңісі үшін әскери округ басшысы подполковник Колпаковский полковник шеніне жоғарылатылып, төртінші дәрежелі Қасиетті Георгий орденімен марапатталғаны, ал Қастек пен Пішпекті тас-талқан етіп басып алғаны үшін көп ұзамай (1862 жылы) генерал-майор, одан кейін генерал-лейтенант атағын алғаны тарихтан белгілі.

«Аса маңызды», «Өте құпия» жазылған хатта қоқандықтардың отрядында Ташкенттің Нармұхаммед күшбегісі, Қанағатшах әскеріне Әндіжаннан келіп қосылған Әлімбек датқаның жауынгерлері, Ниязқұл пансат, Молда Қошық датқа, Керімқұл және т.б. келе жатқаны ескертіледі. Бұл құпия жазбаша хабардың 1860 жылы 23 қазанда тіркеліп, қабылданғаны жайлы кеңсе белгісі соғылыпты. Осы дерек көздерінен біз 1860 жылғы әйгілі Ұзынағаш шайқасының тарихын, оған қоқандықтар әскерінің құрамында қазақтың Сыпатай, Сұраншы, Тайшық, Сыздық, Тойшыбек, Байсейіт, Керімбек, Байзақ, Батырбек, т.б. ел қорғаушы батырлары мен өзбек, қырғыз, тәжік секілді Орта Азия халықтары өкілдерінің белсене қатысқанын байқаймыз.

Жырда елге тұтқа болған игі жақсылар мен ержүрек батырлардың есімдеріне ерекше мән берілген. Мұны ақын:

*Шанышқылыда батыр көп, бірі Жаппар,  
Мұхаммет би Жаппарға хатымды ап бар.  
Қазыбек пен Жұматай, Есботаға айт,  
Шайқұрбан бірге келсін, мұнда гәп бар.  
Онан соң жасауылдар қаңлыға бар,  
Аты шыққан Құралбай намлыға бар.  
Есітсе Шүкірәлі өзі келер,  
Бұдабай батыр айтты, алдына бар, – деп баяндайды.*

Бұл деректер – көнетарих көзі. Елдің, жердің өткенін, тарихын білеміндеген зерделі жандарғатаптырмас мол мұра, бағажетпес сыйқазына. Өйткені, кез келген тарихи оқиғаның негізінде шынайы шындық жатады. Осындай ашық-айқын, бұлтартпас мәліметтер арқылы ел-жұрт қазақ даласының патшалық Ресей империясының құрамына қалай қосылғанының мәнісін терең және жүйелі түрде, нақтылы дәлелдер негізінде түсінеді.

Молда Қалыбай Мәмбетұлының «Орыс әскерінің Түркістанға тарихтың 1853-1866 жылдарында жасаған басқыншылығы» атты жырмен жазылған тарихи дастаны отаншыл ержүрек күрескерлердің есімдерін құрмет тұта отырып, олардың ерлік істерін, патриоттық сезімдерін кейінгі ұрпаққа үлгі ететін, ұлт тарихының аса бір күрделі кезеңдерін халық жадында қалдыру мақсатынан туған шынайы тарихи туынды екендігіне куә боламыз. Сол үшін де **дастан** Қоқан хандығы аумағын Ресей империясының басып алуы мен оған қарсы күллі Орта Азия халықтарының біріге жүргізген тәуелсіздік үшін күресінің тарихына байланысты **құнды деректердің жиынтығы ретінде** аталған өңірдің тарихы мен жалпы тарих туралы ұлттық пайым-түсінігімізді қалыптастыруға қызмет етуі айдан анық.

## ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК КЫРГЫЗСКОГО НАРОДА

Г.А. Абылкасымова -

*преп. Кыргызского государственного  
университета строительства, транспорта и архитектуры им. Н. Исанова*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается духовно-нравственный потенциал пословиц и поговорок кыргызского народа. Проанализированы пословицы, касающиеся культурно-исторического опыта народа. В кыргызских пословицах и поговорках духовно-этические ценности, постигаются путем рационально-логического способа. Пословицы и поговорки кыргызского народа, играющие большую роль в воспитании, поделены по своей тематике. Были приведены яркие примеры пословиц и поговорок, которые учат молодежь любить и уважать людей.

**Ключевые слова:** Феномен, гармония, мудрость, этнос, традиция, ценность, потенциал, приоритет, нравственность.

**Аңдатпа:** Макалада кыргыз халкының мақал-мәтелдерінің рухани-адамгершілік әлеуеті қарастырылған. Кыргыз халкының мәдени-тарихи өміріне, тәжірибесіне қатысты мақал-мәтелдер талданған. Кыргыз халкының мақал-мәтелдеріндегі рухани-этикалық құндылықтар, кыргыз халкының мақал-мәтелдерінің тәлім, тәрбиелік мәні, маңызы тақырыпқа бөлініп ашылған. Еңбекке, адамгершілікке, жақсы қасиеттерге тәрбиелеуде кыргыз халкының мақал-мәтелдерінің ролі зор екені көрсетіліп, нақты мысалдар келтірілген.

**Кілт сөздер:** феномен, үйлесім, даналық, дәстүр, құндылық, әлеует

**Abstract.** Proverbs are connected with the history of Kyrgyz people. Proverbs contain a great treasure of folk wisdom. They show the views and opinions of people. They play a very important role in education and upbringing of new generation. And the moral principle is reflected in proverbs. These are shown in examples. E.g. «Wealth is nothing without health», «A danger foreseen is half avoided».

**Key words:** cynicism, phenomenon, harmony, tradition, wisdom

Эпоха перемен, в которую вступило наше общество, привела к резким изменениям не только в области социальной политики, экономики, культуры, но и в ценностных ориентирах. Произошедшие изменения в жизни нашего социума, а также смена многих духовно-нравственных ориентиров и приоритетов, привели к тому, что в общественном сознании получили широкое распространение равнодушие, эгоизм, индивидуализм, цинизм, немотивированная агрессивность, неуважительное отношение к государству и социальным институтам.

Выходом из сложившегося положения может быть восстановление социокультурной трансмиссии, обращение к опыту предшествующих поколений, духовно-нравственной традиции как ценностному основанию общества. В действительности «человек без памяти прошлого, поставленный перед необходимостью заново определить свое место в мире, человек, лишенный исторического опыта своего этноса и других народов, оказывается вне исторической перспективы и способен жить только сегодняшним днем» [1, 19]. Духовно-нравственная традиция – это особая форма репрезентации базисных, сакральных ценностей, которые являются нерушимым фундаментом жизни народа, менее всего подверженным изменениям и сохраняющим его идентичность, обеспечивая связь настоящего.

Важнейшим источником для философского осмысления духовно-нравственных традиций являются, безусловно, обращение к богатейшему устному творчеству кыргызского народа, пословицам и поговоркам, в котором наиболее ярко отразились традиционные мировоззренческие установки людей на архетипическом культурном уровне. Пословицы и поговорки, передаются из поколения в поколение и становятся с течением времени не только источником вдохновения и идей, но и тем незыблемым столпом, который поддерживает устои народной жизни, укрепляя нравственный и духовный облик народа, становясь своеобразным моральным кодексом, сводом суждений, которые, с одной стороны, являются категоричными по форме, а с другой стороны, глубокими и самобытными по содержанию, но, что самое главное, обращенными, по большей своей части, к нравственной сути человека [2, 10].

В системе духовно-нравственных традиций категория добра является одним из базисных понятий нравственного сознания, основой нравственного и этического мира, счастья, и справедливости. Неизменным спутником добра выступает зло. В понимании кыргызов добро и зло всегда находятся в единстве: «Жаман айтпай, жакшы жок» – «Нет худа без добра». Существование зла порой представляется своего рода условием или неперенным сопутствующим обстоятельством существования добра. Добро (жакшылык) и зло (жамандык) в эволюции природы взаимосвязаны, и одно не бывает без другого.

Социально-философское исследование феноменов добра и зла в кыргызских пословицах и поговорках позволяет осмыслить их как своего рода механизмы взаимосвязи человека с миром вообще, понять, что они очерчивают не только этическую сторону активности человека, но – и отношение людей к самому себе, природе, обществу. Выявляя диалектику добра и зла в бытии человека, социума, Р.Г. Апресян исходит из положения, что «добро – в широком смысле слова как благо означает ценностное представление, выражающее положительное значение чего-либо в его отношении к некоему стандарту или сам этот стандарт» [3, 150]. «Зло — ценностное представление, противоположное добру (благу), универсалия культуры, основополагающая для морали и этики. Оно охватывает негативные состояния человека, и силы, вызывающие эти состояния» [4, 47]. В самом общем смысле понятия добра и зла означают положительные и отрицательные ценности. В праксиологическом плане они являются и универсальными инструментами оценки различных сторон социальных и культурных явлений и процессов.

В пословичной картине мира кыргызского народа мы рассмотрим категории «добро» и «зло» представляются как в их противопоставлении друг другу, так и в оттенках их собственного содержания. Если в основе нравственности лежит категория добра, то в основе безнравственности – категория зла. Под первую из них подводятся все добродетели: трудолюбие, любовь, единство, мужество, терпение, уважение, правдивость, гостеприимство и т.п., а под вторую – все социокультурные пороки: лень, ненависть, разрозненность, трусость, нетерпение, презрение, ложь, негостиипримность и т.п.

Культурно-исторический опыт народа показывает, что труд – это решающее условие нравственного, умственного и физического развития личности. Поэтому вполне естественно, что феномен труда в пословицах и поговорках занимает центральное место. В них труд выступает как своеобразное мерило, определяющее достоинство человека. Исполон веков бытуют в народе пословицы: «Адам эмгегимененданктуу» – «Трудом своим велик»; «Жамгырмененжергүлдөйт, эмгекменен эл гүлдөйт» – «Цветет земля благодаря дождю, процветает народ благодаря труду»; «Байлыкты – эмгектен, тендикти күрөштөн изде» — «Богатство ищи в труде, а равенство – в борьбе»; «Аракет кылса береке болот» – «Будешь трудиться, будет доход»; «Мээнет болбой дөөлөт болбойт» – «Не будешь трудиться, не будет богатства»; «Эгин айдоо – байлык айдоо» – «Сеять хлеб – значит сеять богатство». Рассматривая труд как моральный фактор, народ подчеркивает его социально-психологическое значение и отмечает, что труд доставляет человеку душевное и моральное удовлетворение. Мудрый народ ценил труд не только как основу жизни общества людей, но и как источник возникновения прекрасных чувств. Народная мудрость гласит: «Эмгектикөрбөгөн ырахаттын кадырын билбейт» – «Кто никогда не трудился, тот не знает цены блаженства».

В кыргызских мудрых изречениях лень оценивается как источник несчастья : «Иши жоктун – ашы жок, иштебеген тиштебейт» – «Кто не работает, у того и еды не бывает, кто не трудится, тот не перекусит»; «Иш сүйгөн колдон тоо кулайт, иш качкан колдон куурай да сынбайт» – «От рук, любящих труд, гора разрушается, от рук, не любящих труд, и соломинка не ломается».

Следует отметить, что в мироотношенческом содержании пословиц и поговорок также отражается этическая категория «Любовь». В широком смысле любовь – это нравственно-эстетическое чувство, выражающееся в бескорыстном и самозабвенном стремлении к своему объекту, в потребности и готовности к самоотдаче. Любовь понятие необычайно емкое, многозначное и многогранное: оно включает в себя любовь ко всему миру, к людям, способность к милосердию (гуманизм); любовь к отечеству, народу лежит в основе мировоззрения и проявляется как глубокое патриотическое чувство; любовь к родителям, детям, мужчине или женщине, придающую особый смысл жизни конкретному человеку; любовь к предметам и процессам, имеющая опосредованную нравственную ценность. О любви к родине, о патриотических чувствах сложены следующие пословицы и поговорки: «Мекенден айрылганча, өмүрдөн айрыл» – «Чем лишиться отечества, лишись жизни»; «Мекендин бактысы өмүрдөн кымбат» — «Счастье отечества дороже жизни»; «Адам эли менен, каз-ордок колу менен» — «Человек красен народом, гуси и утки озером»; «Жерин сүйбөс эл болбойт, элин сүйбөс эр болбойт» — «Не бывает народа, не чтящего свою землю, не бывает джигита, не чтящего свой народ».

**Аңдатпа:** Бұл ғылыми мақалада М.Әуезовтің Ленинград мемлекеттік университетін бітіріп, 1928-1929 жылдары Ташкентте өткен шығармашылықөмір жолы баяндалады. Мақалада осы кезеңдегі педагог-ғалымныңұстаздық, зерттеушілік еңбектері тарихи деректер негізінде жазылған. 1929 жылы М.Әуезовтіңұлтшыл ретінде тұтқынға алуының негізгі себептері архив құжаттары арқылы дәйектелген. Мақала соңында жазушының ташкенттік кезеңде жазған әдеби-көркем, ғылыми және публицистикалық шығармалары берілген.

**Кілт сөздер:** ташкенттік кезең, әдеби орта, ұлттық нақыш, тарихи бейне, ұлтшылдық, шығармашылық өмір жолы, әдеби-көркем туынды, жазушы ұстанымы.

**Аннотация:**В статье речь идет о драматическом периоде жизни М. Ауэзова в Ташкенте в 1928-1929 гг. В статье педагогические и исследовательские труды педагога-ученого рассматриваются на основе архивных материалов. Кроме того, предметом нашего внимания является ложные обвинения. В этой статье рассматриваются ташкентский период жизненно-творческого пути М.Ауэзова. М. Ауэзова в национализме и его арест. В заключительной части статьи проанализированы художественные, научные и публицистические произведения писателя, который были написаны им в Ташкентский период.

**Ключевые слова:** ташкентский период, литературная среда, национальный колорит, исторический образ, творческий жизненный путь, литературно-художественный произведение, принцип писателя.

**Abstracts:** this scientific article describes creative life of M.Auezov, how he graduated the Leningrad Governmental university and situated in Tashkent from 1928 till 1929. Scientific teacher's scientific work was made in accordance with historical actions. In 1929 M.Auezov was detained as a nazist this fact is proved by archives. In conclusion author described artly – literary, scientific and publicistic thinks which had been written in Tashkent. Article describes Tashkent period and creative life of M.Auezov.

**Keywords:** Tashkent period, literary environment, national colorit, historical image, nationalism, creative course of life, artly – literary works, principle of the writer.

1928 жылы М.Әуезов Ленинград мемлекеттік университетін редакция-баспа ісі мамандығы бойынша тәмамдап, 5 тамызда толтырылған № 2041 дипломды қолына алған соң, Ташкентке көшкен. Көшкен деуіміздің мәнісі өз естелігінде Валентина Әуезова: «С сентября 1925 года по май 1927 года Мухтар Омарханович жил в Ленингарде на Васильевском острове. С ним вместе жили Алькей Маргулан и Мухаммед Хабибулин из Семипалатинска... Осенью 1926 года мы решили соединить наши жизни», - деп жазғанындай, ол кезде жаңадан шаңырақ көтерген М.Әуезов әйелі мен ұлы Елдесті алып, тамызда Ташкентке келеді. Ташкентте олар Салар өзенінің жағасындағы Орман техникумының ауласында орналасқан үйге қоныс тебеді. Ләйлә да осы жерде дүниеге есігін ашқан. Алғашында Орта Азия мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері болып жұмысқа қабылданған М.Әуезовтің келешек ғылыми жұмыстармен айналысуы, аспирантураға қабылдануы үшін университет директоры Сегаль Қазақ өлкелік партия комитетінен ресми рұқсат сұраған. 1929 жылы 21 ақпанда ВКП (б) Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н. Мартыненконың Сегальдың атына жазған: «Только за последние годы замечается некоторый сдвиг в его мировоззрении, дающий возможность

судить о нём, что он отказывается от прежних своих буржуазно-националистических устремлений. Это обстоятельство, а также отсутствие казахских литературных кадров убеждает нас дать согласие на занятие тов. Ауэзова должности научного сотрудника САГУ» [1], -деген жауап хатын алған соң ғана университеттің Басқарма мәжілісінің шешімімен аспирантураға қабылданған. Бұл жайында М.Әуезов музей-үйінің архивінде: «Выписка из протокола №6. Заседания Правления Среднеазиатского Гос. Университета от 10-го марта 29 г. Гор.Ташкент:8. Утвердить тов. Ауэзова аспирантом по кафедре турецкой филологии (казаховедение), 10.ІІІ.29 г.» [2] деген құжат сақталған. Аспирантурада М.Әуезовпен бірге Қ.Кемелгерұлы және Е.Омаров оқыды. Мұны 1929 жылдың 1-маусымындағы САГУ-дің бюллетеніндегі мәліметте жазылған: «М.Ауэзов-по кафедре турецкой филологии/восфак, Х.Д.Кемелгеров-по кафедре туркологии/восфак, Э.О.Омаров- казахский язык/востфак, сельфак»[3] деген деректер растайды. М.Әуезовтің Халық ағарту институтына қазақ және орыс әдебиетінің оқытушысы болып кіріскен кезі – 1928 жылдың 25 желтоқсаны. Бұл жайында да М.Әуезов музей-үйінің архивінде:

«25 декабря. Казахский Институт Просвещения,

25 декабря, 1928 г., № 267.

Управление САГУ.

Тов. Ауэзов прикомандирован в Казинпрос в качестве штатного преподавателя в начале в настоящего учебного года. Постановлением Коллегии Казнаркомпроса и ведёт русской и казахской литератур.

Заведущий учебной частью Казинпроса Буралкиев.

Секретарь Леонтьева»[4] деген құжат сақталған.

М.Әуезов 1927-1930 жылдары жаз айларында Жетісу, Қырғызстан жерлеріне ғылыми экспедициялармен бірнеше рет барғанын айғақтайтын В.Н.Әуезованың, Ф.Габитованың естеліктері мен САГУ-дің берген Куәліктерінің архивтік көшірмелері бар. Экспедициялардағы жиналған материалдар, осы жерлерде көзбен көрген жайлар, естіген деректер негізінде ол осы кезеңдерде «Хан Кене» пьесасын жазып, «О сказателях и слушательской среде Манаса» атты диссертациясының алғашқы тарауын аяқтаған. Жазушы шығармашылығының орыс тілінде Одақ көлеміне, сол арқылы кейін әлемге таралуындағы алғашқы еңбектің иесі – С.Сәдуақасұлы. Ол кісі 1927 жылы қыркүйекте Ташкентте жүріп орыс тілінде «Молодой Казахстан» атты жинақ даярлап, оған М.Әуезовтің, Ж.Аймауытұлының, Б.Майлиннің әңгімелерін аудартып енгізген. Жинақ 1928 жылы Москвадағы «Огонёк» баспасынан жарық көрді. Арада бір жыл өткенде С.Сәдуақасұлының даярлауымен 1929 жылы Москвада «Литературная энциклопедия»-да жарыққа шықты. Ол кезде С.Сәдуақасұлы Москвадағы Теміржол транспорты институтында оқитын. Міне, осы энциклопедия жарық көргенде Қазақстанның коммунистік белсенді қызметкерлері «Советская степь» газетінде оған қарсы мақала жазып, мақаланы «Правда» басуды сұраған. Онда: «Әдебиет энциклопедиясында»: «Ол қазіргі замандағы аса көрнекті жазушы, оның көркем шығармалары таңғажайып дәлдігімен және тарихи шындығымен дараланады»-деп жазылған. Біздің ойымызша, бұл сыпайылап айтқанда, Әуезовтің өзін де, оның творчествосын да білмеу, түсінбеу боп табылады. Біріншіден: Колчактың тұсында, «Алашорданың» шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше, сол кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов, Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі... Бірақ та, кеңес өкіметі орнаған соң Әуезов сол жаққа шығып, партияға өтті де, КирЦИК-тің хатшысы міндетін атқарды, алайда, бұған қарамастан, Әуезов саясатта да, әдебиетте де буржуазияшыл ұлтшыл – қазақ байларының идеологы болып қала береді...

«Әдебиет энциклопедиясының» редакция алқасы жіберген қателіктерді түзету мүддесін көздеген біздің бұл пікірімізге «Правданың» бетінен орын беруіңізді өтінеміз»

Коммунистік сәлеммен: О.Исаев, Ә.Құрамысов, Ғ.Тоғжанов, С.Сапарбаев, О.Жандосов, Х.Жүсіпбеков, А.Байдилин»-деп жазған.

Ал осының алдында ғана, яғни 1929 жылы 21-ақпанда С.Сейфуллин бастатқан Қазақ халық ағарту институтының коммунистік фракциясының мәжілісінде: «Заседания Комфракции при Казинпросе о снятии с должности Ауэзова М.О.» [5] деген құжат қабылдап, онда М.Әуезовті сабақ берудің марксистік жолын бұзушы ұлтшыл ретінде жұмыстан шығарған. Дегенмен, Халық ағарту комиссариатының коллегиясы бұл шешімді дәлелдерінің жеткіліксіздігінен бұзып, оның қызметін қалпына келтірген. Ол құжат мынау:

«12 марта, 1929 г.

Постановление коллегии Наркомпроса о восстановлений в должности преподавателя Ауэзова М.О.

Ознокмившись с решением Комфракции ташкентского Инпроса по предположению фракции Коллегия НКПроса постановляет:

1. Снятие с работы преподавателя литературы Ауэзова считать неуместным фактом, нарушающим преусмотренным законом и колдоговором положение не увольнять в середине года.

2. Мотивы к снятию не веские, где указываются отступления Ауэзова, которые легко могут быть устранимы вмешательством педагогического Совета, а этого в течение полугода совсем не было.

3. Впредь подобные решения непременно должны быть санкционированы Наркомпросом.

4. Предложить директору Инпроса востановить в прежней должности преподавателя Ауэзова.

Наркомпрос Оликов

Управделом Сайдузов »[6].

Кеңес өкіметінің нығайып, елде оқу-ағарту жұмыстары мен баспасөз ісінің өркендеуіне, жаңа қоғамдық қатынастағы жаңа ұғымдардың, техника мен өндірістегі жетістіктердің ұлғаюуына байланысты жалпы халықтық тілге еніп жатқан сөздер мен ұғымдарды ғылыми-лингвистикалық тұрғыда бекітуді көздеген Уақытша терминологиялық комиссия құрылды. Оның төрағасы

М. Әуезовтің ғылыми жетекшісі, доцент М.Ф.Гаврилов, ғалым-хатшысы аспирант М. Әуезов болды. Уақытша терминологиялық комиссиясының құрылу тарихы жайлы Ташкент мемлекеттік архивінде сақталған құжатта: «По предложению деканата Восточного факультета САГУ об образовании специальной постоянно действующей комиссии по разработке научных и иных терминов, входящих в соответствующие литературы на языках местных коренных национальностей Советской Средней Азии, была создана временная терминологическая комиссия. Председателем комиссии был избран доцент востфака М.Ф.Гаврилов, ученым секретарем-аспирант М.Ауэзов, которому было поручено составить и разработать список учреждений, организаций и лиц для вовлечения их в работу терминологической комиссий»[7]-деп жазылған. Осы терминологиялық комиссияның мәжілістерінде қазақ тілінің сөзжасам, орфография, орфоэпия, терминологиясына қатысты кейбір күрделі мәселелерде ұлтымыздың ташкенттік әдеби-ғылыми ортадағы дарынды азаматтары М.Әуезов, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Қ.Кемелгерұлы, т.б. ешқандай атақ, беделге жалтақтамастан, принципті түрде пікірталастарға барып, өздерінің дұрыс тұжырымдарын өткізе білгендерін дәлелдейтін деректер мол.

1929 жылдың 10 наурызынан 1930 жылдың 17 қыркүйегінде түрмеге қамалғанға дейінгі аралықтағы аспирант ретіндегі ғылыми қызметіне қатысты М.Әуезовтің 1930 жылы 18 наурыз бен 30 наурызда жазған екі есебінің нұсқасы сақталған. Соның алғашқысы мен ғылыми жетекшісі М.Ф.Гаврилов жайлы профессор М.Мырзахметұлының: «САГУ-дің аспиранты» атты жан-жақты ғылыми дәйекті түрде жазылған еңбегі бар. Ал, М.Әуезовтің аспиранттық жұмысының екінші жазған есебінің нұсқасы «Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане» атты құжаттар мен материалдар жинағының I бөлімінде толық берілген.

М.Әуезов 1930 жылдың 1 қазанында Ташкентте тұтқындалып, Алматыдағы Тастақ түрмесіне айдалды. Бұл турасында архив құжатында:

«Приказ № 323 САГУ от 24/XI.1930 года.

...5. Аспирантов Ауэзова и Кемелгерову снять с аспирантуры, Кошкинбаева с ассистентом педфака САГУ и снять с оплаты со дня их ареста-1/X.1930 года.

Основаие: Представление зав. педагогического факультета.

Директор САГУ Сегаль »[8],-делінген. М.Әуезовке ұлтшылдық көзқарасты жүргізу үшін астыртын Кеңес қызметіне өткен, «Алқа» атты құпия ұлтшылдық әдеби кружоктың жұмысына белсене араласқан, контрреволюциялық пиғылдағы адамдарды мемлекеттік аппаратқа ендіруге күш салған деген айыптар тағылды.

Қазақ әдебиетінің алыбы,кеменгер ғалым М.О.Әуезов 1932 жылы 20 көкекте Қазақстандағы біріккен саяси Бас басқарма жанындағы Үштіктің мәжілісі шешімімен үш жылға сотталып,оның қалған бір жарым жылын бақылауда жүріп өтуге үкім етіліп,7 мамыр күні бостандыққа шықты.

М.Әуезовтің қаламынан 1922 жылғы 23 қыркүйектен бастап, 1930 жылы 1 қазанда қамауға алынғанға дейінгі аралықтағы Ташкент қаласы мен ташкенттік әдеби ортада өткен шығармашылық өмір жолында жазып, жарияланған 20 әңгіме, повестері («Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Қысқы түн», «Қыр әңгімелері», «Кім кінәлі», «Қысқы күнгі дала», «Сөніп-жану»,«Текшенің бауырында» «Түнгі ауыл», «Үйлену», «Барымта», «Бүркіт аңшылығының суреттері»,«Жуандық», «Жетім», «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксереке», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», 4 пьесасы («Қаракөз», «Бәйбіше-Тоқал», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене»), 2 аудармасы («Жердің жаратылысы туралы әңгімелер»(Ю.Вагнерден), «Чусовойдағы бурлактар» (Мамин-Сибиряктан)), 23 зерттеу еңбектері мен мақалалары («Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Қазақтың қалам қайраткерлеріне ашық хат», «Қызыл сұңқарлар туралы», «Халық әдебиеті туралы», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға», «Бәрекелде» деді ме



екең?», «Қазақша жазу қазақ сөздерінің кез-келгенін құрастыра беру ғана емес», «Қобыланды батыр», «Шаншар» журналы», «Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Қазақстан мемлекет театры», «Көркем әдебиет туралы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Аймақ тану,білім арттыру», «Бөлім мақсаты», «АТУ-дың оқушылары мен оқытушылары», «Жеткіншек.Ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы», «Қазақ шаруа-жастар мектебіне арналған программа және түсініс хаттар», «Қазақстандағы ұлттар», «Қазақ жастарының міндеттері», «Русский букварь для казахских детей», «Аймақтану,білім арттыру», «Новый аул: вторая книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I ступени», 12 әдеби нұсқалары («Абайдың басылмаған сөзі», «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы», «Айтаңсықтың қоштасқаны», «Бұқаржыраудың сөздері», «Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі», «Жаман бақсының сарыны», «Жаман сарт сарыны», «Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны», «Мәлике қатын мен Тоқтамыс би», «Сыбан Ақтайлақ би», «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі») дүниеге келді.

1 *Архив Президента РК, ф. 141, оп. 1, д. 2407, л. 121.*

2 *Архив НЦК «Дом Ауэзова», п.628, л.2.*

3 *Бюллетень САГУ. 1929, 18-кітап, 150 бет.*

4 *Архив НЦК «Дом Ауэзова», п.628, л.3.*

5 *Фонд 81, опись 2, дело 23, л. 122-123.*

6 *Фонд 81, опись 2, дело 23, л. 124.*

7 *ТГА, ф. Р-38, оп.1, д.358, л.1.*

8 *ТГА, ф. Р-38, оп.1, д.358, л.15.*

**ӘОЖ 378.016:821.512.122.**

## **Ә.НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТХАНАСЫ**

**А.Д. Ибраева - филол.ғ.к.,**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

**Аңдатпа:** Мақалада Ә.Нұршайықовтың шығармаларының жазылу тарихы қарастырылған. Жазушының өзінің айтқан пікірлері романның жазылу тарихын қарастыруда негізгі дерек ретінде пайдаланылды. Кейіпкерлерімен кездескені, өмір дерегін қай арнадан алғанын қаламгер жан-жақты өзі айтып өтеді. Жазушының күнделік жазуы оның шығармашылық зертханасының ерекшелігі ретінде қарастырылды.

**Тірек сөздер:** шығармалар, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана, күнделік, түптілға

**Аннотация:** В статье рассмотрена творческая история создания произведений А. Нуршайыкова. В процессе изучения создания романа мнение писателя использовано как одно из основных сведений. Писатель подробно рассказывает о встрече с героями своих произведений и о жизненных фактах, которые послужили основой для его произведений. Ведение писателем дневника рассматривается как особенность его творческой лаборатории.

**Ключевые слова:** произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория, прототип

**Abstract:** In this article the history of the creative works of A. Nurshayyukova. During the study of the novel the writer's opinion is used as one of the basic information. Writer recounts a meeting with the heroes of his work and life facts that formed the basis for his works. Keeping a diary writer regarded as a feature of his creative laboratory.

**Keywords:** work, theme, art feature creative laboratory prototype

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов қазақтың өнернамалық ғұмырында қалам қарымының өлшеусіз байлығымен қоса көрініп, қазақ әдебиеті тарихында ойып алар орнын нәзік лиризммен, ұлы романтизммен эпикалық шыңымен бағындыра білген. Замана сазының көшімен сонау өз кезеңінде халықтық ахуалмен дәуір келбеті, жастар бейнесі мен махаббат мәселесі, майдангер бейнесін шығармашылығына арқау еткен. Оның шығармашылық ғұмырнамасына тоқталар болсақ: «Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы «Алыстағы ауданда» деген атпен 1956 жылы жарық көрген. Алпысыншы жылдардан бастап біржола көркем прозаға ауысты. Жиырмадан астам кітабы шыққан: «Махаббат жыры» (повестер, 1964), «Тоғыз толғау» (1977), «Автопортрет» (әдеби портреттер, 1977), «Махаббат қызық мол жылдар» (1970) романы және «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-диалогі, «Екі естелік» (1985), «Жамбылға хат» атты әскери естеліктері (1996), «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы (2000), «Өмір өрнектері» әскери күнделігі (2000), «Мәңгілік махаббат жыры» прозалық поэмасы (2003), «Боздақтар» (2005) кітабы.

«Махаббат жыры» деп аталатын алғашқы повесі де бірінші рет «Семей таңы» газетінің бетінде жарық көрген. Бас кейіпкері жазушының жауынгер досы, Ұлы Отан соғысының қаһарман солдаты, 1943 жылы

неміс фашистерінің танктерімен жекпе-жек атыста екі көзінен бірдей айрылып, алпыс жыл бойы заңиптық ғұмыр кешкен ерен ер азамат Әділхан Құсайынов. «Махаббат, қызық мол жылдар» романының бас кейіпкері Меңтай (Нұрғамила Нұрбосынова) университетте жазушымен бірге оқыған курстастарының бірі. Шығыс Қазақстан облысына қарайтын Ұлан ауданының қызы. Ұлы Отан соғысында үш ағасы бірдей опат болған. Соғыстан келген Ерболға конспектісін жазып беріп, көмектесетін себебі сол. Соғыста жүрген майдангерге жар болуға уәде берген. Кейін сол жігітке тұрмысқа шыққан. Жазушы ұзақ уақыт журналист болған. Тек қана журналистика жанрларымен: бас мақала, сын мақала, очерк, рецензия жазумен шұғылданып, әңгімені ауызша айтатынмын-деп көрсетеді жазушының өзі. Ауызша айтатын әңгімесінің тақырыбы лирикалық, сатиралық, әзіл-қалжың түрінде боп келе беретін. Ұзақ жол жүріп келе жатып машина ішінде, дастархан басында, демалыс үйінде тынығушылар арасында айтатын ондай әңгімелерінің бірнешеуін атайды. Олар «Ботагөз», «Жемпір», «Әтір», «Алтын сағат», «үлкен жазушының жанында», «Аупартком секретары туралы баллада», «Қызыл көрпе» т.б. болатын. Осылардың бірсыпырасын кейін жолдастардың кеңесімен қағазға түсіріп, газет-журналдарда жариялаған. Кейбіреулері кітапқа да кіріп кетті. Тек сонау 1945-49 жылдардағы студенттік өмірдің бір сәтіне ғана құрылып, кейін әлденеше рет өңделіп, жөнделіп, толықтырылған «Қызыл көрпе» әңгімесі ұзақ уақыт қағазға түсірілмей ауызша айтылумен келді. Оның қысқаша мазмұны мынадай еді: соғыстан келген солдат-студент өзімен бірге оқитын қызды сүйеді. Қыз да жігітті жақсы көреді. Жігіт сөз айтқанда қыз басқаға беріп қойған уәдем бар еді, оны қайтемін деп қиналады. Жігіт қыздың уәдесін бұздырмайды. Содан кейін ол сырттай оқуға ауысып кетеді. Бұл әңгімені мен ауызша ең соңғы рет 1968 жылы 7-ноябрьде белгілі тіл маманы Әйтім Әбдірахмановтың үйіне жиналған көп адамның алдында айттым. Сонда ақын Ғафу Қайырбеков орнынан тұрып, құттықтап қолымды алды да:

-Осы айтқаныңыз қағазға түскен бе?-деп сұрады.

-Жоқ.

-Қағазға түсіресіз бе?

-Түсіремін.

-Ендеше, тез қағазға түсіріңіз, әйтпесе мұны мен поэма етіп жазып қоямын...

Студент кездегі блокноттардың беттерін ақтардым. Ақтара отырып бұл жайды өзім жазбасыма болмайтынын және түсіндім. Күндіз-түні соны қағазға қалай түсіруді ойладым. Қандай қосалқы оқиғалар жанастыру жағын іздестірдім. Ақыры сол жылдың декабрінде демалыс алып, осы әңгімені қағазға түсіруге отырдым»- деп жазады қаламгер.

Жазушы өзінің журналист екенін, өмір бойы кеңседе қызмет істеп келетіндігін көрсетеді. Кәсіби жазушылардың журналист жазушылардан артықшылығы олар кеңседе қызмет істемейді, тек қана творчествомен шұғылданады. Ондай мүмкіншілігі болмаған қаламгер шығармаларын тек қана жыл сайынғы кезекті демалысында жазатынын көрсеткен. Алғашқы жоспарым бұрын жарияланған «Махаббат жыры», «Ботагөз», «Әсем», «Ескі дәптер» енді «Жастық жырын» қосып, замандастар жайлы шағын бес повестен құралған роман жасау болды. Осы арада бұл шығарманың қай жақтан баяндалатыны да белгілі боп қалды. Өйткені, оған дейінгі шағын повестердің бәрі де бірінші жақтан баяндалатын. Солардың бір бөлігі болғандықтан, мұны да солай етудің қажеттігі айқындалды.

«Бұған дейін де мен бұл әңгімені қағазға түсіремін деп бір-екі рет талаптанған болатынмын. Бір рет бастағанымда журналист Ербол Алматыдан келген жазушымен екеуі тың жерлерді аралап жүріп, аупартком председателінің кабинетінде қонады. Сонда Ербол астана жазушысына өз өмірін баяндап беретін. Екіншісінде ол кабинетте емес, далада, машина ішінде баяндалатын. Ал, үшінші жолы, оны кабинетте де емес, машина ішінде де емес, өзен жағасында шопан үйінде жатып баяндайтын еттім. Бірақ кітап біткеннен кейін оның басталуын тағы да өзгертуге тура келді. Біз кездескенімізде жазушы Мырзабек Дүйсенов екеуміз романның жалпы атын не деп қоюды ақылдастық. Ол «Махаббат, қызық мол жылдар» деп қоюға кеңес берді. Осыған тоқтадық. Осы атпен «Жазушы» баспасының 1970 жылғы жоспарына 15 баспа табақ роман беремін деп мен заявка тастадым. Ал, ауызша айтқанда 20-30 минутта аяқталатын «Қызыл көрпе» әңгімесі «Жастық жыры» деген атпен қағазға түсе бастағанда шағын повесть көлеміне сыймай, шырқап кетті. Бір ай демалысымда оны бітіре алмадым. 1969 жылдың басында тағы да бір ай демалыс алып, тапжылмастан отырдым. Онда да бітпеді. Жазған сайын жаңа линиялар қосылып шығарманың арқауы қалындай берді. Бұрын әңгіме бір ғана Меңтай мен Ербол арасында ғана болса, енді оған Ербол-Сәлима, Бүркітбай-Сәлима, Тұмажан-Меңтай, Заман-Тана линиялары қосылды. Белгілі бір дәуір-Отан соғысы кезінің қиындығы, одан кейінгі ауытпалық туралы шығарма жаза отырып, сол кезге тән бұл оқиғалардан аттап кете алмайтын болдым. Оның үстіне Меңтай мен Ерболдың олардың қасындағы жанама кейіпкерлерді сол 40-жылдардың дәрежесінде қалдыру керек пе деген сұраққа да көп

ойлануға тура келді. Қалдырсам, 70-жылдардың жастарына олар ұнай ма? Бұл кітаптың оқырмандары сол Меңтай мен Ерболдың, солардың тұстарының балалары болады. Олардың әке-шешелерінің махаббатын әрі таза күйінде, әрі өздеріне үлгі ете көрсету міндет. 1969жылдың басында алған демалысымда шығарманы аяқтай алмаған соң сол жылдың декабріне дейін жұмыс істей жүріп,кештетіп үнемі соған үңілумен болдым. Ақыры 1969жылдың аяғында бір айлық кезекті демалысымды алып, 1970жылдың 19 январында кітаптың соңғы нүктесін қойдым.

Кітаптың әр тарауын жеке новелла етіп аяқтап отырдым. Шамасы келсе, әр тарау келесі тарауға жетекші болсын. Шамасы келмесе,біткен бір тарау өз алдына жеке әңгіме сияқтаныпқалсын дедім. Өйткені осы күнгі оқушының кез келген романды басынан аяғына дейін оқып отырарлық мұршасы жоқ. Қолына тиген романның бір тарауын оқып,тартпаса тастай салуы дамүмкін. Мен кітабымның ең жоқ дегенде оқушы шыдамы жетіп оқыған тарауы ойында қалуына тырыстым. Ол үшін оның оқиғасы қызықты,тіл тартымды –екеуі де өмірдің өзінен алынған шындық болуына көп назар аудардым. Бірсыпыра тарауларды кейін қайталай көшіріп, ондағы оқиға, сезім, сөз шындығын үнемі тексеріп отырдым. Кей күндері жаңа материалдан 3-4бет жазсам, кейде жарты бетті толтыра алмай, қиналған шақтарым да болды. Әсіресе оқушының көз алдында картина тәрізді болып қалса-ау деген тұстар тұтқыр тарта берді.

Кітапты жазуын жазып бітірсем де қолжазбамды жолдастарға көрсетуге қорқып жүрдім. «Ұнай ма,ұнамай ма? Ұрсып тастамай ма?»деп қымсындым. Оны алғаш оқып, пікір айтқан,көңілімді демеп, буынымды бекіткен ақын Мұзафар Әлімбаев болды.

«Жастар жыры» біткен соң оған бұрынғы повестерді қосуға болмай қалды. Өйткені, жалғыз осының өзі баспа жоспарындағы көлемнен көбіректеу боп шықты. Енді мұны жеке кітап етіп шығаруға тура келді. Тек «Жастық жыры» деген аты өзгертіліп, баспаның жоспарында көрсетілген «Махаббат, қызық мол жылдар» деген атпен шығып, «роман» деп аталатын болды. Сонымен, осы кітаптың түбіне бірінші рет фамилиям жазылды»- деген болатын жазушының өзі.

Ал «Ақиқат пен аңыз» атты кітабыңызға арқау болған Бауыржан Момышұлымен таныстығы туралы автордың былай деп көрсетеді. – «Ең алдымен 1943 жылғы «Знамя» журналының №5, 6 сандарында жарияланған Бауыржанның батальоны туралы Александр Бек деген жазушының повесінен Баукеңнің атымен таныс болдым, бұл шығарманы мен күндіз күннің жарығымен, түнде айдың сәулесімен оқып шықтым. Осы арқылы менің батыр Баукеңе деген ықыласым мен қызығушылығым артты, ол кісінің тұлғасына сондай сүйіспеншілікпен, құрметпен қарай бастадым.

Ал ең алғаш түр-тұлғасын көргенім — 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде еді. Павлодардағы облыстық газеттің редакторы ретінде бұл шараға шақырту бойынша барсам, онда менің «Махаббат, қызық мол жылдардағы» кейіпкерім Жомартбек — Мырзабек Дүйсенов те бар екен, екеуіміз Қазақстаннан келгендерге бөлінген «Киев» қонақүйінің бір бөлмесіне орналастық.

Орналасып болысымен қыдырып келейік деп сыртқа шықтық. Қонақ үйдің алдында сұңғақ бойлы, ұзын пальтосы мен папахасы бар бір кісі әрлі-берлі жүр екен. Ол кісіні көре сала менің досым, «жүр, Баукеңе сәлем береміз» деді.

Бұған дейін түрін көрмегендіктен мен оның атақты Бауыржан екенін білмедім. Қасына барып амандасқан бізге Баукең одырая қарап: «Сендер кімсіңдер?» деді. Мен өзімді және жолдасымды таныстырып едім, «не шаруаларың бар?» деп сұрады.«Басты мақсатымыз — сәлем беру, рұқсат етсеңіз суретке түссек», дедім.Баукең менен «соғыста болдың ба?» деп, майданда қай жерде болғанымды тәптіштеп сұрап алды. Менің соғыстан келгенімді естіген соң рұқсатын беріп, екеуіміз суретке түстік. Мырзабектің де ол кісімен суретке түскісі келіп тұр, осыны айтып едім, «ол соғысқа барды ма?» деп сұрады.«Жоқ» деп едім, «онда барыңдар, айда, мен соғыста болмағандармен суретке түспеймін» деді. Бұл Баукеңді алғаш көруім және тілдесуім еді. Одан кейін ол кісінің 60 жылдығы тұсында Қазақ совет энциклопедиясында қызмет істеп жүрген маған «Жұлдыз» журналы Баукең туралы 6 беттік мақала жазуды тапсырды.Мен бұл тапсырмадан азар да безер болып қашып, одан сұхбат алуға жұмсағанша, зоопарктегі арыстанның жалын сипауға жіберіңдер дедім. Олай дейтін себебім, ол кісінің бұған дейін талай журналистерді қуып жібергенін естігенмін.Бірақ Рахметолла Райымқұлов, Тілек Жәкешев деген сыйлас ағаларым жалынғандай болғасын амалсыз келістім. Содан бір ай бойы ол кісінің өз жазғандары мен ол туралы жазылғандарды түгел оқып шығып, 60 сұрақ дайындадым да, үйіне бардым. Баукең ас үйінде шәй ішіп отыр екен, әскердегіше «здравия желаю» деп амандасып кірдім.«Не шаруа?» деді ол. Мен келуімнің мәнісін түсіндіріп, «Сіз туралы біраз авторлар жазыпты, өзіңіз де біраз жаздыңыз, енді маған не жазу керектігін сізбен ақылдасайын деп едім» дегенім сол еді, оның қабағы түйіліп, мұрты едірейіп, шашы тікірейіп: «Сонда саған мақаланы мен жазып беруім керек пе? Кругом..!» деді.Мен жалт

қарап бұрыла бере: «Бауке, дат!» деп едім, сол сөз ұнап кеткен болу керек, мырс етті де: «Айтқын!» деді. «Мен теріс қарап тұрмын ғой, бұрылуға рұқсат етіңіз» дедім, «Бұрылғын!» дегесін, оң қарап жөнделіп алдым да: «Сіз менің сұрақтарыма жауап берсеңіз мақаланы өзім жазамын» деп сарт-сұрт басып бардым да сұрақтарымды қолына ұстаттым.

Төрт беттік сұрақтарды парактай бастаған Баукеңнің жүзі жылып: «Это серьезно, садись» деп алдында тұрған орындықты нұсқады. Сол отырғаннан 4 жыл отырып, «Ақиқат пен аңызды» жазып шықтым, ол үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдым. Оқырман қауым Баукең екеуміздің арамыздағы осы диалогты одан ары жалғастыруды тілек етті. Алғашында Баукеңмен 12 сағат әңгімелесіп, оның өз аузынан 26 бет дерек жазып алған едім. Кейін екеуміз бірде ауруханада, бірде көшеде кездесіп, диалогты там-тұмдап одан әрі жалғастырдық. 1975 жылдың басында роман-диалогты аяқтап, «Жазушы» баспасына тапсырдым. Кітаптың жазылу кезеңі осылай аяқталды.

Шығарманың жазылу тарихына байланысты деректерді қаламгердің өзі сұхбаттарында, мақалаларында, сөйлеген сөзі, қойын кітапшаларында анық жазып, айтып отырған. Бұл жазушының өзге суреткерлерге ұқсамайтын қыры болып табылады. Белгілі бір туындының шығармашылық тарихын зерттеуде мұндай деректер негізгі мәлімет көзі ретінде құнды. Сондай-ақ қаламгер келбетін айқындауда суреткердің өз толғанысы зерттеушіні құр болжамға ғана емес, анық шынайы қорытындыға әкелетіні белгілі. Мұндай деректер оқырман қауым үшін қажет, шығармашылықтың құпиясын тануға үлкен ықпалы болары анық.

- 1 Нұршайықов Ә. 4том Шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1992. - Т.1: роман, повесть және әңгімелер. 432б. Т.2: Роман, майдан жазбалары мен эсселер. 448 б.
- 2 Нұршайықов.Ә. Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер. I-кітап. - Алматы: Өлке, 2000. - 608 б.
- 3 Нұршайықов.Ә. «Оққа ұшқан газет» // Дидар.2001.16 қазан.
- 4 Нұршайықов.Ә. «Ақиқат пен аңыз»: Роман-диалог. Алматы: Жазушы, 1976. - 384б.

УДК 821.161.1

## «ДУШЕЧКА» ЧЕХОВА: ВАРИАЦИИ НА ТЕМУ ЖИЗНИ И СМЕРТИ

Е.М. Лулудова -

*кандидат филологических наук, профессор кафедры социально-культурных технологий Алматинского филиала НОУ ВПО «Санкт-Петербургский Гуманитарный университет профсоюзов»*

**Аннотация:** Системный анализ текста «Душечки» Чехова, его сопоставление с другими произведениями писателя, а также подключение литературного контекста позволяют скорректировать то, что уже было высказано ранее, а также объединить противников и защитников Душечки.

**Ключевые слова.** Системный анализ, сопоставление, литературный контекст, полемика, интерпретация.

**Андатпа:** Чеховтың «Душечка» шығармасының мәтінін жүйелі талдау, оны жазушының басқа шығармаларымен салыстыру, сонымен қатар, әдеби контекске жүгіну бұрын да айтылғандарды нақтылауға, сондай-ақ Душечканың қорғаушылары мен қарсыластарын біріктіруге мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер.** Жүйелі талдау, сәйкестендіру, әдеби контекст, полемика, интерпретация.

**Abstract.** Systemic analysis of the text of «Sweetheart» by Chekhov, its comparison to other productions of the writer, and also connection of a literary context allow to correct that has already been stated earlier, and also unite opponents and defenders of the Sweetheart.

**Keywords.** Systemic analysis, comparison, literary context, discussion, interpretation.

Герои Чехова балансируют на грани диалектического обозначения противоположностей единого или неожиданного объединения казалось бы несовместимого (типа «чай пили – хорошо жили»), разрушая тем самым стереотипы однозначных оценок. Рассмотрим данный факт на примере всего лишь одного произведения А.П.Чехова – «Душечка».

Что является в Душечке главным? Для Горького (очерк «А.П.Чехов») главное - ее зависимость от тех, кого она любит, зависимость, делающая ее рабой [1, с.55]. (В.Б.Катаев даже предположил: «Может быть, создавая через два года роман «Мать», Горький хотел в чем-то полемизировать с чеховским рассказом» [2, с.30-31]. Ленин в статье «Социал-демократическая душечка» (1905) выделяет ее способность забывать сегодня о том, чем жила еще вчера, непостоянство мнений и привязанностей. Л.Толстой подчеркивает ее способность любить, любить до самопожертвования, до отказа от всего, что не связано с любимым человеком. Он видит в ней воплощение того лучшего, чем может быть женщина [3, с.376]. (Хотя он же отметил, что «рассказ этот оттого такой прекрасный, что он вышел бессознательно» [3, с.377]).

Нельзя не согласиться с Н.Я.Берковским, который писал, что последняя привязанность, к чужому мальчику, снимает с Душечки всякий комизм, что «со страниц рассказа она уходит возвышенной и просветленной» [4, с.262]. Кроме того, о подлинности последнего чувства и причастности его самому высокому говорит готовность отдать за него жизнь – «с радостью, со слезами умиления». Мы солидарны с Л.М.Цилевичем, считающим: «Конечно, душа Душечки может существовать только при чужой душе. Но в том-то и дело, что на этот раз - это душа ребенка! Его сентенция принципиально отличается от сентенций его предшественников - именно тем, что это не мнение, не оценка. Сашечка не ограничивает свой кругозор, а расширяет его. Это не комическая инфантильность Душечки, а часть нерастрченного материнского чувства. И «определения из учебника» каждый раз звучат для нее не банально, а первозданно. У нее уже есть свои собственные мысли, мысли о будущем Саши. А главное - раньше Душечка жила только сегодняшним днем, а сейчас устремлена в будущее» [5, с.97].

Выскажем свою точку зрения. По нашему мнению, хотя сходство, единообразие, симметричность в описаниях незаметно подтачивает искренность Душечки, заставляет сомневаться в ней, а история с Сашей (на фоне всех предшествующих) может быть представлена как еще одно проявление ее несостоятельности, как «отчаяние одиночества, страх за себя человека, способного жить лишь чужой жизнью» (В.И.Тюпа), и включаться в общий круг «варьируемых повторов чаепития со знаком "минус"» [6, с.40], однако несостоятельность Душечки - только видимость. Приведем примеры.

Во-первых, Душечка хотела «такую любовь, которая захватила бы все ее существо, всю душу, разум, дала бы ей мысли, направление жизни, согрела бы ее стареющую кровь», то есть согревание крови рассматривалось ею в одном ряду с разумом и душой (по контексту, это желание появилось у нее из-за невозможности пить чай в кругу друзей). Что подтверждается ее любовью к мальчику: «Она *поговорила* с ним, *напоила его чаем*, и *сердце* у нее в груди стало вдруг теплым и *сладко сжалось*». У Душечки нет романтической страстности, склонности к идеализации, разрыва между мечтой и жизнью - она вся на земле, вся погружена в быт, точно знает, что ей нужно (любовь, которая даст направление жизни, и ребенок). Следовательно, не нужно за нее тревожиться. «Ограниченная» Душечка обнаруживает в большей мере живую душу, чем страстные и активные Невесты, Зинаиды Федоровны, Попрыгуньи, Мани и Лизы. Недаром сам Чехов в записной книжке написал: «Она вышла за кондитера, и оказалось, что ничего она так не любит, как варить варенье, и уж театр презирала, так как была религиозна в подражание своему второму мужу», но в рассказе вывел на первый план ее самозабвенность в любви, не подражание, а проявление «праматеринского первоначала» (М.Громов), как к мужу, так и к чужому ребенку. Ее упрекают в «жалкой реализации достойного стремления» [7, с.199], в «профанации высокого чувства любви», но какая реализация - достойная? Почему Наташу Ростову, Долли Облонскую, Кити Левину восхваляют как идеал, а Душечку называют «жалкой», «несчастной», «загубленной стихией тусклого существования»?

Во-вторых, Душечка была всегда очень здоровая (само имя «Ольга» - от Helga - означает «здоровье»), а из-за чая еще больше пополнила и вся сияла от удовольствия: «довольная, покойная, любвеобильная». То есть у чаепития появляется эротический оттенок (ср. эротические мотивы чаепития у Пастернака, в народной песне «У самовара я и моя Маша», на картинах Кустодиева и т.д. [8, с.59-64]). Следует указать, что образ чаепития часто сопровождается темой страсти, любовного томления и желания, а развитие любовной темы традиционно включает такие характеристики, как «мы пьем в любви отраву сладкую», «сахарные», «медовые» уста. Чехов не был исключением. Так, в «Дуэли» картины природы «естественно» связываются у дьякона Победова с желанием чая и горячих пышек со сметаной, а это, в свою очередь, напоминает ему о дьяконнице, связано с ней, необходимо, как она. Лубков («Ариадна») относится к природе как к чему-то «давно уже известному, стоящему неизмеримо ниже его и созданное только для его удовольствия». Великолепный пейзаж заставляет его сказать: «Хорошо бы здесь чайку попить». И *после этих слов* он однажды высказывается о физических достоинствах Ариадны.

Триада рождение, любовь, смерть - это то, на чем держится мир. Смерть, как и любовь, открывает путь к свободе, к освобождению от уз времени или к ее замедлению. Жизнь, как и любовь, открывает возможность вхождения в вечность. Именно через любовь жизнь и смерть взаимосвязаны и придают друг другу особое значение, и чем неотвратимей смерть, тем выше цена жизни, определяемая ее смыслом. Но эта триада не может существовать, если человек не будет есть и пить (а значит, и без чая). Это настолько важно, что Кант в примечании к «Антропологии» между обсуждением прекрасного и возвышенного отметил: «Нигде чувственность и рассудок, соединенные в потреблении, не могут столь долго продолжаться и столь часто повторяться с удовольствием, как за хорошим обеденным столом в хорошем обществе» [9, с.486].

Таким образом, хотя эротизм - это «улада» тела, но он не носит чисто отрицательного значения (похождение или приключение ради скорой, мимолетной связи, легкой победы, удовлетворения одной тайной цели), а подразумевает создание семьи и дома, где всем хорошо. Эротический аспект чаепития несет в себе смысл «единящего акта», «поиска духовного общения», «спасения от одиночества». Следовательно, нам опять не в чем упрекнуть Душечку. Нельзя согласиться с мнением В.Б.Катаева, что «это рассказ именно о человеке, способном любить до самозабвения. И о тех, смешных, забавных и нелепых проявлениях, которые принимает в реальной действительности эта способность» [2, с.38]. Ограниченное не может быть милым и трогательным и, с другой стороны, не сочетается с «травестированностью» Душечки (В.Тюпа). В подтверждение этому приведем еще один пример.

В-третьих, ведущая проблема, связывающая, сцепляющая, со- и противопоставляющая эпизоды, события, действия, героев, – это дом. Уже в начале XIX века погоне за удачей и успехом, столичной и европейской суете были противопоставлены дом, очаг, уединение [10], не говоря уже о традиции русских народных сказок, строящихся по схеме «родной дом – иное царство – родной дом» или «родной дом – избушка – иное царство – родной дом», или о том, что это один из главных символов библейской Премудрости [Притч.9,1]. Однако у героев Чехова дом вызывает чувства совсем иные. Возникает твердая уверенность: неудовлетворенность своей жизнью выражается в том, что мучительно трудно находиться, жить в своих домах, имениях, городах – мысли, желания, стремления почти всегда связаны с каким-то другим местом. Нам трудно сказать, что послужило этому причиной. Например, М.О.Горячева считает, что пространство у Чехова не объект и не фон, изображения, «но подоснова, начальный этап, исток того психологического потока, который является главной составляющей его драм. Можно сказать, что любой психологический кризис (а чеховские герои часто изображаются в момент таких кризисов) заряжен пространственным ощущением» [11, с.126-136]. Т.К.Шах-Азизова рассматривает мотив жизни-тюрьмы как один из ведущих в пьесах Чехова. Она пишет: «И в самом деле: что иное, как не тюрьма, для чеховских героев – их дома, городки, усадьбы, вырваться из которых можно или ценой жизни, или ценой жестоких потерь, а чаще всего – невозможно, и в этом – самая большая трагедия?» [12, с.345]. А.В.Кубасов предлагает в образе дома выделять чужой дом и отчий дом. Чужой – это враждебный дом, а отчий – место, где герой когда-то был или полагал, что был счастлив. Основным является мотив покинутого дома [13, с.44]. Т.А.Родина отметила «антидомашность» Чехова, «чеховскую тему разрушения дома, семейных отношений, патриархального чувства своей принадлежности времени и месту», которая, по ее мнению, возникает из-за отношения Чехова к повседневности как к «недоброй силе» [14, с.213].

Но (учитывая, что одни и те же произведения толкуются разными литературоведами по-разному) тогда следует признать, что в художественном мире Чехова дом содержит **и** позитивный ценностный акцент (символ спасения, укрытия, пристанища), **и** негативный, антиценностный (символ несвободы, затхлости, гибельности), соединяет приятное и мрачное, смертное и бессмертное [15]. Чеховские герои могут жить тесно, но не замечать этого, или, живя уединенно, чувствовать многолюдность. Они могут сами воздвигнуть социальные, психологические и массу других перегородок, а потом мучиться не желая, боясь, не имея сил их сломать (дом – это целая система самоощущений каждого из его обитателей). Нельзя не отметить, что домовладение **и** «мешает» чеховским героям как тяжелый груз **и**, одновременно, ищется. Вспомним Гурова (владельца двух домов в Москве), доктора Старцева, скупающего дома, вселение Никитина в «новый нештукатуренный дом» и несостоявшееся вселение Нади Шуминой, «почтенную бессонницу» и сердцебиение миллионерши Лизы Ляликовой и просьбы Кати («Скучная история») забрать у нее деньги. Белавин («Три года») покупал дома в обществе взаимного кредита и отдавал их внаймы. Свой дом он заложил и на деньги купил пустошь, где начал строить большой двухэтажный дом, чтобы заложить его. Дом приносится в жертву, в дань – это плата за приобщение к чужой жизни как источнику мнений и смыслов («Рассказ неизвестного человека»). Поэтому и Душечка готова, чуть ли не по первому же требованию, кому-нибудь предложить свой дом (см. ветеринар говорит: «Я вот хожу и квартиру ищу», а Душечка тут же: «Да возьмите у меня дом! С меня и флигеля довольно»), но думает о нем, как о самой большой ценности (мечты о будущем Саши).

В.И.Тюпа приходит к выводу: «Щедрость обеспеченной домовладелицы – это внешняя данность бытия Оленьки. Со стороны же внутреннего смысла этого бытия она **приживалка**. Причина не в щедрости души героини, а в ее изначальной «флигельности», «пристоечности, несостоятельности» [16, с.70]. Но подобная «флигельность» является отличительной чертой **почти всех** героев Чехова (ср. в пьесе «Дядя Ваня» нянька говорит: «Все мы у Бога приживалы»). Почти все – лишние, никому не нужные, бесприютные. Их «пристоечность» выражается, например, в **отсутствии крыши над головой** («Моя

жизнь», «В овраге», «Невеста», «Ариадна», «Дуэль» и т.д.), в **необходимости** «жилищных» перемещений («Мужики», «О любви», «Моя жизнь», «Крыжовник») и т.д. Следовательно, Душечка не исключение, а лишь одна из многих.

В.Неминуший и В.И.Тюпа считают, что история с Сашей окончательно обнажает несостоятельность Душечки, это «отчаяние одиночества, страх за себя, человека, способного жить лишь чужой жизнью» [16, с.70]. Но, по нашему мнению, система повторяющихся деталей свидетельствует о том, что ее жизнь становится не все более и более примитивной, а, наоборот, получает осмысленность. Да и рифмовка различных отрезков текста создает контрастный фон, своей внешней неизменностью оттеняющий изменения внутреннего духовного мира героини. Треск, гул, звон, стук заставляют вспомнить о жизни, превращают или сопровождают несчастья, перемены, разрушают защитную стену между миром и человеком. Город постепенно «захватывает» Цыганскую слободу, где живет Душечка. Это уже не окраина города, а одна из его улиц. (Городское стадо гонят мимо дома Душечки, и клубы пыли наполняют весь двор, а раньше об этом не упоминалось). В связи с этим вполне естественно, что желание **присоединиться** сочетается со стремлением сохранить **отдаленность**. Она и живет как бы на границе, так как почти все время сидит или у себя во дворе на крылечке, или у окошка. Даже пустоту в сердце и мыслях она сравнивает с «пустотой, как на дворе». Она **постоянно** ищет счастья. Сначала Душечка «искала» его во флигеле (Кукин и Смирнин) или по соседству (Пустовалов), потом «размещала» его у себя в доме, и «жили они хорошо». Но о том, что **она** счастлива, сказано только после упоминания о переселении ее самой во флигель (ср. у нее уже не просто «улыбка, **похожая** на сияние», а «**все** лицо улыбается и сияет»). Город, жизнь, ход обстоятельств, быстротекущее время мешают Душечке, но она все равно пытается быть счастливой. Очень важен и тот факт, что у нее первым мнением после молчания были слова: «**Островом называется часть суши...**», а Смирнин приезжает именно в **Цыганскую** слободу (тоже символическое название), чтобы «жить **вольнo** и **оседло**» (вещи почти несовместимые в «цивилизованном» обществе). Таким образом, можно поставить под сомнение абсолютную «пристоечность» Душечки. Пожалуй, более точно будет говорить о ее стремлении так пристроиться, чтобы обрести полный покой, совершенную защиту от любого вмешательства. Ради **этого** она отдает дом.

Кроме того, опираясь на все вышеперечисленное, можно утверждать, что только после общения с ребенком у Душечки появились мечты, стремления, цель. Не «вещный мир, ценности материального порядка - исход всех попыток Душечки думать, рассуждать о чем-либо» [6, с.37], а нечто большее. «Саша станет доктором или инженером, будет иметь собственный дом, лошадей, коляску, женится и у него родятся **дети...**» - грезит сейчас Душечка, как раньше она мечтала о муже (петух в курятнике) и о ребенке (молитвы с Пустоваловым). Следовательно, собственность, доходная служба нужны лишь для того, чтобы могли родиться дети. Большого счастья быть не может, ради **этого** можно отдать все, что имеешь, на **этом** обрываются ее фантазии. Кроме того, именно это особо выделяет в тексте и сам Чехов: «Ах, как она его любит! Из ее прежних привязанностей ни одна не была такою глубокой, никогда еще раньше ее душа не покорялась так беззаветно, **бескорыстно** и с такой **отрадой**, как теперь, когда в ней **все более и более разгоралось материнское чувство**» (отметим, что многие единодушны в выводах о том, что там, где нет места ребенку, – дно жизни, бездна). Как Душечка жила раньше? Несчастья Кукина ее тронули, она его полюбила. Степенный голос и темная борода «заставили» полюбить Пустовалова. Смирнина она жалела (из-за его неудачной семейной жизни) и привязалась к нему, так как он развлекал ее (в том числе и рассказами о ребенке). Теперь же все совсем иначе: сердце Душечки сладко сжалось, точно этот мальчик был ее **родной сын**. Она знала о нем по рассказам ветеринара. Пустовалов и она жалели чужого мальчика и молились, чтобы бог послал им детей. Квартира нужна была и для мальчика. Вот причины, из-за которых Душечка согласна отдать свой дом и переселиться во флигель! Она любит мальчика **до того**, как его видит, «заочно», но потом оказывается, что и внешне они похожи: полнота, белизна, ямочки на щеках, только **они** могут весело, радостно смеяться. **Впервые** Душечка думает о будущем, **самостоятельно** мечтает (**никто** из ее окружения не говорит о детях как о высшей точке счастья).

Исследователи неоднократно подвергали сомнению ее способность к безоглядной, самозабвенной любви (В.И.Тюпа, Э.Полоцкая, А.К.Жолковский и др.). Но ни разу критики не указали на то, что Кукин всегда был мал ростом, тощ, с желтым лицом, он постоянно кричал о петле, разорении, убытках, мучениях, бессоннице, а умер он в тот момент, когда в письме "уже **делал распоряжения** насчет «Тиволи»". Пустовалов умер, потому что «вышел без шапки **отпускать** лес». А Смирнина «спасло» то, что он уехал с полком. Душечка же хорошела, так как повторяла не все его слова, а только о публике и театре (она даже деньги давала взаймы как бы стараясь избавиться от них (возможно, поэтому и не

жаловалась на обманы)). При описании ее жизни с Пустоваловым ничего не сказано о ее «физических улучшениях», так как она писала счета, говорила о дороговизне леса, ужасалась тарифам и даже вскрикивала (!) во сне. Когда она бескорыстно отдает свой дом Смирнину, отдает так, что даже в мечтаниях не упоминает (она представляет, что Саше достанется не ее дом, а какой-нибудь другой большой дом), то и «физически» оживает, молодеет, улыбается и сияет.

Наконец, неправильно было бы связывать «посвежелость» Душечки и то, что Саша хмур, недоволен, плачет, так как он печален и не в духе из-за того, что «не совсем очнулся от сна», плачет из-за учебы, а его слова во сне «Я тебе! Пошел вон! Не дерись!» - это реакция на сильный стук в калитку, который будит и пугает Душечку, то есть естественные, мимолетные реакции любого человека в подобной ситуации. Скорее всего, Душечка опять «довольная и покойная» потому, что не надо думать о материальном, можно опять (как во времена Кукина) смотреть *на звезды* и мечтать (мечта о петухе в курятнике – это мечта о *своих* детях. Потом она заменена на мечты о сашекиных детях). Традиционная дилемма «жить для себя - жить для других», с решением которой связаны важнейшие коллизии в произведениях И.Тургенева, Л.Толстого, Ф.Достоевского, решается Душечкой в том плане, что нужно жить для других, но чтобы было хорошо тебе, - пристраиваясь, нужно обязательно сохранять обособленность. Пожалуй, в этом содержится мудрая снисходительная природная целесообразность, оправдываемая жизнью, и поэтому Душечку нельзя осуждать или восхвалять, а нужно принимать ее такой, какая она есть, со всеми ее плюсами и минусами.

1. Горький М. Полное собрание сочинений. – Т.6. – М., 1979.
2. Катаев В.Б. Сложность простоты: Рассказы и пьесы Чехова. – М., 1998.
3. Толстой Л.Н. Собрание сочинений. Т.41. – М., 1957.
4. Берковский Н.Я. О русской литературе. – Л., 1985.
5. Цилевич Л.М. «Его врагом была пошлость...» // О поэтике Чехова. – Иркутск, 1993.
6. Мучник Г.М. Проблемы коммуникативной поэтики. – Алматы, 1995.
7. Русская литература. Советская литература. Справочные материалы. – М., 1989.
8. Лулудова Е.М. Архетипический мотив с эротическим оттенком (на материале анализа русской литературы конца XIX-начала XX века) // Экономика, право, культура в эпоху общественных преобразований: мат.междунар.научно-практич. конф. – Алматы, 2009.
9. Кант И. Собрание сочинений в 6-ти т. Т.6. – М., 1966.
10. Бабаев Э. Из истории русского романа 19 века. – М. 1984.
11. Горячева М.О. Драммы Чехова: психология и пространство // Чеховские чтения в Ялте. – М., 1990.
12. Шах-Азизова Т.К. Современное прочтение чеховских пьес (60-70-е годы) // В творческой лаборатории Чехова. – М., 1974.
13. Кубасов А.В. Рассказы Чехова: Поэтика жанра. – Свердловск, 1990.
14. Родина Т.А. Блок и русский театр начала XX века. – М., 1972.
15. Лулудова Е.М. Архетипы в художественном мире Чехова (К проблеме интерпретации прозы 90-х годов) – автореф. дис. к.филол.н. – Алматы, 1999.
16. Тюпа В.И. Художественность чеховского рассказа. – М., 1989.

УДК:821.512122(091)

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ НАЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ КӨРІНІСІ

Д.А. Сатмирова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

**Аңдатпа:** Мақалада қазақтың сөз өнері мен Шығыстың классикалық әдебиетінің өзара ықпалдастығы сөз болады. Автор мақалада назира дәстүрінің қазақ әдебиетіндегі қалыптасу тарихына да тоқтала келіп, ұлттық әдебиетімізге мұсылманша сауатты, Шығыстың әдеби мұраларымен және ислам тарихымен терең таныс ақындар шығармашылығы арқылы келген әдеби дәстүрге тән басты ерекшеліктерді анықтайды. Назира дәстүрінің ұлттық рухани мәдениетті дамытудағы рөлі көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** Әлем әдебиеті, ақын-шайырлар, назира дәстүрі, қисса-дастан, шығыстық сюжеттер, мұсылмандық-ағартушылық идея.

**Аннотация:** В статье рассматривается взаимосвязь казахской словесной культуры и Восточной классической литературы. Автор в статье акцентирует внимание на истории появления традиции назира в казахской литературе и определяет основные особенности литературной традиции, которая была заимствована из восточной литературы и истории ислама и унаследована казахскими поэтами. Показана роль развития традиции назира в национальном культурном наследии.



**Ключевое слова:** Мировая литература, поэты-шаиры, традиция назира, поэма-кисса, восточные сюжеты, мусульманско-просветительская идея.

**Abstract:** The article discusses interrelation between Kazakh lexical culture and Eastern classical literature. Author of the article focuses on the history of adeeranse the tradition nazira in Kazakh literature and defines the particular main literary tradition, which was borrowed from Oriental literature and the history of Islam and inherited by Kazakh poets. The role of development in the tradition nazira national cultural heritage is shown there.

**Keywords:** world literature, poets-Shair, tradition nazira, poem-kissa, oriental stories, Muslim-educational idea.

Қазақ әдебиетіндегі кең қанат жайған шығармашылық дәстүрлердің бірі – назирагөйлік. Шығыс халықтары сөз өнерінде назира дәстүрінің ролі ерекше. Ортағасырлық шығыс классиктері бұл дәстүрді тек назира (жауап) түрінде ғана емес, сонымен бірге: тарик (мәнерінде) тарз (рухында), ранг (үлгісінде), тавр (стилінде), т.б. түрінде хамса,ғазал, рубай жанрларында да дамытты. Шығыс поэзиясындағы назира дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері шығыстанушы ғалымдар Е. Э. Бертельс, И. К. Конрад, И.С. Брагинский, А.М. Мирзоев, А.Афсахзод, А. Ш. Шамухамедов, М.Д. Кязимовенбектерінде қарастырылады. Қазақ ақындарының әлемдік әдеби-мәдени мұралардан мол хабардар болғанын танытатын бұл құбылыс, ақындық ортаның шығармашылық дүниетаным кеңістігінің гуманистік, жалпы адамзаттық мұраттарға үндесетін табиғатын байқатады. Қазақ топырағына осы дәстүрді сауатты ақын-шайырлар әкелді. Назирагөйлік дәстүрдегі ақындардың кисса-дастандары тақырып мазмұнына, көркемдігіне қарай түрлі деңгейде жырланады. Ежелгі аңыз, әңгімелермен жақсы таныс қазақтың ақын-шырайлары шығыс әдебиетінің рухани дүниелерін өзге елдікі деп бөлген жоқ, дәстүр мен жаңашылдықтың негізінде әдеби байланысты дамыта түсті. Назирагөйлік дәстүрге барған шайырлар түпнұсқа шығарманы оқып, шабыттанып барып, соның ізінде жазып отырады. Аудармада түпнұсқа басқа тілде қайта жаңғырса, назира дәстүрінде түпнұсқаға жақын жаңа шығармалар жазылады. Ақын-шайырлар өзіне дейін жазылған шығыс нұсқаларымен терең танысып шығады, дегенмен де олар өз халқының сөз өнерінің жетістіктеріне сүйеніп барып, жазады. Зерттеуші А. Қыраубайқызы: «XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ тарихындағы бодандық бұлтты қоюланған тұста рухани тәуелділікке қарай бірыңғай бет бұрған кездегі ұлттық оянушылықтың бір көрінісі ретінде назира дәстүрі қайтадан жедел дами бастайды» /1,137-138/- деп, назирагөйлік дәстүрдің әдебиет тарихындағы орнына ерекше мән береді. Жалпы алғанда әлем әдебиеттерінің қалыптасу, даму тарихында бұрын ауызша айтылған немесе белгілі бір шығармасында баяндалған сюжеттерді қайталап жырлау дәстүрі болған. Ислам мәдениеті кең тараған елдердегі әдебиеттерде осы дәстүрдің кең өрістегені байқалады.

Әлемдік әдебиеттің тарихында Әбілқасым Фердоуси, Әбу Мұхаммед Ильяс ибн Юсуф Гянджеви Низами, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, Мұхаммед Сүлейменоглы Физули қалыптастырған бұл дәстүр – ақындық өнер өрісінің көркемдік дәстүрлерін байытқан, жетілдірген жол. Әлем халықтары әдебиеттерінің ежелгі, орта және XVII-XX ғасырлардағы көркемдік кеңістігін ұлғайтқан назира дәстүрінің ұлттық рухани мәдениетті дамытуға зор ықпалы болды.

Мұхтар Әуезов әлем әдебиеттерінің өзара байланыстарындағы елеулі құбылысқа айналған назира дәстүрінің ерешелігін былай атап көрсетеді: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол екен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінесе алдағы айтқан оқиғалардың негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратын болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір тақырыпты қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «назира», «назирагөйлік» деп атау да берген» /2, 193-194/.

Қазақтың XIX-XX ғасырлардағы ақындардың шығармашылық мұраларындағы нәзира дәстүрімен жырланған шығармаларды сюжеттік ерешеліктеріне қарай былайша саралауға болады: біріншісі – Құран кітабы сүрелеріндегі Адам ата мен Хауа Анадан басталған адамзат тарихындағы пайғамбарлар мен сахабалардың, періштелердің имандылық-адамгершілік тәрбиесі жолындағы іс-әрекеттері туралы оқиғаларды жырлау; екіншісі – Шығыс халықтарына кең тараған «Мың бір түн», «Тотынама», «Кәлила мен Димнә» сынды кітаптардағы сюжеттерді, фольклорлық ертегілерді, аңыздарды жырлау; үшіншісі – еуропалық әдебиет алыптары жазған, жырлаған сюжеттерді де қазақ тұрмысына бейімдей, өзінің авторлық шешім, көзқарас тұрғысынан жырлау. Бұл – Абай қалыптастырған шығармашылық дәстүр. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының әлем әдебиеттері үлгілерін қазақ тілінде сөйлеткен ақын-шайырлардың шығармашылығынан көркем аударма және нәзира әдісі қатарлас, тіпті кейде аралас қолданылғаны көрінеді. Абай қалыптастырған көркем аударма мен назира үлгілерін жарыстыра қолдану жолы қазақ поэзиясына біртіндеп шығармашылық ықпал жасай бастады.

Абайдың шығыс сюжеттерінің ізіндегі «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт» дастандарында қолданылған назиралық көркемдік шешімін А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасы желісімен «Татьяна мен Онегин» хаттары бойынша өзіндік жаңаша нұсқа жырлағанын ғалым Н. Ғабдуллин ғылыми-теориялық тұрғыда саралап, талдай келе бұл өнерге жаңаша тұжырымдар жасайды: «Назира екі шайырдың бәсекесі емес, өнерге өнермен қайтарылған жауап. Назирада алдыңғы ақын суреттеген оқиғалар мазмұны қайталанғанымен, кейінгі ақынның сол оқиғаларды сипаттап айтуында, қаһармандардың бейнелеуінде осы шайырдың өзіндік сарынын танытатын ерекшелігі болады» /3, 67/. Бұл арада біз назирашыл ақындардың Құран кітабы сүрелеріндегі исламдық қағидаларды осы екі салаға қатысты дастандарында да, лирикалық өлеңдерінде де тұрақты қолданатынын байқаймыз. Назиралық шығармалардағы мұсылмандық-ағартушылық идеяларының мол болуы – әдебиет өкілдерінің айрықша идеялық дүниетанымының белгісі. Зерттеуші Ә. Қоңыратбаевтың осыған байланысты айтқан пікірі дәлелді: «Назира ақындары (шайырлар) қазақ эпосының тілін сақтай тұрса да, фольклордағы халықтың ескі (мәжусилік) нанымдарын азайтып ислам діні нормаларын қосыңқырап жіберген. Қайда барсаң алдыңнан «мұсылман», «кәпір», «ақ сәлделі әулие» шығады. Геройлар мінезатшыл» /4, 229/.

Назирашылдық дәстүрдің XIX-XX ғасыр ақындарында кең қанат жайып өрістегені көрінеді. Назирашыл ақындардың Құран кітабы сүрелеріндегі сюжеттерді қатарласа, жарыса жазуы – халықтың ықыласын сезінген ақындық шабыттың азаматтық ойға жалғасуының көрінісі. Басым жырлануымен ерекшеленетін тақырып – пайғамбарлар тарихы. Арабтанушы-зерттеуші Ә. Дербісәлиев былай дейді: «Жалпы ислам оқуы бойынша адамзат тарихында Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса, Мұхаммед секілді алты пайғамбар болған. Ал, енді осы пайғамбарлардың оқуы мен ісін жалғастырушы екінші кезектегі пайғамбарлар қатарында Мұхаммед, Библияның кейіпкерлері Лут, Айуб, Һарун, Дәуіт, Сүлеймен, Ильяс, Исхак, Якуб, Иунис, Идрис, Иусуф, Закария, Иахиа, Марияны жатқызған. Өзін ұлы пайғамбардың кішісі әрі соңғысы деп жариялаған» /5, 42/. Назирашыл ақындар, оның ішінде ұлы Абайдың «Ескендір дастаны», Омар Шораяқұлының «Мұхаммед», «Мағауия», «Һақ Сүлеймен», «Әбу Шаһма» Тұрмағамбет Ізгілеуұлы «Лұқпан Хәкім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпік шешен». Ермбет Көлдейбекұлының «Әбу Шашыма», «Хазрет Ғали мен Дариха қыз», «Сәдуақас Сақи», «Ақтам Сақаба», «Бап Раушан» дастандары – ислам тарихына байланысты оқиғалардың қазақ топырағындағы ұлттық-таным түсінік аясында жырланған шығармалар. Әдеби ортаның өзара шығармашылық үндесуі бәріне ортақ ағартушылық бастаулардан өнеге алуға негізделеді. Аталған ақындардың дастандарында мұсылман дінінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы тарихындағы мәлім оқиғалар мен тұлғаларға байланысты айтылған шындық деректері жырланады.

Назиралық дәстүрді тұтынған ақындардың көпшілігі «Мың бір түн», «Тотынама», «Кәлилә мен Димнә» кітаптарындағы сюжеттерді жырлайды. XIX-XX ғасырлардағы қазақ поэзиясындағы бұл дәстүрдің классикалық үлгілері – ұлы Абайдың «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» дастандары, Абайдың «Мың бір түн» оқиғаларын өзіндік шешіммен қайталап жырлаған осы игі дәстүрін мұсылмандық-ағартушылық әдеби ағым өкілдері кеңейте жалғастырды. Мысалы: Базар Оңдасұлының «Әмина қыз», «Айна-тарақ» дастандары; Шәді Жәңгірұлының: «Төрт дәруіш», «Хикаят Хамарзаман», «Назым Сияр Шәріп», «Хатымтайдың хикаясы», «Хикаят – Орқа-Күлше», «Хикаят Халифа Һарон-ар-Рәшид» дастандары; Нысанбайұлы Нұралының «Шәкір-Шәкірәт», «Мұңлы Сейіл», «Кербаланың шөлінде», «Зайтұлы», «Күлқаныс-Зеберше» дастандары; Шайхисламұлы Жүсіпбектің «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы», «Кер баланың шөлі», «Дариға қыз» дастандары; Омар Шораяқұлының «Һақ Сүлеймен», «Жарлы тәліп», «Кәлимулла», Т.Ізгілеуовтың «Шаһнама», «Тұтқын қыз», «Рауабану», «Әшкәбус», Мансұр Бекежанұлының «Сұлтан Махмұт Ғазнауи», «Әмір Темір көреген», «Мұңды қыз», «Алтын балық», Ешниязұлы Жүсіптің «Шаһзада», «Зейпін қыз», «Мекер қатын» дастандары; Қадірбергенұлы Жүсіптің «Мағпура қыз», «Жүкті қыз», «Мәрлі салық» дастандары; Баймағамбетов Қуаныштың «Қаңғыбас Сандыбадтың жеті сапары», «Үш жігіттің ертегісі» дастандары» /6/.

Қазақ поэзиясының жанрлық, көркемдік сипатына тұстас әдеби дәстүр болып енген назирағөйлік әлемдік әдеби байланыстардың шығармашылық дәнекері, ықпалы қозғаушы тәсілі. Ол – ортақ сарындағы эстетикалық мұраттардың жүзеге асуы болып табылады. Абайдың ақындық айналасындағы Ақылбайдың «Дағыстанды», «Зұлысты», Мағауияның «Медғат-Қасымды», Шәкәрімнің «Ләйлә-Мәжнүнді», «Дубровский әңгімесін», «Боранды» дастан етіп жазуы да әлем әдебиеттеріндегі сюжеттерді қазақ ортасында қайталап жырлаудың көркемдік үлгілері еді. Бұл дәстүр қанатын кең жая келе, Қазақстанның барлық аймақтарындағы ақындық өнер иелерінің шығармашылығындағы көркемдік ізденістерінің бір түрі ретінде де қалыптасты.

Бұл орайда ақындар шығармаларының ұқсастық белгілері ортақ сюжеттерді жырлауынан көрінеді.

Сюжеттерді назиралық жолмен жырлағанда, әрине, сюжеттік фабула желісінің кейбір бөліктері сақталады, бірақ әрбір ақынның өзіндік қолтаңбасын, стилін айқындайтын көркемдік шешімдер, ой-тұжырымдар, өлшем, өрім-өрнектері даралана байқалады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында әдеби мұраларымыздың қалыптасу, даму тарихын жеке шығармашылық тұлғалар мен әдеби процесті тығыз байланыстылық жағдайында тану, уақыт тынысына орай бағалау күн тәртібінде қарастырылып келеді. Бұл орайда «Көркемдік қиял», «Көркемдік мұра», «Көркемдік ойлау», «Көркемдік уақыт» және т.б. әдеби шығармашылық табиғатынан туындайтын ғылыми-теориялық бағалаулардың жүйесі қалыптасқан.

Ақын-шайырлардың дастандарына арқау, тақырыптық-идеялық желілерге негіз болған халықтар тарихының шындық деректері еді. Назира дәстүрінде ислам тарихындағы оқиғалар, басты тұлғалар, көркем образдар көркемдік уақыт кеңістігіндегі тарихи шындық деректері аясында жырланады. Ақындар тарихи оқиғаларды ой елегінен өткізе отырып, көркемдік шешім тұрғысынан жинақтайды. Назира дәстүріндегі қазақ ақындары ислам діні кең тараған халықтар тарихының өзара араласу, байланысу жолдарының нақты деректілік жүйесімен қазақ тұрмысының реалистік шындық болмысын байланыстыра жырлайды. Академик З. Ахметов «Әдебиет шығармасындағы уақыттың суреттелуі зейінге алыну, қабылдануының өзгеше сипат ерекшеліктерін түсіну үшін уақыт деген ұғым бірте-бірте қалыптасып келеді», - дейді /7, 118/. Назирагөйлік дастандарда IX-XII ғасырлар арасындағы ислам дінінің таралу тарихындағы жеке оқиғаларды, тұлғаларды қамтығанмен, оқиғалардың жырлану кеңістігі адамзат тарихының әлдеқайда алыс географиялық әлемін қамтиды. Қазақтың қисса-дастандарында жеке оқиғалар бір ғана деректің аясында шектелмей, мол уақыттық кеңістіктегі үндес, ұқсас оқиғаларды, тағдырларды қамтуымен ерекшеленеді.

Ал жинақтау – әдебиеттің оның ішінде, эпикалық шығарманың басты ерекшелігі. Көркем шындықтың деректілікке негізделіп отырып, жинақтаушылық мән алатыны – табиғи заңдылық. Ақын-шайырлардың ислам тарихындағы батырларды, жомарт-сақиларды дерек негізінде жырлауынан шындық пен қиялды ұштастыра келе жинақтаушылық ойларын, бейнелеулерін жасағанын көреміз.

Ақынның дастандарын Шығыстың әдеби мұралармен байланыстыра қарағанда, тарихи деректілік, уақыт шындығы, көркемдік жинақтау, дәстүр жалғастығы сынды өзекті мәселелерді қамти түсінуге жол ашылады.

Ұлттық сөз өнеріміздің басқа халықтар әдебиетімен тікелей байланысы XIX ғасырда мұсылманша сауатты ақындар шығармашылығынан басталады десек те болады. Қыпшақ даласына классикалық Шығыс поэзиясының таралуы ислам дінінің енуімен байланысты екені белгілі. Зерттеуші С. Талжанов: «Сарыарқадағы көшпелі қазақтарға ислам діні екі жақтан келді: біреуі Хорезм, Бұқара, Отырар, Тараз, Түркістан болса, екіншісі – Қазан, Уфа болды» /8, 46/ - деп, ислам дінінің арасына келуіне дұрыс назар аудартады. Еліміздің оңтүстігіндегі халықтарға басқа территорияға қарағанда ислам дінін таратушылардың ықпалы күштірек болды. Ауыл молдаларынан сауат ашқан, Хиуа, Хорезм, Қокан, Бұқара сынды мәдени орталықтардағы діни медреселерде білім алған ақын-шырайлар қазақ әдебиетіне шығыс дәстүрін алғаш әкелгендер еді. Қазақ тыңдаушысы енді қазақ тіліне арабша, парсыша, шағатайша, сөз араласқан, кітап болып шыққан шығыстық дастандармен, қисса-хикаялармен таныса алатын оқырманға айналды.

Ұлттық әдебиетіміздің шығыспен байланысын зерттеуші ғалым Ө. Күмісбаев сөзімен сабақтасақ: «Бұл жағдайдың халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ауыз әдебиетіне басқа көршілес орта Азия халықтарының фольклоріндей Шығыс тарапынан келген аңыз, дастан, хикаялармен толысып, тарамдала түсті. Шығыстық әсерлер, суреттер, ауыз әдебиетінің арнасын кеңейтіп, кемелдендірді. Екіншіден, сол Шығыстың кітаби ақындар алып тартқан діни уағыздарға толы фантастикалық элементтері мол қиссалар да келді» /9, 194-202/. Демек, Шығыстық әсер ең алдымен қисса-дастандар жанрынан көрінбек. Қазақ әдебиеті тарихындағы қисса-дастандар ең алдымен халық ауыз әдебиетінің негізінде Шығыс поэзиясы мен философиясының әсер етуімен қалыптасып дамыды.

Қазақ топырағында Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерін назирагөйлік дәстүрде жырлау Сыр бойы және Қаратау атырабындағы мұсылманша сауатты ақын-шайырлар шығармашылығында жалғасын тапты. Ұлы Абай, Әсет Найманбаев, Базар Оңдасұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шәді Жәңгірұлы т.б. жыр дүлдүлдерінің шығыс сюжеттері негізінде жазған шығармалары қисса-дастандардың тақырыптық, көркемдік жағынан түрліше екенін танытады. Осы орайда назирагөйлік дәстүрдегі ақындардың шығармашылық үндестіктерімен қатар, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де болатынын байқаймыз. Профессор Н.Ғабдуллин осыған байланысты былай дейді: «Низамидың «Ләйлі-

Мәжнүн» дастанында парсы және түрік тілдерінде жүзден аса, ал «Қысырау-Шырын» дастанына қырықтан аса назира жазылған. Солардың бәрінің негізгі сюжет желісі бірдей болғанымен әр назиралада әр ақынның сазы мен сарыны айқын сезіліп отырады. Ал, бұл өзіндік әуен сол ақындардың әрқайсысы өмір сүрген заманның, уақыттың тілегінен туындайды» /3, 67/.

Назира дәстүріндегі туындылардың тағылымдық мәні де зор. Ақын-шайырлар шығармашылығында адами қасиеттер мен имандылық дәріптеледі.

1 Қыраубайқызы А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан, 1997. – 140б.

2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т. 20. 496б.

3 Ғабдуллин Н. Абайдың назиралық үлгісі//Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994. – Б. 50-72.

4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368б.

5 Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. Классикалық дәуір. – Алматы: Мектеп, 1982. – 208б.

6 Ақын-жыраулар – Алматы: Ғылым, 1997. – 184б.

7 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240.

8 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975. – 216б.

9 Күмісбаев Ә. Абай және Шығыс. – Алматы: ҚазМУ, 1995. – 144б.

## УДК 82-9

### ЖАНР, ЖАНРОВАЯ ФОРМА ПРОИЗВЕДЕНИЯ «НОЧНОЙ ДЕЖУРНЫЙ» Ю. НАГИБИНА

А.А. Джунисова, Б.М.Тлеубердиев

к.ф.н., доцент; д.ф.н., профессор ЮКГУ им. М.О. Ауэзова

**Аннотация:** В статье впервые рассматривается жанр и жанровая форма произведения Ю. Нагибина «Ночной дежурный» в плане методологии и методики комплексного изучения четырехуровневой системы содержания и формы художественного произведения. По жанру «Ночной дежурный» Ю. Нагибина – рассказ, по жанровой форме – малый с приметами средней и большой.

**Ключевые слова:** жанр рассказа, жанровые формы, малая жанровая форма, средняя жанровая форма, большая жанровая форма, «порядок», «хаос».

**Аңдатпа:** Мақалада тұңғыш рет Ю. Нагибиннің «Ночной дежурный» атты шығармасының жанр және жанрлық пішіні көркем шығарманың мазмұны мен формасын төрт деңгейлі кешенді зерттеу методикасы мен методологиясы тұрғысынан қарастырылған.

Ю. Нагибиннің «Ночной дежурный» шығармасы жанр жағынан – әңгіме, жанрлық пішіні бойынша – шағын пішін орта және үлкен белгілерімен.

**Тірек сөздер:** әңгіме жанры, жанрлық пішін, кіші жанрлық пішін, орта жанрлық пішін, үлкен жанрлық пішін, «тәртіп» пен «хаос».

**Abstract:** The article is first examined the genre and genre form of product Yu. Nagibin "Night duty" in terms of methodology and methods of studying complex four-level system of content and form of art. By genre "Night Duty" Yu. Nagibin story by genre form - with signs of small, medium and large.

**Key words:** genre of story, genre form, short genre form, middle genre form, long genre form, "chaos" and "order".

Изучаемое нами произведение Ю. Нагибина «Ночной дежурный» [1, 132-141] еще не стало объектом исследования. Оно впервые рассматривается в свете методологии и методики комплексного изучения четырехуровневой системы содержания и формы [2].

*I этап.* Анализ названия «Ночной дежурный» производим с целью выявления в нем доминирующих уровней содержания и формы для формирования знакового смысла (ЗС). Он показатель синтеза содержания и формы, где первая часть от такой постоянной доминанты формы в названии, как ЗУ (уровня художественной речи), а смысл – компонент – ИТУ (уровня содержания). Формируется на первом этапе и фабула (содержание), а также характер изображения и жанровая разновидность (форма). Опираясь на словарное значение названия («Ночной дежурный» - тот, кто дежурит у входа и выхода в ночное время) [3, 965], раскрываем его *знаковый смысл*. Он - в чувстве *беспокойства*, антоним - спокойствие, что определяет конфликт *фабулы*. Через смысловой антоним к названию («Ночной дежурный» - «я») /А.Д. - отдыхающий в лице повествователя/ раскрываем *нереалистический характер* изображения. Смысл названия произведения выявится после знакомства с конфликтом, сюжетом,

композицией, системой образов текста «Ночной дежурный», что указывает на доминирование другого формального уровня - сюжетно-композиционного (СКУ). Внимание на индивидуальности человека в связи с его родом деятельности обуславливает *психологическую разновидность*.

Функция *II этапа* - раскрыть признаки содержания и формы в пределах верхней границы хронотопа настоящего времени произведения Ю. Нагибина «Ночной дежурный», т.е. завязки. Она начинается с предложения («Эта сцена приоткрыла мне характер дежурного») и соотносится со вторым из восьми критериев (с последними событиями или переживаниями в жизни героя, близкими по времени к нам, читателям) [2, 12-13]. А нижняя граница хронотопа настоящего времени совпадает с последним абзацем. В произведении объектная тема (ОТ) отражает конфликт личности: через восприятие повествователя раскрывается образ ночного дежурного в его взаимоотношениях с отдыхающими, что вызывает все нарастающее негативное чувство в нем. ОТ системно подтверждается *психологической жанровой разновидностью* и *нереалистическим* характером изображения. Так как завязка не совпадает с началом текста, то речь идет об экспозиции – приметы *малой жанровой формы*.

*III этап.* Нижней границей хронотопа настоящего времени являются последние 4 абзаца текста. Темой развязки (или активного центра - АЦ) является чувство *облегчения*. Доминирует эпический род, поскольку повествуется о рассуждениях повествователя, что означало «ты» (доверие или пренебрежение), на которое незаметно перешли вместе с дежурным; о нарастающем дурном ощущении и видении героя. Драматический род выражается прямой речью героя и «событием самого рассказывания». Признаки лирического рода проявляются через экспрессивную лексику, передавая переживания героев. *Малая жанровая форма* АЦ обусловлена 4 абзацами из 20 предложений, 2 ситуациями, в которых изображены 2 героя (повествователь, Егор Петрович). Тип начальной синтагмы (ТНС) АЦ («Я не заметил...») - *психологический*. Потенциальный смысл (ПС) - в чувстве *облегчения*, антоним - *беспокойство*. Последнее предложение («Но я справился, так что ночной дежурный даже не заметил моей слабости, и стал набирать телефон редактора») не содержит реальных деталей и знаков. В смысловой части есть пара авторских знаков («возникло» - «погасло», «доверие» - «пренебрежение», «боролся» - «справился»), первая пара из которых является ключевой. Первичное читательское восприятие складывается из понимания читателем и писателем противоречивых чувств повествователя. Таковы тип и содержание ОТ. «Порядок» [4, 55] в развязке указывает на *жанр рассказа* при малой эпической форме. Неуверенность, внутренние колебания («Я не заметил, когда мы с ним перешли на «ты». И что означало это «ты» - *доверие* или *пренебрежение*?») повествователя в его попытке понять взаимоотношение с дежурным через неоднозначное восприятие им данной ситуации - есть приметы доминирующего *постмодернизма*. Другая его ипостась - *ирония* («Этот моралист был проспиртован насквозь, закусывал же он чем-то тухлым и луком»). *Экспрессионизм* обусловлен экспрессивной лексикой («усмешка», «мне стало дурно...», «Господи милосердный», «дурнота»), функциональной паузой, повтором вопросительного знака и приемом повтора («...» - 13, «?» - 5, «за» - 5, «Италия» - 3, «снова» - 2, «тряпка» - 2, «вода» - 2, «шмякал» - 2, «мраморный» - 2, «ты» - 2), где преобладают цифры 2, 5 - *символ* беспокойства: дурное «видение» есть подсознательное проявление внутренних переживаний героя. Естественность реакции повествователя на поведение и состояние дежурного – *реалистический* момент.

*IV этап* - внимание к изоморфным связям содержания и формы АЦ и смысловых частей текста в обратном движении от развязки. **1 микрофокус (МФ)** тематически отделяется от последующей смысловой части. В нем рассказчик повествует о том, что история, которую хочет поведать, произошла за год до начала экономических трудностей в жизни общества, когда «трезвость стала нормой жизни»; о доме отдыха санаторного типа. Лирический род отражает отношение повествователя к окружающим, выражаясь экспрессивной лексикой («трезвость стала нормой нашей жизни», «озорная любовь», «спевание песен», «тучная счетоводша»). Драматический род связан с «событием самого рассказывания». 4 предложения, 2 ситуации, 2 героя (повествователь и тучная счетоводша) свидетельствуют о *малой жанровой форме*. ТНС («Это случилось...») - *психологический*. ПП 1МФ («Все остальное было от дома отдыха: разгул, озорная любовь в близлежащем лесочке, спевание песен – украинских по преимуществу, – каждый день кого-то провожали») не имеет реальных авторских деталей и знаков («хаос»). ПС - *ирония*, антоним - *сочувствие*. В СЧ авторская установка отсутствует. Следы ОТ (облегчение - беспокойство) и *постмодернистского изображения* отразились в выявленном нами противоречии: беспокойство связано с предперестроечным кризисом, нарушившим привычный ритм жизни. Уже не будет и той беззаботной жизни в санаториях. В этом суть авторской иронии. Рассказ повествователя о санатории «окрашен» разными тонами: сочувствие («трезвость стала нормой нашей жизни») сменяется авторской иронией

(«тучная счетоводша, якобы освоившая профессию массажистки», «разгул, озорная любовь в близлежащем лесочке, спевание песен - украинских по преимуществу»). Функция *экспрессионистского* метода, выраженного *эпитетами* («бесконечные очереди», «огромный и шумный караван-сарай», «озорная любовь») и приемом повтора («магазин» - 2, «санатория» - 2, «дом отдыха» - 2) - раскрыть неоднозначные переживания повествователя. Упоминание автора о кризисном времени - *реалистический момент*. **2 МФ** отражает тему *удивления*. В этой СЧ повествуется об описании «невзрачного вахтера»; о его работе ночным дежурным. «Событие самого рассказывания» - примета драматического рода. Функция экспрессивной лексики («недооценивал», «эка невидаль!», «чепуховая ваша просьба») заключается в раскрытии внутреннего состояния повествователя и является признаком лирического рода. О *малой жанровой форме* свидетельствуют 2 абзаца из 7 предложений, 2 ситуации, два героя (повествователь и ночной дежурный). Жанровая разновидность («Этого человека...») - *психологическая*. В ПП («Надо было сойтись с ним нос к носу, чтобы не давило мраморно-пластиковое великолепие чудовищных сеней, увидеть вблизи его холодно-цепкие глаза, упрятанные в тень от лакированного козырька низко надвинутой фуражки, недвижимое серое лицо с ножевым разрезом безгубого рта, и надо, чтобы чепуховая ваша просьба расплющилась о сознательную глухоту, чтобы почувствовать странную силу этого человека») нет антонимов, ПС которого вчувствуется *удивления*, антоним - *безразличие*. В содержании 2 МФ есть пара авторских антонимов («Геракл» - «вахтер»). Образ вахтера представлен через восприятие повествователя неоднозначно, вызывая у него, с одной стороны, при первом впечатлении безразличие («Этого человека я долго недооценивал. Точнее, не придавал значения...»), с другой - удивление («странная сила»). В этой связи проясняется картина соотношения дежурного с главным вестибюлем дома отдыха: небольшого с громадным великолепием. Следующая за этим характеристика дежурного «обнажает» его ничтожную суть («сознательная глухота»). Смесь разных чувств героя раскрывается через *экспрессивную* лексику, восклицательный знак и прием повтора («человек» - 3, «вестибюле» - 2, «дом отдыха» - 2, «нос» - 2, «мрамор» - 2, «фуражка» - 2) с доминированием *символики* цифры - 2. Описание вестибюля и портретная характеристика вахтера - *реалистический* план. Тема **3 МФ** - *смирение*. В нем речь идет о необходимости звонка к редактору телевидения; о случае вахтера с отдыхающими; об опоздавшем парне во время отбоя и реакции на это дежурного Егора Петровича. Отражение переживаний героев через экспрессивную лексику («смущенной улыбкой», «дергающейся улыбкой», «запинаясь», «путаясь», «поправляясь», «вопросительно глянул», «наставительно произнес», «расстроился», «понурился», «в растерянности», «недовольно») - лирический план. Диалог и «событие самого рассказывания» - формы драматического рода. *Малая жанровая форма* с чертами *среднего* продиктована 3 ситуациями, 4 героями (главными - повествователь, Егор Петрович, второстепенными - парень, отдыхающие) и 68 предложениями. Жанровая разновидность («Я должен был...») - *психологическая*. В ПП («Сделаем! - жалко повеселел парень и рысцой устремился к себе в номер») нет антонимов. ПС - в *смирении*, антоним - *настойчивость*. В содержании 3МФ первые две пары антонимов («Егор Петрович» - «парень», «беспомощно возразил» - «наставительно произнес», «подъем» - «отход ко сну», «путаясь» - «поправляясь», «вопросительно глянул» - «дочитал весь длинный перечень», «в номере - хоть залейся» - «наружу ни шага», «молодой и крепкий» - «недомерок») подтверждают психологический конфликт между смирением и настойчивостью. Вся ситуация изображает конфликт между опоздавшим парнем и вахтером, раскрывая их внутреннее состояние. Так, вахтер в силу непонятных причин, пропуская одних опоздавших в номера, не пропускает других. А молодой парень, беспомощно возражая («Они вон - хуже моего опоздали»), вынужден смириться и выполнить условие (соблюдать распорядок дня), поставленное вахтером. Так раскрывается во всей своей полноте натура вахтера - «администратишки», «строного блюстителя порядка». Наряду с этим проявляются и черты *экспрессионистского* изображения: экспрессивная речь, вопросительные и восклицательные знаки, многоточия и прием повтора («Егор Петрович» - 10, «парень» - 10, «я» - 8, «ноль» - 4, «санках» - 4, «нарушение» - 4, «распорядок» - 4, «волос» - 4, «опоздал» - 3, «должен» - 3, «длинных» - 3, «кивнул» - 3, «хуже, похуже» - 3, «позвонить» - 2, «редактор» - 2, «улыбкой» - 2, «переживай» - 2, «подлежишь» - 2, «в рот не брал» - 2, «дня» - 2, «мундштук» - 2, «глаза» - 2, «синий» - 2, «нарушитель» - 2, «дверь» - 2, «фуражка» - 2, «то-то» - 2, «номер» - 2, «поправился, поправляясь» - 2, «дергал, дергаешь» - 2), выражая разноплановость переживаний героев. *Реализм* - в общепринятом распорядке дня в домах отдыха. Этот МФ предвещает верхнюю границу хронотопа настоящего времени, потому его ПС будет *прогностическим*. К содержательным признакам прогностического ПС относятся: а) ПС, выявляющий *замысел, предмет* последующего изображения. Он - в чувстве *смирения*; б) при сопоставлении прогностического потенциального смысла МФ (смирение) и знакового смысла названия (беспокойство)

не наблюдаем противоречия. Это подтверждает отсутствие *подтекста*, что системно обусловлено и «порядком» в АЦ, подтверждая жанр рассказа; в) чувство смирение - рассудочное (просветительский принцип), которому закономерно противостоит естественное (антропологический принцип). В этом выражение *романтического* содержания эстетического идеала Ю. Нагибина. *Формальные признаки*: а) верность раскрытия предмета последующего изображения подтверждает верность определения нами *критерия верхней границы хронотопа НВ*; б) отсутствие авторских антонимов в первом МФ; в) нами раскрыты *методы изображения* - постмодернистского, экспрессионистского, символистского, реалистического. Тема **4 МФ** – чувство *удовлетворения*. Доминирует *эпический род*: повествуется о рассуждении рассказчика о Егоре Петровиче, которого нужно расположить к себе; о попытке рассказчика объяснить вахтеру причину использования телефона без его ведома, «сделав его соучастником государственной заботы»; о важности передачи, которая должна выйти в эфир и «санкционирована сверху». Признак лирического рода - внимание на внутренних переживаниях персонажей через *экспрессивную* лексику («избалован», «чепуха», «униженный», «глубокая презрения», «лихорадочно», «дерзость», «неодобрительное молчание»). Черты драматического рода - диалог и «событие самого рассказывания». Налицо главенство *малой формы* с чертами *среднего*: 3 ситуации, 2 героя (повествователь, Егор Петрович) с упоминанием парня, 39 предложений. ТНС («Эта сцена...») - *психологический*. В ПП («Сбитый с толку его неодобрительным молчанием и окончательно запутавшийся, я прибег к безошибочному ходу: передача санкционирована *сверху* - и воздел очи горе») обнаруживаем авторскую установку («сбитый с толку, окончательно запутавшийся» - «безошибочный ход»). Его ПС - в чувстве *удовлетворения*, антоним - *неудовлетворенность*. В содержании СЧ первая пара антонимов («непреклонный» - «должен расположить», «моральный» - «материальный», «грешные обитатели» - «парень», «ночной дежурный» - «уборщицы», «буквальный» - «символический», «крепкая фигура» - «растерянные глаза», «затряс» - «открывать», «пошел» - «кинулся», «государственная забота» - «передача») наиболее ярко передает суть конфликта. На первый взгляд, как может показаться, ситуация повествователя с вахтером «копирует» предыдущую (вахтер и парень). Однако при вдумчивом прочтении обнаруживаем тонкую грань различия: если парень смиренно принял условие вахтера, то повествователь после неоднократных попыток сумел повлиять на него. Вместе с тем интерес представляет сам образ повествователя в *смене* его чувств. В целях сближения с вахтером он вынужден прибегнуть к уловке - «принести в жертву кого-то третьего». Однако это перерастает в «чувство глубокого презрения к себе», которое после «третьей попытки» («безошибочного хода») находчивого повествователя сменяется чувством удовлетворения. Так мы раскрыли приметы *постмодернистского* метода изображения. Чувство страха героя быть уличенным («опережая выговор за свою дерзость», «лихорадочно набрал номер») - *экзистенциалистский* штрих. *Экспрессионистский* метод выражается через экспрессивную лексику, прием повтора («Егор Петрович» - 7, «редактор» - 4, «Стравинский» - 4, «парень» - 3, «необходимо» - 3, «непреклонный» - 3, «глаза» - 3, «передача» - 3, «дежурный» - 2, «того» - 2, «фуражка» - 2, «телефон» - 2, «Москва» - 2, «Игорь» - 2, «композитор» - 2, «вахтер» - 2, «позвонить» - 2, «расположить» - 2, «чувство» - 2), где преобладает цифра 2 (*символ* беспокойства), раскрывая поиски путей выхода из сложившейся ситуации повествователем. *Реализм* - в изображении психологии вахтера и повествователя.

**Фокус, или проблема (кульминация)** связан с темой *заносчивости*. Автор повествует об Егоре Петровиче, который « всю жизнь работал с людьми»; об отдыхающем механизаторе и его друге; о неприятной беседе ночного дежурного с поздно вернувшимся и напившимся механизатором. Экспрессивная лексика («смотреть противно», «Да мне то что?», «стеснялся», «заткнулся», «обрадовался», «обиделся», «спокойно», «разволновался», «баловство», «задохнулся», «не кричи», «Никуда я не пойду!... Нечего командовать!», «А ты кто такой?», «Ах, господи!», «Плевать я на него хотел!», «Ишь какой богач!», «Иначе поссоримся») как черта лирического рода призвана передать «переливы» настроения героев. Диалог и «событие самого рассказывания» - примета драматического рода. Наблюдаем синтез *малой* (3 ситуации, 2 героя /повествователь и Егор Петрович/ с упоминанием механизатора и парня) и *большой* (163 предложения) *жанровой формы* при доминировании *малой*. Жанровая разновидность («Егор Петрович...») - *психологическая*. ПС - в *заносчивости*, антоним - *понимание*. Последнее предложение («Иди, звони и - по местам!») не содержит авторской установки. В СЧ («разрешения звонить все же не дал» - «позволял мне поступить по собственному усмотрению», «отдыхающий обрадовался» - «тот застеснялся», «сокол» - «орел», «механизатор» - «ночной дежурный», «деревня» - «Москва») есть пара антонимов, первая пара среди которых является ключевой. Отображение *неоднозначных* чувств повествователя, оказавшегося в затруднительном положении и вахтера: озадаченность и беспокойство героя («разрешение звонить все же не дал») сменяется надеждой

(«обнадеживало, что он не гнал меня в номер, терпел мое незаконное пребывание в вестибюле»). Повествователь *не может* понять причину поведения вахтера, который при всей своей непоколебимости не прогоняет его. В этом суть *постмодернистского изображения*. Функция *экспрессионистского* метода, проявившегося через *экспрессивную* лексику, восклицательный знак и прием повтора («Костюм» - 11, «люди» - 8, «номер» - 7, «я всю жизнь с людьми работал» - 4, «папаша» - 3, «парень» - 3, «ах, господи!» - 3, «артист» - 3, «механизатор» - 3, «ведро» - 3, «ночь» - 3, «тряпка» - 3, «Егор Петрович» - 2, «Москва» - 2, «дом отдыха» - 2, «финский» - 2, «рубашка» - 2, «галстук» - 2, «обязан» - 2, «деревня» - 2, «сто восемьдесят» - 2, «вестибюль» - 2, «буфет» - 2, «жизнь» - 2, «уборщица» - 2, «не подходил» - 2, «лестница» - 2, «польза» - 2, «вода» - 2, «лацкан» - 2, «вымыл» - 2, «земляк» - 2, «путевка» - 2, «сроду» - 2, «тереть» - 2), где доминируют цифры 2,8,11 - передать состояние повествователя, озадаченного догадками. *Реалистично* изображено поведение пьяного механизатора.

**ВЫВОДЫ** по изучению системы содержательных и формальных признаков «Ночного дежурного» Ю. Нагибина:

1 Ф В произведении Ю. Нагибина «Ночной дежурный» 4 МФ, 1Ф и АЦ, что говорит о *малой жанровой форме*. Однако наблюдаем и приметы *средней* (в 4 МФ: объем из 39 предложений) и *большой* (в фокусе: объем из 163 предложений) *жанровых форм*.

2 ФС По ТНС АЦ произведения «Ночной дежурный» наблюдается изоморфизм в плане жанровой разновидности (психологический) во всех МФ и Ф. Однако это однообразие типов оценки писателем изображаемого в изучаемом произведении Ю. Нагибина указывает на несоответствие *критерию художественности*.

3 С Доминирование знаков в СЧ - показатель внимания художником слова к конкретно-историческому конфликту в общечеловеческом масштабе.

4 С ПС (1 МФ - ирония, 2 МФ – удивление, 3 МФ - смирение, 4 МФ - удовлетворение, Ф - заносчивость) СЧ *выражают естественное чувство и рассудочность*. Их сочетание раскрывает (ИТ) инвариантную тему (*идею*) «Ночного дежурного» Ю. Нагибина. Она – *в утверждении в качестве прекрасного сочетания естественного чувства и духовности*.

5 СФ ПЧВ АЦ (понимание) не контрастирует со ВЧВ (ИТ), что указывает на отсутствие *подтекста*, характерного жанру *рассказа* и изоморфного «порядку» в АЦ и прогностическому СЧ. Вместе с тем согласно критерию художественности авторские антонимы не выражены в 1 МФ («хаос»).

6 СФ ОТ и ИТ дополняет друг друга согласно реалистическому стилю. Но антонимы в развязке, повествовательная интонация, романтическое содержание эстетического идеала указывают на *романтико-реалистический стилиевой синтез*.

7 СФ Следовательно, «Ночной дежурный» Ю. Нагибина – произведение малое по жанровой форме, относящееся к жанру *рассказа*, по жанровой разновидности – психологический. По стилю мышления относится к романтико-реалистическому стилиевому синтезу. По методу – постмодернистский с чертами экспрессионизма, символизма, реализма и экзистенциализма.

1 Нагибин Ю. Вдали музыка и огни. Повести и рассказы. – М.: «Современник», 1989. – 566 с.

2 Кулумбетова А.Е., Джунисова А.А., Садуакасов Г.К., Мырзабекова А.К Система содержания и формы лирического, эпического и драматического художественного текста. Учебное пособие. – Алматы: Искандер, 2008. – 178 с.

3 Ожегов С.И. и Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. – М.: ООО «ИТИ Технологии», 2006. – 900 с.

4 Пригожин Илья, Стенгерс Изабелла. Порядок и беспорядок // Время, хаос, порядок. К решению парадокса времени. – М.: Прогресс, 1994. – 432 с.



ӘӨЖ82-191

## ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Н. Кульманова - магистрант

**Аңдатпа:** Мақала қыз бен жігіт айтыстарының поэтикалық ерекшелігін талдауға арналған. Талдау барысында қыз бен жігіт айтысындағы сөзді ажарлау, құбылудың түрлері жеке-жеке қарастырылады. Әдеби мәтіндерді талдау арқылы қыз бен жігіт айтысындағы құбылту мен ажарлау құралдарының қызметі көрсетіледі. Айтыс өлеңдеріндегі теңеу, эпитет, метафора, метонимия, градация, гипербола, литота, қайталау, шешендік сұрау, арнау сөздер айтыстың көркемдік бояуын қалыңдатып, ширықтырып, тілдің эстетикалық қызметін күшейтіп, өлең сөздің поэтикалық қуатын арттырады. Бұл көркемдік құралдардың қызметін бақылау үшін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күні бүгін дүниеге келген мәтіндер қолданылды.

**Тірек сөздер:** айтыс, көркемдеуіш құралдар, айқындау, кішірейту, ұлғайту, әсірелеу, ауыстыру, алмастыру

**Резюме:** Данная статья посвящена анализу поэтической особенности айтысов девушки и джигита. В ходе литературного анализа отдельно рассматриваются виды тропа и фигуры. Исследуя литературные тексты айтысов девушки и джигита выявляются функций художественных средств. Сравнение, эпитет, метафора, метонимия, градация, гипербола, литота, повтор, риторический вопрос, посвящение в айтысах усиливают эстетическую функцию языка, повышают поэтическую энергию стихотворений. Для рассмотрения поэтической особенности художественных средств использовались тексты айтысов с II половины XIX века до сегодняшнего дня.

**Ключевые слова:** айтыс, художественные средства, эпитет, литота, градация, гипербола, метафора, метонимия

**Abstract:** This article analyzes the poetic features aityses girl and a brave. During the analysis of literary types are considered separately and trail figures. Exploring literary texts aityses girls and horseman identified functions of artistic media. Comparison epithet, metaphor, metonymy, graduation, hyperbole, litotes, repetition, rhetorical question, initiation aityses enhance the aesthetic function of language, increase energy poetic verses. For its consideration of the poetic features of artistic means used texts with aityses II half of XIX century until today. In this article poetic feature aitys the girl and the Dzhigit is considered.

**Keywords:** aitys, artistic means epithet litotes, graduation, hyperbole, metaphor, metonymy

Ата-бабамыз бағзы замандардан бері қызыл тілді өнердің алды ретінде жоғары бағалаған. Айтыс өнер ретіндегі эстетикалық функциясын жоғалтпай отырып, халықтың ой түбінде жатқан, жүрек тереңіне шөккен негізгі арманының жаршысы ретінде де көрініс береді.

Айтыс көркемдігі туралы сөз қозғағанда ескерілуге тиісті бір мәселе бар, айтыс таза көркемдік мұраттарды көздеп, көркем шығарма тудыру мақсатында шығарылатын дүние емес. Айтыстың бұрынғы-соңғы қоғамдағы тарихын зерттеп, салыстырулар жасай келе М.Йылмаз ақындар айтысының қызметін төмендегідей салаға топтап қарастырады:

1) Уақытты көңілді өткізу, көрерменді қызықтыру және хабар алу мен тарату үшін бағытталған қызметі.

2) Ұлттық салт-дәстүрді қорғау үшін бағытталған қызметі.

3) Әскери және азаматтық мақсаттарға бағытталған қоғамдық пікірді шұғыл ұйымдастыруға бағытталған қызметтер

4) Қоғамдағы және бұқаралық ақпараттардағы күнтізбінде тұрған әділетсіздіктер мен әлеуметтік-саяси өзекті мәселелерді жедел қозғап, айықтыру үшін бағытталған қызметі [1, 15 б.].

Яғни айтыстың осындай функциялары жетекші роль атқарған. Дегенмен бұл аталмыш туынды көркемдіктен ада деген ұғымды білдірмейді. Айтыс ақындары тумысынан талантты, әрі халық поэзиясы бұлағынан сусындаған адамдар.

Өз кезегінде халық ауыз әдебиетінің үрдістерін жалғап, дамытқан, қыз бен жігіт айтыстарынан көркемдік-бейнелеуіш құралдар көрнекті орын алады. Айтыскер ақындар өз өлеңдерінде көркемдік-бейнелеуіш құралдарды мақсаттарына сәйкес іріктеп пайдалана білген. Айтыс өлеңдеріндегі теңеу, эпитет, метафора, метонимия, градация, гипербола, литота, қайталау, шешендік сұрау, арнау, қанатты, нақыл сөздер айтыстың көркемдік бояуын қалыңдатып, ширықтырып, тілдің эстетикалық қызметін күшейтіп, өлең сөзді айшықты етеді.

**Теңеу.** Қыз бен жігіт айтыстарындағы теңеулер екі түрлі әдіспен жасалған. Біріншісі – қазіргі тіліміздегі «дай, -дей, -тай, -тей» жұрнақтарымен (соңғысының фонетикалық варианттары -дайын, -дейін, -лайын, -лейін болып келеді) жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер. Мысалы Біржан Сара айтысында

Біржан:

Самғаймын *бәйге атындай* артып-артып,

Тұлпармын *Көрұғлының пырағындай* – десе,

Сара:

Ел таныр *арғымақтай* шабысымды – дейді.

Екіншісі – «бейне», «секілді», «сияқты», «тәрізді» мәніндегі сөздерімен тіркесу арқылы жасалған теңеулер болып табылады. Омарқұл мен Тәбияның айтысында Омарқұл:

Айыбы таз демесең, мырза-ақ екен,

*Секілді оңқай асық* жылдам екен – деп Тәбияның болашақ жарын халық ұғымына сай асықтың оңқайы деп сипаттайды.

Үмбетәлі мен Нұрила айтысында Үмбетәліқарсыласын долы құйынға, сұр жыланға, ұры мысыққа теңейді.

Қазіргі күнгі айтыстарда да теңеудің сан түрі қолданылады. Тіпті осы күнгі айтыстардағы теңеу күрделеніп, интертекстуалдық сипат алған деуге де болады. Қазіргі айтыс көрерменнен, тыңдаушыдан біршама дайындықты, білімдарлықты қажет етеді. Мұхамеджан бір айтысында:

...Іркес-тіркес іріден сөйлесеңші,

Өңгіме айтқан жан болмай шайға барып,

Қайран біздің қазақтың ұрпағы да,

*Майшабақтай* барады-ау майдаланып – дейді. Мұнда Мұхамеджан майшабақтай деп теңеуінің астарында Абылай ханның түсіне меңзеу бар.

**Айқындау.** Сөз мәнерлілігін арттыруда айтыс ақындары өнімді қолданған көріктеуіш құралдардың бірі – айқындаулар. Айтыста айқындаулар әдетте тура және жанама септіктегі зат есімдерден, сапалық және қатыстық сын есімдерден, болымды және болымсыз тұлғадағы есімшелерден жасалады. Олардың бір сөзден тұратын қарапайым түрлері де, бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалған күрделі үлгілері де кездеседі. Эпитет бірыңғай портрет құрайтын теңеу, метафорамен тіркесіп келіп, бір-біріне көркемдік ықпал жасайды. Эпитетті әдетте ақындар өзінің немесе қарсыласының портретін жасауда көп қолданады. Мысалы ақын Сара: *нәзік* белім, *май тамызған бұлбұл* тілім, аппақ, *ажымсыз* он саусағым, *қырмызы қызыл жібек* мандайым – дейді.

«Ақ жүрек», «адал ниет», «ақ май», «мықыр бой», «тықыр бет», «жалпақ бас», «пұшық мұрын», «шұқыр желке», «қытық мінез», «таңқы мұрын», «қызыл бет», «сұлу ет», «долы қатын», «майда тіл», «жұмсақ көңіл», «кербез ақын», «саңлақ ақын», «бұлбұл құс», «жұмыр бас» секілді эпитеттерді қолдана отырып Үмбетәлі мен Нұрила ақындар бір-бірін сынап, қарсыластарының, өздерінің образдарын сомдайды.

Күрделі, поэтикалық мәні зор айқындаулар мысалы Сүйінбай мен Уазипа, Жамбыл мен Айкүміс, Омарқұл мен Тәбия, Сара мен Біржан секілді ірі ақындардың айтысынан айтарлықтай жиі кездеседі. Есімшелер де көп жағдайда күрделі айқындаулар құрамында қолданылады: «Қазақтың қыран жетпеген кең даласы» [2, 99 б.], «*Гауһардың ұшыраған ұшқыны* екен» [2, 224 б.], «*Қара мақпал салдырған жағаларым*» [2, 186 б.] т.б. Немесе Тәбиямен айтысында Омарқұлдың өлеңінің ұйқасы өңшең есімшеден жасалған айқындаулармен беріледі.

**Ауыстыру.** Ақындар айтыста қолданған метафоралардың әр алуандығы, байлығы, күрделілігі ақын дүниетанымының тереңдігінен туындайды. Қыз бен жігіт айтыстарында көбіне жігітті алғыр қыран құсқа, сұңқарға, бүркітке, жорғаға, жүйрікке, сәйгілікке, наркескен қанжарға балап, қыздарды аққуға, сұқсыр үйрекке, қазға, қозыға т.б. балау бар. Кейде осы тәсілді орынсыз пайдаланған ақындар, өз сөзінен ұсталып ұтылып қалып та жатады. Ұлбике мен Жанкелдінің айтысы осыған мысал.

Ақындар айтысын айшықтауда белсенді қолданылған құбылту әдістерінің бірі саналатын ауыстыруларға да көп қабаттылық тән. *Өлеңнің найзағайын жарқылдатсам, көңілдің балалығы* болар дағы, *сөз ілгегі* ағытылды, *көңілдің жарқылдатып шамын* жақты, *жырдың балын* татыңыз, *жүректің азығы* етіп жем тілетіп. Бұл қолданыстардың басыңқы сыңарлары яғни өлең, көңіл, сөз, жыр, жүрек секілді абстрактілі, адамның рухына қатысты айтылған ұғымдар болып табылады. Оларға бейнелілік пен астарлылық тән. Бұған тіркестің екінші сыңары арқылы ауыстыру мәні үстелгенде, құбылту әдісінің әсерлілігі де еселене түседі.

**Қайталаулар.** Қайталауларды қыз бен жігіттің қайым айтысындағы басты айшықтау құралы деуге болады. Осылайша қыз жігіттер өз өлеңдерін көркемдеп, құбылтып, ажарлап қана қоймай, сөздерін халыққа ерекше леппен, екпінмен, тыныспен жеткізуді лайық санаған. Өлең, өлең, өлең деп өтер еді, // Өлең шіркін көңілді көтереді – деп өлеңнің құдіретін жеткізу үшін оны бірнеше рет қайталап жырға қосады. Сондай-ақ еспе қайталауға құрылған өрнектер көп. Мысалы: «Ей, Үмбет, ақындықпен арындадың, // Арындап, әрі-бері ағындадың», немесе: Отындай найзағайдың жарқылдайсың,

//Жарқылдайсың, ақ көңіл аңқылдайсың»//Кезекті қайталау – эпифоралар ақындар айтысында негізінен қарсыласының есімін қайталау арқылы жасалады. Дәл осындай қарсыласының есімін қайталайтын кезекті қайталаулар Бақтыбай мен Мәйке қыз, Жібек қыз бен Бала Ораз, Төребай мен Сара т.б. көптеген айтыстарға тән.

Әдепкі қайталау (анафора) – ақындар айтысында негізінен екі жолды қамтиды. Тұтас шумақты қамтитын анафоралар сонау бәдік, жар-жар айтысынан бастап, кейін қыз бен жігіт айтысында да өз жалғасын тапқан. Яғни өлеңнің әр тармағы бірдей сөзбен басталғанын көрсек, өлеңдегі әр ой бір сөзбен, бір тармақпен басталады да анафораның түрі де ақындар айтысында кездеседі.

Қыз бен жігіт айтысында қайталаулардың көп кездесуі айтыстың тақырыбына қарай да болады. Мәселен «бәдік», «жар-жар» айтыстарындағы қайталаулар өз алдына бір төбе. Жұмбақ айтыста бірі жұмбақ жасырып, бірі шешкенде дәстүрлі түрде «Сұрайын сізден, тақсыр, білмек үшін», «Сұрайын сізден, қалқам, білмек үшін», «Сіз айттың, біз сұралық сауал түрін» тіркестерін қолданады. Жауап үстінде, сұрақ үстінде ақындар бір-бірінің атын қайталап сұрақтарына қосады. Мысалы «Сұрасаң, сұлу Айқын, білмек үшін», «Айта ғой білгіш болсаң, ей, Мәделі» - деген секілді қайталанып, әрі қарай сұрақ қойылып отырады.

**Инверсия.** Қыз бен жігіт айтыстарында тұтастай дерлік инверсияға құрылған өлеңдер де бар. Мәселен, Оспантай мен Күйкентай айтысында Оспантай: Сала берме, шырағым, жеңілдікке//Дүние жолдас болмайды, өмірлікке// Ауылыңды ауылым, баса-қонса// Мал соймай-ақ шақырғын ерулікке –десе, Күйкентай: Деуші еді, сенің әкең жылқылы бай//Үйіне қондырмайтын қонақты жай// Берер ем ерулікке бағлан сойып//Қыласың не сыйяпат осыған сай?– деп жалғасқан қыз бен жігіттің қайым айтысында тіпті тұтастай бір өлең шумақтары инверсия әдісімен жасалған [2, 213 б.б.]. Дарынды ақындардың сөз мәнерлілігі мен әсерлілігін арттырудағы инверсия ролін дұрыс түсініп, орнымен қолданғаны өлеңдерінен айқын аңғарылады. Мұнда инверсия кейде баяндауыштың бастауыштан бұрын келуі арқылы жасалса, кей жолдарында баяндауыштың толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сияқты сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінен ілгері қолданылуы арқылы жасалған.

**Арнаулармен шешендік сұраулар.** Қыз бен жігіт айтыстарында аталған қос әдіс астаса өріліп жатады. Айтыс көбіне қарсыласына, көпшілікке арналғандықтан, онда ең көп қолданылатын көркемдік әдіс – арнаулар болып табылатыны заңдылық. Жарлай арнау мен сұрай арнау қыз бен жігіт айтыстарында көптеп кездесетін болса, зарлай арнау қыз бен жігіт айтысының табиғатына жат деуге болады. Әдетте қыз бен жігіт айтысы жеңіл-желпі әзіл-қалжыңға құрылатын болғандықтан, олардың өлеңдерінде мұң болса да, тіпті өз бастарындағы ауыр жағдайды, аянышты халді суреттегеннің өзінде әдемі лирикалық сипаттан аспайды, ақындар айтысындағыдай заманға налитын зарға айналмайды.

Мысалыға Аралбай мен Қашаған ақындардың айтысындағы Аралбайдың баласының өлгенін естіртіп зарлағанын алуға болады. Немесе өзге де ақындар айтысында заманның ағымын сипаттап, бұзылғанын айтып, зарлау бар. Ал қыз бен жігіт айтыстарында заманның жайын зарлап айту емес, философиялық толғап айту бар. Мысалы, Омарқұл мен Тәбия айтысында, заман жайлы толғаныстарға толы. Омарқұл заман өзгерткен қоғамдағы өзгерістерді санамалап, өсек айту, өтірік айту, алдау, арбау, бай болу, жарлы болу, ер болу, ісі оңбаған кесір болу секілді жағдайларды жырлай келе: ...Аспанда бұрқыраған буы шығып, //Ындыны кейбір жердің кеуіп жатыр //Ел келіп ұрат-ұрат ру көшіп, //Ұрпағы ұрық болып өніп жатыр – деп философиялық түйін жасайды. Яғни ұрпақ ауысып, мінез-құлықтың өзгеруін өмірдің заңдылығы ретінде қабылдау бар. Әрине, ойтолғау, пәлсапалық пайымдау болған жерде шешендік арнауың да туатыны рас.

Қыз бен жігіт айтыстарындағы сұрай арнаулар кей жағдайда жауабы өз мазмұнынан аңғарылатын *шешендік сұраулармен* үндесіп жатса, кей жағдайда әдейі қарсыласына қаратылып айтылатын, жауапты күтетін сұрай арнаулар болады. Мұндайда ақындар бір-біріне замандас, құрбыжан, жан сәулем, сұлуым немесе қарсыласының атын атап, қарата сөйлейді.

Ал қыз бен жігіт айтыстарындағы *жарлай арнаулар* халыққа, көпшілікке қаратыла айтылады. Мәселен, Сүйінбай мен Уәзипа айтысында Сүйінбай қарсыласына емес, әуелі халыққа, көпшілікке, ағайын-туысқа сөзін арнайды.

Жат болма, жақсы болсаң, замандастар – деп Күйкентай Оспантаймен айтысында тек жырмен жарлап қана қоймай, замандастарына қандай болуы керектігін үлгі етеді.

Бүгінгі күні де ақындар осы үрдісті ұстана отырып, халыққа қайырыла сөйлейді. Мысалы Мұхамеджан Тазабеков: ...Ащы тер шыққан кезде жон арқадан, //Шабыттың тізгініне қол арта алам//Ойлы халқым, орнында отырмысың, //Нәр алып айтыс деген омартадан...

Жарлай арнаулардың адресаты кей тұста жекеше түрдегі қаратпа сөздер арқылы берілгенімен, олардың рухани дамудың белгілі бір дәрежесіндегі топқа қатысты жалпылауыш атау екенін аңғару қиын емес. Айтыста ақындар жарлай отырып, халыққа уағыз, насихатайтып, ақыл-кеңес береді. Сондықтан да жарлай арнауды қазақ айтыстарының тұрақты сипаты деуге болады.

**Ұлғайту, кішірейту.** Жеке тәжірибе, сезімдік түйсіну арқылы қол жеткізілетін қыз бен жігіт айтысында ақындар оқиғаны, сезімдерді, сырды жеріне жеткізе, тіпті әсірелей, ұлғайта суреттеуді, сол арқылы әсерлілігін арттырып қана қоймай, қайта сезіндіру арқылы халыққа жағып, жеңуді мақсат тұтуы заңдылық. Айтыс бастала салысымен өз руын, елін-жерін асқақтата мақтау, ал қарсыласының жағын тым қораш көрсету ақындардың көп қолданатын тәсілі. Мұны Б.Имашев өз диссертациясында «көкірек көтеру тәсілі» деп атаған екен. Дегенмен, мазмұны жағынан қалай аталса да әдебиеттануда қалыптасқан терминдермен атасақ бұл жерде ақындар әрине гипербола мен литота тәсілін кеңінен қолданады. Мәселен, Олжабай мен қыздың айтысында қыз өзінің бабаларын мақтан тұтып, асқақтата «атағы жер жарған» дегендей аса ұлғайтып сөйлесе, қарсыласына келгенде «ет жеп, шай ішіп, тамақ іздеп келген» бейшара ретінде тым кішірейтіп сөйлейді. Уәзипамен айтысында Сүйінбай ақын да өзін өсіріп, Уәзипаны тым кішірейтіп, қораш санап сөйлейді.

Сүйінбайдың:

... Ағайын тауып кепсің маған теңді,  
Кеудемнен байқадың ба соққан желді.  
...Жырым мен үнімді естіп тына қалар,  
Қазақтың қыран жетпес кең даласы-ай.  
... Өлеңнің найзағайын жарқылдатсам,

Бозторғай бұта қуған боп қаларсың -деген сөздерінен де гипербола мен литотаның жарқын мысалын көреміз [2, 101 б.].

Қыз бен жігіт айтыстарында жігіт кедей болса, соны тым өршітіп көрсету арқылы ұтысқа жетейін деген мотивтерде де гипербола мен литота тәсілі жиі кездеседі.

Айтыс ақындары өздерінің жүйрікке, арланға, сұңқарға, қыранға, бүркітке теңеуі, сөздерін жалынға, найзағайға, отқа, жалынға балауының өзінде біршама гиперболизациялау бар.

Айтыстағы гипербола кейде бірқатар сандық көрсеткіштермен де келеді. «Жүз әйел қайратты ерге жем болады» // Қазақтың он қызы бір санында жоқ», «Сексен шоқ, отыз оймақ тағынғаным», «Басылмайды дауылым //Жүздеп кісі жиылмай // Тойға барсаң ауысып киеді дейді, // Алтауың кезек-кезек бір бөрікті», // Наурызға атаңыз өштей екен, // Он бір үйден он бір астау көже ішіп т.б. Аталған тіркестер көптік ұғымды немесе есепсіз көп қайталанған әрекетті білдірумақсатында қолданылатын ұлғайту-гипербола болып табылады.

**Алмастыру.** Айтыс ақындарының тілінде сөздің бейнелілігі мен әсерлілігін арттыратын құралдардың бірі. Сөз өнерінде алмастыру өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану арқылы жасалады. Метонимияның екі түрлі қызмет атқарады. Бірі ой ықшамдығы үшін айтылса, кейде образ нұсқалығы үшін қажет. Қыз бен жігіт айтыстарында метонимияның екі түрлі де қызметі айқын көрінеді. Дегенмен айтыс ақындары қарсыластарының бойындағы кем-кетікті теріп айтып, сол арқылы қарсыласын ықтырып, бұқтырып, сөзден жаңылыстырып, ақыры жеңіске жетуді көздейтіні бар. Сондықтан да қарсыласының образын тудыруда олар осы алмастыру тәсілін қолданып отырған. Омарқұл мен Тәбия айтысында Омарқұл Тәбияның жарын таз деп кемітсе, Тәбия Омарқұлдың алғанын пұшық деп кемітеді және оларды осылай атайды. Омарқұл: ...Келмесең тазды тастап тоқалдыққа,Бекерге пұшығымды тастамаймын – дейді. Немесе Бідіхан, Айсары, Көкенбала айтысында, Бідіхан: ... Ақсақ пен өңшең саңырау, таз жиылып, /Құттымбет, жүлдемді әпер, жазығым не? [2, 52 б.]– дейді. Яғни мұндағы таз, саңырау, ақсақ секілді сын есімдер заттанып барып метонимия жасап тұр.

Сондай-ақ көптеген айтыстарғатән мотив жаман мен жақсының қасиеттерін теріп, ой толғау. Қыз бен жігіт айтыстарынан антонимдік сын есімдерден жасалған метонимиялар қатарынан жүйрік, шабан деген сөздер де жиі қолданыс тапқан. Айтыста жиі қолданылатын метонимияның бір түрі ретінде ақындардың қарсыласының өзін руының атауымен атап сөйлеуін айтуға болады. Мұнда ақындар сенің елің, менің елім, сенің руың, менің руым деп ащы ішектей шұбатып жатпай-ақ ықшам етіп, алмастыру тәсілімен ұтымды сөйлей біледі. Мұндай тәсіл көптеген айтыстарға тән. Себебі айтыс ақындары өз руларының намысын жықпауға тырысып, бүтін бір елдің үмігін арқалап келіп, сөз додасына түсетіні белгілі.

Сонымен қыз бен жігіт айтыстары өзінің көркемдік-бейнелеу құралдары жөнінен әдеби шығармаға қойылатын барлық талаптарға жауап беріп, өлең сөздің поэтикалық қуатын арттырып тұр.

- 1 Ыылмаз М. *Айтыс жанрының типологиясы (Қазақ және түрік халықтарының материалдарының негізінде) Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.*—А.: 2010. - 30.
- 2 *Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Т. 2: Айтыстар.* – А.: Жазушы, 1988. – 288 б.

УДК: 821.512.1.0

## Ш.АЙТМАТОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Г. Асқарова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, филол.ғ.к., қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

**Аңдатпа:** Мақалада қырғыз халқының ұлы жазушысы, ойшыл гуманист, қоғам және мемлекет қайраткері Шыңғыс Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы қарастырылған.

Ш.Айтматовтың әдебиетке алып келген жаңалығы, соның ішінде жазушының әлемдік әдебиетке, сол арқылы әлеуметтік өмірге алып келген, ендірген «мәңгірттік сана» термині туралы айтылады. «Боранды бекет» романындағы идея, кейіпкерлер әлемі, жазушының соңғы кездері жазылған еңбектері сөз болады.

**Кілт сөздер:** қазақ әдебиеті, мәңгірттік, Найман ана, аңыз, шығармашылық, идея, кейіпкерлер әлемі, адалдық, махаббат, аударылуы, т.б.

**Аннотация:** В статье рассматривается жизнь и творчество, общественного и государственного деятеля, мыслителя и гуманиста великого киргизского писателя Ш.Айтматова. Чингиз Айтматов был не просто писателем, а фигурой, личностью влиявшей на многие политические и социальные процессы. В своих произведениях писатель поднимал острые темы, которые часто пытались замалчивать и игнорировать. Он учил своих читателей мыслить, расширяя границы познаваемого. Он ввел в мировую литературу проблематику «мангурт». В романе «Боранды бекет» тематика и идея служит духовному раскрытию персонажа. Великий писатель киргизского народа Чингиз Айтматов оказался связующим культурным звеном между Европой и Азией. "Легенда о манкуртах" (людей, которым через деформацию черепа уничтожали память) стала притчей номер один для всех читателей. Айтматов любил и чувствовал всеми фибрами своей души. В мировую литературу Айтматов войдет именно таким - неуловимым, тончайшим и пронзительным поэтом в прозе, лириком и романтиком.

**Ключевые слова:** казахская литература, манкурт, Мать-Найман, легенда, творческая идея, мир героев, честность, любовь, перевод.

**Abstract:** The article discusses the life and work, public and state figure, thinker and humanist great Kyrgyz writer Sh. Aytmatova. Chingiz Aitmatov was not just a writer, and a figure, personality affects many political and social processes. In his works, the writer raised the thorny issues that have often tried to gloss over and ignore. He taught his readers to think, to extend the boundaries of the knowable. He introduced the world literature perspective "mangurt". In the novel "Borandy Becket" theme and the idea is spiritual opening character. Great writer Chingiz Aitmatov Kyrgyz people turned a cultural bridge between Europe and Asia. "Legend of Mankurt" (people who through the deformation of the skull destroyed memory) became the talk of number one for all readers. Aitmatov loved and felt in every fiber of his soul. In the world literature so it will Aitmatov - elusive and penetrating finest poet in prose, lyric and romantic.

**Keywords:** kazakh literature, mankurt, mother Naiman, a legend, a creative idea, a world of heroes, honesty, love, translation

Шыңғыс Айтматов – қырғыз халқының ұлы жазушысы, ойшыл гуманист, қоғам және мемлекет қайраткері, Лениндік сыйлықтың иегері (1963), Қырғыз Республикасы ғылымдар академиясының академигі (1974), Социалистік Еңбек Ері (1978), КСРО Мемлекеттік сыйлығының үш мәрте иегері (1967, 1975, 1980). Қаламгер проза жанрында, драматургия, әдебиет сыны, аударма және киносценарий салаларында бірдей өнімді еңбек еткен. Шыңғыс Төрекүлұлы Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда Қырғызстан Республикасы Талас өңіріндегі Шекер ауылында дүниеге келген. Жазушы өзінің туған жері туралы бір сөзінде: «Менің атамекенім – Шекер аулы ... Манас тауының шыңдарынан тамшыға тамшы қосылып, біздің Шекерге ақ көбік, көк бурыл су ағып келеді. Оның аты – Күркіреу. Атына заты жарасқан, маңындағы бар тіршілікке ғұмыр сыйлап келе жатқан су... Шекерге жақындағанда-ақ, жүрегім алас ұрады. Шіркін, алдыңнан күнге шағылыса асқақтап Манас-Ата шыңы көрінген сәттегі жан тебіренісін айтсаңшы!...» - деп өзінің туып-өскен жерін, табиғаты ғажайып қырғыз өлкесін сағынышпен тебірене еске алады [1; 6 б.].

Ш.Айтматовтың өміріне шолу жасайтын болсақ, оның балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Тылдағы ауылдың небір қиындықтарын басынан өткереді. Мектептегі оқуын амалсыз тоқтатып, он төрт жасынан ауылдық кеңестің хатшысы, он бес жасында аудан бойынша салық жинайтын агент, трактор бригадасының есепшісі және хат тасушы сияқты түрлі жұмыстар атқарады. Адамның балалық шағы оның өміріндегі өзгеше бір оқшау, ерекше мәнге ие болатын кез. Балалық шағында

келешек өміріне өзгеше әсер ететін қилы оқиғалар өтеді. Осының барлығы жазушының өмірінде терең із қалдырды. Ш.Айтматов: «Соғыс жүріп жатты. Елдің жаны жаралы, көңілі қаралы. Осы кезде өмір мен үшін беймәлім беттерін аша бастады. Халық тұрмысының небір сан тарауларын өз көзіммен оқуға мәжбүр болдым. Кейіннен мұның біразын шамам келгенше «Бетпе-бет», «Ана – жер Ана», «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің», сияқты повестерімде көрсетуге тырыстым. Көріп-білгенімді жаздым, бәрін есте сақтап жаздым», - дейді» [2;5].

1945 жылы мектептің алтыншы сыныбын бітірген соң, Жамбыл малдәрігерлік техникумының зоотехникалық бөліміне оқуға түседі, оны үздік бітіріп, Бішкектегі ауылшаруашылық институтына емтихансыз қабылданады. 1953 жылы ауылшаруашылық институтын үздік бітірген соң Қазақстандағы Жамбыл облысында зоотехник болып қызмет атқарады. Одан әрі: көптеген сан-сала жауапты жұмыстармен айналысады.

Ш.Айтматов түркі әлемінің дамуына үлес қосқан ерекше үлесі үшін Түркі тілді елдердің мәдениет министрлерінің кеңесі (TURKSOY) тағайындаған халықаралық көрнекті сыйлықтың тұңғыш лауреаты (2008), тағы да басқа көптеген халықаралық сыйлықтарының иегері. Ең бастысы, ол – туған елінің ең жоғарғы «Қырғыз Республикасының Батыры» атағымен марапатталған. Шыңғыс Айтматов жүріп, шығармашылық ізденістерден де қол үзген емес.

Ш.Айтматовтың алғашқы туындылары «Әшім» (1952), «Сыпайшы» (1953) «Ақ жауын» (1954), «Мұрап» (1955) XX ғасырдың 50-жылдары жарияланды. Онан кейін «Байтамтал бойында» (1961) «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957) «Алғашқы ұстаз» (1961), «Ботагөз» (1961), «Шынарым менің, шырайлым менің» (1961), «Құс жолы» (1963), «Қош бол, Гүлсары!» (1966), «Қызыл алма» (1964), «Атадан қалған тұяқ» (1968), «Ақ кеме» (1970), «Ерте қайтқан тырнalar» (1975), «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» (1977), «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») (1980), «Жан пида» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995), «Құз басындағы аңшының зары» (1997), «Таулар құлағанда» (2006) т.б. болып жалғаса берді. Жазушыны алғаш әлемге танытқан таңдаулы туындысы әйгілі «Жәмилә» повесі (1958) [3].

Шығармадағы басты кейіпкер – Жәмилә бейнесі қазақ оқырмандарына да қадірлі, қымбат. Қазақ халқы Жәмиләны шынайы өмірден алынған жанды, бейнелі образ болғандықтан сүйді, құрметтеді. Жәмилә – соғыс кезіндегі тылдағы сан мыңдаған қазақ, қырғыз келіншектерінің прототипі секілді. Сонымен қатар, ол бізге өз махаббаты үшін күресе алатындығымен, қазақ жігіті Даниярды шын жүреппен адал сүюімен ғана емес, ұлы жеңіске, болашаққа деген сенімділігі мен құлшынысы, жан дүниесінің байлығымен де қымбат. Жәмилә образы ішкі жан дүниесі терең ашылып көрсетілген, ойы таза, сезімі мөлдір, адамгершілік қасиеті мол бейне. Жазушы Жәмилә образы арқылы майдан кезіндегі тылда тынымсыз еңбек еткен әйелдердің ортақ мақсатын, жеңіске деген құштарлығын бейнелейді [2; 43 б.].

М.Әуезов пен француз жазушысы Луи Арагон осы шығарма арқылы Шыңғыс дарынын жоғары бағалады. Л.Арагон «Әлемдегі ең асыл махаббат» атты мақала жазып, бұл повесті батыс елдеріне кең мадақтап, танытты. «Жәмилә» повесі Шыңғыс үшін алғашқы қадамындағы жаңа бір биік белес болды. Жазушы талантының жаңа қырын - оның лирикалық арнасын танытты. Ш.Айтматовтың «Жәмилә» повесіне Кеңес Одағындағы ең жоғары сыйлық – Лениндік сыйлық берілді. Осыдан кейін-ақ Ш.Айтматов шығармашылығы ерекше құбылыс болып саналып, оның қаламынан туған әрбір туындысы әлемдегі мың-сан оқырман асыға күтіп, қолдан-қолға тигізбей оқитын құрметке ие болды. Оның соғыс жылдарындағы ауыл өмірінің ащы шындығымен көмкерілген нәзік лиризмі бүкіл әлемдік әдебиетке жаңа, соны бетбұрыс әкелді.

Ш.Айтматовтың әдебиетке алып келген жаңалығы мол. Соның ішінде жазушының әлемдік әдебиетке, сол арқылы әлеуметтік өмірге алып келген, ендірген «мәңгірттік сана» термині туралы айтпау мүмкін емес. «Мәңгірттік сана» ұғымын Ш.Айтматов «Боранды бекет» романында әлемдік деңгейде өзекті мәселе етіп көтерді (1980). Ал мәңгірттік ұғымы ел арасында бұрыннан болғанымен алғаш қазақ әдебиетінде бұл проблеманы 28 жасында көтерген - Ә.Кекілбаев. Қаламгердің «Күй» повесі 1967 жылы «Жұлдыз» (№12) журналында жарияланды. Ал, орыс тілінде шығарма 1969 жылы Мәскеуден шыққан «Баллады забытых лет» деген жазушы жинағында жарияланғаны белгілі. Араға он үш жыл салып 1980 жылы Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романы «Новый мир» (№11) журналында жарияланып, қалың оқырманның бірден қалаулы шығармасына айналды. Міне, осыдан соң, мәңгірттік проблемасы әдебиеттегі, қоғамдағы өзекті жаңалық болып танылып, ал бұл мәселені әдебиетте бірінші көтерген Ш.Айтматов саналып кетті. «Боранды бекет» романы қазақ тілінде 1986 жылы жеке кітап болып шықты.

Бірақ екі жазушы бір ұғым жөнінде екі түрлі көзқараспен қараған, екі түрлі идеялық ой түйіндеген. Ә.Кекілбаев шығармасында мәңгірттік мәселесі аңыз түрінде емес, екі ел (қазақ пен түрікпен) арасындағы шапқыншылық секілді өмір шындығына негізделіп бейнеленген. Мәңгірт жасау – қолға

түскен дұшпанан кек алу, оны мұқату, азаптау, тұтқынды ақыл-есінен айырып, басы байлы құл ету. Повесте мәнгүрт жасау ісі өмірде болған нақтылы оқиға ретінде суреттелген.

Ш.Айтматовтың мәнгүрттікті суреттейтін «Боранды бекет» романының оқиғасы қазақ даласы – Сарыөзек бекетінде өтеді. Оқиға аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы Найман-Ана аңызынан сыр шертеді. Ұрпағы үшін жанталасқан батыл, қайратты Ана бейнесін шеберлікпен сомдау арқылы мәнгүрттіктің адам баласы үшін аса қатерлі әлеуметтік дерт, қауіпті құбылыс екеніне жұртшылық назарын аудартады. Адамзат қоғамын мәнгүрттіктен сақтандырады.

Шығармада: «-Құдай-ау, қандай күйге душар қылған сені!, - деп сыбырлаған ана мұңлық қайтадан еріксіз аузы кемсеңдеп, ыза мен қайғыға булығып, өзін өзі баса алмай, өксіп-өксіп, үзіліп-үзіліп боздай берді. Ана қайғысы мәнгүртке шыбын шаққан ғұрлы көрінген жоқ.

– Ау, жерінді, суынды тартып алса мейлі, байлығыңды тартып алса, мейлі, тіпті жаныңды алса да мейлі, - дейді ана үнін шығарып. – Ау, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қаражүрек ойлап тапты, құдай-ау?! О, құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?» [5; 111 б.].

Жазушы есте жоқ ескі замандарда жуан-жуандардан зардап шеккен Найман ананың зары мен бүгінгі бейбіт заманда, жаңа дәуірде ешбір қорлық, азап көрмей-ақ мәнгүртке айналған Сәбитжан секілді қоғамның өкілдерін қатар ала отырып суреттеген.

Сабитжан - оқыған, басшы да болып жүрген, бәрін білетін, білгенін жұртқа үйрете алатын жігіт. Ол білгішсініп, дастархан басында түнімен сөйлесуге де бар. Ол күнделікті газет хабар-ошарды қойып, аспан әлемін шарлап кетуге де әзір. Бірақ, осынша «білгіш» Сәбитжан ата-баба аруағын, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлауды білмейді. Демек, шын, рухани мәнгүрт Сәбитжандар, естелік жазғаны үшін адамның тағдырын аяқ асты етіп, бір шаңырақтың отын өшіруші тергеуші Тансықбаевтар. Бұлар ақыл-ойдан, адамшылықтан ада және өз айналасының, туған елі мен жерінің қадіріне жетпейтіндер.

Жазушының айтпағы – қаншама білімді кәсіп иесі болсаң да, түптің-түбінде, адами қалып басты өлшем болып қала бермек. Мәнгүрттену, мәнгүрт атану бір отбасына ғана емес, бүкіл ұрпақты жоюға әкелетіндігін, одан сақ болу керектігін үндейді. Жазушы: «Әне, анау Сәбитжанды айт. Титтейінен интернатта да оқыды, институтта да оқыды, түрлі мамандық көтеру курстарын да тамандады. Қазанғап байғұс Сәбитжаным мұқтаждық көрмесін, басқалардан кем болмасын деп тапқан-таянғанының бәрін соның аузына тосты – не шықты? Білімді білуін біледі-ақ. Бірақ жетесіздің аты жетесіз. Аузынан ақ май ағыссаң да адам болмайды» [4; 123 б.].

Найман-Ана аңызында Жоламан қара күштің зардабынан ақыл-есінен, сана-сезімінен айрылып, өз анасының жүрегіне сұр жебе қадаса, ал бүгінгі Сәбитжандар ешкімнің қорлық-зорлығынсыз, өз еркімен, атадан-балаға мирас ғұрыпты, салт-дәстүрді, адамгершілік парызды тәрк етушілер.

Шығармада әкесінің соңғы өсиетін орындап, ақыреттік соңғы сапарға шығарып салардағы Сәбитжанның іс-әрекетінен мәнгүрттік сана анық көрінеді. Осындай сындарлы шақта Сәбитжан әкесінің, туған-туыстарының, қала берді, елінің үмітін аяқтай алмай қалады. Кінәлі кім, оқытып, барлық жағдай жасаған, бірақ ата-бабалардың салт-санасын, дәстүрі мен жол-жобасын, жөн-жосығын бойына дарыта алмаған әке Қазанғап па, әлде қоғамдық жүйе немесе әлеуметтік орта ма?

Жазушының «Боранды бекет» шығармасында тоталитарлық жүйе тұсындағы тұтас қоғамға, соның ішінде бәріміздің ақыл-ойымызға, түсінігімізге идеологиялық шіре салынғандығы, мұның өзі бір режимге бағындырып, бұғаулап ұстау мақсатында жүзеге асырылып жатқандығы айтылды.

Ш.Айтматовтың шығармашылық ерлігі сол, ол «Боранды бекет» арқылы Кеңес империясы барынша күшейіп тұрғанның өзінде ол жүргізіп отырған КСРО-да біртұтас «совет халқын» қалыптастырып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдениет жасау арқылы басқа халықтарды ұлттық сана-сезімінен айырып, орыстандыру саясатына қарсы шығып, алғаш үн көтерді. «Боранды бекет» шыққан соң, жұрт ендеп бара жатқан мәнгүрттікке назар аударып, ұлттың болашағы үшін аса қатерлі дерт деп танып, дабыл қақты [5; 41 б.].

«Боранды бекет» романын жазарда Ш.Айтматов мәнгүрттік тақырыбын үңіле зерттеген болатын. Мәнгүрттік туралы алғашқы деректердің бірі осыдан Х ғасырдан астам уақыт бұрын жырланып, қырғыз халқының ерлік пен елдік энциклопедиясына айналған «Манас» эпосында кездеседі. Онда бала Манастың тентектігі мен шыдас бермеген күшінен қорыққан қалмақтар, оны мәнгүрт етіп жіберейік деп, уәж байланысқаны жырланады.

«Боранды бекет» романының алғашқы атауы «Шіре» болған. Әдеби ұғымдағы кепеш кигізу, шіре байлау деген сөздермен мәнгүрттіктің мән-мағынасы бір деуге болады.

Адамға деген шексіз махаббат Ш.Айтматовтың шығармашылық өнерінің ең басты қасиеті болды.

Адамды қастерлей білу қай заманда болсын қоғамның негізгі мәселесі болмақ. Қаламгердің кез-келген шығармасында қарапайым адамдардан күдіретті ешкім жоқ. Айматовтың бүкіл шығармаларының әлеуметтік астары мен философиясы осыған саяды. Оның Танабайы мен Едігесі, Жамилә мен Әселі бүкіл адамзатты ізгілік пен адамгершілікке, бауырмалдық пен адал махаббатқа үндейді.

Оның бүкіл шығармашылығының алтын арқауы адам бойындағы ең жақсы қасиеттерге жол ашу: сенімнің тазалығы, махаббатқа адалдық, ел мен жер алдындағы азаматтық борышынды ұғына білу. Ең бастысы жазушы өз замандастарына бірін-бірі, яғни адамды адамның қастерлей білуіне әсер етті.

Ш.Айтматов шығармалары өте ықшамды, көлемі аз болғанымен, мазмұн жағынан өте бай келеді. Жазушы көркемдіктің сыры ықшамдылықта деп таниды. Жазушының осы қасиеттері болар оған «Адамзаттың Айтматовы», «Айтматов айдыны», «Шығыстың Шыңғысы», «Түркі әлемінің жұлдызы» деген қанатты атауларды қалыптастырып, санамызға сіңдірді.

М.Шаханов бірнеше жыл Қазақстанның Қырғызстандағы Елшісі болды. Ш.Айтматов пен М.Шахановтың жиі-жиі кездесуі, заман туралы, өздері жайлы сырласуы дүниеге «Құз басындағы аңшының зары» (Ғасыр айрығындағы сырласу) атты ортақ, бірлесіп жазған эссені (1997), «Сократты ескеру түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» атты драманы (1998) әкелді.

Жазушының соңғы еңбектерінің бірі – «Кассандра таңбасында» басты кейіпкер ғарышкер ғалымның тұрағы – ғарыш, космостық орбита станциясы. Оның Отаны жоқ. Ұзақ жылдар бойы жасанды адамдарды зерттеген ғалым Жер-Анаға қайтудан үзілді-кесілді бас тартады. Өз күнәсінен арылып-тазарту үшін, осылайша ғарыш тақуасына айналады. Сондықтан да оны мазалаған ауылдағы қазан-ошақ, сары баланың қамы емес, жұмыр жердің, адамзаттың тағдыры. Шығарманың басты идеясы – адамзаттың жойылу қаупі басқа бір сырт күштерден, болмаса, табиғат апаттарынан емес, тек адамзаттың өзінен ғана келетінін ескерту. Расында, қазіргі кезеңде әлемде болып жатқан түрлі табиғат апаттарының себептері, тек адамдардың қоршаған ортаға, табиғатқа салғырт, немқұрайлы қарауынан, жұмыр басты пенелердің тойымсыздығы мен опасыздығынан болып жатқаны шындық. Иә, шындық қашан да ащы болмақ.

Ш.Айтматов шығармаларын қырғыз, орыс (негізінен орыс) тілдерінде жазды. Жазушының негізгі шығармаларының бәрі дерлік қазақ тілінде жарық көрді. Шыңғыс шығармалары қазақ даласына сиясы кеппей-ақ тез тарады, қазақ елінде оның шығармалары Қ.Нұрмаханов, Қ.Мұхамеджанов, А.Нұрқатов, З.Қабдолов, Ш.Мұртазаев, Б.Сахариев сияқты белгілі сөз шеберлерінің аудармаларымен де, түп нұсқалары арқылы да түгелдей дерлік жетіп отырды.

Ш.Айтматов – XX ғасыр мен XXI ғасырдың ешкім қайталай алмайтын ұлы тұлғасы. Бір өзі бір әлем. Көзі тірісінде әлем әдебиетінің классигі аталса да, асу мен тасуды білмей, Құдай берген кішіпейіл мінезінен танбай, азаматтығына шаң жұқтырмай өтті (М.Шаханов).

1 Айтматов Ш., Шаханов М. Құз басындағы аңшының зары. – А.: Рауан, 1997. - 352 б.

2 Айтматов Ш. Жамилә. Повестер. – А.: Атамұра, 2005. – 312 б.

3 Мылтықбаев Р. Шыңғыс Айтматов. – А.: Жазушы, 1978. - 88 б.

4 Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. Роман, повесть. – А.: Атамұра. 2005. – 312 б.

5 Ысқақұлы Д. Айтматов айдыны // Жалын, 2008. - № 11.

УДК 070 (574 092)

## Ж. ЖӘНІБЕКОВ–ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТА ЖАЗҒАН АЛҒАШҚЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ БІРІ

Э.Е. Ибраева - 3-курс PhD докторанты

**Аңдатпа:** XX ғасыр басында қазақ зиялыларының алдында ұлы міндет тұрды. Ол міндет – халықтың мәдени өміріндегі жаппай оқу-ағарту ісі еді. Қазақтың XX ғасыр басында қалыптасқан интеллигенция өкілдері өркениетке ұмтылудың бірден-бір жолы – халықтың өнер-ғылым, оқу-білім игеруі екенін ұғынды. Зиялы азаматтар осы бағытта табанды іс жүргізіп, елге насихат айтты. Елдік мәселеге ерте жастан араласқан алаш азаматы – Ж.Жәнібеков қай тақырыпты қаламына арқау етсе де, оның астарынан елін оқу-білімге үгіттеген ағартушылық мақсат көрінеді. Бұл ғылыми мақалада XX ғасыр басында қалыптасқан алаш зиялыларының бірі – Жанұзақ Жәнібековтың шығармашылығы сөз болады. Қаламгердің «Қазақ» (1913-1918) газетінің «Сыртқы хабарлар» айдарында жарияланған халықаралық тақырыптағы мақалаларының идеялық мақсаты қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Алаш, «Қазақ газеті», Жанұзақ Жәнібеков

**Аннотация:** В начале XX века стояла великая задача перед казахской интеллигенцией. Это задача – массовое просвещение в культурной жизни народа. Представители казахской интеллигенции созданной в начале XX века



понимали, что единственный путь к достижению цивилизации – это освоение народом искусства, знаний и образования. Они неустанно работали в этом направлении и агитировали народ. Гражданин Алаш Ж.Жанибеков, который начал участвовать в проблемах народа в раннем возрасте, не важно на какую тему писал, но в его произведениях виден подтекст, где призывает народ к просвещению. В статье рассматривается творчество ЖанузакЖанибекова – одного из выдающихся представителей интеллигенции "Алаш" начала XX века. А также анализируется его авторская позиция в статьях на общественно-политические темы зарубежной жизни, которые публиковались под рубрикой «Зарубежные известия» на страницах газеты «Казах» (1913-1918).

**Ключевые слова:** Алаш, газета «Казах», Жанузак Жанибеков

**Abstract:** Great task stood in front of Kazakh intelligentsia in the beginning of the XX century. It was total education in cultural life of nation. Representatives of Kazakh intelligentsia formed in the beginning of the XX century have understood that one way of aspiration to civilization was to possess art, science and education. Intelligentsia citizens did a great work in this direction and agitated for it. Alash citizen ZhanuzakZhanibekov, who started participating in national issues in early years, had his own underlying theme of agitating education in all his writings. This article is about creativity ZhanuzakZhanibekov outstanding representatives of intellectuals" Alash "early twentieth century. Also analyze his authorial position with articles on social and political themes foreign life, which were published under the heading" Foreign News "in the newspaper" Kazakh "(1913 - 1918).

**Keywords:** Alash, «Kazakh» newspaper, ZhanuzakZhanibekov

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Алаш қайраткерлерінің мұраларын жүйелі зерттеу ісі қолға алына бастады. Алаштықтардың белгісіз болып келген еңбектерін ашуға мемлекет тарапынан кең қолдау білдірілді. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» бөлімінде: «Ұлттық саяси ұйымның жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр»<sup>[1]</sup>, – деп атап өткен болатын.

Ұзақ жылдар бойына зерттеушісін күтіп, журналистика тарихында есімі көмескі ғана аталып келген алаш азаматтарының бірі – Жанұзақ Жәнібеков. Осы күнге дейін ғылыми айналымда санаулы мақаласы ғана белгілі болып келген «Қазақ» газетінің редакторы – Жанұзақ Жәнібековтің мұралары бүгінде зерттеліп, зерделенуде.

Алаш қайраткері Ж.Әлжанұлы жайында Қазақстан Республикасы Ақмола облыстық мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарынан мынадай деректер сақталған:

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков – 1889 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында дүниеге келген. 1912 жылдың күзінен 1913 жылдың мамыр айына дейін баспаханада қаріп теруші қызметін атқарады. 1913 жылы Орынбор қаласына қоныс аударып, 1918 жылға дейін «Қазақ» газетінде қызмет атқарады. «Қазақтың» 1918 жылғы №№261-263 сандарына уақытша шығарушы ретінде қол қойған. «Қазақ» газеті жарыққа шығуын тоқтатқаннан кейінгі жылдарда «Бостандық туы» газетінде редколлегия мүшесі, «Кедей» газетінің редакторы болды.

Жанұзақ Әлжанұлы тұтқынға алынған уақытта «Каззолото» трест жүйесінде Степняк кен орнының поселкелік кеңесінің төрағасы қызметінде болды.

Жәнібеков Жанұзақ Әлжанұлы 1937 жылдың 28 шілдесінде «контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған, Степняк кен орнында зиянды әрекеттер жасаған және кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген» деген айып тағылып, Солтүстік Қазақстан облыстық НКВД (НКВД – КСРО Ішкі істерінің ұлттық комиссариаты) басқармасының қаулысымен тұтқынға алынады. Үштіктің (КГБ – КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) 13.09.1937 жылғы қаулысымен (№6 хаттама) 58-10, 58-11 баптары бойынша кінәлі деп табылып, ату жазасына кесілген.

Ату жазасына кесілген үкімнің жүзеге асқаны және марқұмның жерленген орны туралы деректер жоқ.

Көкшетау облыстық прокуратурасының 27.12.1958 жылғы қаулысымен Солтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы Үштігінің 13.09.1937 жылғы Жанұзақ Жәнібековке қатысты қаулысы жойылып, қылмыстық әрекетінің жоқтығы анықталады.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының 4,5 баптарына сәйкес Жанұзақ Жәнібеков жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде ақталады.

Жанұзақ Жәнібеков – қоғамдық-әлеуметтік өмірге ерте жастан араласқан қазақ зиялыларының бірі.

Ресей империясының қоластында болған қазақ жерінің, қазақ елінің тағдыры Ж.Жәнібековты қатты толғандырды. Халқының басына түскен тауқымет оны ерте есейтті. Отаршылдық жүйеге қарсы тұрарлық елдік күш – білім-ғылымда екенін ұғынды. Қазақ халқын оқу-білім үйреніп, өнер-ғылым игеруге үгіттеді. Ол осы бағытта еңбек етуден шаршамады.

Ж.Әлжанұлының Қазан қаласында басылған «Айна» (1908) және «Балалар бәдуамы» (1909) жинақтары ағартушылық бағытта жазылды.

Ол өзінің 19 жасында екінші рет басылған «Айна» кітабында: «Балаларыңызды келешек заман үшін үйретіңіздер. Осы заманымыз – келешек заманның айнасы. Келешек заман үшін нелер керегін осы күннен аңғарып қойыңыздар», – деп жазды<sup>[2]</sup>.

Өркениетті елдердің дамуына жіті бағып, қазақтың болашағына ойша көз тіккен өз дәуірінің зиялы азаматы қазақтың басқа елдермен терезесі тең болуы үшін өнер-білім игеру қажеттігін түсінді. Қаламы арқылы халқына білім-ғылымды насихаттаудан шаршамады. Надандықтан арылуды көкसेген ол жас ұрпақтың оқу оқып, білім алуын жан-тәнімен қалады. Онсыз ұлы державаның қоластында біржола жойылып кету қаупі барын сезді.

Ж.Жәнібеков өркениетке бет алған елдердің қателігінен үйреніп, жетістіктерін меңгеруді меңзеді. Көбіне бауырлас түрік елі туралы мақалалар жазып, Түркияның ғылым жолындағы заманауи жаңалықтарын сөз етті. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарық көрген «Қазақ» газетінің әр санында «Сыртқы хабарлар» айдары басылды. Бұл айдар бойынша бірінші дүниежүзілік соғыс жайы, әсіресе Балқан соғысына дейінгі, соғыстан кейінгі түрік бауырларымыздың ішкі жағдайын қалт жібермей, аңдаған мақалалар бірінен соң бірі жарық көрді.

Солардың ішінен Жанұзақ Жәнібековтың мақалаларын бағамдап, идеялық мақсатын тануға әрекет жасап көрелік;

«Қазақ» газетінің №26 санында Ж.Жәнібековтың «Османлы түріктері»<sup>[3]</sup> атты мақаласы басылады.

«Біздің қазақ Стамбұлдағы османлы түріктерін «түрік» деп атайды, халифе жұрты деп атаушылары да бар. Төтесі оларды османлы түріктері деп атау керек. Газетімізде олар туралы мақалалар жарияланып жатыр, осы түріктер біздің нағыз бауырларымыз болады», – деп басталады мақала.

Автор осы османлы түріктерінің осы күнгі Түркия дейтін мықты патшалық құрып, заманында аузынан от шашқан айбарлы патша болғанын жазады. Алайда, Балқан түбегіндегі кішкентай төрт патшалықтан жеңіліп қалғанын, 30-40 жыл бұрын түріктің қойын бағып, қосын артқан сол елдерге енді жерлерін беруге мәжбүр болғанын қынжыла баяндайды. Анадолы елінің білімді азаматтары кезінде айбары асқан өз елінің соғыста жеңілуінің себебін іздейді, соңында мынадай шешімге келіп, қорытынды жасайды. Түрік зиялыларының тілі араб, парсы, француз тілдерімен араласып, түрік тілінің тазалығы жоғалған. Осы себептен, түріктің оқығандары мен қарапайым бұқара халық арасындағы байланыс үзілген. Осы жағдай қарапайым түрік азаматтарының көкірегіндегі Отанға деген махаббатының азаюына әкелді деп тұжырымдайды. Анадолы жұртының зиялылары осы қателіктерін түзеу мақсатында бұқара халықтың ішіне мектеп ашып, кітаптарын араб, парсы, рум тілдерін араластырмай, таза түрік тілінде, қара халық ұғынатындай жеңіл тілмен жазуды қолға алғанын баяндайды.

Тіл мәселесі – қай ұлт болмасын, қай дәуір болмасын қашанда өзекті екені даусыз.

Түріктердің ұлы шайқаста жеңілуінің себебі – сол кезеңдегі түрік тілінің бейшара халімен байланыстырылады. Ұлттық тілдің дәрежесі – сол ұлттың тұтастығы, бекемдігі мен қуатының айғағын білдіреді сөзсіз.

XX ғасырдың басында қазақ халқының басына да қара бұлттай үйірілген қатер, ол – қазақ тіліне төнген қауіп болатын. 1913 жылы «Қазақтың» №2 санында А.Байтұрсынов: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»<sup>[4]</sup>, – деп ешнәрсемен өлшенбейтін тілдің құндылығы жөнінде ой түйеді. Ыдыраған Осман империясының орнына Жаңа Түркия Республикасын құрған Кемал Ататүрік: «Түрік ұлты деген сөз – түркі тілі деген сөз»<sup>[5]</sup>, – деп тілдің тек қоғамдық қатынас құралы ғана емес, тіл – тұтас ұлт екенін баян еткен.

Жанұзақ Жәнібеков «Османлы түріктері» мақаласында бауырлас түрік елінің соғыстан кейінгі ішкі ахуалын баян ете отырып: «Бұл заманда бір патшалықтың қуаты оқу-өнерінің мөлшерімен білінеді. Қай патшалықтың халқы оқу-өнерлі болса сол патшалықтың айбары өткір болмақшы», – деп оқу-білімнің маңызын келтіреді.

Автордың бұл сөйлемдерінің астарында феодалдық мешеуліктен айыға қоймаған қазақ қоғамын оқу-өнерге, білім-ғылымға шақырғаны сезіледі.

Өз елінің болашағын ойлап, халқының білім-өнер жолында еңбектеніп, өзге елдермен терезесі тең болғанын арман еткен Жанұзақ Әлжанұлы қазаққа жан-тәнімен оқу-білімді насихаттаумен болды.

Жанұзақ Жәнібековтың «Қазақ» газетінің №48 санында «Түркияның ішкі істері»<sup>[6]</sup> атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақаласында да автор бауырлас Түркияның Балқан соғысынан кейінгі ішкі жағдайына шолу жасайды. Жаңа мезгілдік реформалар жасалынып, Түркия халқының әлеуметтік күйінің жандана бастағанын жазады.

Мақала барысында Ж.Жәнібеков: «...түріктердің терең ой жіберіп, көп күш сарп қылып қолға алған нәрселері оқу-өнер жолы», – дейді. Анадолы жұртының оқу-өнер, білім-ғылымға мойын бұрып, түрік жастарының оқу-өнер үйренуге Еуропа мемлекеттеріне кетіп жатқанын қуанышпен баяндайды.

«Өткен жыл декабрь айында «Осман сұлтанның жеке патша болғанын еске түсіру» деген мейрамдары болып өтті», – деп автор сол мейрамда түріктер өздерінің түрік, ұлы түрік екендіктерін естеріне алып, елдің рухын көтеру мақсатында заманында қаһармандықпен аты шыққан ата-бабаларын еске түсіргенін жазып: «Өзінің кім екендіктерін білмеген ұлтта жігер аз, қайрат кем болады», – деп ой түйеді.

Осылайша, Түркия еліндегі бауырлас мұсылман халқының тұрмыс ахуалының жақсарып, қоғамдық-әлеуметтік жағдайының беталысын қуана баяндаған мақала авторы – Жанұзақ Жәнібеков енді түрік бауырларымыздың «маңдайы ашық, мерейі үстем болуы анық» деп қорытынды жасайды.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібековтың көңіл қоярлық тағы бір мақаласы – «Түрік ұшушыларының өлімі»<sup>[7]</sup>. Бұл мақала «Қазақ» газетінде 1914 жылы (9 март) №53 санында «Сыртқы хабарлар» айдарымен жарияланады.

Бұл мақаласында Ж.Жәнібеков өркениетке қол созған Еуропа елдеріндегі өнер-білімнің дамуы мен адамзат баласының ғылым жолындағы жетістіктерін қаламына арқау еткен.

Автор адамзаттың озық ақыл-ойынан туған автомобиль, поезд, кеме секілді тұрмыстық техникалардың дамып жатқанын, енді көкте ұшу ісі қолға алынғанын баяндайды. Ұшақ жасау ісі алдымен Европа, Америкада басталып, осы күнде түріктер де бұл білімді игеруге әрекет етіп жатқанын жазады.

«Стамбұлға жалғас бір қорғанда түрік ұшушыларын ұшуға үйрететін мектеп бар, сонда түрік офицерлері ұшып, не түрлі тәсіл-тетік бар болса, үйреніп талаптанып жатыр», – дейді мақала авторы.

Түркия үкіметінің ұшақтарды байқап көріп, сынақтан өткізуді атақты ұшушы-офицерлер Фахтибек пен Нұрибекке тапсырғанын жазып, оқиғаның дамуы мен салдарын одан әрі баяндап береді.

Ұшушы-офицерлер – Фахтибек пен Нұрибек Анадолы түбегіндегі ауылды таңырқатып, Ескі-Шеһир, Кония, Адана, Алеппо деген шаһарлардан аман өтіп, Кония мен Адана шаһарларының арасындағы биіктігі үш жарым шақырым Торос деген асқар биік таудың үстінен де ұшып өтіп, түрік халқының қошеметі мен құрметіне бөленгенін келтіреді.

Соңында Бейруттан Шамға жетіп, Шамнан Құдысқа бет алған Фахтибектің ұшағы қазаға ұшырап, күл-талқан болады. Офицер Фахтибектің сүйегі Шам шаһарындағы ескі түрік сұлтаны Сұлтан Салахаддин Аиубдің қабірі қасына жерленеді. Түрік-болгар соғысында зор ерлік көрсеткен ұшушы-офицер Фахтибектің өлімі туралы Ж.Жәнібеков: «Түрік ұлтына аспан жолын ашып беріп шаһид болды. Мұның өлімі ардақты өлім», – деп өз тұжырымын жазады.

Ұшушы-офицер Нұрибек те Шам шаһарына барып, онан Бейрутке жеткенін, соңғы келген телеграмма хабары бойынша ол да Яфа қаласының маңайында теңізге түсіп опат болғанын жазады.

Әуеде ұшу өнерін игеріп, заманауи техниканы меңгеруге талаптанған түріктердің беталысын өз жұртына осылайша баяндаған мақала авторы «Түрік ұшушыларының өлімі» мақаласын былай аяқтайды:

«Ануар паша нөкерлеріне мынаны айтты: «Аспан жүзінде ұшып, тәсіл-тетік үйрену міндетіміз, бұл жолда қанша құрбан берсек те, әйтеуір Искандарияға жетпей қоймаймыз», – деді».

Бұл – мақала түйіні. Автор озық білім мен заманауи техниканы игеруге ұмтылған түріктердің қайтпас қайсарлығы мен өжет рухын паш етеді.

Өз кезегінде бүгін түріктің атасы Мұстафа Кемал: «Әлемдегі барлық нәрсе үшін, табысқа жету үшін ең шынай жол бастаушы – ғылым, техника.

Ғылым мен техникадан басқа жол көрсетуші іздеу – қате, қараңғылық, адасушылық»<sup>[8]</sup>, – депті.

Алған бағытынан танбай, ғылым мен білім жолында ізденіп, тәуелсіз дамыған Түрік елі – ХХІ ғасырда өркениетті елдер қатарынан көрінген Европадағы бауырлас мұсылман мемлекеті.

«Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген мақал бар.

Бауырлас түрік халқының көзі ашық азаматтары кезінде Балқан соғысындағы жеңілісінің себебі – халық арасында оқу-білімнің жеткіліксіздігі деп топшылаған болатын. Жанұзақ Әлжанұлы түріктердің соғыста жеңілісін қынжыла баяндаса да, я болмаса түрік азаматтарының әуеде ұшу өнерін меңгеруге талабын қуана хабарласа да – оның астарынан озық білімді насихаттау көрінеді.

Жанұзақ Әлжанұлының түріктер жайында жазылған ендігі бір мақаласы – «Қазан»<sup>[9]</sup> деп аталады. Автордың бұл еңбегі ақпараттық бағытта жазылған, «Қазақ» газетінің №63 санында жарық көрді.

Қазан шаһарында тұратын профессор Катановтың 7 мың түптелген кітабын Түркияның уақфтар назараты ( араб сөзі, уақфтар назараты – бұл жерде «қайырымдылық қордың қаржысына»

деген мағынада) Стамбұлда жасалатын кітапханаға қою үшін 6 мың сомға сатып алғаны баяндалады мақала басында. Түріктердің осы кітапты қарап алу үшін Қазанға екі кісі жібергенін, бұл кітаптардың ішінде әр түрлі ғылым, пән кітаптары бар екенін жазады.

Жанұзақ Әлжанұлы: «Олар 100 абдыраға салып алып жөнелмекші. Түріктер осы күнде Стамбұлда бір зор кітапхана ашпақшы. Бұл кітапханаға дүниенің әр шетіндегі шаһардың кітапханасындағы түрік һәм түріктік хақында жазылған кітаптарды сатып алмақшы. Яки сонан көшіріп алмақшы. Бұл түріктердің артына айналып қарағандарының бір белгісі. Өзінің бабаларының тілін, тегін, ерлігін білмеген жұрт басқа жұрттардың қарасына еріп, өзінің ұлттығын жоғалтады. Ұлттығы жоғалған халықта жүрек, табан болмайды.

Сөйтіп осы күнгі жас өспірім балаларының көңіліне түріктің тұқымын егіп, ұлттық сүйкімін күшейтіп, келер заман үшін ер жүректі, жігерлі, шыдамды азаматтар даярламақшы болып жатыр», – деп ой түйеді.

1 Назарбаев Н. «Тарих толқынында». – Алматы: Атамұра, 1998. - 230 б.

2 Ж.Жәнібеков. Айна. –Қазан: 1908. - 15 б.

3 О.Ж.А.Жәнібеков. Османлы түріктері // Қазақ. – 1913.–№26.

4 А.Байтұрсынов. Оренбург. 10 февраль. // Қазақ. – 1913.–№2.

5 Смайыл С.«Атамүрік».–Алматы: Жас Түркістан. 1998. 90 б.

6 Ж.Жәнібеков. Түркияның ішкі істері // Қазақ. – 1914.–№48.

7 Ж.Жәнібеков. Түрік ұшушыларының өлімі // Қазақ. – 1914.–№53.

8 Смайыл С.«Атамүрік».–Алматы: Жас Түркістан. 1998. 90 б.

9 Ж.Жәнібеков. Қазан // Қазақ. – 1914.–№63.

ӘОЖ 821.0:378

## СОФОКЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Г.Б.Тоқшылықова -

Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

**Аңдатпа:** Мақалада аты Эсхил, Еврипидтермен қатар аталатын грек драматургы Софокл трагедияларында көтерілген басты мәселелерге шолу жасалады. Соның ішінде жеке тұлға, адам тағдыры мәселесі кеңінен талданған. Драматургтың барлық трагедиялары көтерген мәселесінің өзектілігімен, кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесінің тереңдігімен, тағдырдың талқысына түскен түрлі қиындық, күйзелістерімен, рухани тазалығымен өзіне баурап алады. Бұл әсіресе, «Эдип патша» трагедиясында айрықша байқалады. Классикалық кезең өкілі Софоклдың грек драмасына енгізген жаңалығымен қоса, ірі тұлғалар сомдап, сан алуан образдар галереясын жасаған ұлы трагик акын екендігіне көңіл бөлінеді.

**Кілт сөздер:** грек драмасы, миф, цикл, трагедия, индивид, инцест, тағдыр, құдайлар

**Аннотация:** В статье рассматривается жизнь и творчество Софокла, афинского драматурга, считающийся наряду с Эсхилом и Еврипидом, одним из трех величайших трагических поэтов классической древности. Дается характерные черты и анализ его драматургии. Все трагедии драматурга приковывает к себе внимание читателей и последовательность душевных состояний, переживаемых героями под влиянием отношений, сразу ясно и окончательно поставленных в трагедии. Содержанием «Эдипа» служит один момент из внутренней жизни героя: обнаружение преступлений, им совершенных, до начала трагедии.

Софокл в своих трагедиях поднимает самые глубокие проблемы человеческого существования. А также широко обсуждается проблема индивида. Статья посвящается к творчеству древнегреческого драматурга Софокла. В его творчестве нашли отражение конкретные черты полисной идеологии: патриотизм, приверженность традиционным полисным законам и религии, сознание общественного долга, вера в силы человека и вместе с тем убежденность в ограниченности человеческого знания, в зависимости счастья людей от судьбы, от воли богов.

**Ключевые слова:** греческая драма, миф, цикл, трагедия, индивид, судьба, боги

**Abstract:** The article discusses the life and work of Sophocles, the Athenian playwright, considered along with Aeschylus and Euripides, one of the three great tragic poets of classical antiquity. Given the characteristics and analysis of its drama. All tragedy playwright attracts the attention of readers and the sequence of emotional states experienced by characters under the influence of relationships, it is immediately clear, and finally put the tragedy. Content of "Oedipus" is one point of the inner life of the hero: the detection of crimes they committed, before the tragedy.

Sophocles in his tragedies raises the deepest problems of human existence. Also widely discussed problem individual. This article is devoted to the creation of the ancient Greek playwright Sophocles. In his work reflected the specific features of the polis ideology of patriotism, adherence to traditional laws and polis religion, sense of public duty, faith in the power of man and at the same belief in the limitations of human knowledge, depending on the fate of people's happiness, the will of the gods.

**Keywords:** greek drama, myth, cycle, tragedy, individ, fate, the gods

Аттикалық трагедияның ұлы драматургтары дегенде Эсхил, Софокл, Еврипид есімдерін атасақ, грек халқы үшеуінің де өмірін Саламин жеңісімен байланыстырады. Нақтырақ айтқанда, Эсхил Саламин соғысына қатысқан, Софокл бұл жеңісті хор арқылы жырлаған, Еврипид Саламин жеңісі уақытында дүниеге келген делінеді. Үш бірдей сүйікті ұлының тағдырын бұлайша байланыстыру парсы жаугершілігінің бетін қайтарған Саламин түбіндегі жеңістің грек халқы үшін қаншалықты маңызды болғандығын көрсетеді.

Софокл б.з.б. V ғасырдағы грек жұртының ең сүйікті трагик акындарының бірі болған. Ол 60 жылдық шығармашылық өмірінде 123 драма жазды. Яғни орта есеппен алғанда жылына 2 рет алқалы топтың алдына шығып отырған. Оның шығармалары ылғи сәтті болып, 24 рет бірінші орын алған, ара-арасында екінші орынды місе тұтқанымен, ешуақытта үшінші орын алып немесе жеңіліп көрмеген. Софоклдың бірінші жеңісі жөнінде Плутарх өз еңбегінде жазып қалдырған («Кимон»)[1].

Софокл өз дәуірінде атақты болғанымен, оның біздің заманымызға дейін 7 драмасы ғана жеткен: «Аякс», «Трахиндық әйелдер», «Антигона», «Эдип патша», «Электра», «Филоклет», «Эдип Колонда». Шығармаларының сюжетін Софокл үш мифологиялық циклдан алған: троялық мифтер циклынан «Аякс», «Электра», «Филоклет»; фивылық мифтер циклынан «Эдип патша», «Эдип Колонда», «Антигона»; Геракл туралы мифтер циклынан «Трахиндық әйелдер». Драмаларының жазылған уақыты белгісіз. 1912 жылы Оңтүстік Египет құмдарынан табылған папирустар ішінен Софоклдың «Із кесушілер» шығармасының үлкен бір фрагменті табылған [2].

Софокл жас кезінде аксүйектер партиясының көсемі, реакциялық жер иеленушілік топтың басшысы аксүйек Кимонды қолдағанымен, кейіннен Перикл жағына көшеді. Кимон парсыларға қарсы соғысқа қатысып, көптеген жеңістерге жеткен. Софокл шығармашылығының толысқан шағы тарихта «Перикл дәуірі» деген атпен белгілі кезеңмен тұспа-тұс келді. Отыз жыл бойы Перикл мемлекет басында тұрғанда Афины мәдени орталыққа айналды. Мұнда басқа да грек полис-мемлекеттерінен оқымыстылар, акындар, скульпторлар жиналды. Периклдың айналасында тарихшы Геродот, философ Архелай болды. Софокл мен Перикл екеуінің достығы 20 жылға дейін жалғасты. Софокл өмірінің соңына дейін демократиялық көзқарасты ұстанды. Драматургтың жастық шағы грек-парсы соғысынан кейін Афинының саяси және экономикалық даму кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл акынның дүниетанымына қатты әсер етті. Ол құдайлардың әділдігіне, адам санасы мүмкіндігінің шексіз екендігіне, әрбір азаматтың өз міндетін адал орындап шығуға талпынатындығына сенді. Сондықтан Софокл афиндық демократияның гүлденген кезеңінің ақыны болды. Өз дәуірінде акынның зор жетістіктерге жетуі тек көркемдік шеберлігіне байланысты болған жоқ, оның көзқарасының б.з.б. V ғасырдағы афиндық қоғам көзқарастарымен үндес келуіне байланысты болды. Оның үстіне Эсхил, Еврипидтер секілді өз Отанын тастап ешқайда кеткен жоқ. Халқының шексіз құрметіне бөленіп, бақытты ғұмыр кешті. Софоклдың ерекше сұлулығына, сымбаттылығына қарап, замандастары оны «бақыттың еркесі» деп атаған [3,35].

Б.з.б. 468 жылы драмалық сайыста алғаш рет Эсхилды жеңгенде құрамында «Триптолем» атты трагедиясы бар трилогиясы арқылы жеңеді. Софокл шығармаларында көтерілген негізгі мәселе – жеке адам тағдыры. Драматург Грекиядағы құл иеленушілік қоғамның дамып, гүлденген кезеңін, қоғамдық-саяси оқиғаларға толы өзгерістерді, елдегі демократиялық жағдайды бейнелейді. Софокл өзіне дейінгі трагиктер пікірлерімен келісе отырып, актерлар санын, хор орындаушылардың санын он бес адамға дейін көбейтті, драмалық әрекетті күшейтті, хор бөлімдерін қысқартты. Шығармаларына музыкалық өңдеу жасап декорациялық живописьті қосты. Алғашқы кезде жазған шығармаларының бірі – «Триптолемде» автор отансүйгіштік сезімді дәріптеумен қатар, егіншілік пен молшылық құдайы Деметраның халыққа жер бөліп берген қамқорлығы жөнінде айтады. Эсхилмен салыстырғанда Софокл кейіпкерлері өз бетінше шешім қабылдайтын тәуелсіз болды, олар өзге кейіпкерлермен қалай қарым-қатынасқа түсу керектігін өздері шешті. Софокл құдайларды сахнаға жиі шығарған жоқ. Себебі ол индивид – жеке тұлға мәселесін бірінші орынға қойды. Демек, Софокл туындылары адам мәселесін алғашқы орынға қойып, өмір шындығын қарама-қайшылықтар негізінде көркем жеткізуімен ерекшеленді. Оның «адамдар қандай болуы керек болса, мен оларды солай суреттеймін» деген сөздері осыған дәлел.

Софокл трагедияларындағы тартыс құдіреті күшті құдайлар мен оған бағынышты қарапайым адамдар арасында өрбиді. Мұнда өз күшіне сенген, құдайды мойындағысы келмеген адамның азалы тағдыры, қанша қашақтаса да өз тағдыры алдында амалсыз мойынсұнатын дәрменсіздігі суреттеледі. Қандай тартыс, қандай дау болса да, автор адам бойындағы адамгершілік қасиетті жоғары қойып, түбінде ізгіліктің жеңетінін көрсетеді. Мәселен, «Аякс» трагедиясындағы Одиссей батырқанша өкпелі болса да Аякс батырдың күштілігін, Троя түбінде жасаған ерлігін, жанкештілігін бағалап, денесін арулап жерлеуге көмектеседі. Шығармадағы кейіпкерлер Агамемнон, Менелай, Одиссей, Аякс, Тевкр – қай-қайсысы болса

да табиғаты ерек, бірінен-бірі асып түсетін, рухы күшті, мықты батырлар. Бәрінің де өз тағдыры, жеке басының мүддесінен жоғары қоятын дүниесі бар, ол – отан үшін күрес; іштей бір-бірімен қанша араз болса да, сыртқы жауға қарсы шыққанда тізе қосып, жұмылып, бірігіп кететін ауызбіршілігі. Бұл жолы да соның жарқын үлгісі көрініс тапқан. Атрей ұлдары Аякстың әрекетін кешіргісі келмесе де, оның Троя түбінде жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олар аяулы батырды батыр ретінде құрметтей білу де, оны соңғы сапарға абыроймен шығарып салу да – елдікке үлкен сын екенін қалтқысыз ұғады, соған лайықты әрекет жасайды. Поэманың тәрбиелік мәні осында.

Өзінің әділ сыйынан айрылған Аякстың трагедиясы жөнінде Гомер поэмасында да аталып өтеді. Ал лирик ақын Пиндар болса Аяк бейнесін айлакер Одиссейден алданған аңғал батыр ретінде суреттейді. Өзіне дейінгі ақындардың жалпылама шолуына қанағаттанбаған Софокл әлдеқайда кеңірек сюжет ойлап тапты. Ол үшін әртүрлі мифтік нұсқаларды алып, кей бөліктерін өзі құрды. Әдетте отанын сатқан адамдарды жерлеуге тыйым салынатын (Аякстың Атрей ұлдарына қастандық ойлауы), бірақ трагедия Аякстың жерленуімен аяқталады.

Сюжеті фивылық циклдан алынған драмасының бірі – «Антигона». Эдип патша мен оның ұрпағы жайлы сюжетті Эсхил да пайдаланған. Яғни Софоклдың «Антигонасы» Эсхилдың «Фивыға қарсы жетеуінің» жалғасы деуге болады. Бұл трагедияға қатысты көптеген сын айтылды. Софокл екі кейіпкердің де қателігін көрсете отырып, әрқайсысы өз білгені бойынша әрекет жасады деп түсіндіреді. Креонттың қателігі – ол мемлекеттік заңға сүйенді, Антигонаның қателігі – ол белгіленген заңға қарсы шықты, заңға қарсы әрекет жасады. Мұндай пікірді Гегель де ұстанған. Белинский тұжырымы да осы пікірге сәйкес келді[1]. Ал автордың өзі Антигонаның әрекетін жақтайтыны байқалып отырады. Антигонаның өз басын өлімге қиып, ағасын жерлеуін – геройлық әрекет деп таниды. Антигона қарсылығы арқылы Креонттың зұлымдығын ашуға ұмтылды. Автордың пайымдауынша, Креонт заңға сүйеніп әрекет жасадым десе де, өлген адамды жерлеу құқығынан айырғаны үшін жазалануы тиіс. Креонттың қатігездігінің салдарынан бүтін бір отбасы қырылып қалады. Бірнеше трагедияны қатар ала отырып, драматург құдайлар алдындағы адам баласының әлсіздігін суреттейді. Автор «Зевске ешкім қарсы шықпау керек, оның бұйрығынсыз ешнәрсе болуы мүмкін емес» деген қағиданы ұстанады.

Осы мәселені автор «Эдип патша» трагедиясында да көтереді. Ф.Ф.Зелинский «Эдип патшаны» аударып, оның тарихи-философиялық кіріспесін жазғанда, Софоклдың бұл туындысын «тағдыр идеяларын жүзеге асырудың ең маңызды әрекеті» деп атаған. Оның түсінігінше, Софокл шығармаларының лейтмотиві тағдыр болып табылады, «кінә мен жазаның теңдігін» бұзатын да, трагикалық кейіпкерлерді «қайғы теңізіне» батыратын да – сол тағдыр деп санайды[4].

«Эдип патша» трагедиясының басты кейіпкері Эдип – ақылды, дана адам. Ол білместікпен ауыр күнәлар жасайды, қадам аттап басқан сайын онсыз да қиын тағдырын күрделендіріп, күрмеуін шиеленістіре береді. Ал барлық істерінің харам екендігін білгенде, өзіне ең ауыр жазаны қолданады. Ол өз-өзіне үкім шығарып, көзін ойып алды да, су қараңғы соқыр болып қалды. Эдип рухының күштілігі де осында. Ол өлімді өзіне тым оңай жаза деп түсінді. Аяусыз тағдырына өкініп, жүрегі қан жылаған Эдип тағы талай сұмдықты, қорлықты, қиындықты, азапты басынан өткеру үшін аман қалды. Эдип – азап-сордың торына түсіп сенделген, «бір өзі әке де, бала да болып ана-әйелінің құшағына енген, жөргегі өзінің қалыңдық ойнар төсегі» болған бақытсыз пенде. Дәл осы инцест мәселесін Нобель сыйлығының лауреаты, латынамерикандық жазушы Габриель Гарсиа Маркес өзінің «Жүз жылдық жалғыздық» романында көтерген. Туысқан, жақын адамдардың жыныстық қатынасының дұрыс еместігін, соның салдарынан дүниеге «торайқұйымшақты бала» келетіндігін Маркес те суреттеп, бүтін бір Буэндиалар әулетінің жойылу трагедиясын (құрт-құмырсқаға жем болуы) баяндайды. Көптеген еңбектерде инцест құдайлар өмірінің нормасы делінгенмен, Софокл мұны «кінә» деп қарастырады. Автор ойымен біз де толық келісеміз. Қазақ халқында «жеті атаға» дейін қыз алысып, қыз беріспейтін жақсы бір дәстүр бар. Бұл дәстүр әрине, қазақ халқының ұрпағын іріп-шіруден, түрлі дерттен сақтандыратындығы түсінікті. Сондықтан да біздің бабаларымыз «жеті атасын білмеген – жетесіз» деп сөгетін болған. Софокл да өз ұлтының аман сақталуы үшін қан тазалығы мәселесіне қатты көңіл бөлген деуге болады.

Эдиптің бар бақытсыздығы, үлкен қателіктері көріпкелден өзінің болашағын, тағдырын білгеннен кейін басталды. Жан-дүниесі алай-түлей, астаң-кестең болып, болашағының нақты көкжиегін көре алмаған Эдип сергелденге түседі. Жолаушы-әкесін өлтіріп, анасына үйленді. Аттикалық заң бойынша, полистен тыс жерде жолаушыны өлтіру қылмыс деп саналмайтындықтан, Эдип өзін кінәлімін деп есептеген жоқ. Оның үстіне Полиб пен Мерованы (асырап алған әке-шешесі) тастап, Коринфтен кетіп қалғандықтан, өмір жолында өзіне кездескен жандарды «туғаным» деген ой онда болған жоқ. Міне, бұл Эдип тұлғасының қасіреті (тағдыры ойыншық болып, біресе өзіне, біресе құдайларға, біресе заңға қайшы

келетін әрекеттер жасап отырады) болып саналады. Ал негізінде Эдиптің алдында кісі қанын төкпеу, ешуақытта үйленбеу, бала сүймеу деген ғана жол тұрған болатын. Эдиптің өз болашағын біле тұра, не себепті Дельфилық құдайлар айтқан қылмыстарды жасады деген сұраққа жауап табу – антикалық трагедиядағы жеке тұлға (адам) мәселесіне жауап беру болып табылады. Антиқ әдебиетін зерттеуші А.Ф.Лосев Софокл Эдип қылмысын оның жеке басының әрекетінің нәтижесі емес, Эдип ырқынан тыс болып жатқан, тағдырдың жазуы ретінде қарастырған деп ұғындырады[4]. Бұл біздің «жазмыштан озмыш жоқ», адам маңдайына не жазса, соны көреді деген ұғымға келіп саяды. Ал С.И. Радциг бұл трагедияның мәні «тағдырдың күдіреттілігінде емес, адамның өзінің қайғы-қасіретінде жатыр» деп пайымдайды[5,111].

Трагик ақын сондай-ақ, өз туындыларында қоғам мен мемлекеттің бірлігін дәріптеп, зұлымдық пен жауыздық емес, даналық пен мейірімділік үстемдік құратын мемлекетті, халқының жоғын жоқтап, мұнын мұндайтын әділ патшаны армандады. Сондай патша Эдип деп таныды. Эдип шын мәнінде тәрбиелі, мәдениетті, мейірімді, әділ, дана патша болды. Шығарманың басынан-ақ түсініксіз аурудан қырылып жатқан қала халқын сақтап қалу жолында жанұшырып, жанталаса жол іздеген, қара басының қамын күйттемей, жұртын ойлап қамыққан Эдипті көреміз:

Сендердікі қара бастың қамы ғой –

Бары сол-ақ, ал мен болсам

Қалам үшін, қалғаның үшін – өз басымды ойлаймын

Біле білер болсаңдар, көзден талай жас төктім,

Қиялыммен қиядан талай соқпақ жол шектім[6,189], - деп, қала халқы басына төнген апаттан құтылудың жолын білмекке абызға Креонтты аттандырады.

Полистер байланысының, жеке тұлға мен ұжым арасындағы бұрынғы үйлесімділіктің, тыныштықтың бұзылуының автор екі түрлі жолын көрсетеді. Бірі адамдардың еркіндікке ұмтылуы болса, екіншісі қоғамдағы ақша рөлінің күшеюі. Адамдардың ақшаға деген қызығушылығы күшейген сайын әділдіктің, достықтың әлсіреп, оның орнын алдау, арбау секілді қитұрқы әрекеттердің басқанын меңзейді. Ол Эдиптің: «Уа, ақша! Өкімет! Уа күдіретті құрал, осы өмірдің тартысында сенсің-ау бәрінен де күштісі!»[6,192] деп зарланып, сәуегей Тиресий сөзіне күмән келтіруінен көрінеді. Оны ақшаға сатылып, Креонтпен ауыз жаласып, соның сөзін сөйлеп тұр деп ойлап, «ар-ұятсыз, азғындардың азғыны, есуас, көрсоқыр, тас түнектің тұлыбы» деп әбден тіл тигізеді. Бұл әрине, автордың ақшаға құныққан қоғамға берген бағасы екені түсінікті. Эсхил секілді Софокл да ақшаның үстемдігіне қарсы болды («Антигона», «Эдип патша»), ол демократиялық мемлекеттің күшейгенін қалады («Аякс»). Бірақ Софокл шығармаларында карама-қайшы келетін пікірлер де орын алып отырады. Мәселен, бірде Аполлонның дәстүрлі религияларының орындалуын, құдай заңдарының орындалуын талап етсе («Антигона»), бірде адамзаттың азат еркіндігін («Эдип патша») дәріптейді.

Шығарманың өн бойында барлық сөйлеген сөзімен, істеген әрекетімен өнеге алатындай тағы бір орнықты, жағымды кейіпкер бар, ол – Креонт патша. Лай патшаның жұмбақ өлімін қанша жыл өтсе де ұмыта алмай жүрген: «Қарақшыны іздеуді ұмыттырған, Күнделікті қауырт-шұғыл қамы ғой» [6,194], деген өкінішімен оқырманына ұнаған Креонттың өзіне жазықсыз жала жапқан Эдипке берген жауабы да көңілден шығады. Өзіне адамның өмір бойы үрей-құтын қашыратын биліктің қажет еместігін, патшалыққа құмар, ынтызар жан еместігін, мансап қумайтын, ол үшін халықтың ықыласы, ынтасы, құрметі артық екендігін:

Жұрттың бәрі ол-пұл олжа, артық дәулет алу үшін

Маған бақыт тілейді, иіліп сәлем береді

Патшаға тілек айтушы алдымен маған келеді.

Соны ұқпастай кеңкелес болғаным жоқ мен әзір.

Жұрттың қолқа мүддесі – ашсам алақанымда

Оны қалай мансапқа айырбастай аламын!

Адаспайды есі бүтін ешқашан.

Адасқанға жаным қас боп жаралған,

Адасқанға көрсетер көмегім де жоқ менің [6,194], - деп ашық білдіреді. Фивы халқының патшасы болмаса да төрт құбыласы түгел, ешнәрседен кенде еместігін жасырмай айтуы да Креонттың асып-таспайтын, өзінде барды бағалай білетін ақылды да турашыл жан екенін біледі. Креонттың уызына қанып өскен кеңпейіл, кешірімділігі, өзіне өлім тілеген жанды қудалап, табаламайтындығы – оның бақытсыздыққа ұшыраған, жұрттың бәрі бас тартқан Эдипке жасаған жақсылығынан анық білінеді.

Трагедия керемет драмалық шеберлікпен жазылған. Аристотель бұл драманы «трагедиялық иронияда

композициялық тәсілді пайдаланудың үлгісі» деп таниды. Аталмыш туындыны қазақ тіліне көрнекті қазақ ақыны Хамит Ерғалиев аударған. «Көне дәуір классигі туындысының көркемдік қырлары, мазмұны, тартыс жүйесі, кейіпкерлер ахуалы аудармада барынша сақталған» [6,176].

Софокл кеңпейіл, қайырымды адамдар образын сомдады. Софокл кейіпкерлері – өз-өзіне сенген мықты жандар. Олар отансүйгіш, әділдіксүйгіш, турашыл, өжет болып келеді. Софокл өз кейіпкерлерінің мінезін дәл көрсету үшін контраст тәсілін пайдаланады: қайсар Антигона мен ынжық Исмена, батыл Электра мен жасқаншақ Хрисофемида, мейірімді Одиссей мен деспот Атрей ұлдары т.б. Жалпы алғанда, драматург афиндық демократияның идеалы болып табылатын образдар тудыруға тырысты. Сондықтан Софокл ірі тұлғалар сомдап, сан алуан образдар галереясын жасаған ұлы трагик ақын ретінде бағаланады. Ол адамгершілігі жоғары, рухани дүниесі бай өз кейіпкерлерінің мінезін де жан-жақты ашып көрсетуімен ерекшеленді. Трагик өз образдарын идеал деп есептеді.

Әлем әдебиетінің даму тарихының әр кезеңінде Софокл шығармаларына қызығушылықтың толастамағаны байқалады. Атап айтқанда, қайта өрлеу, классицизм, ағартушылық дәуірлерде жоғары бағаланып отырды. Грек трагедиясының атасы – Эсхил, оның ізін жалғастырушы Софокл болса; антикалық грек әдебиетін дәріптеген классицизм дәуірінде (XVII ғ.) трагедия атасы – Корнель, оның ізін жалғастырушы Жан Расин болғаны белгілі. Міне, сол Расин өзін «Софоклдың шәкіртімін» деп атаған. Софокл туындыларынан Корнель, Вольтер, Гегель, Шиллерлер де үлгі алып отырған. Оның «Эдип патша», «Антигона» трагедиялары әлем сахналарында бүгінге дейін қойылып келеді. Аталған шығармаларға музыка жазған атақты композитор Мендельсон болды.

1 Тронский И.М. История античной литературы. - Москва: Высшая школа, 1988 -486 б.

2 Античная литература. Под ред. Проф.А.А.Тахо-Годи. - Москва: Высшая школа, 1986-392 б.

3 Людина О.Е. Античная литература. Пропедевтика. Пособие для студентов. – Алматы: Паритет, 2007-167 с.

4 Лосев А.Ф. История античной эстетики. Итоги тысячелетнего развития. – Москва: Наука, 1994 - 280.

5 Радциг С.И. История древнегреческой литературы. – Москва: Наука, 1982 -382 с.

6 Антик заман драматургиясы. Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристофан, Менандр. - Астана: Аударма, 2009 -592 б.

## ӘОЖ 8.80

### КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Сейсенбаева Ж.А. – ф.ғ.к., Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ

директорының орынбасары, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Садықова А.Е. – пед.ғ.магистрі, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ бөлім басшысы,

Саметова Ж. – фил.ғ.магистрі, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы ұлттық болмыс сипаты туралы жазылған. Көркем әдебиеттегі ұлттық болмыстың бейнелену шеберлігі мен тұлға интеллектісін қалыптастырудағы орны мен рөлі жайлы жан-жақты ашылған.

**Кілт сөз:** көркем әдебиет, ұлттық болмыс, тұлға, интеллект, рухани мәдениет

**Аннотация:** Статья написана об описании национальной природы в произведениях казахских поэтов и писателей. Всесторонне раскрыта роль и место национальной природы в мастерстве описания и в формировании интеллекта личности в художественной литературе.

**Ключевые слова:** художественная литература, национальная натура, личность, интеллект, духовная культура.

**Abstract:** The article is written on the description of the national nature in the works of Kazakh poets and writers. It clears on the role and place of the national nature of skill descriptions in the formation of intelligence and personality in literature.

**Keywords:** fiction, a national nature, personality, intelligence, spiritual culture.

Әрбір халықтың ерекшелігі – оның рухани мәдениеттің сапа-дәрежесімен таразыланып, танылады. Рухани мәдениеттің ең елеулі саласы – әдебиет екені ақиқат. Өйткені, онда халықтың сан ғасырлар бойғы рухани ұлы мұраттарын мазмұндайтын көркемдік құндылықтар жинақталған. Ол әр дәуірдің сипатына сай түрленіп, жаңғырып отырады. «Әрбір қаламгер өз дәуірінің үні» десек, талант дәрежесі мен қалам қарымы арқылы сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасымен дараланатын қаламгерлер арқылы толысып, марқаяды. Өйткені, айнала қоршаған ортаны, қоғамдағы сан алуан өзгерістерді, адамның сыртқы



бейнесін, ішкі әлемін әдебиеттей әрі нақты, әрі терең ашатын өнер дүниесі сирек. Қазақ ұлттық әдебиеттануының атасы А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде өнер түрлерін саралай келіп: «Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша – литература). Өнердің ең алды – сөз өнері болып саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар» [1, 165 б.] - деп, әдебиеттің айрықша мәнін ғылыми саралаған.

Ұлттық болмыс – ұлттық қадір-қасиет. Ол – сатылмайтын байлық. Біз үшін сатылмайтын байлық – тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары.

Ұлттық болмысы, яғни ұлттық рухы жоқ ұлт – ұлт емес. Ұлттық болмысымыз жоғалса, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, тіліміз, дініміз ұмыт болып, өзге ұлттың жетегінде кетеміз. Қазақ халқының егемендік алып, тәуелсіз ел болуы бір ай немесе бір жыл емес, сан ғасырлық жинақталған рухының жемісі. Егер бойларында ұлтқа деген патриоттық сезім, рух болмаса, тамыры терең тарихымызда бостандық пен болашақ бақыты жолында қылыш сермескен ата-бабаларымыз жеңіс тұғырынан көрінбес еді. Бір ғана Желтоқсан оқиғасы тарихымызда белең алуы ұлтымыздың бойында рухтың өшпегендігі емес пе? РУХ – тәуелсіздіктің көк байрағын желбіреткен күш, биіктетер тұғыр.

М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, толғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады.

Көркемділік – шеберліктен туады десек, суреткер шеберлігі ең алдымен өмір шындығын жіті көріп, түсіну, сан-алуан адамдардың мінез-бітімі мен қимыл-әрекеті, психологиялық ерекшеліктерін танып-білу қабілетінен туады.

Мұхтар Әуезовтің 20-30 жылдарындағы жазылған шығармаларының барлығына дерлік Кеңес үкіметінің алғашқы дәуіріндегі өмір кезеңі қамтылғанымен, кеңестердің іс-әрекетін көтере дәріптеу, көзсіз мақтау, мадақтау жоқ. «Үйлену», «Оқыған азамат», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен» сынды әңгімелерінде жаңа қоғамның жаңалықтары бой көрсеткенімен, бұларда кеңестік дәуірдің зор жетістіктеріне сүйсіне қарау жоққа тән. Жазушының бұл уақытта жазған шығармалары ішінде «Жуандық» әңгімесінде ғана Кеңес үкіметіне зор үміт артып, сеніп қарау байқалады. Алайда, шығарма соңы кеңестерді арқау еткен жатақтың опық жеп, жерінен айырылып, көшіп кетуіне ойысады.

М.Әуезов шығармаларында кеңес үкіметінің жетістігін көзсіз мадақтаған жоқ.

Тәрбиенің түп тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүрімізбен әдет-ғұрыптарымызда десек, Ә.Кекілбаевтың ұлттың ұлылығын танытуда қоғамдық қызметімен ғана емес, қалам қуатымен жасаған қымбат қазынасы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние. Өсиет-өнегені ой жүгіртіп, толғанып, тұщынып барып қабылдаған қаламгер шығармаға қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын дәйекті материал ретінде алған. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына ескерткіш дейді. Шығарманың негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік күресі. Әбіш осы күй өнерінің құдіретін повесінде әдемі бейнелеген. Қазақ күй арқылы өзінің өткені мен бүгінін таниды. Жаны жұмбақ өнерлі ұлтының қатпар-қалтарысын қапысыз ұғатын ұлттық рух менталитетінің құпиясын күйінен аңғарамыз. «Күй» повесінің соңында күштіні жазалау Жөнейттің өзіне сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Жер үшін өмір бойы бір-бірімен шайқасып келген түркімен қазақ халқы магиялық тылсымға сенген. Жаманшылығын сол түстен сезініп, іштей күйзелетін әдет екеуіне де тән.

Б.Нұржекеев «Жайлаудағы жиырма күн» повесінде халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, психологиясы сақталған ауыл өміріне бойлап барады. Бас кейіпкері журналист Жекей араласқан адамдар, олардың ата-бабадан мирас боп қалған ежелгі мәдениеті, тұр-тұрпаты даланың өзіндей дархан характері, өмірдің, тұрмыстың бар саласын қамтитын берік дәстүрі, сонда тағдырын байлағандардың өмірлік философиясы қаз-қалпында алдыңыздан тосап алады. Жекейлер осы уақытқа дейін сол ауылдан кіндігін үзбей, балаларын да қасиетті туған жердің қадірін білуге баулап жүр. Бұл да – туған жерді туған ата-аналарымен бірдей көріп, сағынып, табынып тұратын қазақ менталитетінің жасампаз бір көрінісі. Б.Нұржекеев повесінің тағы бір айтары - ұрпақ тәрбиесі. Еркек ұрпақты тәрбиелесе, әйел ұлтты тәрбиелейді. Жүрегінен мейірім, көңіліне көктем орнаған асыл жандар – аналар, мінезі инабатты қыз-келіншектер, ізгі пейілді әйелдер – отбасының күні, киесі. Танымайтын адамдарды табыстырып, қазақтың шаңырағын биіктетіп, керегесін кеңітетін, қызы – үйде, қылығы – түзде мәшһүр болатыны да солардың мінез-пейілінен.

Халық пен қоғам, дәуір мен әдебиет әрқашан бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сол қоғам мен дәуірдің ақиқатын айқындайтын ірі тұлғалар әдебиет майданында қызмет етеді. Кешегі кеңестік кезеңнің «ашысын татпаса да», «ақиқаттың ауылын шырқ айналып» іздеумен ғұмыры өткен қас талант – Мұқағали Мақатаев. Оның поэзиясында табиғат та, адамзат пен дөңгелек дүние де анау-мынау ұсақ-түйек күйкі тіршілік емес, пендешіліктен адам жоғары қасиеттерімен даралана білді. Әкімшілдік-әміршілдік билік тұсында ғұмыр кешсе де, сәбилік, ата-ана, туған жер тақырыбына бірте-бірте ұлттық рух, ұлттық тарих пен намыс деңгейіне көтеріліп, «Адамгершілік» атты ұлы сезімге ұласып, атамұра сырларын ұғуға, «Құйрық – жалы кесілген» тарих қойнауына, сыры беймәлім әрбір таңбаға үңілуден еш жалықпады [3, 5 б].

Тарих тұрлауына айналып бар жатқан XX ғасырдың рухани кеңістігімізге тарту еткен осы бір ұлы есімі тіліміздің ұшына оралған сайын, халқының жүрегіне өлшеусіз терең бойлап, елінің шексіз махаббатына бөленген, айдыны кең, асқары биік алып жырдың ұлан-ғайыр кеңістігі сана төрінде жаңғырары даусыз. Өйткені, бұл есім бүгінде жан мен жүрекке азық болар қуатты жырдың қазақы болмысына айналып, халқының өміртану болмысымен біте қайнасып кетті. Қайда барсаңыз да Мұқағали жырларының алдан шығары хақ... Қалаға да, далаға да ортақ, ханға да, қараға да бірдей, кәріге де, жасқа да тән дүниелік құбылыстарды, сезім ахуалын, ауаның тап басып, айтуда дәл Мұқағалидай жеңіске жеткен ақын кемде-кем... [4, 3 б]

Мәселен, «Бесік басында» өлеңі – жастарға беретін тәлімі мен ғибратқа толы.

Онда:

Ояту былай тұрсын рұқсат жоқ,

Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге, - дейді.

Бесік тәрбиесі-бүкіл ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы. Халқымыздың атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып келе жатқан қасиетті бұйымдарының бірі – бесік. Бесікті киелі деп есептеген. Оны өзге жанның ұстамақ түгіл қол тигізуге дәті бармаған. Ұйықтап жатқан ұлының бесігін тербетуге қарсылық білдіріп, оны қызғыштай қорғауының мәні осында жатыр. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» демей ме ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов.

«Күзетші» өлеңінде:

Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,

Қар қалғымай күзетші боп бекінді.

Сәл ұйықтаса төрт немере төрт жаққа,

Көзден ғайып болатұғын секілді.

Қандай жарасымды айтылған шумақ.. Мұнда қарттар мен әжелердің немереге деген көзқарасы, ұлттық психологиясы көрінеді. Әрбір отбасындағы ата мен әже тұлғасы – ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлы өнегенің таусылмас қайнар көзі. Халқымыздың мақтанышы болған ұлы перзенттеріміздің қалыптасуына оларды әлдилеп өсірген әжелердің еңбегі зор. Шоканның әжесі Айғаным, Абайдың әжесі Зере, Мұхтардың әжесі Дінәсіл өнегесі таусылмас қазына емес пе еді? Қазақ халқының отбасындағы, әулеттегі тәрбие үрдісінде «Әжелер тәрбиесінің» мәнісі зор болды. Әжелердің үйелмендік тәрбиесі жас аналар, келіндер, бойжеткен қыздар үшін бала тәрбиесінің академиясы іспетті. Ана-ене салты, келін салтына сай 6 жасқа дейінгі нәрестелік, балбөбектік кезіндегі ұлдардың тәрбиесіне әжелер мен аналар тікелей жауап берген. Ат жалын тартып, сүндетке отырғызылғанға дейін кезеңдегі балбөбектік кезіндегі ұлдардың жүрегіне ана махаббаты мен мейірбандық нұрын берген болса, ендігі жерде балиғаттық, бозбалалық, жігітшілік салтының қатал қағидаларына тәрбиелеу үшін, жасықтық, жуастық, жасқаншақтық тәрізді қасиеттерден арылту мақсатында атаның, әкенің, ағаларының қолына беріп, ер мінезділікке тәрбиелеген. Осы өлеңнің соңғы шумақтарында:

Суыт жүрген кәріден де, жастан да,

- Тыныштық па? – деп сұрайды сасқанда, - деген жолдардан біз нені байқаймыз? Суыт жүрген жүрісті адамды, әрине, халқымыздың ұғымында жақсылықтың емес, жаманшылықтың белгісі ретінде қабылдайды.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін таразылай отырып, Қазақстан мемлекетінің ұланғайыр жері тек найзаның ұшымен ғана емес, ата дәстүрін берік ұстаудың нәтижесінде сақтап қалғандығын түсінуге болады.

«Отан отбасынан басталады» деген мақалдың өзі де ойымызды дәлелдей түседі. Ауыз әдебиетіміздің үлгілерінде кездесетін салт дәстүрлер «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Ай мен Таңсықтың туған жерімен қоштасуы, Қыз Жібектегі Төлегеннің аспандағы қаздармен қоштасып, еліне сәлем айтуы, Ер

Тарғынның Ақжүністен, Тарлан атымен қоштасуы, еліне деген сүйіспеншілігін, ерекше толғаныспен білдіруі – «тұрмыс салт жыры – тәрбие көзі» деген ойымызды айғақтай түседі.

Ұшы – қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аласың» дейді халық мақалы. Бұл мақалдың өте орынды айтылғандығына Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» атты романы оқығанда көзің тағы да жеткендей болады.

Дүниеге келеген нәресте Бауыржанға атасы Имаштың берген батасы қабыл болып, болашақта әлем таныған батыр – қолбасшы, жазушы болуына әсер еткен сияқты. Атасы:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным –

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тірегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным, –

Бұл жер батырлар төрі еді-

Сыңары болсын, құлыным –депті [6, 298].

Екі-үш айлық баласын шешесі ағаш отырғызып жүрген, Имаш атасының алдына әкеліп, қолқабыс беруге келгендігін айтады. Сонда еміреніп қолына немересін алған атасы, оның қолына жас бұтақ қыстырып:

Құрық деп берсем – құл болма,

Шыбық деп берсем – шіл болма!

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма, - деген екен [6, 299].

Қазақ баласын кішкентайынан үлкенді сыйлауға үйреткен. Сәби кезінің бір сәтін Бауыржан Момышұлы үлкендермен амандасуға әкесінің қалай үйреткенін есіне алады:

«Киіз үйдің төрінде ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағыма: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып «Ассалам алейкум, аталар» деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған әрине бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан « алейкум салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді» - дейтін» [6.309].

Әдебиет – адам психологиясына әсер ететін дүние. Жақсы жазылған көркем дүние адамды өзіне баурап, дуалап алғандай болады. Ол сөзбен салынған сурет іспетті. Ол тілмен бірге дамиды, тілден әдебиетті бөліп-жара алмайсың. Әдебиетке жақын адамның жаны, рухани жақтан бай болады. Әдебиет арқылы бізді әлем таниды. Әрине ол тілі мықты орныққан, дамыған ел болса. Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында халқымыздың отбасы тәрбиесіндегі әке мен ананың ролін ұғындыратын төмендегідей тағылымды эпизод бар. «...Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй балам, анда әкендер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі». Мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалауға деп ұғынғанымыз абзал. Интеллектуалды тұлға қалыптастыруда осындай тағылымды жайттарды мәніне жете түсіндіріп отыру өмірге дайындаудың психологиялық қыры деуге де болады.

1 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 1 т. – 188-226 бб.

2 Этнопедагогика журналы. 2005. - № 5.

3 Егеменді Қазақстан. 2001. - 9 ақпан,

- 4 Жамбыл-Тараз. 2001. - 9 ақпан.
- 5 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Жазушы, 2004.

ӘОЖ-821.222.1-3

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ПАРСЫ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Қ.Төлеева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың II курс магистранты

**Аңдатпа:** Иран мен Қазақстанның арасындағы әдеби және мәдени байланыстар ертеректен басталады. Бұл мақалада Авеста және Шахнама кітаптарында елді байланыстыратын дәлелдердің берілгені және соңғы жылдары екі мемлекеттің мәдени байланыстарын күшейту мақсатында бірнеше маңызды жұмыстардың атқарылғаны жайында баяндалады. Сондай-ақ, Иран мен Қазақстанның әдебиет саласында істелген жұмыстары – екі елдің әдеби-мәдени қатынастарын одан әрі қарай дамытатыны туралы да айтылады.

**Тірек сөздер:** Мәдени және әдеби байланыс, әлемдік әдебиет, ерекшеліктер, қарым-қатынас, кездесулер, жазба деректер.

**Аннотация:** В данной статье повествуется о ранней литературной и культурной связи между Ираном и Казахстаном, о доказательствах в Авесте и Шахнаме, которые показывают связь между двумя странами, о том, что за последние годы были осуществлены много работ с целью укрепления культурных связей между двумя государствами. Также, рассказывается о проделанной работе двух стран в области литературы, а также литературно-культурных отношениях Ирана и Казахстана и их дальнейшие развития.

**Ключевое слова:** Культурная и литературная связь, мировая литература, особенности, отношения, встечи, письменные данные.

**Abstract:** This article discusses about literary and culture relations between Iran and Kazakhstan, the facts which connected the relationship between two nations in the novels “Avesta” and “Shakhnama”, some works which were done for developing further culture relations. Also is told about made-work of two countries in the sphere of literature, literary-cultural relationship and further development

**Key words:** Culture and literature relations, world literature, peculiarities, relationships, meetings, written materials.

Қазақ және парсы әдебиетінің көп ғасырлар бойы үздіксіз байланыстары – ұлттық және әлемдік әдеби дамудың жолдарын одан әрі қарай байланыстыра түседі. Әдеби байланыстар жүйесіндегі көркем аударма, нәзира, поэтикалық үндестік мәселелері аудармашы қаламгерлердің де, зерттеуші ғалымдардың да шығармашылық еңбек жолындағы игі ізденістері арқылы жүзеге асып келеді. Парсы классикалық поэзиясындағы Рудакидің, Омар Хаямның, Руми, Хафиз, Сағди, Жәми туындыларын қазақ тіліне аударған Қ.Бекхожиннің, Ғ.Ормановтың, М.Әлімбаевтің, С.Оспаннның нұсқалары әдеби байланыстардың дамуына қосқан баға жетпес үлес болып табылады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бастап, Қазақстан мен Иран Ислам Республикасының әдеби-мәдени байланыстар аясы кеңейіп, жаңа қарқын ала бастады. Қазақ әдебиетінің үздік шығармалары әлем халықтарының тілдеріне аударыла бастады. Соның ішінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ әдебиетінің классигі – Абай Құнанбаевтің қара сөздерін С. Абдулла, өлеңдерін Ф.Ходжанди парсы тіліне аударып, осы саладағы игі бастамаларға жол ашты. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын кең қамтыған М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Н. Асғар Заде 1997 ж. парсы тіліне аударды [1], 2000 жылы ирантанушы ғалым Ислам Жеменей «Хафиз және қазақ әдебиеті» деп аталатын оқу құралын жариялап, онда қазақ және парсы әдеби байланыстары, сондай-ақ иран-қазақ мәдени байланыстарындағы аударманың міндеттері туралы сөз етті [2]. Осы тұрғыдан алғанда, ұлы жазушы М. Әуезовтің қазақ өмірінің тұтас бір дәуірін ұлттық нақыш-баяуымен суреттеген көркем туындысының парсы тіліндегі аудармасының сапасын қарастырған Д. Дүйсебаевтың ғылыми еңбегі аса маңызды [3]. Бұл зерттеуде қазақ тіл білімінің аударматану саласы үшін ғана емес, сонымен бірге этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының да теориясы мен практикасы үшін құнды мәліметтер орын алған. Сондай-ақ, Р.К. Садықованың М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліндегі тәржіма нұсқасындағы түс атауларының берілуіне талдау жасалынды, эпопеядағы түс атауларының ақиқат дүниені концептілік тұрғыдан танып-білудің негізгі екендігі және «Абай жолы» эпопеясының парсыша аударма нұсқасындағы трансформацияның болу себептері анықталды [4]. Абай дүниесін исламдық Шығыс руханиятынан мүлдем бөліп қарай алмайтынымызды Ә.Қоңыратбаев «Фараби және Абай» атты мақаласында атап көрсеткен. Өз тұсындағы саяси қысаң заманның қиындықтарына төтеп беріп, жол тапқан А.Машанов Әл-Фараби мен Абай арасындағы ой үндестігін табуға талпынып, осы тақырыпты көптеген жылдар бойы зерттеді [5]. Соның нәтижесінде «Әл-Фараби және Абай» атты ғылыми еңбек дүниеге келді. Сондай-ақ М.Мырзахметұлы ұзақ жылдар бойы

түрлі кедергілерге бой алдырмастан, «Абай және Шығыс»[6] еңбегін жазып шықты. Ө.Күмісбаевтың «Абай және Шығыс» [7] атты еңбегі де кейінгі зерттеулерге елеулі бағдар болып табылды. Тәжік ғалымы А.Нуралиевтің «Абай және тәжік әдебиеті» [8] зерттеуі Абай мұрасын түпнұсқа деректерге сүйене отырып қарастыруда жасалған алғашқы қадам болды. Ал А.Сейітова ғылыми жұмысында Абай мен парсы классикалық ақындары (Рудаки, Фердоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Деһлеви, Жәми) шығармалары тақырып үндестіктері, идея, композиция, сюжет, бейнелілік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырған, Абай мен парсы ақындарының лирикалық өлеңдеріндегі философиялық-дидактикалық, адамгершілік-имандылық, табиғат, ғашықтық тақырыптағы жырларының үндестіктерін, өзгешеліктерін анықтаған. Абайдың «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт» поэмалары араб-парсы әдебиетіндегі нұсқалармен мазмұн мен пішін поэтикасы тұрғысынан салыстыра талдаған [5].

Қазақстан мен Иранның арасындағы мәдени байланыстар екі елдің өткенін еске түсіреді. Авеста және Шаһнама кітаптарында осы екі елді байланыстыратын көптеген дәлелдер берілген [9,75]. Әйгілі Тоң Алып (Афрасиаб) жайындағы жазба деректер де көп дүниелердің кілтін ашып береді. Иран мен Қазақстан арасындағы қоян-қолтық араласуы, тілдік және исламдық діни байланыстар екі елдің қарым-қатынастарының негізін құрайды. Соңғы жылдары екі мемлекет мәдени байланыстарды күшейту мақсатында бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті мен парсы әдебиетінің байланысы күн санап даму үстінде, екі ел әдебиетінің үндестігі, қазақ және әлем халықтары сөз өнерінің мұралары арасындағы поэтикалық сабақтастықтың жақындастығын көрсетеді. Исламдық шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетімен байланыстарын түп-нұсқадан зерттеу – Егеменді Қазақстанның ғылыми саладағы жаңа ізденістері деуге болады. Сондай-ақ, ғасырлар бойы сабақтасқан дәстүрлерінен жаңаша зерделеумен кең көлемде қарастыру – қазіргі кезеңнің аса маңызды мәселесі.

1 Аuezов М. Ран-е Абай /Аударған Н. Асқар Задэ.-Тегеран,1376.-Т.I-II.-790 б.

2 Жеменей И. Хафиз және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2000. – 121 б.

3 Дүйсебаев Д. «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аударылуы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2006. – 24 б.

4 Садықова Р.К. Түр мен түс атауларының аудармада берілуі («Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аудармасы негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010.-144 б.

5 Сейітова А. Абай поэзиясындағы шығыстық сарындар: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 118 б.

6 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.

7 Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы: ҚазМУ. – 1995. – 344 б.

8 Нуралиев А. Таджикско-казахские культурно-литературные связи XIX-XX в.в. – Душанбе: Сурушан, 2001. – 264 с.

9 ص 75-76. 1384. الهدي، المولى ب. ين: تهران. قزاق سدان ف رهنگی سبماي. ح.م. عابدی نى 9

УДК:821.581:821.512.122.0

## ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

### III. Ұларбек -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың II курс магистранты*

**Аңдатпа:** Қытай мен қазақ ұзақ жылдардан бері көрші болып келе жатқан елдер. Бұл мақалада сонау кезден бастау алатын екі елдің байланыстары, дипломатикалық қатынастар орнағаннан кейін аталған елдер арасындағы әдеби және мәдени байланыстар жандана түскені және қытай мен қазақ елдері арасындағы әдебиет саласында тындырылған жұмыстар бойынша нақты мәліметтер беріледі.

**Тірек сөздер:** дипломатиялық қарым-қатынас, рухани мәдениет, қаламгер, романтизм, шығарма.

**Аннотация:** The diplomatic relations between China and Kazakhstan and connections in literature between two countries are considered in this article.

**Abstract:** В данной статье рассказывается о проделанной работе двух стран в области литературы, а также литературно-культурных отношениях Китая и Казахстана и их дальнейшие развития.

Дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған кезден бастап Қытай мен Қазақстан арасындағы гуманитарлық ынтымақтастық белсенді дамып келе жатыр. Екі елдің үкіметтері білім, мәдениет және өзге де салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойды. Жиі кездесулер механизмі тиімді жұмыс жасап жатыр, өңірлер мен екі елдің халқы арасындағы достастық байланыстар қарқынды дамып келеді. Білім саласында екі елдің ведомстволары көпқырлы ақпараттық және дербес тәжірибе алмасуларды жүзеге асыруда, оның ішінде тілдік сала да бар.

Қазақстандық ақпарат құралдары **ҚХР Мәдениет министрі Цай У мен сұқбаттасқанда, екі елдің қарым-қатынасы жайында былай деген еді:**«Қытай мен Қазақстан ежелден тату көрші, біздің елдерімізді Ұлы Жібек жолы тығыз байланыстырып тұрды. Дипломатиялық қарым-қатынас орнаған сәттен бастап екі елдің қарым-қатынасы сәтті даму үстінде, әрі оның маңызды бөлігі мәдени байланыстар да айтарлықтай дамуға қол жеткізіп отыр. 2005 жылы құрылған мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі қытайлық-қазақстандық комитет жыл сайын тұрақты өтіп келеді. Соңғы бірнеше жылдың ішінде екі тарап та бір-біріне өздерінің үздік ұжымдарын жіберіп, мәдени күндерін, кино апталықтарын өткізіп, ірі мәдени іс-шараларға мұрындық болды».

Жалпы айтқанда ұзақ тарихы Қытай әдебиеті дүние жүзіндегі аса бай әдебиеттердің бірі болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша қазіргі қытай әдебиеттану ғылымында қытай жазба әдебиетінің үш мың жылдық тарихы бар деп болжамдар айтады. Шынымен де қытай әдебиетінің ескі нұсқаларының көп бөлімі осы заманға жетіп отыр. Сондықтан қытайдың бай әдебиеті өз ұлтының баға жетпес құндылықтары болып табылады.

Қытай мен қазақ бұрыннан бері көрші болып келе жатқан елдер. Осы жылдар тоғысында екі елдің арасында әдеби және мәдени байланыстар болғаны рас. Жалпы, әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы. Әдебиет әлеміндегі рухани алмасулар – көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік ролін анықтайды [1].

Қытай мен Орталық Азия халықтарының өзара байланыстары халықтардың рухани мәдениетін байытып, проза мен поэзияда өшпес ізін қалдырды. Қытай-қазақ халықтарының өзара байланыстары халықтардың рухани мәдениетін дамытып, әдеби салаға көп септігін тигізді. Таң дәуірінің өлеңдері қытай поэзиясының алтын ғасыры саналып, оны қытай поэзиясын дамытқан жаңа мазмұндар мен үлгілерге бай поэзия деп атап кетуге болады. Ал бұл жаңа мазмұндар көрші халықтармен тығыз мәдени байланыстан пайда болған еді. Бұл байланыстың әсерін біз Қытайдың атақты ақындарының шығармаларынан көре аламыз. Солардың ішінде, Таң дәуірінің жарық жұлдызы Ли Бай өлеңдерінде Орталық Азия халықтарының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, тамаша табиғатын суреттеген өлеңдер аз емес [2, 167 б. ].

Ли Байдың шығармалары қытай поэзиясындағы романтизмді дамыта түседі. Оның «Тянь-Шанның ай жарығы» атты шығармасы өте әйгілі. Мұнда ақын жарық ай Тянь-Шанның көрініп, теңіздей қою тұман тауларды баурап тұрғанын, жел ұзақтан соғып, Ұймын қақпасына жеткендігі туралы жазады. Бұдан біз ақынның Тянь-Шань тауының сұлулығын суреттегенін көре аламыз. Сонымен қатар, У-Ди патша әскер жинап, Байдыңға аттанғаны, осы кезде Батыс өңір адамдары Цинхай көліне үнсіз қарап тұрғаны бейнеленеді. Ақын соғыстың ауыр зардаптары мен жарларын күткен келіншектердің мұңын Тянь-Шанның бұлыңғыр табиғаты мен тауды қаптаған қою тұманмен бейнелейді. Мұндағы тұман белгісіздіктің белгісі. Себебі соғысқа кеткен жауынгерлердің өмірі белгісіздікке толы, олардың қайта оралатыны да екі талай [ 2, 167 б. ]

XIX ғ. екінші жартысынан бастап қытай әдебиетінде біраз өзгерістер болса да, қытай қазақтары арасында сақталған ауыз әдебиеті мен сол кезеңге дейінгі жазба шығармалары қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қытайдағы қазақ әдебиеті өз алдына дербес даму арнасы ретінде сол елдегі әкімшілік өзгерістерге сай, өз кезеңдерінде дамыды. Қытайдағы қазақ әдебиеті осы кезеңдер тудырған заман талабына сай қалыптасты. Оның ішінде жалпы қазақ әдебиетінің XX ғасырдың басына дейінгі кезеңінде қалыптасқан шығармашылық дәстүрі, тәуелсіздік, ұлт-азаттық сарындарымен қатар, Қытай коммунистік идеологиясының мүддесін көздейтін әдеби ағымдар да көрініс тапты. Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің алғашқы өкілдері Өмірұзақ (1830 – 1929), Отарбай (1834 – 1914), Төлебай Бөжек (1857 – 1931) ақындар болып саналады. Көптеген басқа да қаламгерлер қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына белсенділік танытты.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін қытайдағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдары өзгеріске ұшырады. Көп шығармалар жазылды. Қажығұмар Шабданұлының «Жат ұрпақ», «Өгейдің күні» жыр-дастандары, «Бақыт жолында», «Жарқын қыз» атты әңгімелері, «Қылмыс» романдары дүниеге келді. І.Оспанұлының (1924 – 1999) «Шаттық жыры», «Тянь-Шань жырлары», «Меруерт» атты өлеңдер жинағы Қытайдағы қазақ әдебиетіне қосылған бағалы еңбектер болып есептелінеді.

Қытайдағы «мәдени төңкерістен» кейін, тарихи тақырыпты жазылған роман жанры өз нәтижесін берді. Ж.Мырзаханұлының «Арман асуында», «Таңқурай», О.Ахметұлының «Өзгерген өңір», «Көкбелес», «Құмдағы іздер», О.Әбділұлының «Ұстаз», Ж.Білалұлының «Жондағы жорықтар», «Торғайлар», Т.Брыскелдіұлының «Тасқын», «Тау тағысы», «Ұлы көш», Ғ.Қанапияұлының «Бұрқасын»,

Ш.Құмарұлының «Бөке батыр», «Көз жасы сарқылмайды», «Ертіс кілкіп ағады» және көптеген тағы басқа романдар соңғы жылдардың бағалы туындылары болып табылады. Қытайдағы қазақ әдебиеті қорында қазіргі уақытта 100-ден астам роман, 600 хикаят, 900-дей өлеңдер жинағы, 150-ге жуық әдеби-сын кітаптары бар.

Қазақ қаламгерлерінің көптеген шығармалары қытай, ұйғыр, моңғол, қырғыз, ағылшын, корей тілдеріне аударылды. Сонымен қатар Қытайдағы әдебиеттің жетекші өкілдері Күнзы, Мыңзы, Ли Бэй, Ду Фу, Лу Шүн, Мау Дүн, Лау Шы, Ба Жин, Сау Иүй, Жанбозан, Уаң Мың секілді сөз зергерлерінің шығармалары қазақ тіліне тәржімаланды. Қытай тілінде жазатын Әкбар Мәжитұлы, Еркеш Құрманбекқызы, Шәріпхан Әбділіұлы, Қайша Тәбәрәкқызы, тағы басқа ақын-жазушылар жетілді. 1950 жылдардан бастап қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыру ісі жүйелі түрде қолға алынды.

Осы аталған әдеби байланыстар екі елдің татулығын жақындастырып, одан әрі қарай қазақ пен қытай арасындағы әдеби байланыстарын дамытуына септігін тигізеді.

1 Абдраимова Н. *Қытай мен Орталық Азия халықтарының проза мен поэзиядағы өзара әсерлері* // *Халық ғылыми-теориялық конференция материалд.* - Алматы, 2009.

2 Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, 2003.

## «ШАҢНАМА» ДАСТАНЫ МЕН ТҮРКІ ТІЛДЕС ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

М. Алдабергенова -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың II курс магистранты*

**Андатпа:** Бұл мақалада бұрынғы заманнан бері Иран мен Тұранның көрші болғаны, кейде дауласып, кейде достасып келген екі ел арасындағы мәдени-әдеби байланыстары, ұлы ғұлама Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнама» дастаны мен түркі тілдес дастандардағы үндестіктері, Иран-Тұран арасындағы жаугершілік шайқастардың басты қаһармандары, дүние жүзіне әйгілі болған «Шаһнама» туралы және қазақ даласында аталған туындының зерттелуі жайында айтылады.

**Тірек сөздер:** рухани кемелдену, сюжет, қарым-қатынас, ұлттық әдебиет, жаугершілік шайқас.

**Аннотация:** В этой статье идет речь о том, что Туран и Иран соседствовали с давних времен, о культурно-литературной связи между двумя странами, которые порой враждовали, порой жили в ладу друг с другом, о высокохудожественном поэтическом произведении «Шаһнама» великого мыслителя Абилқасыма Фирдоуси и о его гармонии с туркоязычными произведениями, о главных героях смутных времен между Ираном и Тураном и о прославившимся на весь мир «Шаһнаме» и об исследовании данного произведения на казахской степи.

**Ключевое слова:** Духовное совершенствование, сюжет, отношения, национальная литература, военные сражения

**Abstract:** This article discusses about Iran and Turan' neighbourhood, that they were friends and sometimes quarreled, also their literature and culture relationship, about the combinatio of great writer AbilkhasymFirdausy's novel "Shakhnama" and Turkic language novels', the main heroes of war between Iran and Turan, world known novel "Shakhnama" and it's research.

**Key words:** Spiritual development, plot, relation, national literature, war

Мәдени және тарихи байланыстары өте тереңде жататын парсы мен түркі халықтарының арасындағы байланыстар – қазақ халқы тарихын зерттеуге көп талпыныстар береді. Рухани кемелденуге бастайтын, рухани қажеттілікті қанағаттандыратын құнды туындылар еш уақытта күн тәртібінен алыстамайды. Зерттеушілердің пайымдауынша: «Қазақ елі мен Иран жұртының арасындағы әдеби қатынастардың тарихының тамыры тереңде жатыр. Екі елдің әдеби сабақтастықтарын, ортақ құндылықтарды зерттеуде отандық, шетелдік ғалымдар көп еңбектенсе де, олардың сыр-сипаттары толықтай ашылып бітті деуге әлі ертерек. Нәзирағәйлік дәстүр мен көркем аударма мәселелері байсалды назар аударуды қажетсінуде. Қазақ әдебиетінің өркендеуіне, кемелдене түсуіне өзге халықтар әдебиетінің тигізген әсерінің орасан екендігі ақиқат. Ұлттық әдебиетіміздің өзге халықтардың әдебиетіне ықпал ете алған бай қазынасы, ғажап қоры бар екендігі ашып айтыла бермегені шындық. Ғылымдағы сондай ақтандақтардың орнын толтыратын күн туды» [1].

Расында шынайы шебердің қаламынан туған, жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттерді ту етіп көтерген жекелеген туындылар қай уақытта да сапасын жоймай, құны арта бермек. Адам баласын соны мұраттарға жетелей түседі, рухани азықтың сарқылмас қайнарына айналады. Осылайша сан мыңдаған жылдар бойына бір-бірімен тығыз байланыста болып келген шығыс әдебиеті мен түркі әдебиетіндегі дастандарда сюжеттер мен мотивтердің өте көп болғандығы айтпаса да түсінікті. Ендеше, сол елдердің әдет-

ғұрыптарында да бір-біріне ауысқан ауыс-түйістердің әсерлерін әлі күнге дейін байқауға болады. Осы жағына баса назар аударар болсақ, онда екі елдің фольклорында кездесетін ұқсас мотивтердің түп негізі қай елдің ғұрыптарынан бастау алатындығын да шамалау оңайға түспек емес.

Қазақтың «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сияқты батырлар жырындағы сюжеттер Фирдаусидің «Шаһнамасындағы» алып Рүстем батырдың ерліктерімен үндесіп жатыр.

Қысқаша "Шаһнама" туралы тоқталып өтсек, бұл туынды Иран-Тұран қарым-қатынастарын жырлауға арналған. Дүниеде руһы биік, қаһарман екі халық болса, соның бірі сөз жоқ түріктер, ал екіншісі ирандықтар. "Шаһнама" тура осы тақырыпты кеңінен ашуға мүмкіндік беретін, әрі бірден-бір тұрандықтар жайлы ең көп мағлұматты қамтыған дүниедегі ең көлемді әдеби шығарма болып табылады. "Шаһнамада" тек қана ирандық батырлардың ерлігі мен адами болмысы сөз болмайды. Сонымен қатар ирандық батырлардың алдында орағытып жүретін тұрандық батырлар әңгіменің негізіне арқау болады. Бұл нені аңғартады? Бұл – "Шаһнаманың" не бір мықты түрік батырларының ерлігі мен батырлық жолынан сыр шертетіндігін көрсетеді. Фирдаусидің келбеті мен батырлығын аузының суы құрып суреттейтін тұрандық: Күміс, Шеңгел, Ашкабус сынды батырлар әлі де өз зерттеушілерін күтетіндігін байқатады. Сонымен қатар, тұрандықтарды ең соңында жеңген болып суреттелетін жеңімпаз ирандық батырлардың, яғни Исфандияр мен Рүстемнің нағыз қан майданда емес, түсіне аламаушылық пен көре алмаушылықтың құрбаны болғандығын көрсетеді [2, 3-4].

"Шаһнама" тақырыбына Шығыста 400 ақын қалам тартқан. 1934 жылы дүние жүзі бойынша Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы атап өтілді. Рүстем туралы хикая, дастандар қазақ арасына кең тараған. Қазақ даласында XIX ғасырдың 30-жылдарында қазақ тіліне аудару жұмыстары іске асырыла бастады. 1856-1870 жылдары Ораз Молда үш аударма, 1888 жылы Сердәлі ақын бір тарауын, ал 1914-1915 жылдары М. Сералин "Рүстем-Зораб" бөлімін аударды [2,3-4]. М. Сералин "Айқап" журналының бірнеше нөмірлеріне бастырды. Т. Ізгілеуов 1936 жылы "Шаһнама" дастанының сюжетін алып қазақ тілінде өзінше жырлап шықты. Ол 1961 жылы "Рүстем-Дастан" деген атпен, 2004 жылы "Шаһнама. Рүстем-Дастан" деген атпен басылды.

Түркі халықтарының жырларында ұлттың рухани сезімін ояндырып, үмітін жандандыратын, келешекке жарқын жүзбен бет бұрған өмірдің шежіресі мен салт-дәстүрі бейнеленген. Рухани байлық эстетикалық және дидактикалық тәсілдермен беріледі. Сондай-ақ түркі халықтары жырларының тақырыбы мен жүйеленуі жағынан бір-біріне ұқсастықтары жиі кездеседі. Мұның себебі түркі халықтарының әлеуметтік саяси, әлеуметтік-мәдени және философиялық негізі ретінде ортақ болуына байланысты [3, 63].

Ұлан-ғайыр кең алаңда қоныстанған түркі мәдениетінің негізін ұштастыратын шығармалардың ұқсас мәнде болуы заңды құбылыс. Мысалы: Көктүрік жазбалары, Оғыз Қаған жыры, Махмұт Қашқаридың «Құтадғу білігі», А. Ясауидің хикметтері, Қожа Насыр хикаялары, Қаражаоғлан, Тахир мен Зухра, Көроғлы жыры т.б. осы құндылықтардан саналады. Осы шығармалардың бастауы, түркі әлемінде ойшыл ретінде танылған ұлы шынар атауына лайықты түркілердің сүйіп оқитын шығармаларының негізін қалаушы Қорқыт ата болып табылады. Міне, осы себепке байланысты Қорқыт ата хикаялары Евразия аймағында орналасқан түркілердің ортақ қазынасы ретінде ұлттық және мәдени жадында сақталған [4, 51].

Сонымен бірге, «Көрғұлы» батырдың жырындағы сюжеттер Фирдаусидің «Шаһнамасындағы» алып Рүстем батырдың ерліктерімен де үндесіп жатыр. "Көроғлы", Көрұғлы, Көрғұлы – қаһармандық халық эпосы. Орта Азия, Таяу Шығыс, Кавказ халықтарына ортақ фольклорлық ескерткішке айналған жырдың түрлі нұсқалары түрікмен, қарақалпақ, өзбек, құмық, әзербайжан халықтарында кездеседі. Алғашқы үлгілері XIX ғ-дың аяғы мен XX ғ-дың бас кезінде жарияланған. Қазақ тілінде жеті нұсқасы басылым көрген. Олар: "Көроғлы", "Қисса Көроғлы", "Хикаят Көроғлы", "Көроғлы мен Безерген", "Көроғлы" (Бозайхан), "Қисса Ғауазхан", "Түрікмен Қасымхан". Жыр сюжеті Қазақстан, Орта Азия, Кавказ халықтарынан бөлек Балқандағы гагауз, Сібірдегі Тобыл татарларына да жақсы мәлім. "Көрұғлы", "Короғлы", "Кер-оглы", "Тургули", т.б. болып кездесетін жыр нұсқаларында сюжеттік айырмашылықтар да бар. Ең жақыны қазақ-түрікмен нұсқалары болып саналады. Оларды байланыстырып тұрған – Көрғұлы батырдың Иран шаһына қарсы күресі, ерлігі. Иран шаһы Көрұғлы әкесінің көзін ойып, Раушан есімді баласы Көрұғлы атанады. Белгілі ғалым И. Брагинский жырдың тәжік нұсқасындағы Шәмбіл қала, Көроғлы атауларының түркі тайпаларынан алынғанын, ал, жыр оқиғасына келгенде оны Иран шаһы Аббас пен түрік сұлтаны Мұрад арасындағы тартыс деген пікір айтқан. Мұның кейбір ұшқындары жырдың қазақ, түрікмен нұсқаларында сақталған [5].

Ал Ж. Баласағұнның «Құтты білік» атты туындысында да үндестіктер баршылық. Қос туынды



арасындағы байланыстардың алғашқысы – өзара үндестіктер. Тарихи тағдыры ортақ екі ел ақындарының туындыларында бірқатар мазмұндық үндестіктер мен өзара әсерлесу құбылыстары көрініс тапқан. Бір ғана мысалға тоқталсақ, түркі жұртының аты аңызға айналған қаһарманы Алып ер Тұңға туралы «Шаһнамада», «Құтты білікте» айтылады. «Құтты білікте» ол «Тұңға Алып ер» аталып, «Ізгілермен араласудың ізгілігі жайында» атты тараудың 23-282 бәйіттері (20 жол өлен) арналған [6, 103].

Түркі халықтарының жырлары тарихи оқиғалардан гөрі халық арасындағы ғажайып оқиғаларды тілге тиек етеді. Міне осы себепке байланысты, араларында мәдени және тарихи байланысы бар ұлттардың әдеби құндылықтарының жарыққа шығуына жол ашып, бір түбірден тараған халықтардың ауыз әдебиетіндегі тепе-теңдіктің жалғасын білдіреді [7, 41-45].

Жоғарыда көрсетілген салыстырулар, түркі тілдес халықтар тарихында орын алатын баға жетпес жырлардағы үндестіктердің тарихи сахнасында ерекше екенін байқатады. Батырлар жырлары қашанда халықтың әдеби-мәдени, құнды мұрасы болып табылады.

1 Дүйсебаев Д. «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аударылуы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2006. – 24 б.

2 Ғ.Қамбарбекова Алғы сөз «Ұлы Дала өркениеті және Шаһнама» // Халықаралық ғылыми конференция материалдары. -Алматы. 7-8 қазан 2009.-3-4 бб.

3 Бердібаев Р. Дастан – халық қазынасы. - Анкара, 2002.

4 Шишман Б. Казакистанда Коркут ата иле илгилі сөйленжелер. - Анкара, 1998.

5 "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, "Қазақэнциклопедиясы", 1998 ж. 5-том.

6 Юсуф Хос Хожиб. Құтадғу билиг (Дайындаған Қ.Каримов).-Тошкент: «Фан», 1972. -964 б.

7 Аділбекова Э.С. Дәстүрлі батырлар жырларының ортақ байланыс желісінің қалыптасу ерекшеліктері //Республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағы. –Түркістан, 2010. - 41-45б.

003.333.3:81:39

## АВЕСТАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ә.И. Мухаммеджанова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың II курс магистранты

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Иранның өте ертедегі маңызды ескерткіші Авестаның бөлімдері және оның тарих сахнасында алғаш рет Анкетиль Дюпперонның зерттеуі жайында айтылады. Авеста – Орта Азия мен Ирандағы зороастризм діні туралы өте бай маңызды материал, салт-дәстүр, мәдениет пен тарихты осы күнге жеткізген киелі кітап жайында айтылады. Сондай-ақ, Авеста тек қана Иранның емес, Орта Азияның көне тарихы және қазақ ғалымдарының киелі кітапқа қатысты зерттеулері бойынша нақты мәліметтер береді.

**Тірек сөздер:** қолжазба, зерттеулер, дін, мәдени жәдігер, отқа табыну, бөлімдері

**Аннотация:** В данной статье говорится о первом исследовании Анкетиль Дюпперона на исторической сцене раннего важного памятника Ирана Авесты, о частях священной Авесты, о том, что Авеста является очень богатым важным материалом о религии зороастризм, о традициях и обычаях, о священной книге, которая донесла культуру и историю до наших дней. Также, Авеста древняя история не только Ирана, но и Средней Азии и дает точную информацию об исследованиях священной книги казахских ученых.

**Ключевое слово:** Рукопись, исследования, религия, культурное наследие, поклонение огню, части

**Abstract:** This article discusses about Anketil Dupperon's research work of an important monument Avesta which was presented in the history scene for the first time, the parts of saint Avesta, Avesta – an important material of Zoroastrianism religion in Asia and Iran, also traditions and customs, culture and history from ancient to nowadays were spoken in that saint book. Also Avesta is not only an ancient history of Iran, also Middle Asia and gives accurate information about investigations of Saint Book of Kazakh scientists.

**Key words:** Manuscript, research works, religion, cultural relic, to worship fire, parts

Авеста – зороастризмнің қасиетті кітабы. Бұл кітап діни ұғымдардан, зороастризмнің дұғаларынан, діни аңыздардан, діни сенімдерден құралған қасиетті жәдігер. Парсылар ертедегі дін-сенімімен бірге қасиетті жазба Авестаны ұмытпай сақтап келеді. Ертедегі араб, грек, сирия, армяндердің авторлардың жинақтарының ішінен Иранда қасиетті Авеста кітабының болғаны жайында мәліметтер бар. Иран тілдес халықтар арасында ұлы ақын Фирдоусидің әдеби өңдеуімен (X-XII ғғ.) жазылған эпопеясында да Авеста туралы жазылған.

Зороастризм діні адамдарды пәктікке, шыншылдыққа, тырысуға және жамандықтан арылуға шақырды. Ұзақ өткен ғасырларда Заратуштараның өмірі белгісіз болды. Кейбір тарихшылардың пікірінше, оны Рей немесе Азербайжанның адамы деп білген. Бірақ ғылымда әртүрлі қолжазбалар,

Авестадан қысқа үзінділері XVII-XVIII ғ. ғана белгілі болған. Белгісіз тілде жазылған Авестаны тек жас ғалым француз Анкетиль Дюпперон (1731-1805) XVIII ғ. Индияға барған сапарында ашқан. Ол 1754 ж. Оксфордта сақталған Авеста жазбасының бірнеше беттерін қарастырып, Индияға баруға шешім қабылдады. Индияда 6 жылдың ішінде А. Дюпперон зороастризм дінін қабылдағандармен достасып, олардың сеніміне кірді. Сол арқылы парсы діни әдет-ғұрыптарымен танысты, қасиетті мәтіндерін оқуын үйренеді. 1771 ж. А. Дюпперон Парижге оралғаннан кейін сол жиналған материалдарын қарастырып, нәтижесінде Авестаның аудармасын жасады, осындай жолмен ғылымға ежелгі парсы тілінің маңызды ескерткіші ашыла бастайды. Осы кезден бастап Авеста көптеген басқа тілдерге аударыла бастаған [1, 6]. Ал Авестаның ең көне қолжазбасы 1288 жылы жазылған [2]. 1324 жылы жазылған қолжазбасы Копенгагенде сақтаулы [3]. «Авестаның» одан кейінгі толық аудармасы 1879-1909 жылдары «Шығыстың қасиетті кітаптары» сериясымен Оксфордта ағылшын тілінде жарық көрген. Кейіннен И.Стеблин-Каменский аударған «Авеста» кітабы 1992 жылы Москвадағы «Дружба народов» баспасынан шыққан. «Авеста» кітабының басқа да аударылған нұсқалары бар [4].

Авестада сол заманда мекендеген халықтардың тарихы, мәдени өмірі олардың діндері, аңыздары, батырлар эпостары туралы сақталған мәліметтері бар. Сонымен бірге Авеста Иран тілдерінің мәңгі өшпес мәдени жәдігері болып табылады. Авестаның ертедегі бөлімі б.э.д. II ғ. I жартысында Орта Азияда шыққан оның ішінде сол кездегі дәуірдің өмірін әртүрлі тайпалардың тіршілігін, көшпенді Орта Азия малшыларын, олардың діни-аңыздарын әдет-ғұрпын суреттейді. Авестаның кейінгі бір бөлімдері Пайғамбар Заратуштраның атымен және оның берген ақылдарымен байланысты болған. Ахеменид кезеңінің өзінде Авестаның мәтіні жазылған. Ол 12 мың сиыр терісінде алтын сиялармен жазылып, Персепольдық сарайларда сақталған болатын. Бірақ бұл жазу А. Макендонский шапқыншылығында жойылды деп айтылады. Содан кейін Шапур I тұсында бұл киелі кітап қайта өңделді. Авестаның қай жерде, қай кезде жазылғаны туралы мәселенің дауы әлі бар [1, 6].

Бұл қасиетті кітап жайлы И.Стеблин-Каменский аударған «Авеста» кітабы (М.,1992), белгілі ақын Ә.Дастанұлының «Авеста» кітабынан жасаған қазақша аудармасы (Парасат, №8, 1993), Т.Еңсегенұлының «Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары» (А.,2001), Х.Көктәндінің «Аспан мен Даланың төрт ұмтылған тарихы» (М., 2001) деген еңбектері бар.

Авеста 21 кітаптан тұрады, әрбір кітап насқ деп аталады. Авестаның әрбір насқ араб шапқыншылығына дейін авесталық – тексттен және зендтен құрылған болатын. Әрбір насқтың өзіне тән жеке атауы болған. Авестаның бөлімдері:

1. Ясна. Авестаны құдайларға табыну сиыну бөлшегі.
2. Висперад – 24 тараудан құралған. Оның бәрі көптеген құдайларға арналған.
3. Видепдат. Диолерге қарсы сөз деген сөз. 22 тараудан тұрады.
4. Яшта – құрметтеу. Мазмұны жағынан Авестаның ең көп бөлшегі.
5. Кіші «Авеста». Онда бірнеше үзінділер, фрагменттер бізге жеткен.

Авеста тек қана дұғалар жинағы емес, сонымен қатар заңдар, астрономия, астрология, медицина т.б. ғылымдардың жинағы. Бұл кітапта табиғат жан-жануар тіршілігі, жер мен аспан иелігі, адам мен жаратушының ара-қатынасы туралы аңыздар, арнайы болжамдар берілген. Адам жаратушының ең сүйікті құлы екені, оның бойындағы ақыл-ойы, өсуі, өзгеруі, еңбектенуі, табысқа жетуі және т.б. жайлары жайында нақты көрсетіледі. Мұнда әділ патша билігін аңсау, тату-тәтті жақсы өмір сүру, ақылмен адал істеп, өз еңбегімен күн көру, барлық кедей адамдарға қайырымдылық көрсетсе деген ізгі пікірлер жинақталған. Біздің күнімізге дейін, бізге тек қана Авестаның кейбір бөліктері жеткен. Сондай-ақ Авестаның барлық мәтіндері сақталмаған. Ғылымға белгілі Авестаның жазбаша мәтінінің әрбір бөліктері ең көп жиналған жинағы болып табылады.

Тарихтың сырын әдебиет ашса, әдебиеттің сырын тарих ашады. Сол сияқты тарихқа, әдебиетке, мәдениетке бай елдің бірі – Иран мемлекеті. Иран мемлекетінің сонау жылдан бергі салт-дәстүрін, мәдениеті мен тарихын осы күнге жеткізген киелі кітабы болып саналатын – Авеста. Бұл Авеста тек қана Иранның емес, Орта Азияның көне тарихын жаңғыртады.

1 Садықова Р.К. «Авеста- әдеби, мәдени жәдігер //Қазақ үні газеті, сәуір.-Алматы, 1996.- 6 б.

2 Көктәнді Х. Аспан мен Даланың төрт ұмтылған тарихы.- М., 2001.-464б.

3 Брагинский И.С. Из истории таджикской народной поэзии. –М.:АН СССР.1956.-495 с.

4 Рысбаева Г. Авестаның бізге жеткен бөлімдері //Қоғам және Дәуір. -№3(7).-Алматы, 2005.

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

ӘОЖ 821.512.122:004

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ СБҚ (ЦОР) – НЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Т. Қ. Жұмажанова

*Абай атындағы Қазақұлттық педагогикалық университеті Қазақ әдебиеті  
кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

**Аңдатпа:** Сандық білім қорларын сабақтарда пайдалану білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырады. Электронды оқу құралдарын дайындау барысындағы барлық жұмыс түрлері оқушының іс-әрекетімен тығыз байланыса отырып оқытушы тарапынан берілетін бағыт-бағдармен сабақтасады. Білім беру ісі жоғары деңгейге жетіп, оның тиімділігі артады.

Ең бастысы оқушының көркем шығармаға деген қызығушылығы артып, мәтінді меңгеруде белгілі бір нәтижеге жетеді. Өз білетіні қолма-қол тексеріп, жетістік, кемшілік жақтарын анықтау, оны түзету сандық білім қорларының ең басты ерекшелігі. Қазақ әдебиетінен электронды оқу құралдарын дайындауда тапсырмалардың бір-бірімен тығыз байланыстылығы, айқын, түсініктілік принциптері сақталған.

**Кілт сөздер.** Сандық білім қорлары, ЦОР, тест, мультимедия, таным, айқын т.б.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены вопросы обучения, учащихся по цифровым образовательным ресурсам на уроках казахской литературы. Цифровые образовательные ресурсы позволяют ученику эффективно и самостоятельно овладеть теоретическим материалом, выполнить практические задания, тестовые задания, проверить свои знания, что позволяет экономить время на уроке. Ученики так же могут тут же обнаружить свои ошибки и исправить их. Всё это вызывает у учащихся огромный интерес к изучению учебного материала и развивает, самое главное, устную и письменную речь учащихся. Этому способствует представленный богатый и интересный материал. В ЦОР по казахской литературе сохранены принципы взаимосвязи, доступности и содержательности. Автор показывает, что в наше время глобализация несет в себе технологии нового типа. Именно поэтому в данной статье рассматриваются актуальные вопросы и значение цифровых образовательных ресурсов, а также их использование на уроках казахской литературы в общеобразовательной школе и высших учебных заведениях. Подготовка цифровых образовательных ресурсы по казахской литературе это условия расширения и укрепления знания студентов и учащиеся.

**Ключевые слова:** цифровые образовательные ресурсы, тесты, мультимедия, задания, эффективно, теория.

**Abstract.** Resources of numeral knowledge are vividly showed at the lessons of literature. They are showed with convenient methods and proved with exact examples. The main thing is that though reading the literature students will be more involved in plot and it will help to raise their interest. Also the attentive reading will help them to understand fully and retell themselves. Resources of numeral knowledge are vividly showed at the lessons of literature. They are showed with convenient methods and proved with exact examples. The main thing is that though reading the literature students will be more involved in plot and it will help to raise their interest. Also the attentive reading will help them to understand fully and retell themselves.

**Key words:** Resources of numeral knowledge, convenient methods, raise their interest, reading, tasks

Электронды оқыту жүйесі білім беру саласын мазмұндық жағынан жаңартудың негізгі бағыттарының бірі. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Аппараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгерді. Электронды оқыту жүйесі ұстаздарға білім берудегі жаңа бағытты үйретеді. Оның үстіне, Қазақстанда электронды оқыту жүйесін енгізу арқылы ЮНЕСКО-ның «барлығына қолжетімді білім беру» және «бүкіл өмір бойына білім алу» сияқты ХХІ ғасырдағы білім беру негізі жүзеге асырылады.

Демек, білім берудің он-лайн жүйелері, электрондық оқулықтарды әзірлеп, қолданысқа енгізу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Электронды оқулықтарды әзірлеу барысындағы барлық жұмыс түрлері, оқушының іс-әрекеті, оқытушы тарапынан берілетін бағыт-бағдар сабақтаса отырып, білім беру ісін жоғары деңгейге жеткізуге, оның тиімділігін арттырып нәтижеге жетуге жол ашады. Қазіргі таңда білім беру ісі – жаңа технологиялармен толығуда, күннен-күнге қарқынды дамуда. Білім берудің тиімді жолын, жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіру барысында, оқушы үшін мультимедиялық түрде берілген, көлемі түінуге жеңіл, қызықты мағлұматтарды құлақпен естіп, көзбен көріп, тиісті тапсырмаларды орындай отырып қабылдаған тиімді екенін тәжірибеміз дәлелдей түсуде. Сол анықталған нәтижені іске асырудың бірден-бір жолы – сандық білім беру қорлары. Оқушы естігенін тез ұмытады, көрсе есте сақтайды, ал өзі

шығармашылықпен орындаса, оның нәтижесі жоғары болып жетістікке жетеді. Бейнелі мультимедия, мәтінді тыңдай отыра, бейнесін көре отыра қабылдау, өз білімінді қолма-қол тексеріп, біліміндегі ақаулықтарды анықтау, оны қолма-қол түзету – сандық білім беру қорларының басты ерекшелігі. Сандық білім беру қоры арқылы аз уақыт ішінде тақырыпты толық игеріп шығуға мүмкіндік туады.

Электрондық оқыту әдістемесі ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім бағдарламасын толыққанды меңгеруге жол ашады. Ал жаңа әдістемелер педагогикалық үрдіске тың серпіліс әкелері сөзсіз. Яғни оқушының ынтасы мен белсенділігін арттырады. Оқушы қаншалықты белсенді болса, білім беру де соншалықты тиімді болмақ. Аталмыш әдістемелер оқушының ғылымды жаңа қырынан тануға да ықпал етпек. Оқушыларға мультимедиялық түсіндірмесі бар интерактивті тапсырмалар орындағанда дұрыс-бұрыстығы бірден айтылады.

Бүгінде сандық білім беру қорларын әзірлеудің өзектілігін бүгінде уақыт талабы көрсетіп отыр. Электронды оқулық дайындаудағы негізгі мақсат:

Оқушыға білімін кеңейтуге мүмкіншілік жасау, мұғалімге көрнекілік жағынан жан-жақты көмек беру. Сандық білім беру ресурстары – жалпы білім беретін пәндер бойынша интернет желісіне орналастырылған, жаңа технология бойынша жасалған тиімді қосымша дидактикалық құралдар, ол кез келген уақытта қол жетімді – білім көзі болғандықтан, бұл жүйе өте тиімді, әрі күннен – күнге сұранысқа ие болуда, СБҚ-ның білім берудің басқа дидактикалық түрлерінен оның бірнеше артықшылығы бар.

1. Сандық білім беру – мультимедиядан, тестіден және тапсырмалардан тұрады.
2. Мультимедия оқушының білім алуға қызығушылығын арттырады.
3. Түрлендіріліп берілген тапсырмалар жүйесі оқушы белсенділігін, ойлау қабілетін қалыптастырады.
4. Тест арқылы оқушы өз білімін қолма-қол тексереді, тақырып бойынша білмейтін сұрағын анықтап, сандық білім беру қорларымен жұмыс жасау арқылы тез арада біліп алады.
5. Оқушының көп уақытын алмайды, 15-20 минуттың ішінде оқушы бағдарламадағы оқу материалынан көп мағлұмат, дерек алады.

Демек, оқушының өз бетімен білім алуына көмектеседі, өз білімін тексеруіне жағдай жасайды.

Оқушы сандық білім беру қорлары арқылы нәтижелі білім алады. Сандық білім беру қорларының тиімділігі оның көмегімен әр-түрлі сұрақ-тапсырмаларды орындауға, білім алуға оқушының ынтасы артады, қызығушылығы оянады. Оқушы тапсырмаларды белсенділікпен, шығармашылық тұрғыда орындауға тырысатынын көрсетті.

Сандық білім беру қорларын жұмыс істеу барысында ең бастысы оқушының оқу белсенділігі артады. Мақсатқа жету үшін оқушы күніне бір қадам болса да алға жылжиды. Оқушы, біріншіден, образды түрде қабылдайды, тақырып әр-түрлі мультимедия, анимациялармен берілгендіктен, оқушының есінде қалады. Оқушы зейінін негізгі мәселеге аударудың тиімді жолы жан-жақты қарастырылғандықтан, сандық білім беру қорларында орындалатын сан-алуан тапсырмалардың әр-қайсысы жүйемен берілген. Орнына қою, алмастыру, жазу, өшіру, автоматты түрде алға жылжыту, тексеру, қайталауға мүмкіндік, кілті арқылы тексеру артықшылығы толық ойластырылған. Электронды оқулық құрылысы: теория, мультимедия, тапсырмалар, тестіден тұрады. Бұл теорияны игеруге, оны мультимедия арқылы бекітуге, тапсырмалар арқылы пысықтауға, тест тапсырмалары арқылы тексеруге болады. Қайталау арқылы рефлексия жасауға, кілті арқылы қатені жөндеп, білімді дамытуға өте қолайлы. Сондықтан да, сандық білім беру қорларын өте тиімді білім беру құралы болатынына күмәніміз жоқ.

Қазақ әдебиетінен жасалған СБҚ осы түбірлі өзгерістің жүзеге асуында маңызды құрал болып табылады. Осы мақсатта қазақ әдебиеті СБҚ-ның мынадай міндеттерді шешуге бағытталғаны айқын байқалады.

- қазақ әдебиетінен білімді өз бетінше алу немесе тереңдету;
- қазақ әдебиетінен алған білімін берілген тапсырмалар мен тестілерді орындау арқылы қолма-қол қолдану;
- түрлі жағдаяттық проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіру;
- ақпараттармен сауатты жұмыс істей білу;
- өз адамгершілік қасиеттерін, ақыл-ойын, мәдени-ақпараттық және мәдени-әлеуметтік деңгейін дамыту т.б.

Жастардың дамуында іс-әрекеттің рөлі зор. Жоғарыдағы көрсетілген міндеттерді шешу берілген СБҚ-да (оқушы) студенттің электрондық оқу іс-әрекетін өз бетімен ұйымдастыруына негізделген. Ол әрекеттер баланы өзін-өзі рухани дамытуға, үнемі тәрбиелеуге, өздігінен білім алып, өз бетінше оқып үйренуге ұмтылдырады.

Қазақ әдебиеті сандық білім қоры ақпараттық оқыту технологиясының концептісіне негізделіп жасалған. СБҚ-ның құрылымы мен мазмұны оның төмендегідей принциптерінің орындалуын қамтамасыз еткен:

- тапсырмалар бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың желілік түзілімі және тақырып өзара іштей дискреттік байланыс құрайды.

- айқын түсініктілік принципі сақталған. Орындаушы жұмысты жұмыс жүйесіне кіретін қадамдар негізінде орындайды. Орындаушы бұл жүйеде қарастырылмаған басқа қадамдарды өз ойынша таңдай алмайды. Ондай басқа қадамдарды бағдарламалық жүйе түсінбейді.

Дәлдік (нақтылық). Белгілі бір жұмыстағы қадам – орындаушының бір ғана іс-әрекетін анықтайды. Сондықтан әрбір қадам дәл және нақты.

Нәтижелілік принцип. Алгоритмде көрсетілген қадам саны - жұмыс соңын яғни нәтижесін көрсетеді.

Бұл ұстанымдар мен қағидаттар қазақ әдебиетінің білім мазмұнын ашуға, меңгеруге, оны бекітуге бағытталған жұмыс алгоритмін құрайды, олардың барлығы алгоритмде белгіленген. Әдеби материалды және оны бекітуге арналған мысал-мәтінде талдау, саралауды, жинақтап меңгеруді, әрі байланыстырып сөйлеуге машықтандыруды осы алгоритм жүйесінде жүзеге асыру қарастырылған.

Бұл қазақ әдебиетінің СБҚ-ының дәстүрлі оқытудан ең басты артықшылығы – алгоритмдік нәтижеге бағытталған оқу әрекетінің ұсынылуы. Дәстүрлі білім беруде уақыттың көбі баланы жалықтыратын баяндау, түсіндіру, үлгіні көрсету сияқты өнімсіз еңбекке жұмсалса, бұл қазақ әдебиеті СБҚ-ында оқушы өз әрекеті арқылы оқып, біліп, танып, меңгеріп, оны қолданып, нәтижесін өзі бағалап, көз жеткізе алады.

Оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық қызметін дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор, себебі дұрыс ұйымдастырылған танымдық қызмет арқылы сананың әрекеттері мен процестері дамиды. Таным ойдың белсенді қызметін қажет етеді және тек ойлау қызметінің ғана емес, сонымен қатар, саналы қызметтің барлық процестерінің жиынтығын да қамтиды. Білімді меңгеру тек есте сақтауды ғана емес, сонымен бірге, алынған білімдер жеке тұлға үшін қажетті мәнге ие болуы үшін оны қайта ойдан өткізуді, көптеген іс-әрекеттерді орындауды қажет етеді. Танымдық қызметтің салыстыру, жүйелеу, нақтылау, талдау, жинақтау, жалпылау сияқты көптеген іс-әрекеттерді алынған білімді сынақтан өткізуді, оның меңгерілуін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Оқу үрдісіне танымдық іс-әрекеттің түрлерін енгізудің мәні мен мағынасы мынада:

- оқыту мен оқудың іс-әрекеттік негізін құрайтын еңбек, таным және сөйлесу мазмұндаудың түрлі байланыстарының көрінісі арқылы бүкіл оқу үрдісі мен оқушының танымдық қызметін байыту;

- танымдық іс-әрекеттің түрлерін оқу үрдісіне енгізу оның тиімділігін арттыруға, оқушылардың белсенділігін арттыруға, өз бетінше жұмыс істеуге, ізденуге даярлығын қалыптастыруға, білім алуға қызығушылын арттыруға септігін тигізетіндігін дәлелдеу.

Оқу үрдісіне енгізілген танымдық іс-әрекеттің түрлерінің өзара байланысы тек қажетті білім, білік, дағдыларды тиімді меңгеруге ғана емес, сонымен бірге оқушыларды тәрбиелеуге, олардың қажетті сапалары мен қасиеттерін дамытуға да ықпал жасайды.

Өзіндік жұмыс оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсенді етудің тиімді құралы болып табылады. Өзіндік жұмыс мәселесі көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды (Н.А.Менчинская, И.Я. Лернер, М.А.Данилов және т.б.)

Дәстүрлі оқытуда оқытушы (оқушы) студенттерге білімді дайын күйінде береді, яғни, оқушы оқыту қызметінің объектісі де, оқытушы субъектісі болады. Мұндай оқытудың оқушыларды қызықтырмайтындығы, тіпті, жалықтыратындығы, нәтижесіздігі қазіргі уақытта көп айтылып жүр.

Компьютерлік оқытуда қолданылатын сандық ақпараттық интерактивті мультимедиялық білім беру қорлары үрдісінде жастардың танымдық іс-әрекетін белсенді етуге негізделген. Оқу үрдісіне сандық білім беру қорларын – электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, т.б. енгізу оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсенді ету мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың зор мүмкіндіктерін ашты. Мультимедиялық бағдарламамен жұмыс істеу барысында оқушы атқаратын танымдық іс-әрекеттің көптүрлілігі оқушының танымдық қызығушылығын туғызуға, оның қабылдауын, түсінуін, ойлауын, есте сақтауын, естігенін (оқығанын) ойда қорыта білуін, сөйлеуін, т.б. мазмұндау, әңгімелеу сөйлесім әрекетін жүзеге асыруға қажетті қасиеттерін, дағдылары мен біліктерін дамытуға негізделген.

Қазақ әдебиеті сабағында мультимедиялық оқыту бағдарламасы арқылы ұйымдастырылатын танымдық іс-әрекет:

- оқушыларды қазақ әдебиеті пәні бойынша көркем шығарманы оқып, түсінуд білім, білік, дағдылармен қаруландырады;

- дүниеге көзқарасын, адамгершілікті, эстетикалық сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді;
- оқушылардың танымдық күштерін, белсенділігін, өз бетінше жұмыс істеу қабілеттілігін, танымдық қызығушылығын дамытады;
- оқушылардың потенциалдық мүмкіндіктерін анықтайды және іске асырады;
- оқушыларды ізденістік және шығармашылық қызметке жұмылдырады.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытуға арналған мультимедиялық оқыту бағдарламасы оқушылардың белгілі бір оқу тақырыптары бойынша берілген материалды өз бетінше және оқытушының көмегімен игеруіне негізделген. Бағдарламамен жұмыс тақырыпқа байланысты берілген оқу мәтінімен танысудан басталады. Мәтінмен танысудан бастап, бағдарлама мазмұнында қамтылған барлық жұмыс түрлері интерактивті режимде орындалады.

Тәжіри барысында бүгінде электронды оқулықтардың – қазіргі оқытудың бірден-бір тиімді жүйесі екені айқындала түседі.

Сандық білім беру ресурсы-әдістемелік құрал. Бір ресурсты жасау үшін тек қана педагог мамандар ғана емес, онға жуық адам жұмыс істейді. Бір ресурсты шығару үшін суретші, аниматор, режиссер, білікті дикторлар, бірнеше саланы қамтыған программистер атсалысады. Сондықтан бұл істегі бір адамның жұмысы жалпы командаға әсер етеді.

Баланың дамуында іс-әрекеттің рөлі зор. Жоғарыдағы көрсетілген міндеттерді шешу берілген электронды оқулықтар оқушының электрондық оқу іс-әрекетін өз бетімен ұйымдастыруына негізделген. Ол әрекеттер баланы өзін-өзі рухани дамытуға, үнемі тәрбиелеуге, өздігінен білім алып, өз бетінше оқып үйренуге ұмтылдырады.

Қазақ әдебиетіндегі электронды оқулықтар ақпараттық оқыту технологиясының концептісіне негізделіп жасалған. Электронды оқулықтардың құрылымы мен мазмұны оның төмендегідей принциптерінің орындалуын қамтамасыз еткен:

- тапсырмалар бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың желілік түзілімі және тақырып өзара іштей дискреттік байланыс құрайды.
- айқын түсініктілік принципі сақталған.

Оқу үрдісіне электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, т.б. енгізу оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсенді ету мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың зор мүмкіндіктерін ашты. Мультимедиялық бағдарламамен жұмыс істеу барысында оқушы атқаратын танымдық іс-әрекеттің көптүрлілігі оқушының танымдық қызығушылығын туғызуға, оның қабылдауын, түсінуін, ойлауын, есте сақтауын, естігенін (оқығанын) ойда қорыта білуін, сөйлеуін, т.б. коммуникативтік сөйлесім әрекетін жүзеге асыруға қажетті қасиеттерін, дағдылары мен біліктерін дамытуға негізделген.

- 1 *Әдебиетті жаңа технологиямен оқыту. (конференция мақалалары). - Алматы, 2007. – 205 б.*
- 2 *Образовательные технологии. // Под редакцией Ю.Н.Кулюткина, Е.Б.Спасской. Санкт-Петербург. 2002. – 152 с.*
- 3 *Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. - Москва, 194-196 с. 1994.*
- 4 *Кувшинов С.В. Гуманитарное знание и образовательные технологии. – Москва, 2012. с. 76-77*

**ӘОЖ: 378. 016**

## **ОҚУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ШОҚАН УӘЛИХАНОВПЕН ТАНЫСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**К. Әбілқасымова -**

*п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ*

**Аңдатпа:** Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 5-6 сыныптарындағы қазақ әдебиеті сабақтарында ақын-жазушылар жөнінде алғаш ұсынылған деректер қысқа, қарапайым түрде берілген анықтама іспеттес болады. Сондықтан да 6 сыныптың оқулығында біз «Шоқан Уәлиханов» атты тақырыпты оқытуға ғалым жөніндегі ресми деректерді беруден гөрі балаларға пайдалы әрі қызықты болатын Г.Н.Потаниннің Шоқан Уәлиханов жайындағы естеліктері бойынша «Ғылымға бастаған жол» деген көлемі шағын, тілі қарапайым, тәрбиелік мәні зор әңгіме мәтінін құрастырып ұсындық. Әңгімені оқушылардың өздеріне қайталап оқытқызып, бірнеше шағын бөлімдерге бөлгізіп, оларды сөздікке сүйене отырып, орыс тіліне аударуды, сұрақтарға жауап беруді ұсынамыз. Келесіде 9 сыныпта «Шоқан Уәлиханов» деген тақырып аясында оқулықта берілген түсініктеме мен орыстың атақты жазушысы Ф.М.Достоевскийдің хатынан алынған үзіндіні меңгертуге қосымша деректерді пайдалана отырып, сабақты саяхат

түрінде өткізудің ұтымды жолын көрсеттік. Оқыту үдерісінде Шоқан Уәлиханов жөніндегі өмірбаяндық деректер оқушылардың назарын әлеуметтік, эстетикалық, интернационалдық бағыттағы мәселелерге аударуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** Ағартушы, ғалым, әдеби мәтін, оқыту үдерісі, құндылықтар, әңгіме, ынта-ықыласы, рухани тәрбие, өмірбаяндық материал, саяхат сабағы.

**Аннотация:** В школах с русским языком обучения на уроках казахской литературы для знакомства с поэтами и писателями предлагаются только краткие сведения из биографии. Поэтому при изучении темы «Ш.Валиханов» в 6 классе мы предложили рассказ, составленный нами по воспоминаниям Г.Н.Потанина, а также определили виды работ, активизирующих учебную деятельность учащихся. Следующий урок по данной теме в 9 классе, где предлагается пояснительный текст и отрывки из переписки ученого с Ф.М.Достоевским, целесообразно было бы проводить в форме урока-путешествия. Такой вид урока позволяет охватить более обширный учебный материал и способствует выполнению учащимися творческих самостоятельных заданий. Вместе с тем биографические сведения о Ш.Валиханове позволяют обратить внимание учащихся на ряд вопросов социального, интернационального, эстетического характера.

**Ключевые слова:** Просветитель, ученый, литературный текст, учебный процесс, ценности, стремления, духовное воспитание, рассказ, биографический материал, урок-путешествие.

**Abstract:** In schools with Russian as the language of instruction in the classroom Kazakh literature to explore the poets and writers offered only brief details of the biography. Therefore, when studying the topic " Sh.Valihanov " in the 6th grade , we proposed a story made by us according to the memoirs GNPotanin and identified types of work , activating learning activities of students. The next lesson on this subject in the 9th grade, which offers explanatory text and excerpts from the correspondence scientist with Dostoyevsky , it would be advisable to carry out in the form of lesson - journey. This kind of lesson can cover more extensive training material and contributes to the students' creative independent assignments . However, biographical information about Valikhanov allow students to pay attention to a number of social issues, international, aesthetic character.

**Keywords:** Educator, scholar, literary text, the learning process, values, aspirations, spiritual education, story, biographical material , lesson- journey .

Қазақ халқының ұлы ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқытудың маңызы аса зор деуге болады. Өйткені Ш.Уәлихановтың әр түрлі ғылым саласындағы ерен еңбегі, өзі өмір сүрген ортада жарқырап жүре білгендігі, сол кездің өзінде басқа ұлт өкілдерінің құрметіне бөленуі жөніндегі мағлұматтар жалпы қазақ халқының білімге, өнерге, жаңашылдыққа деген талабын, рухани құндылықтарын танып білудің көзі болып табылады.

Әдебиет сабақтарында өмірбаяндық деректерді оқытудың әдістемесі жөнінде айта келе, әдіскер ғалым А.Көшімбаев: «Оқушыларға жазушыларды таныстырғанда олардың өмірбаянын бірыңғай схематизм мен формализм жолымен түсіндірмей, әрбір жазушыны тарихи тұрғыдан қарап бағалап, оқушылардың жасына, біліміне қарай әр жазушының өзіне тән ерекшелік жақтарын ашып көрсету қажет» (1, 25) - деп ескертеді. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 5-6 сыныптарында жазушы жөнінде алғаш ұсынылған деректер қысқа, қарапайым түрде берілген анықтама іспеттес болады. Сондықтан да 6 сыныпта біз «Шоқан Уәлиханов» атты тақырыпты оқытуға ғалым жөніндегі ресми деректерді беруден гөрі балаларға қызықты әрі деректі болып табылатын Г.Н.Потаниннің Шоқан Уәлиханов жайындағы естеліктері бойынша «Ғылымға бастаған жол» деген қысқаша әңгіме құрастырып ұсындық (2). Болашақ саяхатшы, ғалымның ақыл - ойы, сезімталдығы, білімге деген ынта - ықыласы сияқты табиғи қасиеттерімен қатар бала кезінен алған тәрбиесі, өзіне-өзі талап қоя білуі, әлемді тануға деген ұмтылысы жөнінде баяндайтын әңгіменің балаларға тигізетін әсері ерекше, танымдық, тәрбиелік сипаты мол. Әңгіме мәтінін оқудан бұрын балаларды сөзге тартып, ағартушы, ғалым Шоқан Уәлиханов жөнінде естіп-білгендерін, ол туралы түсірілген кинофильмнен алған әсерлері туралы айтқызған дұрыс. Интерактивтік такта арқылы көрсетілген ғалымның портреті мен ол туралы жазылған естеліктер, кітаптар, суреттер сабақ тақырыбына қызықтыра түседі. Балалардың жауаптарын қорытындылай отырып, мұғалім өзінің кіріспе сөзінде Шоканның балалық шағы Қазақстанның табиғаты ерекше сұлу Көкшетау жерінде өткендігіне, ғалымның бала кезінде жыр-аңызға, ертегі тыңдауға, сурет салуға құмар болғандығына тоқталып, оның ақыл-ойының қалыптасуына әсіресе әжесі Айғаным мен әкесі, аға-сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың көп әсер еткені жөнінде айтып береді. Әкесі баласының білімді адам болуын армандап, оны Омбы қаласындағы кадет корпусына әскери оқуға жібереді. Осы мектепте ол орыс балаларымен бірге оқи жүріп, білім жағынан олардан озып кеткендігі туралы досы Григорий Потанин естелігінде жазып қалдырғандығы оқушылардың назарын әңгімеге аударады.

...Мен Шоқанмен корпусқа оқуға келгенде таныстым. Ол орысша білмеді, ал мен қазақша білмедім. Бірақ Шоқан орыс тілін тез арада үйреніп алды. Екеуміз де кітап оқуды жақсы көрдік, әсіресе саяхатшылар туралы кітапқа қатты қызығатынымыз, сондықтан екеуміз жақсы араласып кеттік. Мен қазақ

даласы мен географиясы туралы естіп - білгенімді дәптерге жазып алып жүрдім. Шоқан сол жазуларды өз әңгімелерімен толықтырып отырды. Сөйтіп біз қазақтардың бүркітпен аңға шығу дәстүрін жазып шықтық. Шоқан бүркітті қалай баптау керектігін және оны аңға салудың ретін терең білетін. Мен оның айтқандарын жазып алатынымын, ал ол менің жазғандарыма суреттер салып отыратын. Осы кезден бастап біз айырылмастай дос болдық.

Шоқан тез жетілді, ал оқу жағынан орыс достарынан озып та кетті. Ақылды, дарынды балаға айналасындағы үлкендер де қызыға қарайтын еді. Демалыс күндері оны офицерлер мен сібір шенеуніктері үйлеріне шақыратын. Қаланың білімді адамдарымен ерте араласуы да Шоқанның талабын жетілдіре түсті.

Шоқан өте көп оқитын, өскенде саяхатшы болуды армандайтын. Қалалық кітапханадан кітап алу оқушылардың ішінен тек Шоқанға ғана рұқсат етілді. Ол әкелген небір кітаптарды мен де құмарта оқитын болдым. Біз Шоқаннан үлкен болсақ та, білім жағына келгенде ол бізден әлдеқайда жоғары еді. Корпус оқушылары үшін Шоқан «Еуропаға қарай ашылған терезе» іспеттес болды...

Баяндалған оқиға балаларға қызықты, әңгіме көлемі шағын, тілі қарапайым, тәрбиелік мәні зор. «Текст дегеніміз мұғалім мен балаға ортақ объект» (3,31), - деген Ә.Қоңыратбаевтың пікірін ескере отырып, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуларын ойластырамыз. Сондықтан мәтінді оқушылардың өздеріне қайталап оқытып, бірнеше шағын бөлімдерге бөлгізіп, оларды сөздікке сүйене отырып орыс тіліне аударуды ұсынамыз. Талдау жұмыстарын өткізуде балалардың назарын Шоқанның зеректігіне, оның жан-жақты білім алуға ерте кезден-ақ талпынғандығына, кітапқа құмар болғандығына аударамыз. Ол үшін төмендегі сұрақтарды ұсынамыз:

1. Шоқан бала кезінде өлең-жырлар мен ертегілерді кімдерден естіп, жазып алып жүрді?
2. Шоқан мен Григорий Потанин алғашқыда қалай танысты?
3. Олар неліктен жақын араласып кетті?
4. Балалар бүркітпен аңға шығу жөнін қалай суреттеп отырды?
5. Шоқан мектепте қалай оқыды? Қаланың білімді адамдары неліктен Шоқанға қызыға қарайтын еді?
6. Потаниннің «Шоқан Еуропаға ашылған терезе іспеттес еді» деген сөздерін қалай түсіндірер едің?

Нақты қойылған сұрақтар көркем шығарманы оқушыларға терең меңгертуге, оның мазмұнында баяндалған оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, қарым-қатынастарына байқау жасап дұрыс жауап берулеріне апарады. Балалар оқу-білімге, өнерге деген өздерінің де көзқарастарын білдіріп, шынайы достық, татулық жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектеп оқушыларының Шоқан Уәлиханов жөнінде осы алғашқы сабақта естіп білгендерінің, мәтінде берілген деректердің, мұғалімнің әңгімесінің эстетикалық, тәрбиелік әсері ерекше, олар оқушыларды ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша оқуға ынталандырады, жоғары сыныптарда осы тақырып бойынша әр түрлі шығармашылық жұмыстарды өткізуге көмегін тигізеді. Оқыту үдерісінде Шоқан Уәлиханов жөніндегі өмірбаяндық материал әлеуметтік, рухани, эстетикалық және интернационалдық бағыттағы бірқатар мәселелерді қоюға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқандарымызды 9 сыныпта өткізілетін «Шоқан Уәлиханов» деген тақырыпты оқытуға арналған сабақта көрсетейік. Оқулықта берілген түсініктеме мен орыстың атақты жазушысы Ф.М. Достоевскийдің хатынан алынған үзіндіні меңгертуге қосымша деректерді пайдалана отырып, бұл сабақты саяхат түрінде өткізуді жөн деп есептейміз.

Сабақтың басында мұғалім: «Қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлиханов туралы оқып білгендеріңді естеріңе түсіріп, өз беттеріңмен басқа да мағлұматтарды үйден оқып келдіңдер. Енді соларды жинақтай отырып, бүгінгі сабақты саяхат түрінде өткіземіз. Ол үшін 3 топ болып бөлінген оқушылар қиял кемесіне мініп Шоқан дүниеге келген Қазақстанның Швейцариясы атанған Көкшетау өңіріндегі Сырымбетке келеміз. (Тақтаның жанында ілінген картадан көрсетіледі) Осы жерде Шоқан туып-өскен, осы жерге әрбір сапарынан сағына қайтып келіп жүрген. Енді Шоқан жайлы оқығандарыңды, естіп білгендеріңді тыңдайық» - дей келе сөзді арнайы дайындалған 1- топқа береді.

1- оқушы: Шоқан 1835 жылы қараша айында Құшмұрын деген жерде туған. Оның әкесі Шыңғыс орыс мектебінде оқып, кейін әскери училищені бітірген. Шоқан туғанда ол полковник атағын алған сол Құшмұрын округінің аға сұлтаны қызметін атқарып жүрген. (тақтада жауаптарға сәйкес слайдтар көрсетіледі)

2- оқушы: Шоқанның балалық шағы Көкшетау өлкесіндегі ең бір көркем жерде – Сырымбет тауының баурайында өтеді. Ол жерге көз тіксек зәулім қайындарды, иісі аңқыған шыршаларды, мөлдір бұлақтарды



көреміз. Осы жерде патшаның жарлығымен Шоқанның Айғаным атты әжесіне арнайы салынған үйлер әлі де тұр.

3-оқушы: Шоқан бала кезінде өте зерек, алғыр болған екен. Оның тәрбиесіне әжесі Айғаным көп көңіл бөліпті. Халық ауыз әдебиетіндегі небір қызықты ертегі, жыр-аңыздарды Шоқан сол әжесінен естіп біледі. Ауыл молдасынан оқып хат таныған соң Шоқан сол естігендерін жазып алып жүреді. Оның ғылыми ізденістері де ауыз әдебиетін жазып алудан басталады.

Мұғалім: Бала кезінде Шоқан тағы қандай өнерге бейім болды?

4-оқушы: Шоқан суретті жақсы салатын және қазақтың аңшылық өнеріне қызығатын.

Мұғалім: Енді біз Омбы қаласына аттанамыз, өйткені аға сұлтан Шыңғыс баласы Шоқанды осындағы кадет корпусы деп аталатын әскери оқу орнына береді. (Омбы қаласының көшелерінің, кадет корпусының ғимаратының суреттері көрсетіледі) Ендігі сөзді 2 - топтағы оқушылар жалғастырады.

1-оқушы: Шоқан оқуға түскен кадет корпусы сол кездегі таңдаулы оқу орны болып саналатын. Шоқан корпусқа келгенде орыс тілін білмеген, бірақ өзінің қабілетінің арқасында тез арада тілге үйреніп алды. Ол кітап оқуды, сурет салуды жақсы көрді. Бұл жөнінде біз оның мектептес жолдасы Потаниннің естелігінен оқыдық.

2 - оқушы: Мен Потаниннің естелігінен мына жолдарды оқып берсем. «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді...Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін.»

3 - оқушы: Шоқанды зеректігі, білімге деген құштарлығы, өз халқының ауыз әдебиетін жақсы білгендігі үшін корпусстың мұғалімдері жақсы көрді. Әсіресе Костылецкий, Гонсевский деген озық ойлы оқытушылар Шоқанмен көп әңгімелесіп, қосымша оқуға журналдар кітаптар беріп отырған.

4 - оқушы: Шоқанның білімділігіне қалаға келген басқа адамдар да қызығатын. Мысалы, әйгілі географ Семенов-Тяньшанскийдің естелігінде ол туралы «Потанинмен қатар Омбыда менің әсіресе, көңілімді аударған екінші бір адамым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды» - деп жазғаны бар. Осы қалада Шоқан Сібірде айдауда жүрген орыстың атақты жазушысы Ф.М.Достоевскиймен кездесіп жолдас болады. (Шоқан Уәлиханов пен Ф.Достоевскийдің хаттарынан үзінді оқылады).

Мұғалім: Жақсы. Сонымен 1853 жылы Шоқан оқуын бітіріп шығады. Оған офицер атағы беріліп, Батыс Сибирьді басқарған генерал Гасфорттың адъютанты қызметінде қалтырылады. Дегенмен Шоқанның басты мақсаты әскери қызметте болу емес. Осы жөнінде 3 – топ оқушылары не айтар екен?

1-оқушы: Расында Шоқан саяхат жасап, тарихшы болуды армандайды. Ол қазақ халқының салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін жақсы білді, соларды жиыстырып, зерттеп жариялауды мақсат етті.

Мұғалім: 1855 жылдан бастап Шоқан орыс офицерлерімен бірге бірнеше саяхатқа шығады. Мына картаға Шоқан саяхат жасаған жерлерді тауып белгілейік және дәптерлеріңе жер-су аттарын жазып отырындар.

2-оқушы: 1855 жылы Шоқан Жетісу, Орталық Қазақстан жерлерінде, Тарбағатай тауында болып қайтады. Ол ел аузынан тарихи оқиғалары, әдет-ғұрыптары, діни нанымдары туралы деректерді жинап жазып алады.

4-оқушы: 1856 жылы Шоқан Уәлиханов қырғыз және ұлы жүз қазақтарының мекендеген жерлеріне сапар шегеді. Мұнда ол қырғыз халқының тарихы мен «Манас» атты жырын, басқа да жыр-аңыздарды жазып алды. Солардың негізінде бірнеше көлемді мақалалар жазғаны мәлім.

3-оқушы: Келесі жылдары Шоқан Уәлиханов Қашқария жеріне өзінің атақты саяхатын жасайды. Осы қауіпті сапарды басқарып барған Шоқан ержүрек саяхатшы ретінде атағы шығады. Оның әкелген деректері, қолжазбалары өте жоғары бағаланады.

4 - оқушы: 1859 жылы Шоқан Уәлиханов Петербургке барады. (Картадан Петербург қаласының суреттері көрсетіледі). Мұнда ол орыс географиялық қоғамында ғылыми жұмыстар атқарады, шет тілдерін оқиды.

Мұғалім: Міне біз атақты ғалым, тарихшы, әдебиетші Шоқан Уәлихановтың туып-өскен, оқып, білім алған, саяхат жасаған жерлерінде болып қайттық. Ғалыммен қатар жүрген, қызметтес болған орыс ғалымдары мен саяхатшылары П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.Н. Пантусов, Н.И. Веселовский, Е.П. Ковалевский, Н.М.Ядринцев және т.б. естеліктері мен хаттарында оның халқына жасаған қызметін, зерттеу еңбектерінің маңызын, биік адамгершілік бітімін айқын суреттейтін пікірлерін жазып қалдырған. Үй тапсырмасы ретінде сол естеліктердің бірін оқып, айтып беруге дайындалу және хронологиялық кестені жазып келу ұсынылады.

Бұл сабақтарда әр оқушының өз бетімен ізденуі, байқап білгенін салыстырып, түйіндеп, өз ойын дәлелді жеткізіп, шығармашылық жұмыстарды орындауы мұғалімнің сұрақ-тапсырмаларды тиімділігіне,

деңгейлік сатыларына қарай сұрыптап алдын ала ұсынуына, көрнекіліктер мен қосымша деректерді орынды пайдалана білгендігіне байланысты болады.

- 1 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1982. – 202 б.
- 2 Әбілқасымова К., Мақырұлы С., Әрінова Б. Қазақ әдебиеті. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 6 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Білім, 2006. – 112 б.
- 3 Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987. 176 б.
- 4 Әбілқасымова К. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың теориялық негіздері. Монография. – Алматы: Білім, 2010. – 280 б.

ӘӨЖ 372.881.151.212.2

## ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Р. Н. Бегалиева -

*педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

**Андатпа:** Тіл мәдениеті – оқушыларды өз ойын ауызша да, жазбаша да дұрыс жеткізе білуге тәрбиелейді. Ондай нәтижеге жету үшін, біріншіден, тілдің қалыптасқан жүйесін, соған негізделген өзіне тән заңдылықтарын, яғни әдеби тілдің мәдениетін сақтауға тура келсе, екіншіден, сөйлеушінің айтайын деген ойының қарым-қатынасының мақсатына сай тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді орынды, талғап қолдану мәдениеті болуы, жетілуі керек. Мақалада оқушыларды тіл мәдениетіне тәрбиелеудің негізгі ұстанымдары мен негізгі принциптері туралы жазылады. Тіл мәдениетіне берілген анықтамалар сараланады. Тіл мәдениетіне тәрбиелеудің дидактикалық, әдістемелік ұстанымдары қарастырылады.

**Тірек сөздер:** *тіл мәдениеті, тіл тазалығы, тіл байлығы*

**Аннотация:** Повышение языковой культуры школьников своевременно, так как расширение социальной сферы казахского языка является актуальной проблемой сегодняшнего дня. Государственный язык, отражающий национальное сознание, народные традиции, обычаи и культуру, должен быть сохранен для потомков. Именно учитель, основной инструмент которого – слово, призван передать достояние языка подрастающему поколению. В связи с этим школьники должны не просто уметь правильно выражать свои мысли, но и красиво, убедительно говорить. В статье рассматриваются основные принципы обучения культуре речи учащихся. В работе также даётся анализ литературы, посвящённой воспитанию культуры речи, подробное описание дидактических приёмов и методических рекомендаций ведения занятий по данной теме.

**Ключевые слова:** культура речи, чистота языка, богатство языка.

**Annotation:** The development of students' language culture of pedagogical specialties is in good time, as the increase of social sphere of Kazakh language is the actual problem today. The state language, expressing national consciousness, traditions, customs and culture, must be preserved for descendants. It is the teacher, whose main instrument is a word, who must transfer the property of language to the new generation. Together with this the students of pedagogical specialties must not only be able to express their thoughts but also to speak good and convincingly. In this article main positions and main principles of educating students to the culture of speech is considered. The definitions of the culture of speech are analyzed. Didactic methodological positions of educating to the culture of speech will be written.

**Key words:** *culture of language, cleanness of language, riches of language*

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» үшінші бағыты «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті» деп аталады. Мемлекеттік бағдарламада тіл мәдениетіне ерекше мән беріліп отырғаны жайдан-жай емес.

Адам баласының ой-өрісі мен білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екенін жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқау қиын емес. Абай: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түседі.

«Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл

жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [1.17 б.].

Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», -деп анықтама береді.

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», -дейді [2;3].

«Тіл мәдениеті» негізінен «Сөз мәдениеті», «Сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді. Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады.

Сөйлеу мәдениетіне байланысты өтілетін практикалық сабақтарда ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне көп көңіл бөлініп, қателерді тіл фактілері негізінде талдап, сырын ашып көрсетудің пайдасы зор. Осы ретте қазақ тілі пәні мұғалімдеріне артылар жүк ауыр болмақ. Өйткені, мұғалім мектеп оқушыларды таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге бағыттайды, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауды қадағалайды. Сонымен қатар, оқушылардың мәтінді мәнерлеп оқып, ойларын байланыстырып, жүйелі сөйлеуіне көмектеседі.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді киюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттын баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршендігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері оқырмандарына өмірдің өзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

Тіл мәдениеті жөніндегі теориялық және практикалық пікірлерді дамытушылардың бірі – И.И.Срезневский. Ол тілді оқушының ойлаудағысы мен тікелей байланыстыра отырып, баланы қысқа әңгімелер түріндегі жаттығу жұмыстарына бейімдеу пайдалы дей келіп, «Важно для приучения отличать более важное от менее важного и неважного вникать в те основы слов и выражений которыми изображаются основные мысли ... как безотносительно к форме, в которой та или другая мысль выражается так, и с объяснением самой форм выражения, чтобы заставить детский ум оценить форму», - деп балалардың жұмыстарында, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде синонимдерді барынша кеңінен қолдануға жеттігіңайтты. [4, 144 б.]

Оқушыларды тіл мәдениетіне тәрбиелеу төмендегідей дидактикалық, әдістемелік ұстанымдарға негізделеді:

– теория мен практиканың бірлігін нығайту, яғни тілдік білік пен коммуникативтік біліктің қатар қалыптаспауына жол ашуды көздей отырып оқыту.

– білім мазмұны мен білікті қалыптастыру жүйесіндегі сатылы-сабақтастықты сақтау, яғни тіл білімі салаларының бір-бірімен ұштастырыла берілуін қамтамасыз ете отырып оқытумен қатар, сол білімді тілдік білікпен сабақтастыруға басымдылық беру.

– білім мазмұнының қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына сәйкестігі, яғни тіл мәдениетінің оқушының өзіндік көзқарастары мен дүниетанымын жетілдірудің басты факторларының бірі екендігіне жол аша отырып оқыту.

– оқушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру, яғни тіл мәдениетінің оқушының жеке бас қасиеттері мен қабілеттерін дамытуына мүмкіндігін барынша дұрыс пайдалана отырып оқыту.

– тіл мәдениетін лингвомәдени, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика мәселелерімен байланысын арттыра оқыту, яғни сөйлеу әдебі, сөз мәдениеті талаптарына ерекше мән бере отырып оқыту.

Ал, оқушыларға тіл мәдениетін оқытуда мынандай міндеттер қойылады:

– ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін мұғалімнің және оқушылардың өзара сөйлесуіне көңіл бөлігізіп талдату;

– ауызша сөйлеу тілі әдеби тілде сөйлеу және ауызекі сөйлеу тілі болып бөлінетіндігіне мысал келтіру;

– оқушылардың айналасындағы адамдардың, үй-ішінің ауызекі сөйлеуіндегі қателерді тапқызып, әдеби тілде сөйлеудің үлгісін келтіру;

– ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап, мәнерлеп сөйлеумен де байланысты екендігін білгізу мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерін, шешендік сөздерді әуезді, мәнерлі, құлаққа жағымды етіп айтқызу;

– дыбыстарды сындырып айтуға төселдіру;

– күйтабақ немесе ұнтаспадан әртістер оқыған үзінділерді тыңдатқызып, салыстыра талдау жасату;

– сөз қолдану мәдениеті, ең алдымен, сөздің емле ережесіне сай жазылуымен байланысты екендігіне бағытталған жазба жұмыстарын жүргізу;

– жазба жұмыстарында сөздердің бірге және бөлек жазылатын түрлеріне, терминдердің жазылуына, аң-құс, жан-жануар, өсімдік атаулары, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер салаларына қатысты құрал-жабдық, ұғым атаулары, мамандық, кәсіп атауларының бірде бөлек, бірде бірге жазылуына көңіл бөлігу;

– жыл бойы өтілген тілдік тақырыптар мен пайдаланылған оқу материалдары бойынша әр түрлі топқа жататын сөздердің мағыналық реңктерін ескеріп, әңгімелеу, баяндау, сипаттау, мінездеу, талқылау бағытындағы мәтіндер құрату [5]

Қорыта келгенде, тіл мәдениетіне тәрбиелеу – қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жасөскінді тіл өнеріне баулу, туған тілінің қыры мен сырын терең меңгерту, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады. Сондықтан да, оқытудың озық технологияларын дұрыс, әрі сауатты қолдануымыз қажет.

1 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері. - Алматы, 1965.

2 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы, 1984.

3 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. - Астана, 2001.

4 Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту //С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. - Өскемен, 2004.

5 Кунапьянова А.Д., Аубакирова Л.Р. Тіл мәдениеті және оған қойылатын талаптар// С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. - Өскемен, 2004.

**ӘОЖ 378:016:811.111.004**

## **ҚЫТАЙ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР**

**С. Токтарбек –**

*II курс магистранты*

**Аңдатпа:** Мақалада қытай тілі фонетикасын оқыту- қытай тілін үйренудің алғашқы қадамы және қытай тілін оқытудың басты негізі, сонымен қатар, қытай тілін толық меңгеруге аса зор ықпал жасайтындығын ескере отырып, қытай тілі фонетикасын оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың бағыт-бағдары көрсетіліп, студенттер қытай тілі фонетикасының дыбысталу заңдылықтарын дұрыс меңгеруге, дыбыстау қабілеттерін жетілдіруге негіз қалау жолдары қарастырылды.

**Тірек сөздер:**Қытай тілі, дыбыстау заңдылықтары, дыбыстау дәлдігі, дыбыстау шеберлігі, фонетика оқытуы, оқыту әдістері.

**Аннотация:** В статье рассматриваются проблемы обучения студентов фонетике китайского языка, первые шаги обучения, главное как помочь освоить китайский язык полностью, использовать инновационные методы и направления изучения фундаментов фонетики, правильно освоить особенности фонетики и основных фундаментов ее развития.

**Ключевые слова:**китайский язык, правила фонетики, точность и чтения фонетики, методы обучения, мастерство фонетики.

**Abstract:** The problems of educating of phonetics of Chinese, first steps of educating, are examined in the article, main as a help to master Chinese fully, to use innovative methods and directions study of phonetics, it is correct to master the features of phonetics and basic foundations of her development.

**Keywords:** Chinese, rules of phonetics, exactness and reading of phonetics, methods of educating, mastery of phonetics.

Қытай тілінде фонетика-тілдің материалдық қалыбы. Қытай тілін үйрену барысында, фонетикалық дыбыстаудың дәлдігі-үйренушілердің тілді меңгеру деңгейінің маңызды нысаны болып табылады. ЖОО-дағы қытай тілін шет тілі ретінде оқытатын объектілер –ана тілінің фонетикалық дыбыстау дағдысы қалыптасқан жас жеткіншіктер екені бәрімізге аян. Қытай тілі фонетикасын оқыту барысында, студенттердің қытай тілін үйренулеріне негіз қалап, қытай тілінде тілдесім қабілеттерін жетілдіріп, үйрену өнімділігін жоғарлату үшін, қытай тілі фонетикасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланып, қытай тілін оқытудың алғашқы сатысын тамаша бастамамен бастаудың мәні зор, маңызы жоғары. Сондықтан, қытай тілі фонетикасын оқыту барысында төмендегідей бір неше әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн:

**1. Еліктеуәдісі.** Оқытушы дыбыстап үлгі көрсеткеннен кейін, студенттер оқытушының дыбыстауы бойынша ілесіп дыбыстау әдісі. Бұл әдіс-қытай тілі фонетикасын оқытудың ең негізгі әдістерінің бірі болып саналады. Еліктеу әдісі арқылы шыңму, юнму, тон, буын және сөйлем, т. б фонетикалық жаттығулар жасауға болады. Еліктеу әдісін –топтық еліктеу әдісі (барлық студенттер оқытушының дыбыстауы бойынша қайталап дыбыстау әдісі) және жеке еліктеу әдісі (бір студент ғана оқытушының дыбыстауы бойынша дыбыстау әдісі) депекіге бөлуге болады. Топтық еліктеу әдісінің артықшылығы-топтағы барлық студенттер бірлікте, бір уақытта емін-еркін оқиды да, студенттердің құлақ пен аузы тең дәрежеде әрекеттеніп, тыңдау мен сөйлеуге бір уақытта жаттығып, сөйлеуге деген қызығушылығы жоғарлайды. Ал, кемшілігі-дұрыс дыбыстай алмайтын студенттер назардан тыс қалады. Сондықтан, топтық еліктеу әдісі арқылы бір неше рет қайталаған соң, жеке еліктеу тәсіліне көшіп, әрбір студенттерге жеке-жеке оқуды талап еткен жөн. Жеке еліктеудің артықшылығы-студенттердің дыбыстау барысында кездескен қиындықтары мен қателіктерін оңай байқап, деркезінде түзетуге ыңғайлы. Ал, кемшілігі – студенттер қарбаластыққа түсіп көңіл-күйлерінде қобалжу пайда болады. Дыбысталуы қиын дыбыстарды дыбыстағанда, оқытушы дыбыстау мүшелерін қос қолымен еліктеп көрсетумен қатар, студенттерге дыбыстау мүшелерінің орын дәлдігін айқындау керек. Мысалы: сол қолдың алақанын төмен қаратып, оң қолдың алақанын жоғары қаратып біріктіргеннен кейін, сол қолдың бірінші буынын төмен қарай иіп, үстіңгі тіске; оң қолдың саусақтарын тегіс жазып, тілге уәкілдік етіп;саусақ ұштарын тіл ұшы деп санап, саусақ ұштарын үстіңгі тістің артына жақындатып, тіл жаттық айтылатын z c s дыбыстарын еліктеп дыбыстауға; оң қолды сәл ғана артқа қарай жиырып, тіл ұшын үстіңгі тістің артынан аз ғана алшақтатып, тіл үсті дыбыстары j q x дыбыстарын дыбыстауға; тіл ұшын қатты тандайдың алдыңғы жағына жақындатып, тіл ұшы қайырылатын zh ch sh r дыбыстарын дыбыстауға болады. Бұл әдістерді пайдаланып тілдік және тістік дыбыстардың дыбыстау мүшелерін обыразды әрі ыңғайлы етіп көрсетуге болады.

**2. Дыбыс бастау әдісі.**Дыбыс бастау әдісі дегеніміз – студенттер үйренген фонемалары немесе өз ана тіліндегі дыбысталуы ұқсас фонемалар арқылы, дыбыстау мүшелері мен дыбыстау тәсілдері ұқсастау келетін басқа фонемаларды немесе дыбысталуы оңай дыбыстарды дыбыстау мүшесіне жақындау қойып, дыбысталуы біршама қиын дыбыстарды дыбыстау деген сөз. Мысалы: «е» дыбысының дыбысталуы біршама қиын болғандықтан, студенттерге алдымен «о» сынындыбысын үйрету керек, онан соң «о» дыбысының үн аралығына әкеліп, қолымызбен ауызды көрсетсек, езудің екі жаққа қарай тартылып,ерін пішіні дөңгеленуден сопақшаға қарай өзгерісінен «е» дыбысы айтылатынын аңғарамыз. Тағы бір мысал,ауыз жинақы айтылатын дыбыс «и»-ны үйретуден бұрын «і» -ды дұрыс дыбыстап алған соң, қолымен аузын нұсқап көрсетіп, дыбыстау барысында ерін біртіндеп жинақталып, сопақшадан дөңгелектеніп «и» дыбысы дыбысталады. Қытай тілін алғаш үйрене бастаған студенттер «г» дыбысын дұрыс дыбыстай алмай қиналады. Сондықтан, дыбысталуы біршама оңай «sh» дыбысын дұрыс дыбыстағаннан кейін, «sh» дыбысының дыбыстау тәсілі бойынша, дауыс шымылдығының тербелісінен дыбыс жеңілден ұяңға өзгеріп «г» дыбысы айтылады. «г» мен «і» біпігіп, қытай тілінде төртінші тондағы ㄣ ирогилифі оқылады. Оқытушы студенттерді дыбыс бастау әдісі арқылы жоғарыдан төмен қарай оқытса ㄣ буынын қиындықсыз оқи алады. Сонымен қатар, 日子, 日夜, 星期日 т. б жалғасты қайталап жаттығу жасату арқылы студенттердің қытай тіліне деген қызығушылығы артып, «г» дыбысының дыбысталу тәсілін өте тез меңгере алады.

**3. Дененің немесе заттың көмегімен дыбыстау әдісі.** Қытай тілі фонетикасын оқыту барысында

кейбір дыбыстарды дененің немесе заттың көмегімен дұрыс дыбыстап үйретуге болады. Айталық: (1) Саусақ арқылы тіл ұшы қайырылатын дыбыстарды үйрету. Тіл ұшы қайырылатын zh ch sh дыбыстары дыбысталуы қиын дыбыстар тобына жатады. Оқыту барысында студенттерге үлгі көрсету тәсілін қолданып үйретсекте дұрыс меңгере алмайды. Себебі, тіл ұшы артқа оңайлықпен қайырылмайды, студенттер zh ch sh r дыбыстарының дыбысталуын тұлғалық жақтан түсінгендей болғанымен, оқытушының дыбыстағанына еліктеп дыбыстай алмайды. Мұндай жағдайда саусағымыздың көмегіне жүгінгеніміз жөн.

Сұқ саусағымызбен тілдің ұшын артқа қарай қайырып, сұқ саусақтың бірінші буынынан ақырын ғана тістеп, оқытушы алдымен үлгі көрсетіп, онан соң студенттерге еліктетіп дыбыстату керек. Студенттер тілдің орны мен тіл ұшының артқа қайырылу дәрежесін сезінгеннен кейін zh ch sh дыбыстарын қайталап жаттықтырсақ, тіл ұшы қайырылатын дыбыстарды бірте-бірте дұрыс дыбыстай алатын болады.

(2) Тіл ұшын тістеу тәсілі арқылы мұрын алды юнмуларын дұрыс дыбыстауға үйрету.

Қытай тіліндегі мұрын алды an en in дыбыстары мен мұрын алды дыбыстарына қатысты ian uan т.б. дыбыстарының дыбысталуы қазақ тілді студенттерге оңай соқпасы анық. Ал орыс тіліне бейім студенттерге ang eng ing uang iang т. б мұрын арты дыбыстарын дыбыстау өте қиын шаруа. Сондықтан, оқытушы алдымен an мен ang -ды үлгі көрсетіп дыбыстаған соң, студенттер an мен ang -ның дыбыс өзгешелігін тыңдау барысында ажырата алғанымен, алайда an -ды дұрыс дыбыстай алмайды. Мұндай қиындықтарға кездескенде тіл ұшын тістеп дыбыстау тәсілін қолданған жөн.

Дыбыстау тәсілі: тіл ұшын алдыға қарай шығарып, астыңғы және үстіңгі тістің ортасына әкеліп, тіл ұшын ақырын ғана тістеп дыбыстап жаттыққаннан кейін, an -ды дыбыстап көрсету. Осы тәсіл арқылы қайталап жаттығу барысында an дыбысын дұрыс дыбыстауға болады.

(3) Жұқа қағаз парақшасы арқылы қытай тілі фонетикасындағы қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздарды ажырату тәсілі.

Студенттерге қатаң дауыссыздар p t k q c ch -ларды үйрету барысында, бір парақ жұқа қағазды ауызға жақындатып дыбыстананда, ауа ағысы қағазды дірілдетеді; ал b d g j z zh дыбыстарын дыбыстағанда мұндай құбылыс байқалмайды. Міне бұл тәсілді қолдану арқылы қытай тіліндегі қатаң және ұяң дауыссыздарды ажыратуға болады.

**4. Әсірелеу әдісі.** Бұл әдіс – оқытушы қытай тілі фонетикасын оқыту барысында дыбыстау шеберлігін лайықты пайдаланып, студенттердің естерінде қалатындай етіп, қытай тіліндегі белгілі бір дыбыстарды ерекшелендіріп көрсететін әдіс болып табылады. Әсірелеу әдісінің көлемі өте кең болады. Айталық: ауыз пішінін үлкейту, дыбыс аралығын созу, дыбыс күшейту, тонды әсірелеу т.б. Қытай тілі фонетикасын оқыту барысында, әсірелеу әдісін лайықты түрде лайықты қолдансақ дыбыс пен дыбыс, тон мен тон арасындағы айырмашылықтарды айқын айырып, студенттердің қытай тіліндегі дыбыстарды дұрыс дыбыстауға көмектеседі. Мысалы: «а»-ны дыбыстағанда, ауыздың ашылу дәрежесінің ең үлкен болатындығын ескерте кету керек. Сонымен қатар, қосар юнмуларды оқығанда, негізгі дауысты дыбыстың басымдылығын даралап көрсеткен жөн.

Қытай тіліндегі төрт тонның ішінде екінші тон мен үшінші тонды оқыту біршама күрделі болады. Сол себепті, қытай тілі пининіндегі төрт тонның дыбыс жоғары-төмендігін «бес сызықты тон кестесі» бойынша 55 35 214 51 -екендігін образды түрде елестетіп, ілестіріп оқыту барысында оқытушы қол ишаратымен тонның дыбысталу ерекшеліктерін әсірелеп көрсетіп отырса, студенттер дыбыс жоғарылығы тонның өзіндік қасиеті екенін бірден түсініп, тез қабылдайды. Әсірелеу әдісін фонетика оқытуы барысында үлгі көрсету негізінде пайдаланып, студенттер қытай тілі фонетикасындағы дыбысталуы біршама қиын шыңму, юнму және тонды толық меңгеріп алғаннан кейін, оқытушы қалыпты фонетика оқытуына қайта оралуы керек.

**5. Дыбыс түзету әдісі.** Дыбыс түзету әдісі дегеніміз – оқытушы әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің дыбыстау барысындағы дыбыстау қателіктерін өнімді түрде түзету жасайтын фонетика оқытуының тиімді әдісі. Қытай тілі фонетикасын үйренудің алғашқы басқышында, студенттер көптеген фонетикалық қателіктерге жол беретіні сөзсіз. Студенттерге дыбыстау дәлдігін дұрыс меңгерту үшін, фонетикалық қателіктерді түзету – фонетика оқытуындағы аса маңызды түйіндердің бірі болып саналады. Қате дыбыстарды түзетуде әдіске ерекше көңілбөлген жөн. Қате дыбыстарды түзетуде ұтымды әдіс – тәсілдерді пайдалансақ дұрыс дыбыстау нәтижесіне қол жеткізе аламыз. Ал керісінше, тиімді әдіс – тәсілдерді қолдана алмасақ, дыбыстаудағы қателіктерді барысында өнімділікке қол жеткізе алмаумен қатар, студенттердің қытай тілін үйренуге деген қызығушылығын солғындатуымызда әбден мүмкін.

Сондықтан, тілді меңгеру барысында студенттердің барлығында ортақ сақталған, дыбыстауға қиын дыбыс пен тонды оқытушы аудиторияда түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, студенттерді шабыттандыру

негізінде деркезінде түзетуі керек. Оқытушы түйінді түрде үлгі көрсетіп, студенттерге қайталап жаттығу жасатып, дыбыс пен тонды дұрыс дыбыстағанға дейін жалғастыру керек. Студенттер жеке дыбыстау барысында кездескен қиындықтарына оқытушы түрлі амал – тәсілдерді барынша пайдаланып, дұрыс дыбыстай алатын студенттерді көмекке тартып, немесе оқытушы өзі сабақтың іші – сыртында арнайы пысықтау жасауы қажет. Сонымен қатар, студенттер дыбыстау барысында жіберген қателіктері көрнекті болып, өздері дұрыс түзете алмаған жағдайда, оқытушы түрлі әдіс – тәсілдердің көмегіне сүйеніп, қателіктің қай жерде екнін дүп басып, баяндау әдісі, дыбыс бастау әдісі және салыстыру әдісі т.б. оқыту шеберліктері арқылы сабырлықпен түсіндіріп, үлгі көрсетіп, қайталап жаттығу жасатып, дұрыс дыбыстауға қарай жетелеу тиіс. Оқытушы студенттердің дыбыстау барысындағы жіберген қателіктерін мүлде қайталамай, студенттерге құрметпен қарап, олардың қытай тілі фонетикасына селқостық танытпау жағын қарайластырып, дұрыс дыбыстау өнімділігіне қол жеткізу керек.

**6. Тыңдап ажырату әдісі.** Тыңдап ажырату әдісі дегеніміз –қытай тілі фонетикасын оқыту барысында студенттердің дыбыстарды тыңдап және дыбыс айырмашылықтарын ажырату шеберліктері мен біліктілігін шыңдайтын әдіс. Жаттығу жасау – қытай тілі фонетикасын оқытудың ең басты басқышы болып саналады. Бір неше дүркін қайталанған жаттығулар арқылы ғана студенттер қытай тілінің дыбысталу заңдылықтарын дұрыс меңгеріп, қытай тілінде емін – еркін сөйлесе алады. Фонетика жаттығуын – дыбысқа жаттығу және дыбыстарды тыңдау жаттығуы деп екі түрге бөлуге болады. Тыңдап ажырату әдісі – дыбыстарды тыңдау жаттығуының типтік әдісі болып, фонетика оқытуында орнын огейсітуге келмейтін басты түйіндердің бірі болып табылады.

Тыңдап ажырату әдісінің жаттығулары: қатаң шыңмулар p t k мен лепсіз шыңмулар b d g , тіл ұшы алды шыңмулары z c s мен тіл ұшы арты шыңмулары zh ch sh ,мұрын алды юнмулары in en an мен мұрын арты юнмулары ing eng ang және алдыңғы дыбысы басымдыққа ие юнмулар ai ei ao ou мен соңғы дыбысы басымдыққа ие юнмулар ia ie ua uo ue т. б. эмбебап мазмұнды қамтыған сұрақтармен жүргізілуі керек. Сонымен қатар, үнемі қолданыстағы қарапайым ирогилифтермен дыбыс ажырату жаттығуларын жасауға да болады. Мысалы: 叉子——车子气象——去向石头——舌头扎人——抓人产区——

厂区长针——长征人民——人命日历——热力人群——人穷 т. б. Тыңдап ажырату әдісі арқылы қытай тілі фонетикасының шыңму, юнму және тон тұрғысынан жан-жақтылы жаттығулар жасап, студенттердің қытай тілі фонетикасының дыбысталу заңдылықтарын меңгеріп, қытай тілінде емін-еркін сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге негіз қалайды.

Қорытып айтқанда, қытай тілі фонетикасын оқытудың әдіс-тәсілдері алуан түрлі болғанымен, қазақ тілді аудиторияда қытай тілі фонетикасын оқыту барысында, көптеген әдіс-тәсілдерді біріктіріп қолдануға болады. Алайда, біз бұл әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің білімі мен қажетіне қарай оқытатын болсақ, қытай тілі фонетикасын оқыту барысында кездескен қиындықтарды жеңіп, тамаша оқыту өнімділігіне қолжеткізе аламыз.

- 1 戴桂芳, 初级汉语口语. 北京: 北京大学出版社, 1997.
- 2 周健, 汉语教学方法研修教程. 北京: 人民教育出版社, 2004.
- 3 崔永华, 对外汉语课堂教学技巧. 北京: 北京语言大学出版社, 2010.
- 4 刘珣主编, 新实用汉语课本, 北京: 北京语言大学出版社, 2009.

ЭОЖ 37.016 :821.512.122

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР –БІЛІМ БАСТАУЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

А. Қ. Бидайбекова -

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалының Алматы қаласы бойынша ПҚ БАИ  
«Инновациялық дамуды әдістемелік қамтасыз ету» бөлімінің аға қызметкері*

**Андатпа:** Ұсынылған мақала жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымыз негізінде руханилық пен адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қозғайды. Мақала мұғалімдер мен ата-аналар қауымына арналған. Бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдері мен ата-ананың ең қасиетті міндеті дарынды, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыруда мақаланың маңызы зор.

**Тірек сөздер:** Ұлт, құндылық, жас ұрпақ, мектеп, білім беру жүйесі, ұлттық тәрбие, мұғалім, ана тілі, ұлтжанды, оқушы, сабақ, салт – дәстүр.

**Аннотация:** Данная статья направлена на нравственное и патриотическое воспитание подрастающего поколение на основе национальных ценностей. Статья адресована учительской и родительской общественности. Значимая роль статьи для решения актуальной задачи учителей и родителей.

**Ключевые слова:** Нация, ценность, молодое поколение, школа, система образования, национальное воспитание, учитель, родной язык, патриот, ученик, урок, обычай, приметы.

**Abstract:** Young generation the article, that was Given, moves question to morality by education spiritual on national basis of values. Dedicated to community the article, teachers and parents. School in today's groin on to form personality teachers same saint duty parents talent, ұлтжанды importance of the article superiority.

**Keywords:** Nation, value, years generation, school, education system, national education, teacher, language of mother, ұлтжанды, student, lesson, custom-tradition.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып шығар-ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз ұлттық құндылықтар болуы қажет. Біз ғаламтор жүйесімен, жаңа озық технологиямен, тіпті ғарышты игерумен ғаламды таңқалдыра алмаймыз. Санаулы жылдардан кейін еліміздегі барлық мектептердің материалдық-техникалық базасы әлемдік стандартқа сай болатынына шүбәміз жоқ. Сонда басқа елден немен ерекшеленеміз? Әрине ұлттық мәдениетімізбен, әдет-ғұрыптарымызбен, тіліміз, ділімізбен, қазақстандық менталитетімізбен ғана ерекшеленеміз. 2007жылғы шілдеде қабылданған ҚР «Білім туралы» заңының 11-бабында «ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп, білім беру жүйесінің міндетін анықтап берді. Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыда білім үрдісінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды мұрат етіп отыр. Бұл орайда білім мазмұны арқылы бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін – көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына дарыған жас ұлан келешекте бәсекеге қабілетті, тәуелсіз еліміздің қорғаны болатыны сенімді. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту үрдісінде енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын



тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп, өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Бірақ, басты ескеретін қағиданың бірі — білім жүйесін жаңғыртуда табиғаты халқымыздың болмысына жат, шетелдік нұсқаларды эталон, үлгі есебінде қабылдамай, жаңа мектебіміздің басты философиялық тұғырнамасын ұлттық идеяға, ұлттық табиғатымызға негіздеп, қазақстандық және жалпыадамзаттық мүдделерді басшылыққа алып, рухани-мәдени құндылықтарымызға басымдылық бере отырып қалыптастыру. Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай күйі, еліміздің полимәдениеттілік, көпконфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтеріміз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді.

Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жасөспірімдерді отаншылдық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім моделі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Қазақстан Республикасының баянды да тәуелсіз мемлекет болу үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азамат керек. Қазақ мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының тарихын, дінін, мәдениетін біліп, құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу, жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті. Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру – басты міндетіміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып,

«Менің Отаным-Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін тәрбие жұмысын жүргізуі міндетті. Отансүйгіштік - азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» – біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызымен ұштастыра білетін, саналы азаматы болуды талап ететін құбылыс.

Ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иман жүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып, жан-жақты ойлана отырып берсек, біздің де, мемлекеттің де көркейетіні даусыз.

Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып оқыту арқылы мұғалім ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ. Ұлттық құндылықтар арқылы білім беру дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап

калу-үлкен міндет. Қазақ халқының кешкен тірлігі мен тұрмысы сонау көне ғасырдан бері жасасып келе жатқан бай ауыз әдебиетінде сақталған. Ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы – халықтың мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, даналықтарында. Мектепте бастауыш сыныптан бастап оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр жаттатып, ертегіні нақышына келтіріп баяндауды үйретіп, рухани құндылықты бойына сіңіреміз. Жастайынан осыларды естіп, ұлттық бұлақтан сусындап нәр алған бала ешқашан да ұлттық келбетін жоймайды. Республикамыздың әрбір азаматы ұлтына, сенімі мен нанымына, саяси көзқарасымен, ұстаған бағыт-бағдарына қарамастан, өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекеттің «туған елім, Отаным» деп тануы керек. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттық салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін сыйлау, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану-қоғамның әрбір мүшесінің міндеті. Олай болса, баланың сана-сезімін сол ұлттық мәдениеті мен салт дәстүрлерін меңгеру негізінде дамыту керек, ұлттық құндылықты жастайынан бала бойына сіңіре білсек, еліміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын да нұрлы болмақ, несімен ерекшеленбек дегенде, ұлттық құндылығымен және білімді ұрпағымен дегеніміз жөн болар.

Мектеп бағдарламасында шығармашыл, рухани, өзіндік пікірі бар дара тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі-мұғалімнің парызы. Әдебиеттік оқу сабағында қандай да бір тақырыпты өткенде Жиренше шешен, Асанқайғы, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке шешен, Сырым батыр, Ақтамберді жырау, т.б. даналық сөздері мен өлең жолдарын пайдаланып, олардың өз ұрпағының тәрбиелі, өнегелі болуына алаңдап, қалдырған ғажайып сөздерінің тереңіне сүңгі білуге үйретудің маңызы орасан зор. Мысалы: атақты Қазыбек би туралы деректер айта келіп, шешеннің: «Тату болса, ағайын жақын, ақылшы болса, апайын жақын, бауырмал болса, інің жақын, инабатты болса, келінің жақын», - деген сөздерін мысал ретінде алып, ынтымаққа, ізгілікке шақыратын «Татулық-табылмас бақыт», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген халық мақал-мәтелдерін жазғызуға, т.б. осындай сөз маржандарын іздестіріп келуді тапсыруға болады. Сөйлем түрлерін өткенде, шешендердің жақсы мінез-құлыққа үйрететін тәрбиелі сөздерін аламыз. Мысалы, «Көрікті қандай болады?» - деп сұрағанда, Қорқыт атаның: «Тізесін бүгіп отырған инабатты қыз көрікті, өнегелі ұл көрікті. Үлкен шаңырақтың қасына тігілген кішкене отау көрікті. Жібек шатыр үйдің нәзік жібі көрікті» деген жауабын алсақ, әрі сөйлем түріне мысал, әрі тәрбиелік мәні мол. Даналық сөздер мен халық даналығынан мысал келтіре отырып, оқушыға сол сөздердің түйінін айтқызуға болады. Мысалы, Кенжәлі шешеннің: «Ел басшысыз болғанда-жетім, жер жанбырсыз болғанда-жетім, сөз тыңдаусыз болғанда-жетім», немесе «Жігіттің жақсысы қандай болады?» деген сұраққа: «Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген-жақсы жігіт» - деп жауап қайтарған Әйтеке шешеннің сөзінен тәлім-тәрбиелік жағына назар аудартып, «естіге екі сөз жетіп жатыр», «есті екі айтқызбайды», «адам болатын бала алысқа қарайды», «кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деген мақалдарды жаттап алуға кеңес беріледі, халқымыздың ырым-тыйымдарынан мысал келтіру арқылы оларды біле түсуге ынталандырып, үйдегі ата-әжелерінен осындай сөздерді сұрап біліп алу тапсырылады. Халқымыздың «көкті жұлма, күлді шашпа, жерді қазба, құс ұясын бұзба, суға түкірме» деп келетін ырым-тыйымдарынан олардың ежелден эколог болғанын, табиғат тазалығына ұмтылғанын көреміз. «Ата тұрып ұл сөйлегенен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген Малайсарының сөзіне жас бала Сырымның «Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар. Ана тұрып қыз сөйлесе, бой жеткені болар» деп қайтарған жауабын алуға, сөйтіп оның мағынасын ұғындыру керек.

Оқушыларымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзгін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар,

тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық құндылықпен сусындаған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Қазіргі жас ұрпақ – ертеңгі ел болашағы. Қорыта келе рухани күшті тұлғалардан құралған ұлт қана жаһандану тасқынындағы түрлі толқындарға қарсы тұра алмақ. Қазіргі қазақ қоғамына халықтың жаны мен қаны Асанқайғыдай, Бұқардай, Абайдай, Алаш қайраткерлеріндей туған халқына жан жүрегімен құлдық ұратын, ұлттық рухы зор ұрпақ тәрбиелеу парыз.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу дегеніміз

- олардың бойына бағзыдан келе жатқан құндылықтарымызды сіңіру;
- бай мәдени мұрамызды насихаттау;
- отансүйгіштік, патриоттық өнегелерді жаңғырту;
- білім мен мәдениеттің озық үлгілерімен терең сусындату. Елбасының даналық сөздерімен аяқтасақ, «Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы керек.»

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050» стратегиясы.

2 ҚР Білім туралы заңы 2007. 27шілде. №319-III

3 Избасарова Ж.Ж. «Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарға бағыттап оқыту»

4 Бижанова Н. Ұлттық құндылық қасиеттер.- Алматы. // Қазақстан мектебі. - 2007. - № 3,

УДК 373.016:821.512.122

## ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ БЕРУ

Р.Б. Бораш - п.ғ.к.,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

**Аңдатпа:** Мақалада драмалық шығармаларды оқытуда әдеби-теориялық ұғым беру мәселесі, жанр түрлерін оқытудың әдебиет сабағындағы өзіндік ерекшеліктерін түсіндірудің әдістемелік жолдарына тоқталады. Драмалық шығарманы оқушыға жеткізу үшін драма табиғатын танытатын ғылыми негіздерді жеткізу өзекті болатыны жайында айтылады.

**Тірек сөздер:** драмалық шығарманы талдау, эпикалық, поэзиялық шығарма, драма, трагедия, комедия.

**Аннотация:** В статье говорится о проблемах изучения литературно-теоретических понятии в драматических произведениях, и останавливается на своеобразную особенность методики объяснения видов жанра на уроках литературы. В изучении драматического произведения самым актуальным считается дать понятие о научных основах сущности драмы.

**Ключевые слова:** анализировать драматическое произведение, эпическое, поэтическое произведение, драма, трагедия, комедия.

**Abstract:** The article researches to the study of the problems of literary-theoretical concept in dramatic works, and stops at a peculiar feature of the methodology explanation kinds of genre in literature classes. In a study of dramatic works considered most relevant to the concept of the scientific basis for the essence of drama.

**Keywords:** analyze dramatic work, epic, poetic work, drama, tragedy, comedy.

Тәуелсіз Қазақстан халқы Елбасымыздың «Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын тыңдады. Жолдаудан Президенттің «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деген сөзі қазақ тілінің мерейін үстем ете түсетіні анық.[1] Қазақ халқының талай ұрпақ өсіріп, бірнеше қоғамдық даму сатыларын басынан кешірген өмір тарихында тіл мен әдебиет ажырамас рухани серігі болып келді. Қазақ өнері соның ішінде сөз өнері халықтың ақыл-ойын, дүниетанымын, көзқарасын, эстетикалық талғамын, талантын танытып келді.

Әдебиеттің сөз өнері ретінде адамзат өмірін, болмысты, табиғат-тіршілікті бейнелеу мүмкіндігі шексіз. В.Г. Белинский: «поэзия адамның еркін тілімен берілгендіктен онда үн де, сурет те және байымды, айқын түсінік те болмақ. Поэзия тұтас өнер, соның бүкіл ұйытқысы болып табылады»[2], барлық өнер алды әдебиет екендігін танытады.

Әдебиеттің алатын маңызды орны білім беру саласында да қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, өнерін танытумен бірге өз орнын айқындаған. Әдебиетті оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, шығармашылық қарым-қабілетін, логикалық ойлауын дамыту, адамгершілік - эстетикалық

қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері шешімін тауып отыр.

Әдебиет пәні - оқушыға өнер әлемін, тылсым табиғат күйін, қарапайым адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынас үйлесімін танып білуге, әсемдік сырын ұғып, сезініп, бағалауға, көркем шығармаға еліктеу, ынта қою, сүйіспеншілікті ояту мен мәдениетті оқырман қалыптастыруға тәрбиелейді. Мектептегі әдебиет пәні тұлға қалыптастырудағы негізгі эстетикалық бағытқа негізделген оқу пәні. Қазақ әдебиетін оқыту арқылы оқушының көркем туындыны тануға қажетті теориялық білім, біліктілік дағдылары қалыптасады. Шығарманы мазмұн мен сюжет бірлігінде талдай білу, көркем бейне, шығармада берілген кейіпкер мінездерінің сырлы әлемін, автор идеясы мен жазушы ой бедерін шығарма желісіне сүйене отырып тану белсенділігі артады. Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет пәні рухани қажеттілікті өтей алатын көркем туындыны талғампаздықпен тани білетін оқырман қалыптастыруды мақсат тұтады.

Қазақ әдебиетінің үш тегін оқыту соның ішінде драмалық шығармалардың оқушының білім деңгейін ғана емес, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін, дүниетанымы, шығармашылық, логикалық ойлау, мәдениетін қалыптастырып, дамытудағы маңызды орны үлкен. Мектепте драмалық шығармаларды оқытуда әдебиет теориясынан берілетін ұғымдар драма табиғатын танытудың алғашқы құралы, білім көзі болып табылады. Драмалық шығармаларды оқытуда берілетін әдеби-теориялық ұғымдар жүйелі түрде көркем шығармамен байланыста, драма ерекшеліктерін танытатын ерекше құрал ретінде, әдебиеттанудың маңызды бір саласы дәрежесінде оқытылады. Қазақ драматургиясының інжу-маржандарын оқуда оқушыларға берілетін алғашқы әдеби-теориялық ұғымдар әдебиет зерттеушілерінің, ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып беріледі. Зерттеуші Қ.Мырзағалиев: «Әдебиеттің көркем сөз екенін танытатын –әдебиет теориясы. Әдеби-теориялық ұғымдардан хабар алмай,сөз өнерінің қасиетін тану мүмкін емес. Әдеби теориялық ұғымдарды тану арқылы шәкірттің сөз өнеріне деген талғамы, эстетикалық сезімі қалыптасады»-деп тұжырымдайды.[3]

Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі міндеттері- оқушылардың әдеби тілін жетілдіру, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, шығармалардың көркемдік болмысын түсініп қабылдауға жол салу. Мұндай мақсаттар әдебиетті оқыту барысында оқушылардың жан-дүниесіне әсер ете алатын әдістерді қолдану нәтижесінде ғана орындалады. Проза, поэзия, драматургия қайсысы болсын ең бастысы туындының көркемдік болмысын оқушыға таныта алатын жақсы әдістер жүйесін қолдану арқылы ғана оқушының рухани дамуына жеткізеді. Драмалық туындылардың сахна өнерімен, театрмен байланыстылығы осы жанрдың мазмұн - құрылымындағы әдеби – тілдік заңдылықтардың ерекшелігін танытса, сол заңдылықтарды оқушыға үйрету, меңгерту жолы арнайы әдістемелік дайындықты қажет етеді. Қазақ мектебіндегі әдебиет бағдарламасы бойынша оқылатын драмалық шығармалар саны прозалық не поэзиялық шығармалардан көп емес. Бірақ, әрбір туындыны оқытудың оқушының білімі, тәрбиесі, ақыл-ойы дамуында алатын өзіндік орны бар екендігі белгілі. Драмалық шығармалардың әдебиеттің басқа жанрларынан ерекшелігін оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын, ойлауын, сөздік қорын байытудың жаңа қырлары танылады. Кенжелеу дамыған қазақ драмасының өзіне тән ерекшелігін айқындап, драма теориясына тұжырым жасай отырып, ғылыми анықтама берген, классикалық туындыларға талдау жасаған алғашқы әдебиеттанушы ғалымдардың бірі – Қажым Жұмалиев.

"Драма - (грекше drama - қимыл-әрекет) - сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар. Драмаға уақиғаны қызу тартысқа құрып, мейлінше шиеленістіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тану - айрықша тән қасиет"-деп терминдер сөздігінде анықтама берілген.[4] Оқушыларға берілетін алғашқы теориялық ұғым да осыдан басталуы керек. Оқушы театр сахнасынан спектакльдер, теледидардан телеспектакльдер көріп олардың әдебиетте пьесалар арқылы танылатынынан хабардар. Әдебиет сабағында, сыныптан тыс жұмыстарда шағын көріністерді өздері де қойып жүреді. Алайда оның теориялық ұғымдарының өзіндік мазмұнға иелігін, драма жанрының басқа жанрдан өзіндік ерекшелігі бар екенін зерделей бермейді. Драма жанрымен алғашқы таныстықта драмада әңгіме, повестегі сияқты автордың баяндауы, суреттеулері, кейіпкер мінездерін танытуы, портретін сипаттауы болмайтыны айтылады. Драмалық шығармалардың кейіпкерлері қатынасушылар атынан сөйлейтіні, оқиғаның оқушылардың көз алдында өтіп жататыны, қимыл-қозғалыс, көңіл-күй бәріне өздері қатысып отырғандай әсер алатыны, ондай шығармалардың пьеса деп аталатыны туралы түсінік беріледі. Драманың ертеден келе жатқан жанр түрі, оның эпикалық шығармалар сияқты өмір танытудағы ерекше түрлері туралы да білім оқушыны қызықтырады. Драмалық шығарманың өзіндік ішкі ерекшеліктеріне, мазмұндық сипаттарына байланысты болып келетінін түсіндіру үшін әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиевтің: «Драмалық жанр трагедия, драма, комедия болып үшке бөлінеді. Бұлар өзара суреттемек болған оқиғасын және оқиғаға қатысушыларды талғап алу түріне

карай айрылады. Көркем шығармалар түрлі оқиғаларды, күресті көрсетеді. Көздеген өз мақсаттарына жету үшін, қатысушылар бір-бірімен, ішкі (психологиялық) және сыртқы бөгеттермен күреседі», - деген ғылыми тұжырымын басшылыққа алуға болады.[5] Трагедия (гр – tragos -ескі, ode - ән, жыр) терминінің аталу себебі өнердің тууы негізінде көне грек аңыздарының жатуында. Қ.Жұмалиев: «Трагедия сахнаға арналып жазылады. Мұндағы көрсетілетін күрестің өзгешелігі, автордың пікірінше, кездесетін қиыншылықты жеңіп болмайтын тәрізді. Трагедияның көпшілігі-ақ қаһарманның өлімімен аяқталады», - деп трагедияда адам өмірі шешілмес қайшылықтарға тіреліп, тұңғыықтан шығар жол тек кейіпкердің қайғылы өлімі арқылы көрінетін ерекшелігін айтады.[5] Жанрдың осындай ерекшелігін М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедияларын оқу барысында Еңлік пен Кебектің, Қозы мен Баянның қайғылы өлімі арқылы байқатамыз. Әдебиеттанушы ғалымның ескі грек трагедиялары (Эсхил, Софокл ) мен Англиядағы жаңа дәуірдегі трагедияның ұлы жазушысы Шекспир трагедиялары жөнінде айтқан құнды ғылыми ой-тұжырымдарын мысал ретінде келтіру оқушының трагедиялық жанрдың табиғатын тереңірек тануына мүмкіндік береді.

Трагедия табиғатының осындай ерешелігін В.Г. Белинский де: «Трагедия әр уақытта да жүректің ең қымбатты үмітін бұзумен бүкіл өмірдің рахатын жоғалтумен аяқталады», - деген ұлы суреткердің ой тұжырымының қазақ трагедиялық жанрларында үндестік тапқанын түсіндіру де оқушы танымын кеңейте түспек.[2]

Ал, драма жанры жайында Қ.Жұмалиев: «Драма – сахнаға қоюға лайықталып жазылатын драмалық жанрдың бір түрі. Драмаларда әлеумет өмірінде кездесетін үлкен, ауыр халдермен қатар салт-тұрмыста күнбе-күн кездесетін күлдіргі жайттар да ұштастырыла көрсетіледі. Егер трагедияда күлкінің кездесуі шарт емес болса, комедия түгел дерлік күлдіргі оқиғаға құрылады, өлім мүлде болмайды. Драмада бұл екі элементтің екеуі бірдей кездесе береді. Сондықтан бұл трагедия да, комедия да емес, өзінше бір түр болып есептеледі.», - деп драманың анықтамасын жасайды.[5]

Драма жанрын өту барысында XIX ғасыр драманың жан-жақты дамып, сыншыл реализм әдісінің қалыптасуына ықпалын тигізуі, орыс әдебиетінде бұл жанрдың әдебиетке еніп, кемелденуіне сыншыл реалистер А. Островский, А. Чехов, М. Горький, Ф. Корнейчук, К.Треневтің драмалық шығармалары, қазақ әдебиетінде М. Әуезов, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Қ.Мұхамеджанов драмаларының маңызы зор екенін атап айтамыз.

Оқушыға драманың адамзатқа әсер етуші күші жайында А.М. Горькийдің: «Көркем сөз творчествосының барлық түрлерінің ішінде адамға ететін әсері жағынан ең күштісі драма мен комедия деп есептеледі, бұлар театр сахнасындағы нақты қимыл арқылы қаһармандардың ішкі сезімдері мен ойларын ашып көрсетеді», - деген сөзін келтіру де драманың өзіндік ерекшелігін танытпақ.[6] Драманың тақырып аясының кеңдігі, онда қарапайым өмір құбылыстарынан бастап, сан алуан күрделі қоғамдық мәселелерге дейін тақырып бола алуы, өмірдегі құндылықтар және адамдардың әрқайсысының оларға деген көзқарасы мен қатынасы түрліше авторлық позицияда, түрліше тіл байлығы мен ой шеберлігі арқылы суреттелуі оқушының оқырмандық қызығушылығын тудырады. Драмалық жанрды талдау барысында өмірдің мәні, адамның сол өмірдегі белгілі бір орны, өмірдегі қат- қабат шиеленісті оқиғалар алынып, адамның қоғамда, отбасында, қызметте, ұжымдағы қарым-қатынас кезіндегі мінезін, іс-әрекетін камтитындығына түсінік беру оқушының драма жанры туралы теориялық білімін толықтырады.

Драма жанрының адам өмірінің құндылығы мен қоғамдық өмірдің түрлі мәселесін қарастыруы - жас ұрпақты тәрбиелеуде үлгі-нұсқа. Осындай маңыздылығы ескеріліп мектеп бағдарламасында драма жанрын оқыту әркезде енгізілген. Мысалы, кеңес өкіметі кезінде Ә.Әбішев «Достық пен махаббат», тәуелсіздік алғаннан кейінгі оқулықтарға Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов драмалары, қазіргі төл оқулықтарымызда Ш.Мұртаза, Д.Исабеков драмалары оқытылады.

Драматургияның келесі жанры –комедия (comos-көңілді топ, ode-ән). Қ.Жұмалиев: «Жазушы өз ұғымынша, керексіз деп тапқан бір өмір құбылысын не мінез, іс-әрекеттерді күлкі ету мақсатымен сахнаға лайықтап жазған драмалық жанрдың түрін комедия дейді», -деп анықтама береді.[5] Комедияда кейіпкер бейнесі мазақ, әжуа, күлкілі іс-әрекеттері арқылы танылады. Оқушыларға комедия жанрының туып, қалыптасып, дамуы жайында түсінік беру маңызды орын алады. Комедия жанрының бастауы көне грек әдебиетінен басталады. Комедия тарихында «комедияның атасы» (Энгельс) атанған Аристофан, Еуропа әдебиетінде Лопе де Вега, Шекспир, Мольер, Бомарше орыс әдебиетінде Фонвизин, Гоголь, Грибоедов, Чехов аталса, қазақ драматургиясында комедияның туып, қалыптасуында М. Әуезов, Б.Майлин, Қ.Мұхамеджанов еңбектерінің маңызы зор екендігін айтып өту арқылы әлем және ұлттық әдебиеттің тарихынан құнды мағлұмат беріледі.

Мұғалім комедияның басқа жанрлардан ерекшелігін таныту үшін комедияның оқиғасы көбіне жеңіл

қайшылықтарға құрылатынын, қатысушылардың қимылы, іс-әрекеттері, сөздері – бәрі де күлкілі болып келетінін және олар көпшілікті күлдіру үшін автордың әдейі ойлап тапқаны емес, табиғи, өмірдің өзінде солай болуы мүмкін деген сенім туғызатынын жеткізе білу керек. Оқушыларға берілетін әдеби-теориялық ұғымдардың бірі комедияның өз ішінде юморлық және сатиралық түрге бөлінуі. Ғалым Қ.Жұмалиев зерттеу еңбегінде юморлық комедияға М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясын жатқызып: «Айман-Шолпан» пьесасы комедияның юморлық түріне жатады, оның әлеуметтік мәні де зор. Мұнда автор халық поэмасының негізгі идеясын жалғастырып, көмескі жерлерін ашып, әлсіз жерлерін өткірлеп, ескі мен жаңа, кәрілер мен жастар шайқасқан жерде, ескілікті жаңалыққа жеңдіреді. Пьеса юморлық комедияның дәстүрі бойынша жақсылықпен бітеді, -деп қорытындылайды.[5] Сатиралық түріне Гогольдің «Ревизор» комедиясын атап: «Юморлық комедиядан айырмасы зілінде, салмағында. Суреттеп отырған өмір құбылысының түп-тамырына балта шабуды нысана етуінде», -деп юморлық комедиядан айырмашылығын көрсетеді.[5]

Жалпы оқушыларға сатира, юмор теориялық ұғымдары таныс, алайда драманың сатира, юмор түрінде жазылуы қызықты мәлімет болып табылады. Қ.Жұмалиев драматургияның ішінде әсіресе комедиялық жанрдың адам тәрбиелеу мақсатының құндылығын: «Комедия мінездегі кемістікті, істегі қателікті, өмірдегі әр алуан сорақылықтарды сынау, шенеуде ең күшті құралдың бірі саналады. Жайшылық өмірдің өзінде көп адам бір адамға күлсе, халық, көпшілік күлген сиымсыз мінез, іс-әрекетті кім де болса қайталамауға тырысады. Комедияның тәрбиелік мәні осында», -деп түйіндейді.[5]

Комедияның тәрбиелік мәні қай кезеңде де әдебиеттанушы ғалымдарды толғандырған. Бұл жайында әдебиеттанушы ғалым С. Мақыров: «Комедияның мақсаты - адам бойындағы мінді, өмірдегі сиықсыздықты, қайшылықты жайларды, жұртшылық жиренетіндей күлкілі, жексұрын, сатиралық тұрғыда бейнелей отырып, оларды айыптау, айыптай отырып мұндай жағымсыз кеселді құбылыстар мен ұғымдардың өмірде болмауы үшін күресу, қоғамның мұндай сорақы дерттерден арылуын байыптау», -деп нақтылайды.[7].

Комедияны мектепте оқыту мәселесі де әдіскер ғалымдарды толғандырған, орыс мектептерінде зерттеу аясына айналуы ертерек екені мәлім. Мысалы, Докусов.А.М, Маранцман В.Г. «Комедия Н.В.Гоголя «Ревизор» в школьном изучение»-М.:1975,Валагин А.П. Прочитаем вместе... Комедии Д.Фонвизина, А.Грибоедова, А.Островского. -М.:1991. Фомичев С.А. Комедия А.С. Грибоедова «Горе от ума» Книга для учителя. -М.: 1983,т.б. еңбектерінде комедия жанрын оқыту мен оқушыны осы жанр арқылы тәрбиелеу мәселелері қарастырылған.

Қазақ мектептерінде сыныптан тыс жұмыс түрлерінде комедияның адам тәрбиелеу мүмкіндігі кеңінен пайдаланылады. Қазақ мектептеріндегі әдебиет апталығы, Көңілді. Тапқыштар клубы (КВН), үйірмелер, тақырыптық кештер, тәрбие сағаттары өмірдің келеңсіз жақтарын әдемі күлкімен көрсетуге арналады. Комедиялық шығармаларды оқыту оқушыға тек білім ғана емес, өмірлік ұстаным болар тәрбие де қалыптастыратыны сөзсіз. Қазіргі оқушы – болашақ қоғам мүшесі. Сондықтан комедияның адам тәрбиелеу мүмкіндігінің молдығын осы жанрды сыныпта, сыныптан тыс оқуда пайдалану нәтижелі болмақ.

Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі әдебиет пәні мұғалімінен терең теориялық білім мен әдістемелік дайындықты талап етеді.

Қазіргі кезеңнің өскелең даму үрдісі ескерілген әдебиетті оқыту әдістемесінің жаңа моделін жасап, оны оқу тәжірибесіне енгізу үшін, зерттеуші ғалымдар мен әдіскер мұғалімдердің байланысын туғызатын жаңа әдістемелердің ортақ арнасын жасау бүгінгі күн талабы.

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы«Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014жыл. 14 қаңтар
2. Мырзағалиев Қ. Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру. - Алматы: 1973 -78 б
3. Белинский В.Г.Шығармалары.Сын мақалалар.-Алматы, 1987 -82б
4. Әдебиеттану терминдері сөздігі.- Алматы: Ана тілі, 1998.-130 б
5. Жұмалиев Қ.Ж. Әдебиет теориясы.- Алматы, 1964.
6. Горький А.М. Шығармалары. Мақалалар.- Алматы, 1987, -37 б
7. С. Мақырұлы Әдебиеттің тектері мен түрлері. –Алматы , 1994 -66 б

ӘОЖ 37,01:39

## АДАМНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОРЫНДАЛАТЫН ТИЫМ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Г. М. Әбжан

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану кафедрасының оқытушысы,  
филология магистрі*

**Аңдатпа:** Мақалада ұлттық тәрбиенің негізі қарастырылады. Ұлттық тәрбиенің пайдалы жақтары жан-жақты пайымдалады. Жоғарғы оқу орындарында болашақ ұстаздарға педагогикалық процесті ұйымдастыруға қажетті жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың ролі қарастырылады. Қазіргі білім беру технологиялары бойынша жүйелі білім беру, оқу процесінде осы технологияларды қолдану, тәжірибе жинақтау және болашақ мамандарды алдағы кәсіби-педагогикалық қызметке қазіргі заман талабына сай жоғары сапалы білім беріп тәрбиелеу мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** тыйым сөздер, ишара, қоғамдық тыйымдар, табу.

**Аннотация:** В этой статье рассматриваются основа национального воспитания. Широко раскрывается полезность применения основ национального воспитания. В статье рассматривается роль педагогических технологий в профессиональной подготовке учителя. Использование педагогических технологий в учебном процессе вуза способствует четкому определению конечной цели, разработке объективных методов контроля, проект учебного процесса, определению структуры и содержанию учебно-познавательной деятельности учащихся.

**Ключевые слова:** запретные слова, знаки, общественные запреты, табу.

**Abstract.** Basis of National Education is considered in this article. Widely expanded the usefulness of the foundations of national education. The article considers the role of of educational technology in teacher training. The use of educational technology in teaching university facilitates a clear definition of the ultimate goal, the development of objective methods of monitoring, the project is the training process, defining the structure and content of educational-cognitive activity of students.

**Keywords:** forbidden words, signs, public bans, taboos.

Қазақ халқының тыйымдары ежелден келе жатқан ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Ғасырлар сынынан екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан тыйымдардың озық үлгілері жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Көшпелілер ең бірінші кезекте балаларын әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, тыйымдар арқылы тәрбиелеген. Адамдар Заң деп саналы түрде қабылдайтын, халықтың рухани адамгершілік өмірінің негізі болып табылатын - тыйымдардың әсері өте күшті, рухани қасиеттерді қалыптастыратын, ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Әдет- ғұрып, ишара, тыйым, дағды, ым – салт-дәстүр мұхитының салалары мен тармақ тамшылары болып саналады.

Бүгінгі таңда тәрбиедегі басты бағыт: әр адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс, мұндай тұжырымға тоқталу ұлттық әдет-ғұрыптар, тыйымдар және дәстүрлер арқылы көрініс беріп, тұлға дамуына көмектеседі, тыйым сөздер арқылы әлемдік жахандану үрдісінде, өз халқының игілігін басқа халықтарға да жакын және түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезеңі мен өткеннің талаптары, шынайы факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, ата- бабаларымыздың рухани мұрасын игере түсуі тиіс.

Этнопедагогика ғылымы үшін де философиядағы тиым ұғымдарының зерттелу деңгейін білу маңызды. А.Сейдімбеков зерттеуінше, қазақ халқы тиымды үш топқа бөлген : адамдарға қатысты тыйымдар, қоғамдық тыйымдар, табиғатқа байланысты тыйымдар [1].

Тыйым нақты бір адамның ісімен шектеледі. Мысалы: «Қолыңды төбеңе қойма», «Таңдайыңды қақпа», «Басыңды шайқама». Қоғамға қатысты тыйымдарда адамдардың басқа адамға, заттарға бағытталған сөзі мен ісі қандай болу керектігі көрсетіледі. Мысалы: «Жаман ойлама», «Тамаққа түшкірме».

Ұлы ғұламаның бірі Әл-Фараби балаға жас кезінен бойына дарытылып егілетін он екі қасиеттің ішінде бала тәрбиесіне қатыстыларының атын атайды : «адамның мүшелері мінсіз болуға тиіс», «жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс», «жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін» [2].

Табу мен эвфемизмдердің қазақ тілінің лексикологиясының сөздік қордан алатын орны ерекше. Бұл сөздер тілімізде өте ертеден өмір сүріп келе жатқан, қолданыстар сирек қолданылса да өте маңызды

сөздер тобына жатады. Бұл тақырыпты таңдаудағы себеп, бұл сөздер адамдар бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түскенде этиканы, сыпайыгершілікті, моральдық нормаларды сақтауға септігін тигізеді. Әр адам сөйлеген сөзінің мәнді-мағыналы болуын қадағалауы қажет. Табу мен эвфемизмдер адамның ойының дамуына, тереңдеуіне, жандануына көмектеседі. Эвфемизм сөзін қолданып сөйлеген адам мәдениетті. Себебі, эвфемизм сыпайы сөйлеудің кепілі. Ал, бұл сөздердің шығу тарихына келетін болсақ, ол да өте күрделі, әрі қызықты да маңызды.

**Табу** – индонезия тілінен алынған термин: тыйым салу деген сөз. Меланезия мен Палинезияда бұл сөздің қапу, тапу, тамбу деген синонимдері бар. Олардың да мағынасы – тыйым салу. Табу құбылысы адамзаттың әлсіз кездерінде туған. Ең алдымен этнографияға, адамзаттың діни наным – сеніміне, әлденеге сиынуына байланысты шыққан. Ерте замандардағы соқыр сезім мен сенім, адамзаттың әр нәрсеге, әр құбылысқа табынуы, олардың ең киелі, ең құдіреті күшті деп саналуы тіл-тілде өзінің ізін қалдырған. Табу алғашында мифологиялық сенім – наным, қорқыныш сезімдерге байланысты қорытынды тұжырымдар жасау нәтижесінде пайда болған. Осындай белгілі бір себептерге сай, тіл-тілде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін өзінің тура атымен атамай, басқаша, екінші бір келтірінді сөздермен, кейде мүлдем тұспалдап, алмастырып жеткізетін болған.

Ақиқаты, ең басты принципі – сол құбылыс пен заттың дәл атын атауға тыйым салу. Зерттеушінің айтуынша, табудың алғашқы шыққан жері, түп – төркіні, «отаны» - полинезия тайпалары. Полинезиялықтардың қоғамдық өмірінде бұл құбылыс күні бүгінге дейін сол етек алған. Осының өзі полинезиялықтардың қоғамдық прогреске жетуіне, халқының көзінің ояна түсуіне қол байлаудың бірі болып отыр десе де болады. [3, 135-370].

Мәселен совет журналисі М.Дамогацких «Правда» газетінде (VI, 1972) мынадай бір хабарды жариялайды: Индонезия астанасы Джакартадан 150 шақырымдай жерде, Батыс Ява тауларында бадуй аты тайпа мекен тепкен. Бірақ Ява аралығындағы тұрғындардың бірде – бірі: мен бадуйлықтарды немесе бадуйды көрдім деп өмірінде бір айтпайды. Оның себебі бадуйлар тайпасының заң – дәстүрі бойынша, басқа ел тайпа адамдар өкілі бадуйлар жеріне аяқ баспады, аттамауы керек: ал бадуйлықтардың өзі өз аулынан бір қадам аттап шықпайды: бір тәулікке болса да басқа жерге болмайды: тек өз қонысы - өз жерінде өсіп өркендейді.

Бадуйлар бамбуктан жасалған үйлерде (лашықтар) тұрады, олардың үйлерін сваялар деп атайды. Адамдары осы заманғы жаңалықтардың бірде – бірін қабылдамайды. Осы сияқтылардан үрке қашып, жиренеді. Мәселен, астыға төселетін төсеніш, ас ішер құрал-жабдықтар, сусын ішер құралдар, жағар майшам сияқтылар – олар үшін тағы құбылыс бадуйлардың ежелгі заңы бойынша, төрт түлік мал ұстауға болмайды, жеріне ағаш не өсімдік отырғызып, егін егуге болмайды, ең ауыр күнә - хат танып, қағаз оқи білу.

Индонезия өкіметтері бұл жерге мектеп салмақшы болып қанша әрекеттенсе де, әзірше ештеңе шығара алмай отыр. Бұл – нағыз табуға байланысты құбылыс, артта қалудың табуға негізделген нәтижесі. Дәл осы сияқты ұғымдар түрік халықтарының да тарихында кең тараған. Қазақ халқының революцияға дейінгі өмір тұрмысында да бұл сияқты соқыр сенім бірқыдыру өмір сүріп келгендігі аян. Ал эвфемизмдерге келсек, эвфемизм – гректің *euphemismos* – жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Сырттай қарағанда, эвфемизм – тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтқа келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс. Эвфемизм – бір заты не құбылысты я болмаса бір уақиғаны сыпайылап жеткізудің амалы, адамның көңіліне келмейтіндей жеткізу.

**Тыйым** — жаман, жағымсыз істен аулақ болуды талап ету. Тыйым — тәрбиенің басты тірегі. Кейде тыйым жазалаудың бір түрі болып табылады. Діни наным-сеніммен байланысты қазақтың көптеген тыйым сөздері бар. Ол сол сөздерді қолдану арқылы баланы жаман әдеттерден сақ болуға баулудан туған [4].

Тыйым сөздердің бір парасы адамның өзін-өзі ұстауына келіп тіреліп жатады. Әдетте **«бүйірінді таянба»** деген тыйымды жиі естіміз. Көпшілігі мұның себебін «жаман болады» дей салады, таратып түсіндіре бермейді. Айталық, бір үйдің адамы қаза болғанда ол адамның жақындары қимастықпен егіліп жылайды. Езіліп жылайды. Өксіп жылайды. Солқылдап жылайды. Мұндай кезде адамның ішкі ағзасының барлығы бірдей қозғалысқа түседі. Солқылдап жылағанда бүйрек пен бауыр созылып кетуі мүмкін. Мұның барлығы жүрекке салмақ салады. Осындай қаза үстінде қаралы үйдің адамдары белдерін мықтап буады. Белін мықтап буған адамның ішкі құрылысы жылаған кезде бос тұрмайды. Содан кейін екі иіні түсіп бүкшіп қалмайды, өйткені белі буылған адамның иығы көтеріледі. Екі бармақты белді буған жерге – мықыннан сұғып отырғанда адам еңсесі түспей, тіктеле түседі. Бір жағынан, бұл – сүйеу, тіреу. Мұны үйдегі әйелдер жасайды. Олар орамалдың ішінен байлауышпен басын да мықтап байлайды.



Бүйірін таянған адамға «жаман болады» дейтіннің себебі – осы. Жайшылықта бүйірді таяну жамандық шақырғанмен бірдей. Ол – амалсыздан, қазаның үстінде, қара жамылып отырғанда басқа түсетін жағдай.

«Таяққа таянба» деген тыйым да бар. Жас адамға жайшылықта таяққа таянуға болмайды. Халық әніндегі «талдан таяқ жас бала таянбайды...» деген сөздің астарында үлкен мән бар. Жүрісі ауырлаған кәрі адам болса, бір жөн. Өйткені таяқ оның жүріп-тұруына тіреу болады. Ет жақын адамы қаза болғанда ер адамдар да белін мықтап буып, барлығы далада түрегеп, таяқ ұстап тұрады. Үлкені-кішісі бар, барлығы таяққа сүйенген. Басы – қаралы, жүрегі жаралы болып тұрған адамға бұл оңай емес. Ал қолдарындағы таяқ – басына қайғы түскен адамдарға сүйеу. Міне, солсебептен «жамандықшақырады» деп, жастардың жайшылықтатаяққа таянғанын құп көрмеген, яғни таяқ ұстатқызбаған. Осылардың мән-мағынасынтаянақтаптүсіндіргенкездебаланыңөзі де таяқұстамайтын, бүйірінтаянбайтынболады.

Жиі еститін тыйым сөздің бірі – «тізенді құшақтама» деген сөз. Қазақта «ку тізесін құшақтап қалды» деген сөз бар. Бұл да – сол, барлығынан, әсіресе перзентінен айырылып, ку тізесінен басқа сүйенер ешкімі қалмаған адамға қатысты айтылған. «Жағынды таянба» деген тиым сөз жиі қолданылады. Жақты таяну, біріншіден, көрер көзге сүйкімді емес, өрескел көрінеді. Екіншіден, басына қам-қайғы түскен, өмірдің соққысын көріп, басы ойға толып ауырлап, басын көтеруге шамасы келмей қалған адам ғана жағын таянады. Бұл тыйым «осындай халге жетпесін», «мұндай қасіретті басына бермесін» деген ізгі ниеттен туған.

«Қолыңды төбеге қойма» деп те жиі айтамыз. Бұл да осымен мағыналас. Басына іс түскен, соның шешімін таба алмаған немесе айналасынан зәбір-жапаны көп көріп, табаны тұрақтайтын тиянақ таба алмай, жанашыр сезім көре алмаған адамдарға қатысты «екі қолын төбесіне қойып, безіп кетті» деп жатады. Екі қолды төбеге қою – былай айтқанда, дүниеден баз кешу, түңілу, яғни бұл да жақсылық емес. Төменде тыйым сөздердің түсініктемесіне көңіл қойсақ:

Таяну сөзіне қатысты тиымдар:

**Белін таянбайды. Себебі жақын адамы қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел ғана белін таянады.**

Жер таянбайды. Жақынынан айырылған адам ғана жер таянады.

- Жақты таянбайды. Қайғы-қасіреттен, әбден қажыған адам ғана жағын демеу етіп таянады.

Бетке қатысты тиымдар: Бетті басуға болмайды. Қайғы қасіреттен қажыған адам ғана бетін басады.

Қолға қатысты тиымдар: Қолды тарақтауға, артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым.

Жуған қолды сілкуге болмайды, ырыс-несібе кетеді.

Адамға қарап қолды шошойтуға болмайды, ол әдепсіздік болып саналады.

Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды. Себебі бұл қол – аяғы байланған тұтқынды еске салады.

Тізе мүшесіне қатысты тиымдар: Тізені, табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады.

Бас мүшесіне байланысты тиымдар: Басты шайқауға, тісті қайрай беруге болмайды. Жүйке ауруына шалдыққан адам ғана осылай жасайды.

Таңдай мүшесіне қатысты тиымдар: Таңдай қағуға болмайды. Үй ішінде таңдай қаға беру-жаманшылық (өлім-жітім) шақыру белгісі.

**Адамныңіс-әрекетінетыйымдар:**

- Адамға қарап керілмейді, әдепсіздік болып саналады.
- Тырнақ тістесе, ырыс-несібе кетеді.
- Жатқан кісінің үстінен аттамайды.
- Тісінді қайрама-өлімге мойынсұнған адам солай істейді деп тыйым салған.
- Мойынға белбеу салма-буыншақ ауруына ұшырайсың.

**Киімге қатысты тиымдар:**

Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.

- Тозбаған киімді тастауға болмайды.
- Киімді сілкіп киген жөн, өйткені киімге жабысқан улы жәндіктерболса, ұшып түседі.
- Қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. Ол бақталастықты білдіреді. Себебі әйел адам бәрібір ер азамат бола алмайды. Жаман ырым.

- Киімнің жағасын басуға болмайды.

- Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. Бас киімді әрқашанда таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілу керек.

- Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ–жаулықтың, қара– қайғының белгісі болып

саналады.

- Садақаға кім берсе, оның түймесін қиып алады.

**Қоршаған ортаға байланысты тыйымдар**

- Көкті жұлса көктей соласың.
- Суға түкірмейді.
- Құстардың ұясын бұзуға болмайды. Қарғаса, үй-ішіңе кесепаты тиеді.
- Құмырсқаның илеуін бұзба.

**Төрт түлікке қатысты тыйымдар**

- Мал қораның сыртында, болмасы ішінде ысқырмайды.
- Жас мал төлдегенде үйге қарыз сұрап келгендерге ештеңе бермейді.
- Малдың алдынан бос ыдыспен шықса, сүт азаяды.
- Малға дауыс көтеріп ұрсуға, ал атты ауыздықпен ұруға болмайды.
- Қамшыны бейсауыт қамшылама – мал басы азаяды.

Түнде мал санамайды және ешкімге бермейді

**Отқа қатысты тыйымдар**

- Отты шашуға, атуға, басуға болмайды. Отбасының берекесі кетеді.
- Отқа түкірмейді.
- Отты су құйып өшірмейді, өйткені қайтат ұтатуға қиын болады.
- Түнде күл шығармайды.
- Күл төгілген жерді баспайды. Себебі барлық жаманшылық күлмен кетеді, оны басу сол

жаманшылықты үйіне әкелген мен бірдей.

**Үй тұрмысына қатысты тыйымдар**

- Үйге кіргізілген отынның артығын шығарып тастамайды.
- Үйді айналып жүруге, жүгіруге болмайды. Бұл жамандықты шақырма дегенді білдіреді.
- Шәугім, аққұманның шүмегін есікке қаратып қойса, ырыс-несібе кемиді.
- Сыпырғышты төрге қоймайды. Бұл үйішіндегі жаманшылық, ауру-сырқау сыпырғышпен босағадан шықсын, төрге жоламасын деген ниетпен туған.

**Жол жүруге қатысты тыйымдар**

- Сейсенбі күні алыс жолға шықпайды.
- Жүкпен жолға шыққанда тұзалмайды.
- Жүрер жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды. Жол жүретін адам «Алла жазса», «Құдай қаласа»

деп тілегенде, жол бойындағы кедергілердің бәрі алыстатылады.

- Жұма күні көшуге болмайды. Жұма қасиетті күн. Бұл күні ата-баба аруақтары шаңыраққа келіп, дұға дәметеді. Алыс жолға шыққан адамдар қара шаңырақтан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады.

**Сүт тағамдарына байланысты**

- Тойға қымыз әкелген сабаны біржолата сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау қымыз қалуы керек.

- Сауылған сүтті ашып қоюға болмайды.

- Сүтті үрлеп ішпейді, майлылығы азаяды. Сүт сауатын шелекті су басына апармайды, құты кетіп қалады.

- Тұзды баспа-астың иманы, киелі саналған.

**Қорытындылай келе**, тыйымдар, біріншіден, эстетикалық мәнге ие болып, астарлы мағынаға ие, екінші жағынан, жас ұрпақты тәрбиелеуде басты орын алады. Кез келген тыйым сөздің себебін балаға тереңдетіп түсіндіре білгеніңіз жөн.

Тыйым сөздер балалар мен жастарды «жирен жаман әдеттен» дегендей жаман істерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеу мақсатынан шыққан таза халықтық педагогикалық ұғым. Жас кезінен ұрпағын «тек» деп өсірген халқымыз теріс мінезге де тыйым салған. Халқымыз тыйымдар арқылы ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа, әдептілікке жетелеп отырған.

1 Мұқанова, Р. Ильясова. *Этнопедагогика*. - Астана: Фолиант, 2008. - 444 б.

2 *Этнопедагогика Оқу құралы*. 2010. - 200 б.

3 Аханов К. «Тіл білімінің негіздері» - Алматы: Санат, 1993. - 400 б.

4 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет.

УДК 378.016:81

## КӨПТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ

Ш.Т. Шангереева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы*

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасының беталысын жүзеге асыру ілгері мағыналы кадам екені оның негізгі құзыретінің бірі үштілділік болып табылатындығы жайында берілген. Сондай-ақ үштілділіктің: еуразиялық көпмәдени, коммуникативтік және технократиялық түрлері бар екендігі жайында және президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық білімге қойып отырған жоғары талаптары мен жоспарларының орындалуы жайында баяндалған.

**Тірек сөздер:** интеллект, коммуникативті, технократия, концептуал.

**Аннотация:** В статье рассматривая о важности претворение в жизнь концепций развития образования в Республике Казахстан и полиязычие как основного ее аспекта. Такие акцент делается на такие виды полиязычного образования как евроазиатское многоязычие, коммуникативность и технокретия и наряду с этим о выполнение требований и виды поставленных Президентом Н.А. Назарбаева национальному образованию.

**Annotation:** The article discusses the ruportance of implementing the concepts of the development of education in the Republic of Kazakhstan and multilingual as its basic aspects. Also the aspect is made on these types of multilingual education as communicative and technocracy and along with that of fulfilling the requirements and objectives set by President N.A. Nazarbayev to National Education.

Ұлттық білімге еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев айтарлықтай жоғары талаптар мен кешенді жоспарлар қойды. Қазақстанның жоғары мектептерінің түлектері жоғары оқу орнынан кейін білім алуларын шет елдерде оңай жалғастыруларына бола алатындай білім жоғары сапалы, бәсекелесуге қабілетті болу керек. Университеттің үш тілде оқытылуы оқу-педагогикалық үдерісіне енуі - бұл, сөзсіз, 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасының беталысын жүзеге асыру ілгері мағыналы кадам, ол негізгі құзыреттің бірі үштілділік болып табылады, еуразиялық көпмәдени, коммуникативтік және технократиялы.

Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының құрылуы және көп тілді оқытуды ендіру туралы шешім қабылданды. Педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының (ХЫ және КТО) құрымына 4 бөлім кіреді:

Халықаралық ынтымақтастық бөлімі;

Көптілді оқытуды дамыту бөлімі;

Қазақ - Қытай білім және ғылым орталығы;

Шетел тілдері кафедрасы.

Қазіргі заман талабы – көптілді оқыту. Осы жұмысқа біз белсене кірісіп кеттік.

**Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының негізгі міндеттері:**

Білім жүйесінде сапаны қамтамасыз ету педагогикалық кадрлар негізгі фактор болып табылады. Осы байланыста, көптілді оқытуға тиімді құрылымдардың іске асуын ендіру және педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық үдерісін жетілдіру бойынша идеяларға ерекше көңіл бөлінеді.

- Көптілді оқыту бағдарламасы үшін педагогикалық кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру;

- “Сапаның жаңа қалыптары” –мазмұнға қосымша талап ету жүйелерін, білім үдерісінің шарттары мен нәтижесін қалыптастыру;

- Көптілді оқытуды дамыту үшін ғылыми-әдістемелік негізді өңдеу және жаңалау;

- Көптілді оқытуды дамыту бағдарламаларын тұрақты қамсыздандыру;

- Университеттің халықаралық әрекетін қолдау және дамыту;;

- Университеттің халықаралық қызметін ақпаратты түрде қамтамасыз ету;

- Шетел студенттерімен жұмыс жасау.

**Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының негізгі қызметтері:**

- Халықаралық келісім-шарттар дайындау. Университеттердің оқу және ғылыми жұмыстарының деңгейін жоғарылатуға және шетел мемлекеттер арасындағы Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы университеті ретінде беделін көрсетуге шетел серіктестерімен байланыс іздеу, орнату және қолдау;

- Кафедраларға, университеттің бөлімдері мен қызметкерлеріне халықаралық байланыстарды дамытуға көмек көрсету, шетелдік серіктестермен өзара бірлескен жобаны жүзеге асыру.

**Болжамды нәтижелер:**

- халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығы жұмысының көптілді оқытуды дамыту бойынша негізгі бағытын анықтау;

- тілді үйренуге деген жастардың қызығушылықтарын жоғарылату;

- қоғамның ақпараттылығын қамтамасыз ету және үштілділікті дамыту жөнінде болымды ой-пікірді қалыптастыру;

- көптілді қоғамдық үдерісін қалыптастыруға білім жүйесінің барлық деңгейінің өкілдерін біріктірілгенін қамтамасыз ету;

- тілдерді үйрену және оқыту. **Бағдарламаның мақсаты** көптілді оқыту саласындағы Қазақстан Республикасының саясатын жүзеге асыру. Үштілді оқытудың жаңа концептуальды бағдарламасы студенттердің мемлекеттік, орыс және шетел (ағылшын) тілдерінде еркін сөйлесуге мүмкіндік беретін, тілді ортаның қалыптасуына бағытталған.

Қазақ тілі – ұлтымыздың рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше. Қазақ тілі барлық мектептерде оқытылады. Оқушылардың 60%-дан астамы қазақ тілінде білім алады. Мұндағы басты мақсат – барлық бітірушілердің қазақ тілін жақсы меңгеріп шығуы.

2013 жылы 1 қыркүйектен бастап 1-сыныптан ағылшын тілін оқыту енгізіледі. 2012 жылы жоғары оқу орындарында тиісті пән педагогтері мен мамандарын даярлау басталды. Президент тапсырмаларын орындау мақсатында білім берудің барлық деңгейлерінде Көптілді оқытуды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеуді қажет деп санаймыз.

Ағылшын – әлемдік кеңістікке еркін қанат қақтыратын тіл. Оған дау жоқ. Сонымен, көптен бері қоғам талқысына салынып келген ағылшын тілі пәнін білім ұяларына жаппай оқыту мәселесі билік тарапынан оң шешімін тапқан сыңайлы. Жақында ғана Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов мырза жаңа оқу жылынан бастап елімізде 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту жүйесі енгізілетіндігін кесіп айтты. Осы тұрғыда көп тілді оқытуды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеу қолға алынған. Қоғамдағы түрлі пікірлерді електен өткізген министр бұл реформаға қарсы болып жүргендерге мынадай уәж айтты. «Көп тілді оқыту бүгінгі күннің талабы. Қазақ тілі – ұлтымыздың рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, оның қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше. Қазақ тілі барлық мектептерде оқытылады. Оқушылардың 60 пайыздан астамы қазақ тілінде білім алады. Мұндағы басты мақсат – барлық түлектердің қазақ тілін жақсы меңгеріп шығуы», – деді министр.

**Үштілді оқытудың бағдарламасы қалыптасудың реттілігі және бағалауға болжанған, сатылы құрылымнан тұрады:**

I саты – «бастапқы» – билингвальды оқыту кіші курстарда пәнді меңгерудің -80% оқыту тілінде және 20% екінші тілді «енгізу» (қазақ тілінде оқытын студенттерге бірқатар пәндер орыс тілінде оқытылатын болады және керісінше).

II саты – «даму» – трилингвальды оқыту 3-5 курстарда пәнді меңгеру негізгі тілде 60% дейін жүргізіледі, сонымен қатар 20% – профильді пәндерді екінші тілде оқыту және 20% элективтерде ағылшын тілінде жүргізуді қарастыруда.

III саты – «жетілдіру» – 3 тілде оқытудың интенсификациясы – оқыту тілі (60%), екінші тіл (20%), ағылшын тілінде (20%).

**Талдау 2 бөлімнен тұрады:**

1) университеттің ағылшын тілді оқытушыларын дайындау.

2) ағылшын тілінде білім беру бағдарламасын енгізу.

**1 бөлім.**

Оқытушылар екінші деңгейде (beginner кейін) «Elementary» оқығандықтары назар аудартады, ол ағылшын тілінде студенттермен педагогикалық жұмысты жоспарлау үшін жеткіліксіз, яғни бұл деңгей элементарлық ағылшынды (present) қымбат тұратын бағдарламаны 3-4 ай бойына оқуды қарастырады. Аз дегенде осы оқытушылар тобы ағылшын тілінде сабақ беруді бастауы үшін ағылшын тілін бір жылдан

кем емес үзіліссіз оқуға тиіс. Оқытушылардың осы тобы үш тілді оқытудың бағдарламасын жүзеге асыруға жаңа оқу жылынан бастап кірісті. *Осы бойынша оқытылатын топқа оқытушыларды жинаудың стратегиясы дұрыс ойластырылды.* Соған қарағанда университеттің оқытушылары арасында «ағылшынды қанағаттанарлық білетіндердің» оқуға үміткерлердің саны жеткілікті болды. Оқытушылардың ақысыз оқуға ынталарының болғандығына байланысты, басым бөлігінде болжағанымыздай ағылшын деңгейі «жоғары емес» немесе «орташа» болғандығын ескерсек, элективті өту барысында шет тілінен оқытушылар мен студенттер арасында «өзара оқыту және өзара жетілдіру» үрдісі дамыды.

Үш тілді оқыту бағдарламасын енгізу 2010 ж. басталды. Ол коммуникативті дағдылар және клиникаға кіріспе кафедраларында оқытудың пилоттық бағдарламалары түрінде болды. Студенттер пәннің жекелеген тақырыптарын ағылшын тілінде оқыды. Үстіміздегі оқу жылынан бастап, ОӘЖД 1-ші курстан бастап, үш сатылы бағдарламаны жүйелі жүзеге асыру басталды, оның негізінде ағылшын.

Қазіргі сәтте кафедралармен элективтерді жасау, әдістемелік құжаттарды дайындау, элективтер каталогын құрастыру, студенттермен элективті пәндерді таңдауды ұйымдастырудан тұратын КазҰПУ оқытудың үш тілді бағдарламасын» жүзеге асырудың маңызды сатысы, сонымен қатар кафедралармен ағылшын тілінде оқытумен білім беру бағдарламаларын тәжірибелік жүзеге асырудың бастамасы табысты іс-жүзіне асырылуда және жалғастырылуда. Мұнда ОӘЖД және оқу департаменттерінің жақсы ойластырылған және ауызбірлікте біріккен жұмыстарына күмән жоқ.

КазҰПУ-де ағылшын тілді педагогтарды дайындауды жоспарлауға ескертулер бар, оның ішінде нақты айтатын болсақ, оқытылатын топтарда оқытушыларды жинау стратегиясын одан да ары дамыту. Қазіргі уақытта университет есебінен оқыған шамамен 50% қызметкер оқушылары ағылшын тілді педагогтар ретінде өздерін ағылшын тіліндегі жоғары емес білімдерін жүзеге асыра алмайды (ағылшын тілінің негіздері, Elementary деңгейін тамамдағандар). Осыдан оқытылатын топтарда Pre intermediate кем емес деңгейлері бар оқытушыларды жинау қажет болатын, ол алдын ала тестілеуде анықталатын. Жалпы алғанда, «Оқытудың үш тілді бағдарламасының» жүзеге асырылуын бағалаудың аралық сатысы оқу департаменттерінің бақылауымен жоспарлы және жүйелі түрде іс жүзіне асырылып жатқандығын көрсетті.

1 ҚР –ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 28 ақпан 2007 жыл.

2 Егеменді Қазақстан, 2 сәуір 2012.

## ӘОЖ 8.80

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ДАМЫТАТЫН НЕГІЗГІ КҮШ

Ж.Ш. Саметова -

фил.ғ.магистрі, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И expertі Абай ат. КазҰПУ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада еліміздегі біртілділік, қостілділік, үштілділік жайы қарастырылады. Мемлекеттік тілдің интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы орны анықталады. Қостілділік пен үштілділіктің қоғамдағы рөлі турасында айтылады.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік тіл, біртілділік, қостілділік, көптілділік, интеллектуалды ұлт

**Аннотация:** В этой статье рассматривается положение монолингвизма, билингвизма и полилингвизма в нашей стране. Определяется место государственного языка в формировании интеллектуальной нации. Рассказывается о роли билингвизма и полилингвизма в обществе.

**Ключевые слова:** государственный язык, монолингвизм, билингвизм, полилингвизм, интеллектуальная нация.

**Abstract:** This article addresses the situation of monolingualism, bilingualism and multilingualism in our country. Determines the place of the state language in the formation of an intellectual nation. Describes the role of bilingualism and multilingualism in society.

**Keywords:** state language, monolingualism, bilingualism, multilingualism, intellectual nation.

Қазіргі қоғамда бәсекеге қабілеттілікті арттыратын негізгі күш - сапалы білім мен жаңа ақпараттық-технология. Сондықтан да, Қазақстанның болашағы интеллектуалды ұлт пен жаңашыл экономикада. Ол үшін біз ең бірінші басқару, гуманитарлық және білім-ғылым үдерісін арттыруымыз керек. Бұл дегеніміз, жаңа ақпараттық қатарларды көбейтетін жас ұрпақтың білімі мен интеллектуалын арттыру қажеттілігі.

Найзаның ұшымен, ата-баба күшімен, анамыздың ақ сүтімен жеткен тәуелсіздігіміз баянды болуы жас ұрпақтың қолында. Ал сол ұрпақтың интеллектуалды ұлт болып қалыптасуын дамытатын негізгі күш – мемлекеттік тілде. Себебі, ел тәуелсіздігінің негізі, маңызды нышанының өзі – мемлекеттік тіл. Ол тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. Қай ұлт болсын тіл арқылы ғана халықтың өзге туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады.

Қазақстан көпұлтты мемлекет екені рас. Дегенмен де, Елбасымыз Қазақстан халықтары ассамблеясының XVII сессиясы отырысында айтқандай, «Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын – қазақ тілі».

Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алатын арайлы шуақтары іспетті. Осы байтақ мекенді мекендеген баршамызды біріктіре түсетін құндылығымызды айтсақ, олар: біздің талайғы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз, байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз.

Қазақ тілін бүкіл республика халқы не үшін білуі керек?

Ең алдымен, қазақ тілі осы елдің мемлекеттік тілі. Тілсіз халық болмайды. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады. Туған тілінді қорғау – туған Отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір азат етуіңе сенесің. Ал тілің жауланса бітті»[1] - дейді. Сондықтан да, әр ұлт алдымен тілін сақтауға ұмтылады.

Екіншіден, қазақ тілі біздің рухани өзегіміз. Ол қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудегі қуатты қару. Рухсыз халық өмір сүре алмайды. Рух көбінесе ұлттық сипатта болады, ал рухтың негізі – ұлттық тіл, деген Мұстафа Шоқай. Тіл түзелмей рухтың түзелмейтіндігі, өз кезегінде қоғамның жаңарып, өмірдің орнығып өрге баспайтындығы шындық.

Үшіншіден, ұлтты біріктіретін басты фактор – қазақ тілі, яғни, тіл бар жерде ұлт бар, тіл бар жерде ол ұлттың әдебиеті бар, мәдениеті бар, тарихы бар, ынтымақтастығы мен бірлігі бар. Қазақ тілі – қазақ рухының қан тамыры. Денеге қан жүгірмесе, оның тіршілігі тоқтайтындығы сияқты, қазақ рухының бойына қазақ тілі арқылы ғана жүретін қан жүрмесе, қазақ ұлты да, сол ұлт қалап отырған Қазақстан мемлекеті де болмақ емес.

Төртіншіден, қазақ тілін, қазақ ұлтының әдебиеті мен тарихын түпнұсқадан оқып-білу үшін қажет. Қазақ ұлтының әдебиеті мен мәдениетін, тарихы мен дәстүрін аудармадан емес, сол ұлттың өз тілінде жазылған түбірінен оқып, түсіне білсең ғана оның жан дүниесі мен түпкі құндылығына жете білесің. Себебі, қазақ тілі, сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында 70-орында болғанымен, тіл байлығынан үшінші орында. Ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, одан кейінгі орындағы ағылшын тілінде 750 мың, қазақ тілінде 600 мың, ал испан тілінде 300 мың, орыс тілінде 150 мың екен. Ал қытайлар болса 87019 иероглифті қолданады. Демек, қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің төрінен орын алады.

Тілдің қуаттылығының, өміршендігінің тағы бір көрсеткіші болып табылатын оның тазалығы жағына келгенде де қазақ тілі сапалық деңгейі жоғары. Таза тілде жазылған шығарманың көркемдік сипаты да арта түсетіні белгілі. Қым-қиғаш араласқан, сапырылысқан заманда таза тіл жоқтың қасы. Тілдер бір-біріне барынша әсер етіп, біреулері өзінде жоғын басқалардан алып байып жатса, бұлай жасай алмаған енді біреулері алпауыт тілдерге жұтылып кетіп жатыр. Мысалы, ағылшын тілі жыл сайын өзінде жоқ 25 мыңдай сөзді басқа тілдерден алып, толыға түссе, отыздай тіл өмір сүруін тоқтатып жатады екен. Бұл жағынан келгенде қазақ тілі табиғи негізін сақтай білген. Сөздік қорының 60 пайыздайы түркілік түбірлі сөздер. Бұл түркі тілдерінің ішіндегі ең жоғары көрсеткіш.

Елбасы 2008 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» [2] деген болатын.

Осы айтылған орыс тілі мен ағылшын тілін не үшін білуіміз керек?

Орыс тілі – әлемдегі ең беделді, ең көп тараған тілдердің бірі. Ол Қазақстанда ғана емес Біріккен Ұлттар Ұйымының да ресми тілдерінің бірі. Орыс тілінде бүкіл әлем бойынша 300 миллиондай адам сөйлейді. Олардың арасында 170 миллион адамның ана тілі болса, қалғандары екінші тіл ретінде сөйлейді.

70 жыл бойы орыс отаршылдығының шырмауында болдық. Соның әсерінен елімізде қостілділік өз-өзінен қалыптасты деуге болады. Бірақ одан зиян шеккен жоқпыз, керісінше орыс-қазақ қостілділігі біздің әдебиетіміздің, мәдениетіміздің өзге халықтарға жетуіне көп ықпал етті. Кезінде ұлы Абай Құнанбаев та

орыс тілін өз тіліндей жетік игеріп: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, ғылымын, оқуын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әр біреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды... Орыстың өнері, ғылымы – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», - деген. Мысалы үшін, Мұхтар Әуезов те «Абай» шығармасын орыс және қазақ тілінде бір мезгілде жазды. «Қасеннің құбылыстары», «Қынаптан қылыш», «Бекет», «Райхан», «Қалқаман-Мамыр» шығармаларын өзі орыс тіліне аударған. Әрі батыр, әрі жазушы Бауыржан Момышұлы да қазақ тілін өте жақсы білсе де, орыс тілінде одан да тамаша жазған. Сол кезгі зиялы қауым өкілдері тіл абыройын биік көтеріп, жоғары бағалаған. Дегенмен де әдеби, ғылыми мақалалары мен зерттеулерін, публицистикалық шығармаларын екі тілде бірдей жазған. Бұл дегеніңіз, бір жағынан алпауыт орыс халқының мәдениетін, әдебиетін еркін біліп танысу болса, екінші жағынан өз әдебиетіміз бен мәдениетімізді әлемге танытудағы қостілділіктің пайдасы.

Азамат ең алдымен өз ана тіліне қанық болуы шарт, қосымша бір ұлттың тілін игерген адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, күллі мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға ілгерілеп, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерісшең өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін кемінде қостілді болуы керек. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөз дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, XII ғасырдың алдында жасаған энциклопедист ғалым, әлемде Аристотелден кейін екінші «аға ұстаз» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткені анық.

Қос тілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеге ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін интеллектуалды тұлға болып жетілері хақ. Қысқасы, қостілді болудың зияны жоқ, бірақ, қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық-рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын болады. Өз ана тілін аяқ есті ету, тексіздің ғана ісі. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш, ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш. Өмірде ана тілі мен халықтық қасиетінен айырылған адам күндер өте келе өзінің адамдық болмысынан азғындап, рухани жақтан кемтарланып, қарадай мәңгірттеніп, көлденең көкаттының қолжаулығына айналатын болады. Сондықтан, Ана тілің - арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! [3] – деп Қадыр Мырза-Әли ақынымыз жырлағандай, әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап үйреніп, өзге тілдің бәрін білуге барынша құлшыныс жасау керек. Өз тіліміз өзегіміз, халықтық қасиетімізді айғақтайтын алтын тұғырымыз. Өзге тілді білу, сол ұлттың ішкі мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен әдебиетіне жеткізетін көпір.

Өсер ұрпақтың болашағын ойласақ, олардың қостілді ғана болып қалмай, қайта көп тілді меңгеруіне барынша назар аудару керек. Себебі, үдемелі жаңғыртудың ауқымы мен күрделілігі мемлекеттік басқару тиімділігінің жоғары дәрежелі болуын талап етеді. Мемлекеттің қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаңғырту процессін басқаруды өз қолына алып, оған қажетті жағдайлар жасауға тура келеді. Отандық бизнестің өсуін ынталандыру, экономикалық және саяси институттарды қалыптастыру, құқықтық нормаларды жетілдіру, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін дамыту, қауіпсіздік пен жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін, бұл айтылған мақсаттарға жету үшін, дамыған дәуірге ойдағыдай сәйкестеніп, өзге жұртпен теңелу үшін көптілді үйрену міндеті қойылып отыр.

Оның ішінде ағылшын тілі өркениет сұраныстарына жауап беретін жаңа ақпарат таратушы инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, бизнес пен экономика тілі, халықаралық қатынастар мен іскерлік тілі, белгілі бір әлеуметтік топтар үшін жоғары еңбекақы мен тұрақты жұмыс орнын сақтап тұруға мүмкіндігі бар тіл болып тұр.

Ата Заңымызда әлемдік тілдердің қай-қайсысын да тануға ерік берілген. Себебі, көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Көптілді оқыту жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым

құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік іргелі тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді:

- білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу;
- көптілді мемлекеттер арасында әлеуметтік-мәдени қатынастар жасай алатын, түрлі елдердің мәдениеті, әдебиеті, тарихымен танысып, қажетін пайдалана отырып, бөтен мәдениеттің ішіне сіңіп кетпей, өзінің елі мен мәдениетін басқаларға таныта алатын, санатты да саналы тұлғаны қалыптастыру;
- бүгінгі Қазақстанға технологиялық ғылыми, медициналық және басқа да салаларда жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар даярлау;
- замана ағымына лайықты қазіргі алдымызда тұрған міндет халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу. Сол өркениетті елдер санатына қосылуына ықпал жасайтын еліміздің ертеңгі болашағы жастарға білім мен тәрбие беретін - мектеп;
- болашақ Қазақстанның азаматтары ескінің көзіндей жаңаның ізіндей болып дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін таныта, сыйлата алатын рухани дүниесі бай, білімді, білікті болу;

Қысқасы, ұлттың тағдырын, елдің ертеңін ойласақ, келешек ұрпақтың қос тілді, тіпті көптілді болуы аса қажетті. Мынау өзгерісшең өмірге ойлы көзбен қарар болсаңыз, қазіргі әсері күшті, тартысы мен табысы мол бәсекелі өмір, қарыштап қарқынды даму азаматтарымызға үштілді болуды сәт сайын ескертуде. Келешек ұрпағымызды қоғамдық өмірдің алдыңғы легінен, бәсеке майданында биік белестерден көру үшін, оларды өз ана тілі мен салт-дәстүріне қанық болуы негізінде үштілділікке үйретсек, олар келешекте ұлтымызды ұлағаттылыққа шынайы бастай алатын болады. Бірақ, Елбасымыз айтқандай «үштұғырлы тілде қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы болады. Себебі, Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі».

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б.

2 Елбасының 2008 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2008.

3 Мырзалиев Қ.Таңдамалы жинақтар:Т.2.Алматы: «Балалар әдебиеті»-2006.

## ӘӨЖ 82-195

### ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ «ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІН НЕГІЗ ЕТУ» ТЕОРИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Р.Б. Джельдыбаева –

филология ғылымдарының кандидаты

Л. Абдуали - аға оқытушы,

қытай филологиясы және аударма кафедрасы

**Аңдатпа:** Соңғы жылдары Қытай мемлекеті шетелдіктерге қытай тілін оқытуға көп көңіл бөлуде. Қытай тілінің ерекшеліктерін зерттеу барысында «қытай иероглифтерін негіз ету» теориясының алатын орны зор. Қытай тілін оқытудың негізгі жолын білдіретін негізгі теория, сонымен қатар тілді оқытудағы ең тиімді тәсіл болып келеді. Қытай тілінде «иероглиф» тек қана белгі ғана емес, ол қытай ұлтының дүниені танып, оны бейнелейтін тәсілі. Дәстүрлі қытай тілінде «иероглифті» негізге алмай, «сөзді» негізге алса, қытай тілі тіл заңдылықтарына сәйкеспейді. Сонымен қатар мақала барысында қытай тілінің ерекшеліктері, оны оқыту әдістемелері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Қытай тілі, иероглиф, диалект, фонетика, лексика, грамматика.

**Аннотация:** В последние годы китайское правительство уделяет все большее внимание улучшению преподавания китайского языка иностранцам. Поэтому в процессе исследования особенностей китайского языка в



первую очередь нужно уделить большое внимание изучению языка с основ образования китайских иероглифов. Также в статье рассматриваются особенности китайского языка, методика преподавания китайского языка для иностранных студентов.

**Резюме:** В статье рассматриваются особенности китайского языка, методика преподавания китайского языка для иностранных студентов

**Ключевые слова:** китайский язык, иероглиф, диалект, фонетика, тон, лексика, грамматика.

**Abstract:** In recent years the Chinese government pays much attention to improvement of teaching the Chinese languages to foreigners. Therefore, in the studies of the Chinese language in the first place one need to pay more attention to language learning with the basics of Chinese hieroglyph. The article also discusses the features of the Chinese language, Chinese language teaching methodology for foreign students.

**Keywords:** Chinese, character, dialect, phonetics, tone, vocabulary and grammar.

#### Summary

The article also discusses the features of the Chinese language, Chinese language teaching methodology for foreign students.

Жер бетінде 3 мыңнан астам тіл бар. Әрбір халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының күзгері барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама береді. Сондықтан да халықтың тілі рухани болмысы және мәдени байлығы бірімен-бірі тығыз байланысты. Бұл жөнінде көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірлері бірізділік табады.

Қытай тілі – әлемдегі көне тілдердің бірі. Бұл тіл әрі ең қиын тіл болып саналады. Дүниежүзіндегі тілдердің ішінде қытай тілі, араб тілі, жапон тілі әлемдегі 10 ең қиын тілдердің алдыңғы қатарында. Жалпы мәліметтер бойынша, қытай тілінің әлемдегі ең қиын тілдер қатарына кіруінің бірнеше себептері бар. Олар: жазуда қолданылатын иероглифтердің өте күрделі және көне болып келуі; Әр сөз жекелеген символмен белгіленеді де, фонетикалық жақтан оның қалай дыбысталатындығы жайында ешқандай түсінік берілмейді. Екіншіден, қытай тілінде төрт тонның болуы, яғни әр иероглифтің дыбысталуы төрт түрде жүретіндігі де оны қиындата түседі.

Дегенмен қытай тілі қанша қиын деп саналса да, сол қиындықтарына қарамастан бұл тілді үйренушілер саны күннен күнге артпаса кеміп отырған жоқ. Конфуций институттың зерттеулері бойынша, қытай тілін үйренушілердің қызығушылықтары екі түрлі себепке негізделген: бірі – қытай тілінің басқа тілдерге мүлде ұқсамайтындығы; екіншісі – қытай тілінің күрделі болуында.

Қалай десек те, қытай тілінің лексика-грамматикалық, фонетикалық жағынан қиын екендігін ешкім де жоққа шығармайды. Сондықтан Қытай Халық Республикасында бастауыш мектептерде білім алу әдетте алты жылдық болып бөлінеді. Яғни бастауыш сыныпты бітіру үшін алты жыл оқу керек және осы жыл ішінде қытай тілін үйренушіге қойылатын талап та анықталған. Мәселен, 6 алты жылдың ішінде қытай оқушыларды орта есеппен алғанда 3500 иероглифті игеріп, біліп шығады. Иероглиф санының 3500 болуы да кездейсоқ алынған сан емес, бұл сан әрбір мәдениетті адам білуі тиіс иероглифтің орташа мөлшер деп анықталған.

Қытай тілінің тілдік сипатына келер болсақ, бұл тіл тілдер жіктемесінің син-тибет деп аталатын лингвистикалық тобына жатады. Бұл топтың құрамында 100-ден астам тіл бар.

Қытай тілі – Қытай Халық Республикасының, Тайвань, Сингапур мемлекетінің ресми тілі. Қытай өзінің халқының саны жағынан да әлемдегі алғашқы орындардың бірінде. Осымен байланысты шамамен алғанда қытай тілінде 1,2 млрд. адам сөйлейді және жан басына шаққанда ең кем дегенде бұл тіл миллиард адамның ана тілі болып табылады.

Қытай тілінде 7 жергілікті диалект бар деп есептеледі. Бұл диалектілер бір-бірінен мүлде алшақтап жатыр, сол себепті де бір диалектіде сөйлейтін қытайлық екінші диалектідегіні тез арада түсіне қоюы екіталай. Жалпы жергілікті сөйленіс ерекшеліктерінің басым бөлігі фонетикалық болып табылады. Мұның себебі, қытай тілінің тонға негізделгендігінде.

Алайда осы өзара түсініспеушіліктің болуына қарамастан, осы жеті қытай тіліндегі диалектіні біріктіретін қытай диалектілеріне ортақ - жазу иероглифтері.

Қазіргі Қытайда осы жеті диалект арасындағы өзара түсініспеушілікті жоюдың бір амалы ретінде қабылдаған бірқатар шаралары да бар. Яғни Қытайда халық арасында қытай тіліндегі тілдік қарым-қатынасты жеңілдету мақсатында қазіргі қытай тіліне қатысты пекин жергілікті сөйленісіне негізделген ресми дыбыстау нормасын кіргізді. Қытайда мұны путунхуа деп атайды. Бұл айтып отырғанымыз, тағы да қайталап өтесіз, дыбыстауға байланысты. Ал әдеби қытай тілі солтүстік жергілікті сөйленісіне

негізделсе, оның фонетикалық дыбысталуы пекиндік дыбысталу болып табылады.

Қытай тілінің ерекшеліктерін зерттеу барысында «қытай иероглифтерін негіз ету» теориясының алатын орны зор. Қытай тілін оқытудың негізгі жолын білдіретін негізгі теория, сонымен қатар тілді оқытудағы ең тиімді тәсіл болып келеді. Қытай тілінде «иероглиф» тек қана белгі ғана емес, ол қытай ұлтының дүниені танып,оны бейнелейтін тәсілі.Дәстүрлі қытай тілінде «иероглифті» негізге алмай, «сөзді» негізге алса, қытай тілі тіл заңдылықтарына сәйкеспейді.

Қытай тілін үйрену қытай иероглифтерін үйрену болып келеді. Қытай ұлты үшін де, шетелдіктер үшін де қытай иероглифін үйренбесе, қытай тілін үйрене алмайды. Төменде айтылатын мәселе шетелдіктер үшінқытай тілі үйрету барысында фонетика, иероглиф, лексика, грамматика қатарлыларды үйретуде оларды қолданылуына тоқталамыз.

#### 1. Фонетика

Қытай тілінің тағы бір қындығы тон деген мәселеге қатысты болып келеді. Қытай тілінде дауысты дыбыстар төрт түрлі дыбысталады, яғни төрт түрлі тонмен айтылады. Қытай тілі үшін дыбысталу, тон өте маңызды.

Қытай иероглифтерін дыбыстағанда қай тонмен айтылуына қарай оның мағынасы да өзгереді, осыған байланысты егер тонды дұрыс қойып айтпаса, тілдік қатысым барысында оларға жүктелген мағына өзгеріп кетеді де, айтылар ой, берілетін хабар мүлде басқаша болып шығуы мүмкін.

Жалпы қытай тілі бойынша жазылған еңбектерге сүйенер болсақ, онда путунхуа бойынша 414 буын бар болып шығады, оларды төрт түрлі тонға салып айтқанда 1324 болады. Путунхуада 4 мағына ажыратқыштық тон болады, әр буын екіден бастап, төрт түрлі тонға дейін айтылады.

Қытай иероглифтарын дыбысталуы « финаль, инициаль тондар» сияқты үш бөліктен құралған, басқа тілдердегідей дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралмайды. Қытай иероглифтері «формасы» «дыбысы» «мағынасы» бірлесіп бір буынды береді. Шетелдіктерге қытай тілін үйретуде қытай тілінің осындай ерешеліктеріне талдау жасап түсіндіргенде ғана үйренушілер үшін тиімді жақтары көп болады. Мысалы, қытай тілінде бір иероглиф бір буын болып келеді. Қытай тіліндегі иероглифтарды оқыған кезде буындар жалғасты болып келмейді (yān'an- yānan, xiān'an- xiānan) деп оқуға болмайды. Буын құрау әдісі финаль алдына, инициаль артынан келіп , тон тек қана бір буынға қойылады. Қытай тіліндегі тон қызметі қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі екпінге мүлде ұқсамайды. Шетелдік оқушыларға осыдай айырмашылықтарды түсіндіру өте маңызды. Шетелдік оқушылар үшін тонды игеру кездесетін қиыншылықтардың бірі. Қытай тіліндегі буындар нақты болып келеді, егер оқу барысында буындарды қосып оқыса, кейбір буындардың оқылуы күнгірт болып кетеді, сол себепті буындарды бөлек оқып, тондарына көңіл бөлу керек. Қытай тілінің фонетикалық ерекшелігі иероглифтың қасиеттілігімен байланысты. Осыдан түйгеніміз шетелдіктерге фонетиканы оқыту әдістемесінде финаль,инициаль, тондардыоқытуда осы ерекшеліктерді ескеру қажет.

#### 2. Қытай иероголифі.

Қытай мен Қазақстан арасындағы достықтың дамуына айланысты біз осы елдің тілін,тарихын,мәдениетін,экономикасын жетік меңгеруіміз қажет.Қытай каллиграфиясын, символиканың ерекшеліктерін тану, олардың адамзат өміріндегі алатын орнын ашу өзекті болып табылады

Қытай жазуының басты ерекшелігі – иероглифтік жазу екендігінде. Иероглифтің әрқайсысы жеке бір буынды білдіреді. Бұл тілдегі иероглифтердің жалпы саны 40 000-нан астам деп саналады. Ал сауаттылық өлшемі тұрғысынан келгенде егер адам қарапайым деңгейде 1500 иероглифті меңгерген болса, онда ол сауатты деп саналады. Мерзімді басылымдарды оқу үшін және арнайы ғылыми бағыттағы мақалалар жазылған журналдармен танысу үшін 3500 иероглифті білу жеткілікті саналады.

«Сөзді негіз ету» әдістемесінде, біріншіден, сөздерді үйретуге тек қана иероглиф формасына мән бермейді, екіншіден, иероглиф формасына мән берген жағдайда тек қана жазу тәртібін сызықтардың орналасуына ғана түсіндіреді. Бұл қазақ,орыс, ағылшын тілдеріндегі алфавиттегі әріптерді құрастырумен бірдей. Осының нәтижесінде үйренушілер үшін иероглифтарды есте сақтау, жазу қиын болып келеді. Зерттеушілердің еңбектерінен қытай тіліндегі сөздік қордың өте көп екен білеміз, бірақ сөздерді құрайтын, үнемі қолданылатын иероглифтар саны 500, яғни жиі қолданысқа түсетіндері, 78 % ті құрайды. Егер үйренушілер 1300-1500 иероглиф білсе,әдеттегі мәтіндердің 90 %оқи алады. Зерттеулер арқылы қазіргі қытай тілінде 3500 иероглиф 70000 сөзді құрайды, орта есеппен әрбір иероглифтен 20 сөз құралып шығады.Шетелдік қытай тілін үйрену кезінде иероглифтерге негізделіп, оның құрылымына талдау жасау, иероглифтердің жасалу жолдарының заңдылықтарын пайдаланса, үйрену жеңіл болады. Алдымен үнемі қолданылатын иероглифтерді үйреніп, сөздерді меңгерсе, үйрену барысында осы заңдылықтарда сақтай

отыра жаттаса, иероглифтерді үйрену қиынға соқпайды. Алдымен иероглифтердің жалғыз бөліктерін үйретіп, кейін солармен жасалатын иероглифтерді үйретуге болады.

Мысалы, 方 - fang 放房访

羊 - yang 样洋佯

Қытай зерттеушісі Пан Вен го мырза былай айтқан: «Қазір Қытай мектептерінде алдымен иероглифтерды үйрету, сонан кейін сөзді, сөз тіркестерін үйрету әдістемесі бұл қытай тілін оқыту әдістемесіне сәйкес еді, және осы әдістемені қолдану нәтижелі болған. Осы әдістемені қытай тілін оқытуда қолдану керек».

Ең негізгі иероглифтер арқылы сөз құрылып, сөздік қор көбейеді. Мысалы,

工 - (江江水, 长江) 红- (红色, 红人)

工 иероглифтың бір бөлігі және өзі бір иероглиф болады, осыдан «工» өзі бір негізгі иероглиф болып келеді.

Қытай тілін шетелдіктерге оқытуда тағы ескере кететін ерекшеліктерінің бір грамматикалық ерекшеліктері. Мысалы, 被, 把 сөйлем дерін шетелдіктерге оқытуда өзіндік маңыздылыққа ие болып келеді.

Қоғамның дамуы барысында тіл де дамиды, оның лексикасы да дамиды, сонымен қатар қазіргі кездегі әртүрлі әдістеменің тәсілдері көбейю де, бірақ тіл үйретуде негізінен дәстүрлі әдістеменің өзіндік алатын ролі бар. Өзгеру мен даму тілдің фонетикасына, лексикасынаграмматикасынада қатысты болады. Адамдар өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, олардың әр түрлі ерекшеліктері мен белгілерін бірден танып, түсіне бермейді. Заттар мен құбылыстар, олардың бір-бірімен қатысы мен байланысы, әртүрлі белгілері мен сыр-сипаты қоғамның дамуы барысында біртіндеп танылып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрыннан қалыптасқан мағынасына жаңа мағына үстеледі. Мысалы қытай тіліндегі 书 сөзі ертеде 信 (хат) және 写 (жазу) деген мағынада қолданылған. Қазір 一本书 дегенде кітап мағынасын білдіреді.

Қорыта келе, осыдан түйіндегеніміз шетелдіктерге тіл оқытуда әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн. Сонымен қатар мәдениаралық қатынасты баста назарда ұстаған дұрыс болады. Әр адамдың тілді қандай деңгейде меңгеретін түсінбей, олар тіл үйрету өте қиынға болды., сол себепті оқытушы алдында екі мақсат болады, бірі тілдің қасиеті болса, екінші аудиторияны меңгеру.

1 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері// Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, Ғылым, 1988. –340 б.

2 Горелов В.И. Лексикология китайского языка. - Москва, 1984 -243 с.

3 Сафронов М.В. Китайский язык и китайская письменность. – Москва, Восток-Запад, 2007 – 315 с.

4 王力《中国现代语法》，商务印书馆，1985年版-253。

5 孙德金著《汉语语法教程》，北京语言大学出版社，2005年版-150。

ӘОЖ 811.512.122 :147(574)

## КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Х.А. Берденова -

Абай ат.ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты

**Аңдатпа:** Мақалада жоғары оқу орындары студенттерін болашақ мамандығы бойынша кәсіби қарым-қатынасқа мәтін негізінде оқытудың әдістемесі, кәсіби қарым-қатынасты мәтін негізінде оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, жоғары оқу орнында кәсіби қарым-қатынасқа оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық және танымдық негіздеріне талдау жасау, кәсіби қарым-қатынасқа үйрететін негізгі ұстанымдар мен оқыту формаларын, әдіс-тәсілдерін жүйелеу әдістері көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Мәтінді талдау, тіл қарым-қатынас құралы, тілдік талдау, кәсіби қарым-қатынас негіздерін қалыптастыру.

**Аннотация:** В статье рассматриваются характерные особенности организации учебно-методика обучения профессиональной коммуникативности на основе текста.

**Ключевое слово:** Анализ текста, текст коммуникативности, методика обучения коммуникативности.

**Abstract:** Teaching methods of professional communicative language on the basis of texts.

To Make the professional plan of the bases of texts according the future career for the students of university: to develop the good relationship on teaching methods of professional communicative language on the science theory.

to analyse the sociologically, psychologically and linguistically foundation of relationship teaching methods of professional communicative Language on bases of texts.

**Key words:** to plan the forms of teaching methods of professional communicative Language on bases of texts and base rules, showing us the best relationships among students at the university.

Қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық-мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістермен бірге, оның әрбір даму кезеңіне лайық қазақ тілін үйрету сапасын арттырып отыру мәселесі мемлекеттік тілді оқытатын мамандардың жадынан әсте шықпақ емес. Бүгінгі нарық заманында көптеген шетелдермен қарым-қатынас жасап, біріккен өнеркәсіптердің құрылуы мемлекеттік тілдің де жандануына әсерін тигізіп отыр. Қазақ елінде өмір сүріп жүрген әр ұлт өкілдерінің өздері мекендеген елдің тілін қадірлеуі, меңгеруі мемлекеттік тіл дәрежесінің өркендеуіне зор ықпалын тигізеді сөзсіз.

Тіл сөйлеу кезінде адамзат қоғамының қарым-қатынас құралына айналды. «Тіл қарым-қатынас құралы. Сондықтан оған тән белгілерді сөйлем шекарасынан шығып, тыңдаушы, сөйлеуші жағдай, стиль сияқты уәждемелерді қамти отырып, анықтауға болады» [1,24]. Адамдар бірі-бірімен қарым-қатынас жасау, тіл арқылы түсінісіп, ой-пікірлерін жеткізе білуі арқылы қатынасқа түседі. Адам белгілі бір ортаға кіріп өмірдегі болып жатқан құбылыстар мен әлеуметтік жағдайлар жөнінде өз пікірін, көзқарасын ортаға салу арқылы жеке адамның сөйлеу әрекетін қалыптастырады.

Сөйлеу барысында адамдардың бірі тыңдаушы екіншісі баяндаушы рөлін атқарады. Белгілі бір хабарды бір-біріне жеткізеді, дәлелдейді, ұсыныс жасайды, қабылдайды, сұрақ қояды, әртүрлі әрекетке қатысты өз бағаларын береді. Тілдік арқылы кәсіби бағытта мағлұмат алып, бір-бірімен тілдік қатынасқа түседі. «Тілдің қарым-қатынас құралы қызметін жүзеге асыруға қатысы бар барлық белгілер тіл білімінің құзіретіне кіреді»-дейді ғалым С.С.Кибрик [2,3].

«Тілдік қатынас дегеніміз тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысуы, түсінісуі; яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді» деп көрсетеді ғалым Ф.Ш.Оразбаева [3,7]. Одан білетініміз адамзаттың сөйлеу құралы адамның тілі, тілдік қатынас құралы деген қоғамдық-әлеуметтік ұғым. Ал тілдік қатынасқа түсіп отырған Адам сөйлесім әрекетін құрайды. Біз қарастырып отырған жағдайда сөйлесім әрекеті студенттердің арасында белгілі бір бағытқа қатысты болады. Техникалық жоғары оқу орындарында көптеген мамандық саласына бағыттап тілді оқыту үрдісі орын алған. Сондықтан мемлекеттік тілді оқытуда әр топтың ерекшелігі ерекше. Себебі әр студент өз саласы бойынша кәсіби бағдарлы білім алады. Мамандығына сай сөйлеуге, тілдесуге бір-бірімен ойын ашық жеткізуге үйренеді. Қоғамда болып жатқан барлық жаңалықтарда хабардан болып, өзара пікір таластыра алатын дәрежеге жетеді.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында үйретуде тілдің қатынас құралы ретінде құзіреттілігін арттыру керек. Ол үшін тілді кәсіби бағытта оқытатын-дықтан әр топтың ерекшелігіне қарай мәтіндерді, тапсырмаларды ыңғайлап беру керек. Ол тапсырмалар студентті тілдік қатынасқа түсіріп қана қоймай, оның ой-өрісін кеңейтіп, өмірге көзқарасына жағымды әсер етуі тиіс.

Бұл оқытушының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Оқытушының оқу материалдарын бағдарламаға сүйене отырып, шеберлікпен таңдап алуы және жобалауы, материалдың күрделілігін бағалауы және оны нақты мақсатта, демек, белгілі бір мамандыққа сәйкес бейімдеуі арқылы бекітіледі. Әр оқытушының ұйымдастырушылық шеберлігінің ең жоғары деңгейде болуы және уақытты меңгеру шеберлігін өзінің жеке белсенділігі мен студенттердің белсенділігін дұрыс құра білуінде байқалады.

Еліміздің экономикасына қомақты үлесін қосып отырған мұнай-газ өнеркәсібі саласында еңбек етуге құштар жастар көп. Ондай мамандыққа инженер-мұнайшылар дайындайтын жоғары оқу орнының бірі Қ.И.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университет. Бұл салада білім алып, маман болуға құштар болып отырған студенттердің мемлекеттік тілді кәсіби бағытта үйренуіне де ынтасы зор.

Мұнай-газ мамандығында оқитын студенттерге арналып арнайы оқу- әдістемелік кешені жасалды. Ол университеттің типтік бағдарламасына сай кредиттік жүйеге лайық орындалды. Осыған орай, кәсіби қазақ тілін коммуникативтік-танымдық бағытта үйрету ерекше маңызды орын алады. Техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне тілді қатысымдық тұрғыдан оның болашақ мамандығына сәйкестендіріп

оқыта отырып, танымдық белсенділігін арттыру шарт.

Коммуникативтік-танымдық бағыт дегенде студенттің сөйлем құрастырғандағы білімін, сөздік қорын, кәсіби тілдегі қарым-қатынас құзіреттілігін қалыптастыру керек. Бұл дегеніміз болашақ мамандардың кәсіби білім деңгейінің жоғары болуы қажеттілігінен шығады. Студенттің өз мамандығына сай тілді меңгеруінің нәтижелі болуы танымдық белсенділігіне байланысты. Ол үшін оқытушы әр студентке кәсіби бағытта орындалатын материалдарды көптеп дайындату қажет. Оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттері студенттің кәсіби қатынастық құзіреттілігін қалыптастыруда зор ықпал етеді. Өз мамандығына лайық берілген тапсырмалар мен мәтіндер арқылы көптеген ақпараттар алады. Олар тек ақпарат алып қоймайды, жазып үйренеді, жаңа сөздерді меңгереді, бір-бірімен тілдесе алады.

Кәсіби бағыттағы тілдік қарым-қатынас орнайды. Ол студенттердің өз мамандығына лайықты тілді үйренуіне деген қызығушылығын арттырады. Тілді кәсіби бағытта үйретуде студенттің дағдысы мен біліктілігін дамытып, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуі арналған жұмыс түрлерін беруге болады. Мысалы, мәтін, Мұнай мен газ көздерінің пайда болуы Мұнай грек халқының “Нафта” деген сөзінен шыққан. “Нафта”- жарып шығарлық қасиеті бар деген мағынаны білдіреді. Кейбір ойпаттарда жер қойнауын жарып шығып атқылап, кейде бұлақ болып ағып жататын “қара май” немесе үзілмес от болып жанып тұратын таңғажайып жаратылыс құбылыстары халыққа әр заманда “күдірет күші” деп танылды. Византия мемлекетінің жауынгерлері өздерінің дұшпандарына қарсы соғыстарда тарқатылған кендірді (пакля) ағаш басына орап, оны мұнайға малып алып тұтатып, жау кемелеріне лақтыру арқылы жеңіске жетіп отырған. Бұл оқиға “Грек оты” деген атпен қалды.

Тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер. Мұнай сөзі қалай пайда болған? Алғашқы кездерде адам баласы жұмбақ құбылыстарды қалай ашқан? Ерте дәуірлерде мұнайды, газды қалай және не үшін пайдаланған? Кендірден не істеген? Жауға қарсы қолданған әрекеттерін қалай атаған? Ертеде қазақтар мұнайды не үшін пайдаланған? Олар мұнайды не деп атады? Алғаш мұнай қай жылы алынды? Шетел кәсіпкерлері мұнайды қай аймақтан іздеді?

Тапсырма. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған қара май, күдірет күші, көгілдір отын тіркестерін түсіндіріп беріңіздер?

Тапсырма. Мәтіннен жуан буынға жалғанған сөздерді бірыңғай, жіңішке буынға жалғанған сөздерді бірыңғай бөліп, жазыңыздар.

Тапсырма. Сөздікті пайдаланып, сөйлемдерді аударып жазыңыздар. Септік жалғауда тұрған сөздерді ажыратыңыздар.

Тапсырма. Қазақстан мұнайы жайында досыңызбен әңгімелесіңіз.

Тапсырма. Сөйлемдерден түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінді ықпалға ұшыраған сөздерді табыңыздар.

№7 скважинадан мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 20 тоннадай өнім берді.

Мұнай өнеркәсібі халық игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Ембі-Каспий аймағында мұнай қорын іздестіру жұмыстары жүргізіле бастады. Тұрғын халықтың шабатын шөбі жоқ.

Тапсырма. Мәтінді оқығаннан кейін мұнай туралы қандай жаңа мәліметтер алдыңыздар, баяндап беріңіздер.

Тапсырма. Мәтінде кездесетін кейбір ұғымдардың анықтамасын тауып, дәптерлеріңізге жазыңыздар. Мамандыққа сай берілген мұндай тапсырмаларды студент қызыға орындайды. Оның танымдық құзіреттілігі артып, өз мамандығына сай мәліметтер алуына көмектеседі. Одан әрі мәтіннен алған мәліметтерге талдау жасап, жаңа сөздермен сөздік қорын байытады, мамандығына сәйкес тілдік қатынас жасауға ұмтылады. Осындай мәтіндерді көптеп беруге болады. Мысалы, «Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің дамуы», «Мұнайдың зерттелуі», «Мұнай-газ Кен орындарын барлау және іздеу», «Мұнай-газ кен орындары», «Мұнайдың құрамы мен қасиеті» т.б. мәтіндерге тапсырмалар беріп, студенттің қатысымдық құзіреттілігін дамытуға болады.

Жоғарыда келтірілген тапсырмалар студенттің белгілі бір мамандыққа сай лексиканы үйренуіне жол ашады. Студенттің мамандыққа сай тілдік қатынасқа түсуі оның сөздік қорының молдығына байланысты. Ал кез-келген мәтінмен жұмыс істеу сөздік арқылы іске асады. Осы орайда әр мәтінге сөздік жұмыстарын беріп, оны меңгерту - адамдардың кәсіби тілде бір-бірімен ашық пікірлесіп, ойын жеткізуіне, тілдесуіне септігін тигізеді. Мамандыққа сәйкес тілдік қарым-қатынас орнату үшін сөздің лексикасын, грамматикасын және стилистикасын білу жеткілікті емес. Кәсіби бағытта қарсыласыңызбен пікірлесіп, ойыңызды анық жеткізе білу үшін сөзді дұрыс қолдануға үйрену керек. Қай мамандықта болмасын болашақ маман жиналыстарда, келіссөздерде, қызметтес адамды қабылдауда әріптестерімен дұрыс

сөйлесе білуі парыз.

Ол үшін қазақ тілін кәсіби бағытта үйренуге талпынған әр студент мәтіндердің мазмұнына берілген тапсырмаларға үлкен мән беруі қажет. Осы орайда мамандыққа сай тілдік қарым-қатынасқа түсуі үшін жүргізілетін жұмыс түрлері жаңаша талапқа сай орындалса, студенттің кәсіби сөйлеу тілінің дамуы мен қалыптасуы арқылы білімге, ғылымға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің артары сөзсіз.

1 (1,24). Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі Оқыту әдістемесі. - Алматы, 2008 ж.

2 (2,3). Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы, оқушыны дамыту. Құрал ретінде.- Алматы, 2007.

3 (3,7). Оралбаева Н Жақсылықова Қ Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілінің оқыту әдістемесі.- Алматы, 2006.

УДК 80/81

## ШЕШЕННІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

А.Ш. Нұрмағамбетова–

Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институты  
2-курс магистранты

**Аңдатпа:** Мақалада шешендіктің құрамдас бөлігі ретінде мәдениетті сөйлеудің ұстанымдары, талаптары сараланып, оларды қолдану тәжірибесі сипатталған. Сондай-ақ сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлген зерттеушілер туралы жазылады. Сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, сөз логикалылығы, сөз мәнерлілігі, сөздің орындылығы жайында әрқайсысына анықтамалар берілді.

Сөйлеу мәдениеті құралдарының мәдениетті сөз саптаудағы орны талдап көрсетілді. Сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің ұстанымдары туралы жазылған.

**Тірек сөздер:** Шешен сөйлеу, сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, сөз логикалылығы, сөз мәнерлілігі, сөздің орындылығы.

**Аннотация:** В статье неотъемлемой частью риторики является требования культурной речи и использования ее в практике. А так же говорится об исследованиях, в которых уделены вниманию культуре речи. Было дано определение терминам «правильность», «точность», «логика» и «искусство слова». Исследована и показана культура слова, как основа культуры речи.

**Ключевые слова:** Искусство речи, правильность речи, логика речи, точность речи.

**Abstract:** In the article integral of rhetoric are cultural requirements of speech and using it in practice. It said about research which paid attention to cultural speech.

It gives the definition of «correctness», «accuracy», «logic» and the art of word. The culture of word was explored and showed as the basis of culture of speech.

**Key words :** The act of speech, correctness of speech, logic of speech, accuracy of speech.

Әрбір ұлттың ұлт болып қалыптасуының негізгі және басты белгісі – тіл. Тіл қарым-қатынас құралы қызметін атқара отырып, халық мәдениетінің айнасы болып келеді және солай бола бермек.

Тілші ғалымдардың тілдің дамуы үшін, оның ең алдымен қоғамның барлық өміріне қатысты жұмсалыумен қатар ұлт тілінің таза, дұрыс, анық, сауатты болуына мән бере қараған еңбектері баршылық. Тіл ғылымының негізін салған, қазақ әдебиеті мен өмірінің көрнекті қайраткері А.Байтұрсынұлының 20 жылдардың өзінде-ақ тұңғыш рет сөз мәдениетін екі сатыға бөліп қарайтынын анық аңғарамыз:

Біріншісі – сөз дұрыстығы (сөз тұлғасын өзгертудегі түрлі жұрнақ жалғауларды өз орнында қолдану, сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс байланыстыру);

Екіншісі – сөз бедері (сөзді анық, таза дәл айту, талғап қолдану) [1].

Сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөле зерттеген профессор М.Балақаев оған «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу мәнеріне шыныққандық, сауаттылық»[2,4.]. деп анықтама береді. Сондай-ақ ғалым сөйлеуде, жазуда кездесетін кемшіліктерге орфографиялық, орфоэпиялық және стильдік қателерді жатқызады.

Тілші ғалым И.Қ.Ұйықбаевтың «Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері» атты еңбегінде сөйлеу мәдениеті үшін екі түрлі басты мәселені қарастыратыны нақтылана түседі. «Дұрыс сөйлеу мен жазу үлкен өнер, зор мәдениет. Бұл ана тілін жете меңгеріп, оны қолдана білудің мәдениеті» [3,5.].

1920-1970 жылдары орыс сөз мәдениеті деп аталатын лингвистикалық пәннің дамуына айырықша ықпал еткен Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, В.И.Чернышев, Г.О.Винокур, т.б.көрнекті ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ одан кейінгі жылдардағы монографиялық зерттеулердегі тұжырымдар жалпы сөз мәдениеті туралы ілімнің ғылыми теориялық базасын кеңейте, тереңдете түсті.

Сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектілері В.Г.Костомаров, А.А.Леонтьев, Б.Н.Головин еңбектерінде теориялық тұрғыдан негізделе түсті. Ал қазақ тіл білімінде өз мәдениетінің теориялық және жекелеген мәселелері 60-жылдардан бастап жүйелі түрде зерттеле бастады. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Ө.Айтбаев, Қ.Нұрмұқанов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз мәдениетінің негізгі өзекті мәселелері әр қырынан қаралды.

Аталған зерттеушілердің еңбектерінде сөз мәдениетінің негізгі ұғымдарының мағынасы анықталған:

Таза сөйлеу – ой айқындылығының белгісі. Тіл тазалығы дейтініміз – дейді А. Байтұрсынов – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, ескі сөздерге жоламау, жаңа сөздерден қашу.

Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу дейді.

Тіл тазалығын сақтамау дегенде жеке адамдардың шетелдік сөздерді әсіресе орыс сөздерін орынсыз қолдануын айтады. Керегі жоқ жерде жөн-жосынсыз өзге тілдің сөздерін пайдалану, өзге тілдің грамматикалық құрылысын сақтап, сөйлеу тілді түсініксіз етеді. Мысалы понимаешь, так, ну, значит т.б. тәрізді шетелдік сөздерді қосып айту тілдегі орашолалық, шалалық ой жүдеулігі болып табылады. Сөзі шала кісінің ойы да күңгірт болады. Б. Майлин бір өлеңінде:

Значит, так сказать, накыл болды

Жел қайдан шықса, соған жақын болды, - деп орысша мен қазақшаны араластырып сөйлегендерді сынаған.

Тіл тазалығы керек емес, басы артық сөздерді қыстырып сөйлеуден де бұзылады. Сөйтіп, солай етіп, кетіп, жанағы, міне, сосын, құсап тәрізді қыстырма сөздерді қолдану сөйлеуші тілін кедейлендіреді, тыңдаушыларын мезі қылады, шешенді күлкіге ұшырытады. Сөйлеу тілінде қыстырма сөздер сөйлеушінің қысылып-қымтырылғанымен, ойын дұрыс жеткізе алмаудан, сөздік қорының аздығынан келіп туындайды. Тіл тазалығын ойлау шешеннің сөйлеу әрекетінің санасын көтереді.

Белгілі бір топ арасында (оқушылар, студенттер т. б.) ғана қолданылатын жаргон сөздер де тіл мәдениетіне кесел келтіреді. Адамдар тіпті тұрмыстық, қарым-қатынаста сөйлегенде де қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерді айтудан аулақ болуы керек. Сөйлеуші адамдардың ой-өрісінің кеңдігі, саликалы, сауаттылығы сөйлеу тілінен аңғарылады.

**Сөз дұрыстығы.** Зерттеушілер дұрыстықты жақсы сөздің, сөйлеудің аса маңызды қасиеті деп таниды. әлі күнге дейін тіл мәдениетін кең мағынасында түсінілетін дұрыстыққа балайды. Дұрыстық, шындығында да, сөздің коммуникативтік қасиеттері жүйесінде ерекше орын алады. Дұрыстық сөздің негізгі құрылымдық қасиеті болып табылады. Дәл осы қасиет, сөз бен тілді байланыстыра отырып, оның (сөздің) тілдік жүйеге және нормаға сәйкестігін (немесе сәйкессіздігін) анықтай отырып, сөздің тұтастығын, оның өзара түсініктілігін (взаимопонимаемость) қамтамасыз етеді. Дұрыстық дәлдіктің, логикалықтың, түсініктіліктің, әсерліліктің негізі, олардың құрылымдық алғы шарты ретінде көрінеді.

Дұрыстықтың нормамен арақатынасын зерттеушілердің барлығы мойындайды. Б.Н.Головиннің оқулығында сөз дұрыстығы «оның тілдік құрылымының қолданыстағы тілдік нормаларға сәйкестігі» ретінде анықталған [4,40 б]. Ғылыми әдебиетте норманың өзіне әр түрлі анықтама берілетіндігін еске түсірсек, дұрыстықты нормаға сәйкестік деп анықтау аз, жеткіліксіз болады.

Дұрыстық (дұрыс еместік) – сөздің жалпы, универсал қасиеті. Ол сөз табиғатымен, сөздің тілмен байланысы сипатымен анықталатын болғандықтан үнемі саналы түрде немесе санадан тыс өмір сүреді. Сөз тілдік материалдан (бірліктерден) және сол тіл заңдары бойынша құрылады, алайда оны әрбір сөйлеуші өзінше жеке түрде құрайды. Әр сөйлеушінің тілді, оның жүйесін білу дәрежесі әр түрлі болады, сондықтан ол өз сөзінде тілдік заңдарды сақтауы мүмкін немесе бұзуы, одан ауытқуы да мүмкін. Кез келген сөйлеу туындысы әйтеуір бір қатынаста тілге – оның заңдарына қатысты

құрылады, яғни кез келген сөз не дұрыс, не дұрыс емес болады. Жалпы алғанда дұрыстық дегеніміз – сөздің құрылымының, ұйымдасуының тіл жүйесіне сәйкестігі.

Сөз байлығы дегеніміз – дәлдік және мәнерлілік сияқты сөйлеу қасиеттерінің құрылымдық алғышарты болып табылады. Сөздің өзге коммуникативтік қасиеттері сияқты, байлығы да сөйлеу құрылымына кіретін барлық бірліктердің тілдік жүйенің барлық деңгейі бірліктерінің өзара әрекеттестігі арқылы жасалады.

**Сөз дәлдігі.** Дәлдік дегеніміз – сөздің аса маңызды функционалдық қасиеті. Ол сөзді оның мазмұны жағынан сипаттайды. Сөз дәлдігі немесе дәлсіздігі туралы айтқанда сөз семантикасы белгілі бір ақиқат, шындық туралы ақпаратты қалай (толық па, толық емес пе, жақсы ма, жаман ба, біркелкі ме, жоқ әр алуан түрде ме) жеткізіп тұрғандығын түсінеміз.

Бұл қасиеттің мәнін түсіну үшін мәтін мағынасы (смысл текста) және сөз семантикасы ұтымдарын теориялық және практикалық тұрғыдан ажырата білу керек. Бұларды тілдік бірліктердің, яғни сөйлеу бірліктерінің жиынтық семантикасы ретінде қарастыруымыз керек.

**Сөз логикалылығы.** Функционалдық қасиет ретінде қарастырылатын логикалықтың дәлділікпен ортақ тұстары өте көп. Дәлдік сияқты логикалық та ақиқатпен және ойлаумен байланыс негізінде қалыптасады. Соған сәйкес оның заттық логикалық және ұғымдық логикалық деген түрлері болады. Дәлдік, сөздік таңбалар мен олардың ара қатынасы арқылы, сөз семантикасын мәтін мазмұнымен байланыстырады. Ал логикалық болса, сөйлеу семантикасының өзін емес оның құрылымын сипаттайды. Тілдік бірліктердің сөз құрылымында бір-бірімен жалғасу ұласу сипатын көрсетеді. Бұл байланыстарды ол не ақиқат шындықтағы байланыстармен, не ой компоненттерінің арасындағы байланыстарымен салыстыра отырып қарастырады. Осылайшы дәлдік пен логикалылық өзара әрекеттесе, бірін-бірі толықтыра отырып, сөздің тұтас алғандағы мағыналық мазмұндық жағын сипаттайды.

Логикалылықтың коммуникативтік қасиеттер жүйесіндегі орны дәлдіктің орнымен ұқсас.

Логикалық дәлдікпен бірге түсініктілік және әсерлілік қасиеттерінің құралуына база, негіз болып табылады. Егер сөйлеу логикалылығының сипаты мен дәрежесі қарым-қатынас ситуациясына сай келсе, онда сөз орынды болып табылады.

**Сөз мәнерлілігі.** Бұл коммуникативтік қасиетті сипаттағанда мына жағдайларды атап көрсету керек. 1. мәнерлілік дегеніміз – сөздің функционалдық қасиеттерінің бірі. Оның өмір сүруі сөз табиғатымен оның функцияларымен және оны адам санасының қабылдау ерекшеліктерімен уәжделеген. Мәнерлілік сөз бен сананың арақатынасы негізінде пайда болады [4,27].


Сөз өзінің мазмұнды құрастыру, қалыптастыру және жеткізу сияқты негізгі қызметін дұрыс, жақсы атқару үшін үнемі тыңдаушының немесе оқырманның көңілін аударып, қызығушылығын арттырып отыратын құрылымға ие болуы керек. Осыдан келіп мәнерліліктің мынадай анықтамасы шығады. Сөз мәнерлілігі дегеніміз – оның құрылымында болатын тыңдаушының немесе оқырманның көңілін, қызығушылығын үнемі сақтап, арттырып отыратын ерекшеліктер. Осыған сәйкес аталған қасиеттерге ие болатын сөз – мәнерлі сөз деп аталады [4,186].

Сөздің дұрыстық және байлық сияқты құрылымдық қасиеттері мәнерлілікке негіз бола алады. Ал мәнерліліктің өзі түсініктілік (доступность) және әсерлілік сияқты функционалдық қасиеттерге жағдай жасайды, яғни соларға шарт болады. Мәнерлілік қасиеті мақсатқа сәйкестілік арқылы реттеліп отырады.

**Сөздің орындылығы.** Сөз орындылығының коммуникативтік қасиеттер жүйесіндегі орнын және айрықша функционалдық маңыздылығын түсінудің мәні өте зор. Бұл да функционалдық қасиет болып саналады, бірақ дәлдік, логикалық және мәнерлілік сияқты бірінші деңгей қасиеттерінен жоғары тұрады. Бұл үш қасиеттің өзі осы орындылық (уместность) арқылы реттеліп отырады. Яғни сөз орындылығы анағұрлым жоғары деңгейдегі қасиет болып табылады. Сөзді қарым-қатынастың нақты жағдайларымен байланыстыра отырып, сөз орындылығы осы коммуникативтік қасиеттердің әрбірінің функционалдық белсенділігін реттейді. Бұлардың сөйлеудің әр түрлі типтеріндегі, яғни стильдеріндегі және әр түрлі нақты сөйлеу туындыларындағы нерархиясын анықтайды. Коммуникативтік қасиеттердің функционалдық варианттарын тандауды және олардың жасалу құралдарын реттейді. Орындылықтың өзге коммуникативтік қасиеттерге қатынасын кесте түрінде былайша көрсетуге болады.



Зерттеуші Қ.Айтмұхаметова сөйлеу мәдениетінің бұл ұғымдарының орнын төмендегідей орналастыруды ұсынады [5]:



Кестеден байқағанымыздай, орындылық коммуникативтік бүкіл өзге қасиеттерін реттеп отыратын анағұрлым кең, маңызды қасиеті болып табылады. Сөз орындылығы мен мәтін орындылығын ажырата білу керек. Сөз орындылығы – мәтіннің формасы ретінде – мәтін орындылығының бір шарты болып табылады. Сөз орындылығы дегеніміз – адамның сөйлеу мәдениетінің көрінісі және нәтижесі. Ал мәтін орындылығы дегеніміз – сөйлеу тәртібінің немесе сөйлеу мінез құлқы мәдениетінің көрінісі және нәтижесі болып табылады. Мысалы, «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген мақал дәл осы мәтін орындылығын сипаттайды, яғни мұнда әңгіме сөз орындылығы емес, мәтін орындылығы болып отыр.

Қорыта айтқанда, зерттеуші – ғалымдардың берген анықтамаларын саралай отырып, өз зерттеуімізде шешен сөйлеу мәдениеті – оқыту үрдісінде, отбасында, адамдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ойды түсінікті, дәл, әсерлі әрі тіл тазалығын сақтай жеткізе білу дегенді айтамыз.

1. Байтұрсынов А.шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (құрастырған Шәріпов.Ә., Дәуітов.С.) – Алматы: Жазушы, 1989.

2. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965.

3. Ұйқыбаев И.Қ. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. – Алматы, 1969.

4. Головин Б.Н. Основы культуры речи. – Москва: Высшая школа, 1980.

5. Айтмұхамбетова Қ. Сөздің коммуникативтік қасиеттері. //Тілтаным 2001.- №4.

ӘОЖ 778.5.01 (014)

ББК 85.374 (3)

## КИНО ТЕОРИЯСЫ ПӘНІ: СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР-I

Ергебеков М. -

*Газиантеп университетінің ассистент – профессоры, PhD,  
Газиантеп қ., Түркия Республикасы*

**Аңдатпа:** Кино теориясы саласы философия және қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар саласының даму тарихымен бірге дамыды. XX ғасырдың 60-жылдары «Кинотану» ғылыми дисциплина ретінде қалыптасуы кино теориясының өзіндік алтын дәуірін бастан өткеруіне себеп болды. Бұл кезең “Метц-Альтюссер-Лакан парадигмалық кезеңі” деп те аталуда. Алайда бұл оңтайлы құбылыс Батыс елдерінде басталды. Кеңестер Одағы бұл құбылысқа өз үлесін қоса алмаумен бірге, өз еншісін ала алмады. Өйткені идеология мен көрермен рецепциясы зерттеулері, кино семиотикасы және психоанализ Кеңестік саяси идеология тұрғысынан “қауіпті” деп бағаланған болуы мүмкін. Бұл жағдай тек қана кинотану саласында емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың барлық салаларына тән еді. Ролан Барт, Клод Леви-Стросс, Жак Лакан, Мишель Фуко, Жак Деррида сынды заманауи батыстық философияның ең маңызды ойшылдарының еңбектерінің көбі КСРО тарағаннан кейін орыс тіліне аударылып, осы ойшылдар туралы еңбектер жарық көре бастады.

Бұл мақала Батыстағы заманауи философиялық ойлаудың дамуы және мұнымен қатар кино теориясы тарихының негізгі жолдары туралы. Бұл ғылыми еңбек сонымен қатар Қазақстандағы кинотану саласын дамуды жетілдіру үшін ұсыныстар жасап, кино теориясы пәнінің мазмұнына пікірталасқа шақырады.

**Тірек сөздер:** Кино теориясы, кинотану, кино семиотикасы, кино және психоанализ, кино сыны.

**Аннотация:** Развитие теории кино происходило параллельно развитию в области философии и социальных наук. С середины 1960-х годов вместе с выделением киноведения в отдельную научную дисциплину, начинается золотой век для теории кино. Этот период также известен под названием парадигмой Метца-Альтюссера-Лакана. Тем не менее, эти события происходили на Западе, и, в Советском Союзе не было возможности следовать за развитием этих событий. Потому что, исследования в области рецепции идеологии и аудитории, кино семиотики и психоанализа, скорее всего, считались опасными советскими чиновниками. И, эта ситуация относится не только к киноведению. Такое же явление можно увидеть во всех социальных и гуманитарных науках. Почти все важные мыслители современной западной философии, такие как Теодор В. Адорно, Вальтер Бенджамин, Ролан Барт, Клод Леви-Стросс, Жак Лакан, Мишель Фуко, Жак Деррида и другие, были переведены на русский язык или стали предметом научной дискуссии только после распада СССР.

В этой статье изложены основы интеллектуального развития на Западе и история теории кино, которая развивалась параллельно этому развитию. Автор данной статьи, полагает, что казахстанским киноведам, преследующих цель развития сферы кино теории в Казахстане, следует придерживаться концептуальных основ, развитых западными теоретиками. Кроме того, данная статья подчеркивает необходимость внедрения в курсы кино теории, преподаваемых в отечественных университетах, и которые в основном своем ориентированы только на эстетические и классические теории кино, специального раздела о развитии кино теории на Западе.

**Ключевые слова:** Теория кино, киноведение, семиотика кино, кино и психоанализ, кинокритика.

**Abstract:** Film theory is constantly being developed parallel to developments in the field of philosophy and social sciences. Since the mid-1960s, when film studies is acknowledged as a discipline, film theory is living its golden age. This period is also referred as the Metz-Althusser-Lacan paradigm. However, these events were experienced in the West. The Soviet Union was not able to follow these developments. Because research on ideology and audience, film semiotics and psychoanalysis were probably considered as dangerous by Soviet bureaucrats. This does not only apply to film studies; it is the same in all fields of social sciences and humanities. Works of almost all important thinkers of modern Western philosophy, such as Theodor W. Adorno, Walter Benjamin, Roland Barthes, Claude Levi-Strauss, Jacques Lacan, Michel Foucault, Jacques Derrida and others, have been translated to Russian or they attained attention only after the collapse of the USSR.

This article is about the intellectual development in the West and the basic features of the history of the film theory, which developed in relation to it. This article proposes that as a former Soviet republic, independent Kazakhstan should follow developments in the film theory of the West mentioned above.

**Keywords:** Film theories, film studies, film semiotics, film and psychoanalyses, film critics.

Қазақстандағы кинотану саласы, қазіргі таңда Темірбек Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясы

деп аталатын оқу орнының 1991 жылы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институты деген атаумен 1977 жылы құрылған Алматы мемлекеттік театр көркемсурет институтынан бөлініп шығуымен бірге бастау алады. Әрине, бұл оқу орнынан бұрын да Ұлттық ғылым академиясы өнертану институтында кинотану саласындағы зерттеулер жүргізілді. Алайда 1991 жылдан бастап аталмыш сала бойынша мамандар даярлайтын алғашқы “Кино теориясы мен тарихы кафедрасы” Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институтында құрылды.

Бұл кафедраны кинотанушы профессор Бауыржан Нөгербек, Раушан Оспанова, Гулнара Абикеева сынды қазақстандық кинотану мектебінің майталмандары құрып, шәкірттерімен бірге бұл сала бойынша ғылыми зерттеулер жасап, отандық кинотану мектебінің дамуына үлес қосты. Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде құрылған өнертану кафедрасында да профессор Нөгербек және оның шәкірттері ғылым кандидаттары Назира Мұқышева мен Инна Смайлованың оқытуымен кинотану саласы бойынша мамандар даярлануда. Бұл жағдай, Қазақстандағы кино зерттеулерінің одан әрі жалғасын табатынына деген сенімді арттыруда.

Сонымен қатар Қазақстандық кинотану саласының көптеген өзекті мәселелері бар. Әсіресе әлемдік кинотану мен кино сыны саласындағы ғылыми зерттеулермен интеграциялану үрдісі өте баяу жүруде. Ғылыми кадрлардың шет тілдерінен тек қана орыс тілін білулері, олардың әлемдік кинотану зерттеулерінен жырақ қалуларына себеп болуда. Сондықтан да Қазақстандағы кинотану саласы, Ресейдің кино мектебінің бір серігі болудан әрі аса алмауда. Ертеңгі күннің қазақстандық кино зерттеушілері болып табылатын жаңа жетіліп келе жатқан магистрантар мен докторанттар орыс тілінен басқа да шет тілдерін білсе де олардың негізгі базалары отандық кино мектебінде немесе ресейлік кино мектептерінде жетіліп, қалыптасқаны үшін әлемдік универсалды зерттеулерден бейхабар күйде екені де рас.

Кинотанушы мамандарды даярлайтын кафедраның атауында да үлкен мәселе бар. Темірбек Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясындағы кафедра “кино теориясы мен тарихы” деп аталады. Бұл жерде теория мен тарихты бір бірінен бөліп, ажыратып қарауға болатын сықылды көрініс пайда болуда. Кино теориясы мен тарихы бір бірімен соншалықты жақын, тіпті бірінің орнын бірі ала алатын сабақтасып жатқан күрделі характерге ие. Сондықтан да “кино теориясы мен тарихы” кафедрасын немесе ғылыми саласын “кино зерттеулері” немесе “кинотану” деп атаған абзал. Сонымен қатар заманауи кино зерттеулері немесе кинотану, жаңа медиа және теледидар зерттеулерін да қамтитын шекарасы кең ғылыми дисциплина. Жалпылама айтар болсақ кинотану – кино өнерін коммуникациялық, саяси-экономикалық, социологиялық, психологиялық, философиялық, тіпті қоғамдық-мәдени антропологиялық ғылымдардың перспективаларынан зерттейтін интердисциплинарлық ғылыми сала болып табылады. Кинотану, сонымен қатар киноға бұқаралық мәдениеттің (*mass culture*) маңызды бөлшегі деп қарап, өнер және коммуникация құралдары арасындағы байланысты да зерттеу нысанына айналдырады. Сондықтан, Қазақстанда да қазіргі таңдағы бірқатар әлемдік ғылыми кеңістікте болып жатқан үрдіске сәйкес түрде “кино және медиа”, немесе “кино және визуалды өнерлер” сынды кафедралардың ашылуы тиіс.

Қазақстандағы кинотану саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі де кинотану мамандығы бойынша берілетін пәндердің мазмұнында бой көрсетуде. Жоғарыда айтылып өтілгендей Қазақстандағы кинотану саласы Ресейлік мектептің бір серігі халінде жұмыс жасауда. Сондықтан да кинотану саласы бойынша берілетін дәрістердің мазмұны да Ресейлік мектептің дәрістерінің мазмұнына ұқсап бағуда. Ресейлік кино мектебі кино өнерімен практикалық түрде айналысатындар үшін әлемдік кино мектептердің ішінде озық болып саналады. Алайда, дәл сол Ресейлік кино мектебінің кинотану саласы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан айтарлықтай кемшілікке толы. Бұл кемшіліктер Қазақстандық кинотану саласының кемшіліктердің тереңдей түсуіне де ықпал етуде.

Бұл тек кинотану саласының өзекті мәселесі емес, сонымен қатар Кеңестік қоғамдық-әлеуметтік ғылымдарының мәселесі. Кеңестік қоғамдық әлеуметтік ғылымдары әлемдік универсалды көштен қалып қойды. Алексей Пензиннің Луи Алтюссердің *Маркс үшін* атты кітабының 2006 жылы орыс тіліндегі басылымына байланысты жазған кітап сынындағы пікірі осының айғағы: “Бұл кітаптың жариялануы заманауи батыс философиясының рецепциясы (ұғынысы) алаңындағы бос қуыстарды толтыратын бейтарап үрдіс емес. Бұлай болғанда Альтюссермен бірге (Ролан Барт, Клод Леви-Стросс, Жак Лакан, Мишел Фуко, Жак Деррида және басқалар) сынды өзінің атақты пікірлес, дос-жарандары және оқымыстылардың еңбектері әлдеқайда ерте кезеңде (орыс тіліне аударылып М.Е.) жарияланған болар еді. Бұлардың бәрі соғыс жылдарынан кейінгі Франциядағы философиялық төңкерістің нағыз Дантондары мен Сен-Жюсттары еді” (Пензин, 2006: 48).

Әлемдік практикада кинотану мамандығы бойынша берілетін пәндердің ішіндегі ең негізгі курстың бірі “кино теориясы” пәні болып табылады. Бұл пән “кино теориясы мен тарихы” кафедрасы құрылған

кезден бастап курс ретінде оқытылып келеді. Алайда, пәннің мазмұны “кино теориясын” әлемдік универсалды ғылымда қарастырылған, зерттелген және толықтырылған “кино теориясы” пәнінен әлдеқайда алыс. Батыстық дәстүрде кино теориясы және жалпы кинотану саласы философиялық тұрғыдан концептуализацияланған пән және мамандық болып табылады. Олай болса, аталмыш пән, Қазақстандағыдай – және Ресейдегідей – “кино қалай түсіріледі” деген сұраққа ғана жауап беруді емес, сонымен қатар “кино дегеніміз не”, “кинодағы мағына дегеніміз не”, “мағына қалай пайда болады”, “кино мен идеологияның қандай байланысы бар”, “кинотанудың философия, тарих, психология, саясаттану, тілбілімі және коммуникация ғылымдарымен қандай байланыстары бар”, “кино өнерінде қоғамдық гендер қалай ұсынылуда” ж.т.б. сынды сұрақтарға да жауап іздер пән болуы тиіс. Негізінде бұл мәселе 1970 жылдардың өзінде-ақ байқалып, Кеңестік кинотану саласындағы кемшілік ретінде қаралған болса да (қрз., Божович, 1972: 225-239), Кеңестік кинотану мектебі өзіндік зерттеу алаңына деген ұстанымын өзгертпеді.

Алайда Қазақстан әлемдік кеңістіктен тыс бір мемлекет емес. Ғылыми даму да әлемдік универсалды білікке сүйенеді. Олай болса әсіресе кенже қалған қоғамдық-әлеуметтік ғылыми саламызды әлемдік универсалды дәстүрмен интеграциялауға мәжбүрміз. Бұл мақаланың жалпы мақсаты әлемдік “кино теориясы” пәнінің жалпы сипатын беру болса, жеке мақсаты Қазақстандағы “кино теориясы” пәнін оқытуға универсалды әдістемені ендірудің жолдарын қарастыру болып табалады. Бұл мақсаттарды ойдағыдай іске асыру үшін кино теориясын өзіндік даму тарихымен түсіндіруге болады. Бұл тарих – бір бірінің үстіне қаланумен бірге, бірін бірі трансформациялайтын пікірлер мен көзқарастардың тарихы. Осыған орай бұл мақалада кино теориясының даму тарихын төмендегіше қолға аламын:

1. Формалисттік мен реалисттік кино теориясы кезеңі
2. Авторлық кино теориясы кезеңі
3. Кино теориясының алтын кезеңі
- 3.1. Тіл білімі мен семиотиканың кино теориясына ықпалы
- 3.2. Психоанализ және кино теориясы
- 3.3. Марксист кино теориясы
- 3.4. Феминист кино теориясы
4. Заманауи кино теориясы кезеңі

Кино теориясының даму тарихын білместен заманауи кино теориясындағы ілгерілеулерге ілесу мүмкін емес. Өйткені қазіргі заманғы киноның өнер ретіндегі, мәдениет ретіндегі және индустрия ретіндегі жағдайы өте өзгеше. Өйткені кино, әрдайым және әр кезеңде бір қарсыластыққа ұшырап отырған өнер. Алдымен теледидар, сонан кейін видео, “қарақшы” DVDлер сынды қауіптермен суреттелетін бұл қарсыластық, түсірілген фильм саны мен кинозалдардағы көрермен санының қайғылы түрде азаюына себеп болды. Мұның салдарынан кейбір зерттеушілер кино өнерінің жойылғанын жариялауда. Мысалы 20-ғасырдың өнері болып табылатын кинематографтың ғасырдың соңында декаденттік өнерге айналғанын алға тартқан зерттеуші Сюзан Зонтаг, “киносүйерліктің жойылғанына қарағанда, кино да жойылды” (Қрз., Sontag, 1996) деген жорамалын жасайды.

Осындай бір жағдайда, кино теорияларына баға беру және қазіргі таңдағы кинотанудың рөлін мәселе етіп көтеру соншалықты қиын жұмыс. Өйткені кейбір зерттеушілер кино теорияларының да соңының келгенін жариялап, “пост-теориялық” кезең туралы айта бастады (Gürata, 2010: 60). Алайда кино теориясының неліктен бұл жағдайға душар болғанын түсінуіміз үшін кино теорияларын тарихи тұрғыдан бағалауға тиіспіз. Сонда ғана қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардың көптеген алаңында болғаны сынды, теориялардың қаншалықты рөлінің болғаны сұралған заманауи кезеңнің жағдайын түсіне алатын боламыз. Кинотанушы, профессор Ахмет Гүратаның да айтып өткеніндей: “Теория дегеніміз – көптеген адамдардың ойлайтындай – нағыз өмірмен байланысы жоқ және құндылығы өзіне тән анықтамалар топтамасы емес, белгілі бір тақырыпты түсінуге және түсіндіруге тырысқан гипотезалар жиынтығы екенін айтып өткен жөн. Теорияға бұл тұрғыдан қарар болсақ, оның функциясының да әлдеқайта түсінікті боларын байқар едік” (Gürata, 2010: 60).

### **1. Алғашқы кезең: Формалисттер мен реалисттер**

Кино теориясының алғашқы кезеңі Сергей Эйзенштейн, Всеволод Пудовкин сынды кинематограф-теоретиктермен бірге философиялық тұрғыдан Эрвин Панофский, Рудольф Арнхайм, Вальтер Беньямин, Зигфрид Кракауер және Бела Балаш сынды өзге алаңдардан келген ойшылдардың жазбалары арқылы дамыды. Киноның өнер болып таныла бастаған 1920 жылдардан екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін жалғасын тапқан бұл кезеңге байланысты пікірталастарды Дадли Эндрю “реалисттер” мен “формалисттер” арасындағы бір қақтығыс ретінде бағалайды. Бұл қақтығыс киноның тек қана негізгі

(шикі) шындықты фильмге алумен ғана өнер бола алатынын алға тартқан реалисттер мен фильмнің шикі материалын трансформациялау немесе трансфигурациялау арқылы басқа бір шындыққа ұласумен ғана өнер бола алатынын алға тартқан формалисттер арасында өтті (Қрз., Andrew, 1976). Бір өнер туындысының өнер адамының материалды формациялау дережесімен маңызды бола алатынын алға тартқан Арнхайм, Балаш сынды ойшылдардың көзқарасы бойынша шындықты қайта жаратқаны үшін кинематографтың абстракциялау күші шектеулі. Кракауер және оның артынша Базеннің көзқарастары арқылы алға шыққан реалисттік ұстаным болса, формалисттік көзқарасқа қарсы кинематографтың шындықты қайта жарату ерекшелігін алға тартады. Яғни, кино теориясының алғашқы кезеңіндегі теоретиктердің негізгі дауасы мен сұрақтары “кино, қайтсе өнер болады” болған. Басқаша айтар болсақ кино теориясының бұл даму кезеңінде киноның бір өнер ретіндегі күші мен функциясы тергелді. (Формалист және реалист кино теориясы тарихы мен бұл екі теория арасындағы пікірталас басқа бір мақаламның негізгі тақырыбы. Сондықтан бұл жерде аталмыш кезеңді жалпылама айтып өттім. Кезеңге байланысты толыққанды пікірім үшін қрз., Ергебеков, 2013: 184-189).

## 2. Авторлық кино теориясы кезеңі

30-наурыз 1948 жылы *L'Écran français* атты кино журналында Францияның әйгілі кино сыншысы және кино режиссеры Александр Астрюктің “Du Stylo à la caméra et de la caméra au stylo” (Жаңа авангардтың туылуы: Камера-калам) атты мақаласы жарық көрді. Астрюк мақаласында, киноның өзінен бұрынғы өнер салалары сынды – әсіресе кескіндеме мен роман сынды – баяндау (*expression*) құралына айналғанын айта келе өз ойын былайша тұжырымдайды:

“Бұрындары жәрмеңкелерде көңіл көтерер құрал ретінде бой көрсеткен, кейіннен көше театрына ұқсас көңіл көтеру немесе бір кезеңнің бейнелерін қорғау құралы болған кино, ақырын-ақырын бір тілге айналуға. Менің тіл деген сөзге осы контекстте берген мағынам бойынша тіл – бір өнер адамының қаншалықты абстрактілі болса да көзқарастарын білдірген (экспрессиялаған) немесе қазіргі таңдағы роман мен эсселердегі сынды обсессивтерін ақтарған форма болып табылады. Сондықтан да осы бір кино кезеңін камера-калам (*caméra-stylo*) деп атауды жөн көрдім. Негізінде камера-калам метафорасы өте орынды таным болып табылады. Мұнымен айтпағым – киноның ақырын-ақырын визуалдылықтың тирандығынан, бейне үшін бейне көзқарасынан және нарративтің біріншіл және қатал талаптарынан құтылуы; құдды бір жазу тілі сынды икемді де нәзік бір жазу құралына айналуы. Кино өнері, өте үлкен потенциалының бар болғанына қарамастан мәңгі-бақи реализмнің бір түрін ғана жалғастырып және танымал (*popular*) романдан мирас етіп алған қоғамдық фантазияның егістігінің жемісін көріп өз өмірін жалғастыра алмайды. Кино әрбір тақырып пен жанрды қолға ала алуы тиіс. Тіпті адамзат өндірісі, психологиясы, метафизикасы, идеялары мен күштарлығына байланысты философиялық ой-толғамдардың көбінің қайнар көзі киноның шекарасының ішінде ойдағыдай орын алуда. Тіпті өмірге байланысты заманауи идеялар мен философиялық көзқарастарға тек киноның ғана орын бере алатынын – әсірелеп жіберсем де – айтуға болады” (Astruc, 1948).

Астрюктің бұл мақаласы кейіннен *авторлық кино теориясы* деп аталатын көзқарастың туылуына себеп болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардан бастап, Францияда өздерін “киносүйер” (*cinéphil*) деп атаған бір топ кинематографисттер мен кино сыншылар, 1951 жылы *Cahiers du Cinema* (*Кайе дю синема*) журналын Андре Базеннің жетекшілігімен шығара бастады. Бұл журнал Француз жаңа толқынының туылуы мен әлемдегі жаңа толқыншылдықтардың жайылуына және кино сынының жаңа бір сатыға көтерілуіне себеп болды. Франсуа Трюффо, Клод Шаброль, Жан-Люк Годар, Эрик Ромер, Пьер Каст, Жак Риветт және Клод Де Живре сынды Француз жаңа толқынының мүшелері болып саналатын барлық режиссерлар журналдың жазушылары еді (Niş және Eryılmaz, 1981: 161).

Журналдың айнала төңірегінде жиналған бұл киносүйерлер “автор” деп фильмнің сценаристін емес фильмнің жаратушысы болып табылатын режиссерды атады. Трюффо, 1954 жылы жазған “Une certaine tendance du cinéma français” (Француз киносындағы айқын тенденция) атты мақаласында “режиссер” (*metteur en scène*) мен “автор” арасында айырмашылық бар екенін алға тартты. Оның көзқарасы бойынша автор, өз идеялары мен сезімдері арқылы фильмді “жазады”, яғни түсіреді. Ал режиссер (*metteur en scène*) болса сценаристтің жазған мәтінін бейнеге айналдырады. *Metteur en scène*, өте дарынды шебер болуы мүмкін, алайда фильмде көрсеткен нәрсесі тек қана оның шеберлігі болып табылады, жеке тұлғалығы емес. Автор болса, тәртіптеген немесе ретке келтірген бейнелері арқылы, камера әрекеттері арқылы және бәрінен бұрын өзінің идеясынан туындаған және өзі жазған сценарийді киноға түсіру арқылы, өзіндік жеке тұлғалығын ортаға салады. Яғни жеке тұлға ретінде өзін фильмде көрсетіп, өзіндік стилі арқылы автор болады (Қрз., Truffaut, 1976: 224-237; Трюффо, 1985: 53-73; Bükер, 2010: 277). Жаңа толқын режиссерлары өзіндік стилдерін ортаға салып, бұған соншалықты мән бере бастады. Бұл идея, кейіннен

Француз киносының белгілі ерекшеліктерінің бірі болатын авторлық киноға баратын жолды ашты. “Авторлық политика” (*la politique des auteurs*) деп аталған бұл ұстаным \ көркемдік жобада режиссерға бір тұлға ретінде қарады және бұл тұлғалылықтың режиссердың бір фильмінен екінші бір фильміне өтетінін және қалай дамитынын алдын ала болжай алды (Karadoğan, 2010: 5).

Сечил Бүкер, авторлық кино ұстанымының артында романтикалық эстетика жатқанын алға тартады. Оның пікірінше екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германияның оккупациясына ұшыраған Францияның кино өнерінде психологиялық реализм үстемдік еткен болатынды. Бұл реализм, соғыстан кейінгі жылдарда *Kaie дю синема* журналы жазушыларының “авторлық политиканы” қалыптастыруына жол ашты. Сондықтан да алдымен авторлық кино теориясы емес, авторлық кино саясаты бар болатын (Büker, 2010: 277). Расында, жоғарыда аталып өтілген мақаласыда Трюффо, диалогтарға немесе сөзге сүйенетін Француз киносының атақты сценаристтерінің психологиялық реализмін қатал сынға алған болса, Жан Ренуар, Робер Брессон, Жан Кокто, Жак Беккер, Абел Ганс, Макс Офюльс, Жак Тати, Роже Леенхардт сынды диалогтарды өздері жазып, сюжетті де өздері ойластырып, құрастырған режиссерларға “автор” деп қарады (Truffaut, 1976: 233; Трюффо, 1985: 67).

*Kaie дю синема* журналының авторлық кино саясатынан және Трюффонның аталып өтілген мақаласындағы көзқарастарынан әсер алған АҚШ-тық кино сыншы Эндрю Саррис 1962 жылы “Notes on Auteur Theory” (Автор теориясы жайындағы жазбалар) атты мақала жазып, бұл политиканы теорияға айналдырып, бір жүйеге келтірді. Сарристің көзқарасы бойынша авторлық кино теориясы бір құндылық, яғни баға беру құралы болуы тиіс және осының салдарынан “авторлар” пайда болады. Осылайша кино тарихы бір жүйеге ұласып, авторлардың тарихына айналады. Бұл екі үлкен үміт оның “авторлық кино политикасын” теорияға айналдыруына жол ашты. Негізгі идея, өнер туындысына оның жаратушысынан бөліп қарамау болды. Сарристің ұстанымы бізге дарынды режиссерды таяз режиссердан ажырату үшін бір құндылық өлшемі, яғни әдісін ұсынады (Sarris, 1992; Büker, 2010: 278). Сарристің ұсынысының үш негізгі алғышарты бар. Бұлар:

1. Құндылық критериясы ретінде режиссердың техникалық шеберлігі;

Бұл жерде Саррис, “техникалық шеберлік” деп режиссердың киноға деген негізгі (*elementary*) сезімін меңзейді. Яғни, алдымен режиссерды техникалық тұрғыдан қаншалықты білікті екенін зерттеу қажет. Өйткені техникалық тұрғыдан білікті режиссердың фильмінде белгілі бір түрде ұстанымдылық пен ашықтық болады (Sarris, 1992: 586).

2. Құндылық критериясы ретінде режиссердың өзгешеленетін (*distinguishable*) тұлғалығы;

Бұл алғышартты Саррис, “түсірген тір топ фильмінде режиссер, қайталанатын айқын стилдік характеристиканы көрсетуі тиіс, бұлар оның қолтаңбасы болып табылады. Бір фильмнің көрінуі мен әрекеті режиссердың ой-пікірлері және сезімімен қатынасқа кіруі тиіс” деп түсіндіреді. Яғни, бұл алғышарт бойынша режиссердың көзге түсер жеке тұлғалығының немесе ерекшелігінің болып болмағанын және фильмдерден оған тән “қолтаңба” бола алатын стилдік ерекшеліктердің болып болмағанын зерттеу керек (Sarris, 1992: 586-587).

3. Фильмнің ішкі мағынасы;

Саррис, ішкі мағынаның бір өнер ретінде киноның мәртебесі екенін және ішкі мағынаның режиссердың тұлғалығы мен материалы арасындағы кернеуден туындайтынын айтып өтеді. Оның ойынша ішкі мағына режиссердың тұлғалығының (рухының) энтузиазмы (шабыты) болып табылады (Sarris, 1992: 587). Десек де бұл алғышартта Сарристің “ішкі мағына” деп нені меңзегені түсініксіз.

АҚШ-тың атақты кино сыншысы Полин Кейл (Pauline Kael), 1963 жылы жазған “Circles and Squares” (Шеңберлер мен квадраттар) атты мақаласында Сарристің бұл үш алғышартының үшеуінің де мағынасыз екенін алға тартып, мақаланың авторына кино сынын “стандартизациялады” деген айып тақты (Kael, 1963: 12-20). Кейл сонымен қатар, авторлық кино теориясының Франция, Англия және Америка Құрама Штаттарындағы жағдайының бір бірінен өзгеше екендігін де алға тартты:

“Авторлық кино теориясы тек қана тәжірибені жермен жексен етпейді (барлық теориялар осылай жасайды және осылай жасай отырып әлдеқайда нақты көруімізді қамтамасыз етеді), сонымен бірге бұл – негізінде өнерге қарсы эстетика. Және, менің ойымша бұл дегенің эстетикаға жасалған ең байсалды айып тағу болып табылуы мүмкін. Француз сыншылардың энергиясының сыртқа шығуына көмектесуі мүмкін болған авторлық кино теориясы, Англияда және *Film Culture* мен *New York Film Bulletin*нің авторлық киноны жақтайтын сыншыларымен бірге Құрама Штаттарында өте өзгеше рөл ойнайды: Анти-интеллектуалды, анти-өнер рөлі.” (Kael, 1963: 22).

Кейлдің ойынша авторлық киноның Франциядағы жақтастары Американ кино өнерінің гангстер және экшн жанрындағы фильмдерінің өміршеңдігі мен күштілігіне қайран қалған болатынды. Өйткені бұл

фильмдер көбіне шеберлікпен түсірілген және визуалды тұрғыдан Американдықтарға көкірек қактырған, байсалды деп қаралатын және ішінде хабарламасы бар фильмдерден әлдеқайда назар аударарлық ерекшелікке ие еді. Алайда Француз кино сыншыларының осынау қарапайым экшн фильмдерінен интеллектуалды және психологиялық мағыналар табуға тырысуы қателік болды. Француздар өздерінің фильмдеріндегі кемшіліктерді тауып, бұл кемшіліктердің орнын Американ фильмдерінен алған үлгілермен, өздеріне тән тілмен қолданып, толтырды. Мұның айғағы ретінде Кейл, Жан-Люк Годардың *Соңғы тыныс (A bout de souffle, 1960)* және Франсуа Трюффонің *Пианистті атып тастаңдар (Tirez sur le pianiste, 1960)* атты фильмдеріне оншалықты сәтті шықпаған жартылай Американ фильмдері ретінде қарайды (Kael, 1963: 22-23). Кейл, Ағылшын және Американ сыншыларының авторлық кино теориясына “коммерциялық киноға сүйенетін кино эстетикасы” деп баға береді:

“Олардың кино өнерін коммерциялық өндірістің тесіктерінен табуға тырысуларын түсінуге болады – бұл кейде-кейде бәріміз де айналысатын зияны жоқ хобби – алайда олардың бірыңғай фильм экспрессиясын емес, тесіктерді таңдауларын түсіну қиын. Өнімдерді адами тәжірибені баяндауға тырысқан туындылардың алдында ұлықтауда осыншама бірбеткей болмағандарында, бұл өнімдерде іздеген мизансценаның материалға қарамастан ортаға шыққан режиссердың стилі екенін, ал фильмнің бүтіндей экспрессионист болғанында жәй ғана маңызды емес пікір екенін, және өнер адамының материалдың бақылауын өз қарамағына алған кезінде өзінің не жасай алатынын көрсете алатынын байқауға болмас па еді? Мизансцена мен тақырыптың – форма мен мазмұнның – тек қана нашар және қарабайыр фильмдерде жеке-жеке бағалауға ие болатыны белгілі емес пе? Режиссерлар үшін бұл жаңа әдеби сынды оқып, өздерін нашар, әрі жиіркенішті сезіндіретін фильмдерінің негізінде үздік туынды ретінде қолға алынғандығын білулері оларға жасалынған әзіл болуы мүмкін. Бұл – 1984 эстетикасы: Сәтсіздік сәттілікті” (Kael, 1963: 24). Яғни бұл жерде Кейл, режиссерды фильмдеріне қарап бағалау керек екенін және сол арқылы келешектегі фильмдері жайында кейбір жорамалдар жасай алатынымызды, ал фильмдерді режиссерларына қарап бағалауға болмайтынын айтып отыр (Kael, 1963: 23). Кейл, Сарриске және өзге де авторлық киноны жақтаушы теоретиктерге жоғарыда айтылған сындарымен бірге оларға “еркекшіл, сексист тіл қолданушылар” деп айып тақты (Kael, 1963: 26). Питер Уоллен болса, структурализммен құрған қатынасының нәтижесінде авторлық теорияға өзгеше бір сипат қосты. Уоллен, көп жылдар бойы автор ретінде тек қана Европалық режиссерларға айтылғанын және бұл жағдайдың әлі де болса жалғасын тауып жатқанын айта келе бұл түсініктің өнер фильмдері мен популяр фильмдер арасындағы айырмашылыққа барып сүйенетінін алға тартады. Волленнің көзқарасы бойынша авторлық кино сыншылары арасында екі тенденция бар. Бұл тенденциялардың бірі “темамен байланысты мотивтерге, мағына фокустарына баса назар аудара отырып, өзге стиль мен мизансценаны көрсеткен болатынды” (Wollen, 1972: 78). Бұл жағдайдың пайда болуына мына нәрсе себеп болды: Жаңа толқын режиссерлары сценарист/режиссер айырмашылығын мойындамай, автор және *metteur en scene* айырмашылығын жақтады. Олардың ойынша автор өз ойы мен сезімдерін әңгімелейді, *metteur en scene* болса басқа бір адамның жобасын көрсетеді. *Metteur en scene* өте талантты болуы мүмкін, алайда фильмге өзіндік тұлғалығын кіргізе алмайды, автор болса фильмде жасаған мизансценасы арқылы жеке тұлғалығын қосады.

Екі бөлімге бөлінген бұл ғылыми еңбегімнің бірінші бөлімінде кино теориясының 1920-1960 жылдардағы даму сатыларын қолға алдым. Жалпылама айтар болсам, бұл кезең кино теориясының эстетика саласымен байланысының тығыз болған кезеңі. Алдымен формалисттер кино мен эстетика арасындағы байланысты құрды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл байланысты жасаушылар, әрі формализмді қатал сынға алушылар реалисттер болды. Формализм мен реализм, авторлық кино теориясының пайда болуына өз ықпалдарын тигізді. Әсіресе реалист Кракауер мен Базеннің бұл үрдістегі ықпалдары зор. Бұдан кейінгі жылдарда кино теориясына қандай жаңалықтар енді? Заманауи кинотанудың халі қалай? Бұл сұрақтарға мақаламның екінші бөлімінде жауап іздеймін.

(Жалғасы бар).

1 Andrew, J. Dudley (1976). *The Major Film Theories: An Introduction*. London, Oxford & New York: Oxford University Press.

2 Astruc, Alexandre (1948). “The Birth of a New Avant-Barde: La Camera-Style”. [https://soma.sbccc.edu/Users/DaVega/FILMST\\_113/FILMST\\_113\\_Old/GENERALTHEORY/CameraStyle\\_Astruc\\_1928.pdf](https://soma.sbccc.edu/Users/DaVega/FILMST_113/FILMST_113_Old/GENERALTHEORY/CameraStyle_Astruc_1928.pdf)

3 Божович, Виктор (1972). “Кино и кризис личности (Об ‘антропологическом’ подходе к кино)”,

Современное западное искусство: К критике буржуазной художественной культуры XX века ішінде, Г. А. Недошивин, Б. И. Зингерман және В. Г. Ключев (ред. алқа), Наука, 225-239.

4 Bükер, Seçil (2010). "Auteur Kuramına Giriş." *Sinema: Tarih-Kuram-Eleştiri*. Seçil Bükер & Y. Gürhan Торҗи (құр.), İstanbul: Kırmızı Kedi Yayınevi, 277-280.

5 Ергебеков, Молдияр (2013). "Кино теориясындағы формализм мен реализм мәселелері." *Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналы*, № 3-4(20), 184-189.

6 Gürata, Ahmet (2010). "Sinema ve Kuram." *Sinema: Tarih-Kuram-Eleştiri*, Seçil Bükер және Y. Gürhan Торҗи (құр.), Станбул: Kırmızı Kedi Yayınevi, 60-65.

7 Kael, Pauline (1963). "Circles and Squares." *Film Quarterly*, Vol. 16, No. 3 (Spring), 12-26.

8 Karadoğan, Ali (2010). "Sanat Sineması: Tartışmalar ve Eğilimler", *Sanat Sineması Üzerine* ішінде, Ali Karadoğan (құр.), Анкара: De Ki, 1-18.

9 Niş, Nilgün & Eryılmaz, Tuğrul (1981). "Sinemanın Çağdaşlaşması, Yenigerçekçilik, Yeni Dalga." *Ankara Üniversitesi Siyasal Bilgiler Fakültesi, Basım ve Yayın Yüksek Okul Yıllık*. 143-178.

10 Пензин, Алексей (2006). "Альтюссер Л. За Маркса." *Неприкосновенный запас*, №4-5: 48-49.

11 Sarris, Andrew (1992). "Notes on Auteur Theory." *Film Theory and Criticism* ішінде Gerald Mast, Marshal Cohen & Leo Braudy (құр.), Оксфорд: Oxford University Press, 585-588.

12 Sontag, Susan (1996). "The Decay of Cinema." *The New York Times*, 25-ақпан, <http://www.nytimes.com/1996/02/25/magazine/the-decay-of-cinema.html>

13 Truffaut, François (1976). "A Certain Tendency of the French Cinema." *Movies and Methods: An Anthology*, Volume I ішінде, Bill Nichols (құр.), Berkeley, Los Angeles, London: University of California Press, 224-237.

14 Трюффо, Франсуа (1985). "Об одной тенденции во французском кино." *Мастера зарубежного киноискусства* ішінде, И. Беленький (құр.), Москва: Искусство, 53-73.

15 Wollen, Peter (1972). *Sings and Meaning in the Cinema*. 2-басылым, Bloomington: Indiana University Press.



## АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

ӘОЖ 81'255.2

### ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНДА АУДАРМАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Р.К. Садықова - ф.ғ.к., ҚазҰПУ-дың доценті

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ ғылымындағы аударманың теориялық және практикалық жақтарының зерттеулері, аударманың лингвистикалық теориясының қалыптасуы, қазақ ғылымында аударманың практикасы бойынша аударманың теориялық жағымен салыстырғанда, анағұрылым көп жұмыстар жүргізілгені жайында толыққанды мәліметтер беріледі.

**Тірек сөздер:** аударма, салыстыру, лингвистикалық теория, ғылыми тұжырым, қалыптасу, әдеби норма, функционалдық жүйе

**Аннотация:** В этой статье даются полноценные сведения о теоретических и практических частях исследования перевода в казахской науке, о становлении лингвистической теории перевода, о том, что в казахской науке были проведены много работ по практической стороне перевода, чем по теоретической стороне.

**Ключевые слова:** Перевод, сравнение, лингвистическая теория, научное заключение, становление, литературная норма, функциональная система

**Abstract:** This article deals with the problems of the translation research works according to the theory and practice in Kazakh language, the formation of linguistic theory of translation, theoretically – comparative works in translation which were done in Kazakh science.

**Key words:** Translation, comparison, linguistic theory, scientific results, formation, literary norms, functional system.

Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы атақты зерттеуші Қ. Жұбанов өзінің шағын мақаласында орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы синтаксистік құрылымның ерекшеліктерін сөз етті [1]. Бұдан кейін Қазақстанда аудармаға қатысты пікірлер 1950 жылдардан бастап көбірек айтыла бастады. Өйткені осы кезеңде біздің елімізде аудармаға көбірек мән беріліп, көптеген әдебиеттер (көркем шығармалар) бір тілден екінші тілге аударылды. Елуінші жылдарда ең бірінші болып, аударманың тілдік-стильдік жағдайына тоқталған ғалым – М.Әуезов. Ғұлама жазушының пікірлерімен таныса отырып, біз М.Әуезовті Қ.Жұбановтан кейін аударманың лингвистикалық теориясының негізгі мәселелерін көрсетіп берген ғалым деп санаймыз. Өйткені оған дейін қазақ интеллигенциясы, жазушылар мен журналистер, ғалымдар бір тілден екінші тілге аудару ісі тек әдебиеттану ғылымының шаруасы деп жүрді, өйткені орыс ғалымдары да осылай деп есептеген болатын. Бұдан әрі М.Әуезов көрсеткен «ақын-жазушының өз ана тілінің ұлттық формасы мен түрін кәдеге жаратып, өз тарапынан «жаңа сөз туындыларын қосу, жаңа сөз байланыстарын жасап, бар сөздердің мағыналарын тереңдетуі, жаңартуы керек» деп айтқаны – аударманың лингвистикалық теориясының басталуы.

Осындай пікір жасауға ғалым-жазушының келуінің бірнеше себептері кейінгі ғылыми тұжырымдарда көрсетіледі. Мәселені анықтап беру үшін біз ғалым А.Алдашеваның тұжырымымен толық көрсетеміз: «Тәржіманың толыққанды жазба үлгілерінің қалыптаса бастаған кезеңі – 1920-шы, 30-шы жылдар; ал шын мәнінде алғашқы тәжірибелер қорытылып, кемістік-кетіктер жөнге түсіп, «көркем аударма да соны шығармалар сияқты, творчестволық еңбекті, шеберлікті талап ететін үлкен искусство» екенін мойындатқан тұс – 1950-1960 ж. арасы. Бұл кезең сондай-ақ қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімалана бастаған кезі. Нақ осы кезден бастап орыс тілінен қазақ тіліне аударудың тәсілдері мен жолдары, тәржімалаудың тілдік-стильдік принциптері, аударманың нормасы тәрізді маңызды факторлардың ерекшеліктері қалыптаса, әрі біртұтас, бірізді жүйеде анық көріне бастады.

50 жылдардан бастап қазақ лингвистикасының нақты ғылыми-теориялық бағыттары бір арнаға түсе бастады: осы тұста қазақ алфавиті мен графикасы реттелді, лексикографиялық еңбектердің негізгі ұстанымдары (принциптері) анықталып, әр алуан типтегі сөздіктерді (екі тілді, терминологиялық,

орфографиялық және т.б.) шығару қолға алынды; қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесі мен құрылымы турасында кешенді зерттеулер жарияланды. Сөздің семантикалық өрісі, сөз құрылымының екі жақты сипаты ғылыми назарға ілінді. Қазақ көркем әдебиетінің тілі мен стилі, стилистика ғылымы, функционалдық стильдер жүйесі, сөз мәдениеті, әдеби норма мәселелері жайындағы алғашқы пікір-көзқарастардың айтыла бастаған тұсы да – осы мерзім. Әдебиеттану ғылымының жеке ғылыми аспектілерінің саралана, жетіле дами түсуінде де осы кезеңде елеулі ілгерілеулер болды. Жалпы алғанда, бұл кезең, яғни осы ғасырдың 50-90 жылдарының аралығы – әдебиет пен тілдің дамуындағы қоғамдық-ұлттық, әлеуметтік сипаттары жағынан айрықша дәуір» [2; 5-6].

М. Әуезов айтқан пікірден кейінгі жылдарда бір тілден екінші тілге аударудың тілдік жағдайына арналған, оның ішінде көркем әдебиеттің аударылуы зерделенген бірнеше жұмыстар болды, бірқатар жұмыстарда қазақ көркем әдебиетінің ағылшын, неміс, француз тілдеріне тәржімасы әңгіме болды (Ю.Сушков, Д.Алтайбаева, З.Жантیکеева, Ә.Ипмағанбетов және т.б.). Бұл еңбектермен танысу барысында біз авторлардың тілдік фактілерді салыстырып, «жақсы-жаман», «дұрыс-дұрыс емес» деген қорытындылар жасағанын байқап, дей тұрсақ та осы авторлардың еңбектері арқылы қазақ аударматану ғылымына үлес қосылғандығын айта аламыз.

60-70 жылдарда да зерттеулер жүргізілді, бірақ оларда тәржіма ісі әдебиет, шығармашылыққа қатысты болды (С.Толжанов, Ә.Сатыбалдиев және т.б.). Дегеннің өзінде де бұл еңбектерде тілге қатысты мәселелер қолданылып отырды. Лингвистикалық тұрғыдан келген жұмыс ретінде Ө.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген зерттеуін атаймыз [3]. Бұл – 70-інші жылдарда орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем шығармадағы фразеологиялық тілдік бірліктерді тілдік-стильдік тұрғыдан жүйелі етіп талдаған бірінші еңбек. Жұмыста орыс тіліндегі фразеологиялық единицалардың сөзбе-сөз, еркін, жуықтатып аударылған тұстары талданып, әдеби нормаға байланысты, қазақ әдеби тіліне ену жағдайлары толыққанды айтылады.

Бұл арада аударма әдебиеттің әдеби тілдің баюына қосқан үлесі туралы көзқарастарға тоқталмай өту мүмкін емес. Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем әдебиеттің тілін, жалпы аударманың тарихын талдағандар тәржіма ісінің қазақ әдеби тілін жаңа сөздермен, терминдермен молайтуға, көптеген қосымшалардың өнімді болуына әсерін жиі көрсетіп отырады. Мысалы: «XVIII-XIX ғасырларда қалың көпшілікке (хат танитындарға) білім ғылымның әр саласынан хабар беру мақсаты болған аударма әдебиет кейін дами келе, әсіресе XX ғасырдың II жартысында қоғамдық-публицистикалық стильдің, ғылыми стильдің, ресми іс-қағаздарының қалыптасуында маңызды рөл атқарды» деді ғалым-академик Р.Сыздықова [4]. «Аударма әдебиет...қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз орамдарының) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал» деп атап өткен [5;65].

«Ғылым мен техникалық әдебиеттер стилі аударма әдебиеттер негізінде жеке стильдік тармақ болып қалыптасты» деген түйін де бар (Ө.Айтбаев). Өткен ғасырларда өмір сүрген қазақ зиякерлерінің өкілдері аударманың басты қайнаркөз екендігін жақсы түсініп, әрі оның технологиясын шебер меңгергендіктен, аударма арқылы көптеген жаңа сөздер жасаған, мысалы, қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі А.Байтұрсынұлы «әдебиетке, өнерге, тілге қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай, түгелдей қазақша балама тапқан» [6;13].

«Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы – калька тәсілі, яғни орыс не шет тілдерден енген жеке, күрделі терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отыра, өз тілімізге сөзбе-сөз аудару» - деп жазған болатын академик Ә.Қайдар [7;17]. Бір тілден екінші тілге аудару ісінің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуін жүйелі талдап, бағдарламалық нақты ғылыми тұжырымдар ұсынылған еңбек деп, «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» деген монографиялық еңбекті айтамыз [2].

Бұл еңбектің басты ғылыми және практикалық тұжырымдарын барынша жинақтап, топтап атап шығуға тырысамыз, олар мыналар:

- қазақ ғылымында аударманың практикасы бойынша аударманың теориялық жағымен салыстырғанда, анағұрылым көп жұмыстар жүргізілген; яғни XX ғасырдың елуінші жылдарының өзінде-ақ 300-ден астам көркем шығарма (орыс және шетел әдебиеті өкілдері жасаған) қазақ тіліне аударылған; оларды зерттеу көбіне әдебиеттану ғылымы аспектісінде қарастырылған;

- аударма ісі мәдениет-ұлт-тіл тұтастығы шеңберінде талданған; осыған байланысты бұл лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика бойынша және осы салалардың бағыттарын аударманың теориясымен салыстыра қараған алғашқы еңбектердің бірі деп санаймыз. Ғалым былай деп жазады:

«Адам факторының тілдегі көрінісін, тіл мен сол тілді иеленуші адамның (тұтас бір халықтың) ойлау-пайымдау қаблетінің арасындағы байланысты, ұлттық мәдениеттің ұлт тіліне (және керісінше) ықпалын зерттеуде аударма әдебиет көп көмек жасайды. Аударма әдебиетті түпнұсқамен салыстыру бірнеше тілдерде бар универсалды бір ұғым, образ, стереотиптер үшін жұмсалатын тілдік единицалардың ұлттық-мәдени құндылығын дәлірек танытуға мүмкіндік береді» [2; 17].

- автор қазақ мәдениетінде орыс тілінен қазақ тіліне аудару тәжірибесінің мол болғандығын айтып, қазіргі кезде шығыс тілдерінен тәржіма жасаудың Қазақстанның экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік байланыстары үшін маңызды болып отырғандығын көрсетеді;

- молынан жасалған аударма әдебиетті автор 2 бөлікке топтастырады:

а) көркем әдебиетті аудару; ә) арнаулы ақпаратты әдебиетті аудару (бұған қоғамдық-саяси, ресми, ғылыми мазмұндағы әдебиет жатады), бұларды тәржімалауда тілдік-стильдік ерекшеліктердің болатындығын талдайды [2; 23-24];

- аударылатын мәтіннің (түпнұсқаның) ерекшеліктерін көрсетеді;

- аударманы бағалаудың екіжақты нәтижесін талдайды [2; 42].

- аудармашының лингвотникалық құзіретінің қандай дәрежеде болуы керектігін анықтап береді;

- қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесінің дамуындағы аударма әдебиеттің рөлі нақты тілдік фактілер бойынша жан-жақты талданады;

- аудармада концептілердің берілу ерекшеліктері айтылады;

- аудармадағы трансформация бойынша маңызды қорытындылар жасалады.

Кейінгі жылдарда да аудармаға қатысты едәуір жұмыстар атқарылды. Бағдарламалар (Н. Шаймердинова), сөз аударма ғылымына қатысты терминдердің сөздігі (А.Жұмабекова) шығарылды, ғылыми көпшілік мазмұнда, практикалық тұрғыдан көмек берерлік еңбектер бар («Аудармашыға көмек» С.Құлмановтың кітабы).

Соңғы уақыттарды, сонымен бірге, ағылшын, қытай, араб, парсы, түрік тілдерінен қазақшаға тәржімалау талдана бастады, бұған байланысты Ә.Ғалиева, П.Дәулетова және Д.Дүйсебаевтың еңбектерін атауға болады.

Біз бұған дейін қазақ аударматану ғылымындағы басты пікірлерге тоқталдық. Дегенмен ғылымның осы саласының әлемдік ғылымда, оның ішінде орыс тілі ғылымында қалай бастау алып, қандай зерттеулер жасалғандығына бөлек тоқталу қажет. Өйткені аударманың теориясы орыс тілі білімінде тиянақты зерттелген.

Орыс ғылымында алғашқы аударма-әдебиеттің ісі деп қаралған болатын. Аударманың лингвистикалық теориясын алғаш рет жүйелеп берген ғалым – А.В.Федоров. Автордың өзі былай деп жазады: «Бұл кітаптың, аударманы тіл білімінің масштабында қараған осы еңбектің бірінші басылымы шыққан кезде ол осы бағыттағы жалғыз және алғашқы еңбек болды; оған «аударманы әдебиет ғылымынан бөлек қарастырып, әдебиеттен шеттетіп жіберген» деген сын көп айтылды»[8;3]. Шындығына келгенде, А.Федоровтың осы еңбегінде әдебиетшілдік басым екендігі бар. Ол тілдік проблемаларға жанамалай қарайды. Зерттеуші аударманың тілдік проблемалары дегенде мыналарға көңіл бөледі және бұлар, анығында да, А.Федоровтың еңбегі арқылы бірнеше рет айтылған:

- аудару кезінде тілдік құралдарды таңдаудың шарттары;
- реалийлердің, баламасыз лексиканың берілу ерекшеліктері;
- жалған лексика түсінігі;
- грамматикалық құрылымдардың берілуі;
- фразалардың аударылу ерекшеліктері;
- аударылатын мәтіндердің жанрлық типіне қарай ерекшеліктері.

Аударма әдебиеттің қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымының, функционалдық жүйесінің қалыптасуына, баюына, өзгеруіне тигізген әсері жөнінде айтылған көзқарас аударма ісінің тілдік тұрғыдан зерттелуінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр.

1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.—Алматы: Ғылым, 1966.-361б.

2 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер.— Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.

3 Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс.—Алматы: Ғылым, 1975. -206 б.

4 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы .-Алматы: Мектеп, 1984.-246 б.

5 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982.- 65.

6 Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. А.Байтұрсынов «Ақ жол». – Алматы, 1991. – 30-14 бб.

7 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.- 41 б.

8 Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). – Учебное пособие. – 4-изд., перераб. и доп. – М.: Высшая школа, 1983. – 303 с.

ӘЖБ 811.111+811.161’255.2:6

## ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР ҚИЫНДЫҚТАРЫ

М.К. Абеуова -

Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура и PhD докторантура институтының магистранты

**Аңдатпа:** Ағылшын ғылыми-техникалық материалдары бірқатар грамматикалық ерекшеліктерге ие. Әрине, қандай да бір «ғылыми-техникалық грамматика» жоқ. Тілдік құралдарды сұрыптау мен қолдануда бейнеленетін ағылшын ғылыми-техникалық стилінің маңызды сипаты баяндаудың қысқалығы мен ықшамдылығына ұмтылу болып табылады. Атап айтқанда, бұл эллипстік құрылымдарда жиі қолданылады. Бұл құрылымдарды дұрыс аңғармау аудармада оғаш қателікке жиі алып келуі мүмкін. Сондықтан да аталмыш мақалада ғылыми техникалық мәтіндердің грамматикалық құрылымдарын аудару барысында туындайтын қиындықтары жайлы айтылады.

**Тірек сөздер:** аударма, ғылыми-техникалық мәтін, синтаксистік құрылым, грамматикалық құрылым, ғылыми-техникалық стиль.

**Аннотация:** Английские научно-технические материалы обнаруживают целый ряд грамматических особенностей. Конечно, не существует какой-либо «научно-технической грамматики». Важная характеристика английского научно-технического стиля, которая отражается в отборе и использовании языковых средств, заключается также в его стремлении к краткости и компактности изложения, что выражается, в частности, в довольно широком использовании эллиптических конструкций. Неправильное понимание этих конструкций нередко приводит к нелепым ошибкам в переводе. Поэтому в данной статье рассматриваются сложности встречающиеся при переводе грамматических структур научно-технических текстов.

**Ключевые слова:** перевод, научно-технический текст, синтаксическая структура, грамматическая структура, научно-технический стиль.

**Abstract:** English scientific and technical materials exhibited a number of grammatical features. Of course, there is not any "scientific and technical grammar." An important characteristic of English scientific-technical style, which is reflected in the selection and using of linguistic resources, is also in his quest for brevity and compactness of presentation, which is reflected, in particular, in a fairly wide use of elliptical constructions. Misunderstanding of these structures often leads to absurd errors in translation. Therefore, in this article discusses the difficulties of scientific and technical texts in grammatical structural translations.

**Key words:** translation, scientific and technical text, syntactical structure, grammatical structure, scientific and technical style.

Ағылшын ғылыми-техникалық материалдары бірқатар грамматикалық ерекшеліктерге ие. Әрине қандай да бір «ғылыми-техникалық грамматика» жоқ. Ғылыми-техникалық сөйлеуде басқа да функциональдық стильдердегі сияқты сол синтаксистік құрылымдар мен морфологиялық формалар қолданылады. Алайда аталмыш стильде басқа стильдерге қарағанда грамматикалық құбылыстардың бірқатары жиі, кейбір құбылыстар оларда керісінше сирек, ал кейбіреулері тек өзіндік лексикалық «толысулармен» ғана қолданылады. Біз жоғарыда атап өткен ғылыми-техникалық көзқарастардың ортақ қасиеттері сөйлеудің синтаксистік құрылымында бейнеленбеуі мүмкін емес. Осы тәрізді материалдардың біз қасиеттерін көрсету жолдары арқылы шынайы нысандардың ұғымын анықтау мен сипаттаудың оларға тән екендігін атап өттік. Бұл етістік пен жалғаулықтан және есім таптардан (предикатив) құралған құрамды баяндауышты жай екіқұрамды сөйлемдердің кең қолданылуын алдын-ала болжайды. Предикатив ретінде үнемі сын есім немесе жатыс орам пайдаланылады: The pipe is steel, The surface is copper, These materials are low-cost, Control is by a foot switch, Wing de-icing is by ducting exhaust heated air through leading edge duct. Осы тәрізді құрылымдар болымсыз формада қолданылады, мұнда жай болымсыз етістік (do not) орнына предикативке поп болымсызы келетін құрама баяндауыш жиі қолданылады: The stuff is non-shrink, The refrigerants are nontoxic and nonirritating. Заттарға сүйене отырып, шындық бейнені көрсетуге ұмтылу ағылшын ғылыми-техникалық стилінде есім құрылымдардың басымдылығына алып келеді. Әңгіме техникалық мәтіндерде нақты зат атауларының көптігінде емес. Зерттеулер мұндай мәтіндерде үдерістер мен әрекеттердің сипаттамаларының да аталатынын көрсетті. to clean after the welding деп айтудың орнына маман to do post-welding cleaning деп айтады; егер бөлшектің

ядроның маңында екендігін көрсету қажет болса, The contents of the tank are discharged by a pump деудің орнына it occupies a juxtanuclear position деп айтады. Артықшылық Discharge of the contents of the tank is effected by a pump беріледі. Аспаптың алмалы қақпағы аспапты жеңіл тазалау мен жөндеу үшін ғана керек емес, бірақ for ease of maintenance and repair. Әрекетті шынайы сипаттау қызметіне байланысты сөйлемде баяндауыш тек жалпы шартты белгі ретінде ғана атау тұлғада «оператор» жеке тұр. Жалпы алғанда ғылыми-техникалық мәтіндерде мәні мен аудармасы сөйлемдегі басты мағыналыққа ие зат есіммен байланысты болатын effect, assure, perform, obtain, provide, give, involve, entail, imply, result in, lead to, to be ascribed to, to be attributed to, etc. сынды етістік-операторлардың кең қолданылуы байқалады. Номинативтілікке ұмтылу үстеудің жатыс есімді тіркеске өзгеруіне алып келеді. Сонымен accurately with accuracy, very easily - with the greatest ease или the easy way (Салыстырыңыз: to do something the hard way), etc. болады. Бұл үрдіске ғылыми-техникалық мәтіндерде маңызды мәтінде жат элемент болып табылмайтын басты модальды-экспрессивті құрал ретінде қолданылатын күшейткіш үстеулер ғана қарсы тұра алады. Мұндай үстеулер: clearly, completely, considerably, essentially, fairly, greatly, significantly, markedly, materially, perfectly, positively, reasonably, etc. Сп.: The amount of energy that has to be dissipated is clearly enormous. The energy loss is markedly reduced. Етістіктің орнына демеулікті етістіктен жасалған сын есімдердің кең қолданылуы ғылыми-техникалық стильдің етістікке қарама-қайшы көрінісі болып табылады: to be attendant on, to be conducive to, to be destructive of, to be incidental to, to be responsive to, to be tolerant of, etc. Салыстырыңыз: This system is conducive to high volumetric efficiency. This type of mixing is often incidental to other stages of the industrial process, e.g. size reduction. Әрине ғылыми-техникалық стильдің атаулы сипаты бұл стиль материалдарында жақтық тұлғасындағы толық мағыналы етістіктер жоқ дегенді білдірмейді. Мұндай етістіктерсіз мағыналы байланысқан мазмұндағы сөйлемді елестету қиын, әйткенмен кейбір пікірлер бойынша ғылыми-техникалық мәтіндердегі етістікті предикатив формалар саны сондай көлемдегі әдеби шығармаларға қарағанда екі есе кем. Тіл ғылымы зерттеу жұмыстарында [1: 89; 2: 115] ағылшын тілінің ғылыми-техникалық стилінде етістіктерді қолданудың мұндай ерекшеліктері ғылыми баяндаудың басты сипатымен және мақсатымен байланысты пассив форма мен осы шақтың жай формасының маңызды басымдылығы ретінде бірнеше рет көрсетілген.

Арнайы мәтіндерде сабақты етістікті пассив мәнді салт формада кең қолдану аудармашының басты назарын аударады: These filters adapt easily to automatic processing of many materials. The steel forges well. The unit must test for adequate wiring.

Баяндаудың қысқалығы мен ықшамдылығына ұмтылу тілдік құралдарды сұрыптау мен қолдануда бейнеленетін ағылшын ғылыми-техникалық стилінің маңызды сипаты болып табылады. Атап айтқанда, бұл эллипстік құрылымдарда жиі қолданылады. Аудармада бұл құрылымдарды дұрыс аңғармау оғаш қателікке жиі алып келуі мүмкін. Мәтінде a remote crane немесе a liquid rocket тіркесін кездестірген аудармашы олардағы a remote-operated crane және a liquid-fuelled rocket эллипстік формаларын тани білуі тиіс. A non-destructive testing college is to open in London this October оқи отырып, ол ашылған колледждің аса берік (non-destructive) немесе сынамалы (testing) болмайтынын, материалдарды сынаудың берік әдістері саласында мамандар даярлайтынын есте ұстағаны жөн. Осыған ұқсас low-pressure producers төменгі қысым әдісімен полиэтилен шығарушысы болып табылуы да мүмкін.

Көрсетілген үрдіс басқа да бірнеше грамматикалық ерекшеліктерде көрініс табуы мүмкін. Ғылыми-техникалық стильге постпозицияда анықтауыш бағыныңқы сөйлемдерді сын есімдермен ауыстыру тән (әсіресе -ible, -able, -ive жұрнақтарымен және т.б.): the materials available, excellent properties never before attainable, all factors important in the evaluation of, problems difficult with ordinary equipment, etc. Осы мақсатқа инфинитив формасының түрін анықтау қызметін қолдануда да жету мүмкін: the properties to be expected, the temperature to be obtained, the product to be cooled, etc.

Сондай-ақ ғылыми-техникалық стильде артикль түсіп қалуының көптеген жағдайларын, басқа типтегі мәтіндерде артикльдің қолданылуы міндетті болып саналатынын ерекше ескеруге болады: General view is that..., First uranium mine in the region was...

Техникалық құралдардың нақты атауларының, техникалық сипаттамалардың, нұсқаулықтардың және сол сияқтылардың алдында артикль жиі түсіп қалады: Armstrong Traps have long-live parts, valve and seat are heat treated chrome steel, lever assembly and bucket arc stainless steel.

Осы құбылыс ғылым саласы атауларының алдында да байқалады: in such fields as work study, mechanical engineering, civil engineering, telecommunication, standardization, higher education, etc.

Қазіргі ағылшын тіліндегі ғылыми-техникалық стильдің спецификасын зерттейтін лингвистикалық жұмыстарда бірқатар жеке грамматикалық ерекшеліктер көрсетіледі: заттық зат есімдердің көпше түрінің кең қолданылуы (fats, oils, greases, steels, rare earths, sands, wools, gasolines, etc.), құралдар атауларының

көпше түрі (clippers, jointers, shears, dividers, compasses, trammels, etc.), амалдық-тектік қарым-қатынасты беру үшін of көмекші сөзінің қолданылуы (the oxidizer of liquid oxygen, the fuel of kerosene), type, design, pattern, grade сөзді анықтауыштық тіркесімдердің көп таралуы: Protective clothing and dry-chemical-type fire extinguisher should be readily available in the area. Not only laboratories, but pilot-type manufacturing plants are included in the center [3: 301]. Жоғарыда көрсетілген ғылыми мазмұндаудың бірізділігі мен дәлелділігіне байланысты, сондай-ақ себеп-салдарлы жалғаулық пен since, therefore, it follows that, so, thus, it implies, involves, leads to, results in, etc. сияқты қисынды байламдарды көп қолдану байқалады. Ғылыми-техникалық материалдардың көрсетілген лексика-грамматикалық ерекшеліктері аударма барысында айтылуға тиісті материалдардың коммуникативті сипатына тікелей әсер етеді.

Ағылшын тілінің ғылыми-техникалық материалдары үшін мәтіндегі сөйлемдердің жалпы санының орташа 50%-нан жоғарысын құрайтын жай сөйлемдердің артықшылығы тән. Сонымен қатар құрмалас сөйлемдердің де саны көп емес. Бұл құбылыс құрмалас сөйлемдер кең қолданылатын орыс тілінің тиісті стиліне тән емес. Осыған байланысты ағылшын-орыс техникалық аудармаларында сөйлемдерді біріктіру тәсілі жиі қолданылады, мұның нәтижесінде ағылшын түпнұсқасының екі немесе одан да көп жай сөйлемі орысша аудармадағы бір құрмалас сөйлем сәйкес келеді. Мысал келтірейік: Classically, we should expect the stopping voltage to be different for different intensities. Furthermore we should not expect any simple direct dependence of the stopping voltage on the frequency of the light used. – Классикалық теория тұрғысынан алғанда, жапқыш қуаттың әртүрлі үдемелілік үшін әртүрлі болатындығын күтуге болады, бірақ түсуші сәуле толқынының ұзақтығына байланысты болмайды.

Аударманың арнайы теориясы нақты функционалдық стильге қатысты мәтіндерді аудару барысындағы стилистикалық бейімделулердің әртүрлі формаларын сипаттайды [4:182]. Мұндай бейімделуге біз сөз етіп отырған тілдік ерекшеліктер ғана себепші болмайды. Стилистикалық алмасу аударма барысында бастапқы және аударылып отырған тілдің ұқсас стильдерінде бір мезгілде көрінетін сол стилистикалық белгілеріне қатысты міндетті болып табылуы мүмкін. Сол және басқа да стилистикалық сипаты әртүрлі деңгейде тілдердің әрқайсысында көрініс табуы мүмкін және оның түпнұсқада болуы аударма мәтінінде оның айтылуы мүмкін дегенді білдірмейді.

Ағылшын тілінде де, орыс тілінде де ғылыми-техникалық стиль үшін мазмұндауға деген анықтылық пен қаталдылық, нысандардың жанама, сипаттық белгілеулерінен, арнайы лексикалық штамп пен таптаурындарды кең қолданудан бас тарту тән. Алайда неғұрлым жіті талдау терминдер мен әдеттегі тұжырымдарды қолданудағы қаталдық ағылшын тіліне қарағанда, орыс тілінің ғылыми-техникалық стиліне тән екенін көрсетеді. Сондықтан да аудармашы жиі түпнұсқаның «стилистикалық түзетулерін» жүзеге асыруды өзіне міндет санайды, парафразаның орнына нақты термин енгізеді, нақты ненің түсіндірілетінін авторлық орамды неғұрлым әдеттегі штамппен алмастырады. Ғылыми-техникалық аудармадағы стилистикалық бейімделулердің кең тараған көріністерінің бірі – бұл стилистикалық жат терминдерді «тырнақшалауға» талпыну: It is thus the trademark of the results of new theory. – Ол жаңа теория нәтижелерінің «фабрика белгісі» болып табылады.

Аудармалардың салыстырмалы талдауы «маңызды» ғылыми мазмұндауларда олар үшін қисынсыз болып көрінетін түпнұсқаның эмоционалды-стилистикалық элементтерін түсіре отырып, аудармашылардың аударылып отырған мәтіннің стилистикалық алмасуларын үнемі жүзеге асыратындығын көрсетеді. Мысалы, dramatic (тиімді, ашық), successful (табыскер, жолы болғыш), excellent (үздік, өте жақсы) сынды бағалау эпитеттері, орысша аудармасына көбірек жиі көрсетеді: These conclusions, however, raised other uncomfortable questions. – Алайда бұл қорытындылар бірқатар сұрақтарды туындатады. Ұқсас тенденция «артықшылық» бейнелілігіне қатысты айқындалады: Modern technology is growing at a very rapid rate, and new devices are appearing on the horizon much more frequently. Заманауи техниканың тез дамығаны соншалық, аспаптардың жаңа түрлері бұрынғыға қарағанда жиі пайда болады. Біздің көкжиегіміз бен көз аямызда пайда болады – мұның бәрі мүмкін, бірақ орыс тілінің ғылыми мәтіні үшін ерекше бейнелі.

Ағылшын тілі мен орыс тілінің ғылыми-техникалық стильдері арасындағы толықтай дәл келушіліктің жоқтығын оларда жеке сөйлеу мүшелерін қолданудың салыстырмалы жиілігін оқып-үйрену барысында көруге болады. Жалпы алғанда ғылыми мазмұндауға атауыштық белгі тән, яғни басқа функционалді стильдерге қарағанда зат есімдердің кең қолданылуы тән. Ғылыми-техникалық стильдің ағылшын тіліне де, орыс тіліне де тән сол ерекшелігі біркелкі емес анықтылықта көрініс табуы мүмкін және әртүрлі тілдік құралдармен айтылады [5: 253]. Біз ғылыми мазмұндауға жоғары қисындылық пен бірізділіктің тән екенін атап өттік. Келесі пікір бір-бірімен қисындылықтың түрлі қатынастарымен байланысты: бір пікір басқа бір пікірден туындайды, оны түсіндіреді, онымен себепті, шақтық, кеңістік және с.с. қарым-

катынасты орнатады. Бұл ерекшелік ағылшын түпнұскасымен қатар орыс тіліндегі аудармасында да айқындалады. Алайда ағылшын тілінде қисындылық қатынастары тек олардың өз мазмұнында ғана айқындалады және аса көрінбейді. Орыс тілі байланыстың сол және басқа да түрін көрсететін арнайы сөздер мен кіріспе орамдарды қолдануды артық санайды. Сондықтан да аудармада түпнұсқада жоқ осы сынды қосымша анықтаулар байқалады.

Таныс емес мәндес терминдер сөздігінің көмегімен аудару қиындық тудырмайды. Бір ағылшын терминінің бірнеше орыс терминіне сәйкес келуі өз алдына басқа, мысалы: switch – сөндіргіш, ауыстырып-қосқыш, коммутатор. Бұл жағдайда ұқсастықты ерікті таңдау аталмыш пәнді жақсы білумен ғана мәжбүрленуі мүмкін. Мына сөйлемді алайық: Most of the modern radio-transmitters can communicate both telegraph and telephone signals. Аударманың екі нұсқасы болуы мүмкін: Заманауи радио хабарын таратқыштардың көпшілігі телеграфтық, сонымен қатар телефондық сигналдарды да жолдайды немесе заманауи радио хабарын таратқыштардың көпшілігі телеграфтық, сонымен қатар телефондық режимде де жұмыс істеуі мүмкін. Аударманың екінші нұсқасы неғұрлым дұрысырақ.

Аудармашы ағылшын мәтінін аудару барысында орыс тілінің ғылыми-техникалық стиліне тән формасына иелік ете отырып, тіпті орыс тіліне ағылшын тіліндегі түпнұсқасының арнайы белгілерін аудармай-ақ автордың ойын толық және нақты жеткізуі тиіс [6: 216]. Ағылшын тіліндегі мәтінде етістіктің жақтық тұлғасы басым, ал орыс тілінің ғылыми стиліне жақсыз немесе белгісіздік жақтық тұлғалық орам тән, мысалы: You might ask why engineers have generally chosen to supply us with alternating current rather than direct current for our household needs. Әдетте үй қажеттілігіне нәліктен тұрақты токтың емес айнымалы токтың қолданылатынын сұрауға бола ма? Түсіндірмелі сипаттағы ағылшын тіліндегі мәтіндерде қарапайым қимыл-әрекетті білдіру үшін жиі келер шақ қолданылады. Контекстке сүйене отырып, мұндай сөйлемдерді келер шақта емес, осы шақта аударған қажет.

Ғылыми-техникалық мәтін аудармасын зерттеу нәтижесінде мұндай мәтіндердің басты стилистикалық белгісі сөйлеуге эмоционалды қанықтық беретін толық айқын элементтердің жоқтығы барысында материалды толық және нақты мазмұндау болып табылады деген тұжырым жасауға болады. Ғылыми әдебиеттерде көркем шығармаларда кең қолданылатын метафоралар, метонимиялық транспозициялар және басқа стилистикалық фигуралар мүлдем кездеспейді.

Ғылыми-техникалық мәтін аудармасы түпнұсқа формасында, мүмкіндігінше түпнұсқа формасына жақын бойынша ойды тура беруі тиіс. Шегіністер орыс тілінің ерекшеліктерімен, стильдің талаптарымен дәлелденуі тиіс. Жалпы алғанда аударма түпнұсқаның дәлме-дәл де емес, еркін қайта жазу болмауы тиіс, әйтсе де екеуінің элементтері де міндетті түрде болуы мүмкін. Түпнұсқаның маңызды ақпаратын жоғалтпауға жол бермеу керек.

1 Ванников Ю.В. Виды научно-технического перевода: общая характеристика, функции, основные требования. - М.: 1988. – 89 с.

2 Ванников Ю.В. и др., отв. ред. Ю.Н. Марчук. Научно-технический перевод / - М.: Наука, 1987. – 115 с.

3 Дмитриева Л.Ф. «Английский язык: курс перевода» Москва-Ростов-на-Дону, 2008. – 301 с.

4 Комиссаров В.Н. Слово о переводе-М.: Международные отношения, - 1973. – 182 с.

5 Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. - М.: Высш. шк., 1990. – 253 с.

6 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. М.: Международные отношения, - 1974.–216 с.

УДК 81'373, 001.4

## АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ БИЗНЕС ТЕРМИНДЕРІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫМЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

А.К. Мусагулова -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 3 курс PhD докторанты,

Л.Б. Жанаманова -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 1 курс магистранты

**Аңдатпа:** Аталмыш мақала бизнестегі жеке британдық және американдық бизнес терминологиясының немесе белгілі бір терминологиялық жүйенің аймақтық нұсқаларының болуын анықтау мақсатында британдық және американдық бизнес терминдерін тіл деңгейінде және сөйлеу деңгейінде талдауға арналған. Қазақ тілі – мемлекеттік

тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаңа саясатқа кірудің басты кілті», - деп елбасымыз айтқандай қазіргі таңда еліміз шетелдермен саяси-әлеуметтік және мәдени қарым-қатынас жасау үстінде. Британдық ағылшын және американдық ағылшын тілдері ағылшын тілінің екі негізгі жергілікті нұсқасы болып табылады. Британия мен Америка арасындағы қатынастар әрқашан да күрделі сипатқа ие болған, ол тілдік деңгейде де көрініс тапқан деуге болады. Бір жағынан, әр ел өз ерекшелігін сақтап, оған көпшіліктің назарын аудартуға ұмтылады, бұл үдеріс тіл арқылы жүзеге асады. Британдық және американдық банк терминологиясын бөлудің негізі жоқ, бұл жерде банк терминологиясының британдық және американдық нұсқалары туралы сөз қозғауға болады, өйткені терминологияның өзегі екі нұсқаға да ортақ болып табылады. Банк терминологиясының британдық және американдық нұсқалары арасындағы ең елеулі айырмашылықтарды екі елдің банк жүйесіндегі айырмашылықтармен түсіндіреміз.

**Түйін сөздер:** британдық бизнес термині, американдық банк термині, дескриптор, перифериялық термин, аймақтық нұсқа.

**Аннотация:** Данная статья посвящена анализу функционирования британских и американских терминов бизнеса на уровне языка и на уровне речи с целью установления, можно ли говорить о существовании отдельно британской и американской терминологии бизнес или лишь региональных вариантах одной и той же терминологической системы. Широкое развитие частного предпринимательства на постсоветском пространстве привело к тому, что экономические термины, прежде употреблявшиеся в узкой сфере государственной экономики, стали употребляться в повседневном общении и в разговорной речи. В последнее время в казахском языке (как и в русском) появилось множества иностранных (английских) и интернациональных терминов рыночной экономики, которые не переводятся или не подлежат переводу, причем некоторые из них имеют соответствия в казахском языке. Такие конкурирующие синонимы часто встречаются в языке средств массовой информации. Поэтому вопрос создания и распространения национальной экономической терминологии это проблема не только экономистов, но также всех специалистов в области терминологии. В коммуникативном пространстве независимых государств заметны явления, которые позволяют говорить о неоднозначности и разнонаправленности развития лексических норм стандартного языка. Следует отметить не только продолжающуюся и все шире распространяющуюся унификацию терминологии в разных областях науки и народного хозяйства, но также реконструкцию элементов традиционной языковой культуры и поиски новых источников концептуализации языковой картины мира: как внутренних, так и внешних.

**Ключевые слова:** британский бизнес термины, американский бизнес термины, дескриптор, периферийный термин, региональный вариант.

**Abstract:** This paper focuses on the analysis of the functioning of the British and American business terms at the language level and at the level of speech in order to establish whether it is possible to speak of the existence of a separate British and American term business or a regional variants of one and the de terminological system. Widespread development of private enterprise in the former Soviet space has led to the economic terms, especially used in the narrow sphere of the state of the economy, began to be used in everyday communication and speech. Recently in the Kazakh language (as in Russian) appeared numerous foreign (British) and international terms of market economy, which are not translated or not be translated, and some of them have counterparts in the Kazakh language. Such competing synonyms are often found in language media. Therefore, the question of creation and dissemination of the national economic terminology a problem not only ekonomists, but also all the experts in the field terminology. In the communicative space of Independent States noticeable phenomena that suggest the development of a multi-directional ambiguity and lexical rules of standard language. It should be noted not only the ongoing and increasingly pervasive unification of terminology in different fields of science and the economy, but also the reconstruction of linguistic elements of traditional culture and the search for new sources of conceptualizing language picture of the world: both internal and external.

**Keywords:** British business terms, the U.S. business terms, the handle, the peripheral term regional version.

«Нәтижесінде ағылшын тілінің британдық және американдық нұсқалары арасында барлық тілдік деңгейлерде, атап айтсақ, фонетика, орфография, морфология, синтаксис пен лексика деңгейлерінде айырмашылықтар туындайды [1]. Екінші жағынан, ағылшын тілінің халықаралық мәртебесі осы екі нұсқаның түгелдей айрықшалануы мен жекелеген тілдерге оқшаулануының алдын ала отырып, оларды жақындатуға ықпалын тигізеді. Терминдер жүйесі тілдің лексикалық жүйесінің бір бөлігі болғандықтан, осы үрдіс терминологиялық жүйелерде де кездесуі тиіс. Сондықтан да біздің басты міндетіміз: біріншіден, жеке британдық және американдық банк терминологиясының болуын немесе олардың бір терминологиялық жүйенің аймақтық нұсқасы болып табылуын анықтау, екіншіден, британдық банк терминологиясының американдық банк терминологиясынан айрықшалануын нақтылау. Қойылған сұрақтарға жауап беру үшін, ең алдымен, ағылшын тілінің британдық және американдық нұсқаларында банк терминдерінің қалыптасуын екі деңгейде – тіл деңгейінде және сөйлеу деңгейінде қарастырамыз.

Термин туралы ғылымда да өзгерістер болып, терминді зерттеудің когнитивтік аспектісі жасалуы үстінде. Терминтанымға когнитивтік көзқарастың енуі терминологиялық зерттеулердің ойлаумен байланысынан, нақтырақ айтқанда, тілге деген антропоцентристік көзқарастың пайда болуынан келіп туындайды. [2]



Көптеген бизнес терминдерінің сөздіктерінде британдық және американдық банк терминдерін бөліп көрсетпейді. Ең беделді деген баспаханалардан шыққан сөздіктердің өзінде кейбір терминдер американдық ағылшын тілінде немесе, керісінше, британдық ағылшын тілінде аналогқа ие ретінде белгіленген. Сөздіктерден қажетті ақпараттарды ала алмағандықтан, тікелей банк ісіндегі мәтіндерді талдауға кірісеміз. Ең алдымен, банк ісіндегі дескрипторлар (түйінді сөздер) мен негізгі терминдердің қолданысын қарастырамыз. О.С. Ахманованың пікірінше, дескрипторлар кез келген терминологиялық жүйенің өзегін құрайды. Дескриптор – қарастырылушы ерекше құбылыстың табиғатын ашып көрсететін және ғылыми интерпретацияда, осы құбылысты жіктеуде тиімді қолданыла алатын сөз немесе сөз тіркесі. Дескрипторлар терминдер жүйесінде негізгі терминдер болып табылады, ал тар мағыналы терминдер перифериялық (шеттегі) терминдерге жатады. Банк терминологиясындағы дескрипторларға келесі терминдерді жатқызуға болады: «account», «transaction», «fee», «loan», «credit», «cash», «mortgage», «deposit», «transfer», «asset» және т.б. Сондай-ақ, «interest rate», «withdrawal», «debit», «delinquency» және т.б. Осы сияқты банк терминологиясында жиі қолданылатын ұғымдарды білдіретін терминдерді талдаймыз.

«Account» термині (банктегі немесе өзге де қаржы институтындағы есепшот [3]) Британияда да, Америкада да бір мағынада қолданылады:

*“Some **accounts** especially those paying the highest rates of interest, may require you to give notice before you can withdraw your money or may limit the number of withdrawals you can make”* [<http://www.bba.org.uk>] (Бpum)

*“it may take somebody coming in two or three times to event that we have before they ever actually open an **account** with us or do some type of trade through a mortgage or investment division,” Mr.Stuard said* ” [<http://www.americanbanker.com>] (Амер)

«Fee» термині (бағасының пайызы немесе ақшаның тиянақты мөлшерлемесі түріндегі көрсетілген қызмет, жүргізілген операция төлемі (комиссиясы) [4]) де екі жақта да бірдей мағынаға ие:

*“Most credit cards charge fees under certain circumstances: annual **fee**-charged for having the card; late-payment **fee**-charged if your payment is received after the due date”* [<http://www.bba.org.uk>] (Бpum)

*“Find out what’s right for your needs and check out all the various rates and **fees**.* ” [<http://www.americanbanker.com>] (Амер)

«Transaction» термині (банк есепшоттарындағы жағдайды өзгертетін, банктің ақпараттық жүйесінде тіркеуді талап ететін жеке-дара банк жұмысы [3]) Британияда да, Америкада кеңінен қолданысқа ие:

*ATMs can provide a whole range of different services and if you want to carry out a lot of different transactions please try to chose a time that’s not too busy.* [<http://www.bba.org.uk>] (Бpum)

*If your bank has online banking, you don’t have to wait until your bank statement comes-you can check your transactions at any time* [<http://www.americanbanker.com>] (Амер)

«Cash» термині (қолма-қол ақша – банкноттар [4]) Британияда да, Америкада да қолданылады:

*“In most countries”, the aim is to exchange legacy for euro cash as quickly as possible* [<http://www.bba.org.uk>] (Бpum)

*“with the touch of a few buttons, you can withdraw cash, make deposits and transfer funds virtually anywhere an ATM is located”* [<http://www.americanbanker.com>] (Амер)

Мағыналары жағынан жақын «credit» термині (қарыз мәмілесі [4]) мен «loan» терминін (қарыз, несие: белгілі бір төлем үшін сұрап алатын немесе белгілі бір мерзімге берілетін ақша несиесі [4]) екі елдің де мамандары жиі қолданады:

*“Banks are likely to reduce the interest rates they charge on their **loans** to individuals and businesses”* [<http://www.bba.org.uk>] (Бpum)

*“**Loan** losses are low because banks make the initial credit decision, and are responsible for servicing the loan from cradle to grave,” Eversion said.* [<http://www.aba.com>]. (Амер)

«Mortgage» термині (ипотека, кепіл, ипотекалық несие: қарызгердің несие берушіге қарызды қамсыздандыру ретінде жылжымайтын мүлікке өз құқығын тапсыруы, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқығы қамсыздандырылған қарыз құралы [4]) екі елде де бірдей мағынада қолданылуда:

*“Rising housing costs forced more than a million householders to use a credit card to pay their mortgage or rent over the past 12 months, a poll for the housing charity shelter reveals today”* [<http://www.guardian.co.uk>] (Бpum)

*“When you’re looking for a mortgage, you’re likely to shop among lenders for the most favorable interest rate, and the lowest points and other up-front charges”* [<http://www.aba.com>]. (Амер)

«Deposit» терминін (несие мекемесіндегі клиенттің ақша немесе құнды қағаз түріндегі салымы [4]) ағылшын тілінің британдық нұсқасында, сондай-ақ американдық нұсқасында сөйлеушілер бірдей қолданады:

*“Broadly defined as those deposits where part of the balance is not accessible without penalty, either on demand or by close of business on the day following that on which the deposit was made”* [<http://www.guardian.co.uk>] (Брум)

*“Secured cards, which require a security deposit. The larger the security deposit, the higher the credit card limit.”* [<http://www.aba.com>]. (Амер)

Сонымен, банк ісіндегі британдық және американдық мәтіндерді талдау дескрипторлардың басым бөлігі мен жиі қолданылатын банк терминдерінің Британияда да, Америкада да айтылу жағынан да, мағынасы жағынан да бірдей екендігін, яғни бір-бірімен толық сәйкес келетіндігін көрсетті.

Бірқатар британдық және американдық банк терминдері мағынасы бір болғанымен, айтылу жағынан айрықшалаңады.

Бұл айырмашылықтар терминдердің жазылуына да қатысты, мәселен:

cheque (брит.) – check (амер.) [1],

chequebook (брит.) – checkbook (амер.),

traveller'scheque (брит.) – traveler'scheque (амер.),

licence fee (брит.) – license fee (амер.),

offshore centre (брит.) – offshore center (амер.).

Осыған сәйкес британдық және американдық банк терминдері ағылшын тілінің лексикалық жүйесінің бір бөлігі бола отырып, британдық және американдық орфографияны ажырататын барлық ерекшеліктерін көрсетеді деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Британия мен Америкада әр түрлі атауға ие бірқатар банк ісінің ұғымдары бар, атап айтсақ:

| Британдық термин                           | Американдық термин                          |
|--------------------------------------------|---------------------------------------------|
| Cash machine                               | ATM                                         |
| Till money                                 | Vault money                                 |
| Current account                            | Checking account                            |
| Sight deposits                             | Demand deposits                             |
| Debit card                                 | Asset card                                  |
| Hire purchase                              | Consumer instalment loan/ Instalment credit |
| Deffered coupon note                       | Deffered interest bond                      |
| Revolving credit                           | Open-end credit                             |
| Back-to-back credit/ Countervailing credit | Secondary credit                            |
| Auditor's certificate                      | Accountant's opinion                        |
| Profit and loss account                    | Income statement/ Earnings report           |
| Gearing                                    | Financial leverage                          |
| Unit trust                                 | Mutual fund                                 |
| Lombard loan                               | Collateral loan                             |
| Yield                                      | Current return                              |
| (Bank) cashier                             | Teller                                      |
| Британдық термин                           | Американдық термин                          |
| Spot market                                | Cash market                                 |
| Pathfinder prospectus                      | Red herrings                                |
| Depreciation                               | Amortization                                |
| Undistributable reserves                   | Restricted surplus                          |
| Mortgage-backed annuity                    | Beamer                                      |
| Bank notes                                 | Bills [Graham Tullis, Tonya Trappe 2004:57] |
| Shareholder                                | Stockholder                                 |
| Preference share                           | Preffered stock                             |
| Ordinary share                             | Common stock                                |
| Flotation                                  | Initial public offering                     |

|                 |                   |
|-----------------|-------------------|
| Private placing | Private placement |
| Life assurance  | Life insurance    |

Осы тәрізді терминдер көп емес және ең белгілі сөздіктерде олар аймақтық нұсқалар ретінде көрсетілген. Әдетте, мұндай терминдер перифериялық болып саналады және басқа терминдер үшін дескриптор бола алмайды.

Британия мен Америкадағы банк терминдерінің басқа да айырмашылықтарын осы елдердегі банк жүйелеріндегі әркелкіліктермен түсіндіруге болады. Мәселен, британдық «merchant bank» терминінің американдық баламасы – «investment bank». Британияда клиенттерді депозиттерін жоғалтудан Депозитті қорғау қоры қорғайды, ал Америкада бұл іспен Депозиттерді сақтандыру федералдық корпорациясы айналысады. Сонымен қатар, британдық немесе американдық реалиилерді, яғни бір елде ғана болатын нысандарды білдіретін терминдер де кездеседі. Мәселен, «hard dollars», «flower bond» терминдері американдық реалиилер болып табылады, ал «bill leak» термині британдық болмысқа ғана қатысты қолданылады.

Британия мен Америкада мағынасы жағынан сәйкес келетін, бірақ айтылуы жағынан айрықшаланатын терминдерді сөйлеу деңгейінде талдаймыз. Британдық және американдық мамандар терминдердің өз нұсқаларын ұстана ма, немесе бірдей жағдайда екі нұсқаны да қолдана ма? Осы мәселені анықтап алу қажет.

Сонымен, британдық және американдық банк терминдерін ажыратудың лексикографиялық тәжірибесі болғанымен, мәтіндерді талдау көрсеткендей, бүгінгі таңда терминдердің британдық және американдық нұсқалары екі елде де қолданысқа ие: британдық мамандар терминнің американдық нұсқасын, керісінше американдық мамандар терминнің британдық нұсқасын қолданатын жағдайлар өте жиі кездеседі. Оған қоса, американдық және британдық нұсқалардың гибридтері болып табылатын терминдер де пайда болуда. Кей жағдайларда терминдер бір мәтінде синонимдер ретінде қолданысқа ие болады; кейде терминдердің бірі өз мағынасын кеңейтуі де ғажап емес жайт. Алайда, көп жағдайларда американдық және британдық мамандар байырғы терминдерге жүгінетіндігін атап өткен жөн.

Банк ісіндегі британдық және американдық мәтіндерді талдау көрсеткендей, банк терминологиясының өзектері, яғни дескрипторлар мен негізгі банк терминдері Америкада да, Британияда да бір-біріне сәйкес келеді, ал бұл дегеніміз – банк ісіндегі басты ұғымдарды білдіретін терминдердің басым бөлігі екі елде де айтылуы жағынан да, мағынасы жағынан да ұқсас деген сөз. Британдық ағылшын және американдық ағылшын тілдерінде аймақтық нұсқалары бар терминдер кездеседі, бірақ мұндай терминдердің саны шектеулі, әдетте, бұл терминдер перифериялық ұғымдарды білдіреді. Оған қоса, екі нұсқаны да Америкадағы, Британиядағы мамандар қатар қолданады, сондықтан терминдердің аймақтық тиесілігі жойылып, терминдер абсолютті синонимдер ретінде қолданысқа ие болады. Мұны банк терминологиясын біріздендіруге апаратын жаһандану үдерісімен түсіндіруге болады.

1 Назарова Т.Б. *Словарь общеупотребительной терминологии английского языка делового общения*. – М., 2002.

2 Исакова С.С. *Терминді зерттеудің когнитивтік аспектісі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 4 (42)2012ж.*

3 Миркин Я.М., Миркин В.Я. *англо-русский толковый словарь по банковскому делу, инвестициям и финансовым рынкам*. – М., 2006.

4 Федоров Б.Г. *Англо-русский банковский энциклопедический словарь*. – СПб., 1995.

УДК 81'42

## ҚАЗАҚ ТОК-ШОУ ҮЛГІСІНДЕ ЖАСТАР ДИСКУРСЫНДА ВЕРБАЛДЫ ҚОРҒАУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ ЖОЛДАРЫ

Ж.Е. Бекжанова –

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
«Шетел филологиясы» мамандығының  
PhD докторанты*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада жастар дискурсы, олардың жас ерекшеліктері, әлеуметтік мәдени қасиеттері ток-шоу деген теледидар жанрының шеңберінде қарастырылады. Әрбір қатысушының ток-шоуда өз қызметі болады, сонымен қатар, ол ток шоу авторларының алдын-ала анықтап қойған белгілі бір кейіпкер ролін де сомдайды. 12-29 жас аралығындағы кейіпкерлер қатысқан ток-шоуларды қарап, біз келесі қорытындыға келдік: жастар әлеуметтік тобының өкілдері көпшілік жағдайда белгілі бір оқиғаның құрбаны немесе кінә тағылып жатқан объект ретінде бағдарламаға қатысады, залдағы эксперттер мен көрермендер тарапынан сынға түсіп те жатады. Сол себептен олар көбіне вербалды қорғау стратегиясын ұстанады, соның ішінде өз әлеуметтік тобына жататындарды өзара қорғау басым болып келеді. Қаралған ток-шоуларды талдау негізінде біз жастар дискурсында қолданылатын қорғау стратегиясының төрт нақты тактикаларын анықтап шығардық: дискредитацияланған тұлғаны мақтау тактикасы, кінәні мойындамау тактикасы, кінәні басқа тұлғаларға аудару тактикасы, қарсы кінә тағу тактикасы. Мақалада жастар дискурсы, оның жас ерекшеліктері, әлеуметтік мәдени қасиеттері ток-шоу деген теледидар жанрының шеңберінде қарастырылады. Талдау барысында біз жастардың ток-шоуда көбіне вербалды қорғау қарым-қатынас стратегиясын ұстанатынын, соның ішінде өз әлеуметтік тобына жататындарды өзара қорғау басым болып келетінін анықтадық. Қорғау стратегиясының төрт нақты тактикаларын анықтап шығардық: дискредитацияланған тұлғаны мақтау тактикасы, кінәні мойындамау тактикасы, кінәні басқа тұлғаларға аудару тактикасы, қарсы кінә тағу тактикасы. Мақалада жастар дискурсы, оның жас ерекшеліктері, әлеуметтік мәдени қасиеттері ток-шоу деген теледидар жанрының шеңберінде қарастырылады. Талдау барысында біз жастардың ток-шоуда көбіне вербалды қорғау қарым-қатынас стратегиясын ұстанатынын, соның ішінде өз әлеуметтік тобына жататындарды өзара қорғау басым болып келетінін анықтадық. Қорғау стратегиясының төрт нақты тактикаларын анықтап шығардық: дискредитацияланған тұлғаны мақтау тактикасы, кінәні мойындамау тактикасы, кінәні басқа тұлғаларға аудару тактикасы, қарсы кінә тағу тактикасы.

**Кілт сөздер:** дискурс, жастар дискурсы, қарым-қатынас стратегиялары, қарым-қатынас тактикалары, ток-шоу, вербалды қорғау

**Аннотация:** В статье рассматривается молодежный дискурс, проявление его возрастных, социальных особенностей в рамках популярнейшего телевизионного жанра ток-шоу. Каждый участник ток-шоу исполняет определенную функцию и определенную роль, отведенную им авторами передачи. Из анализа просмотренных телепередач, где принимают участие субъекты 12-29 лет, было выявлено, что представители данной социальной группы выступают почти всегда в роли жертвы какой-либо ситуации, обвиняемого со стороны общественности, и подвергается критике присутствующих экспертов и зала. Поэтому в основном в ходе передачи молодежь придерживается стратегии вербальной защиты, в частности взаимозащиты по отношению к принадлежащим к своей социальной группе. В результате анализа нами выявлено четыре тактики в рамках стратегии вербальной защиты, которые наиболее четко прослеживаются в молодежном дискурсе: тактика восхваления дискредитируемого, тактика отрицания обвинений, тактика перевода обвинений на других лиц, тактика контробвинения. В статье рассматривается молодежный дискурс, проявление его возрастных, социальных особенностей в рамках популярнейшего телевизионного жанра ток-шоу. В ходе анализа просмотренных телепередач выявлено, что молодежь в ток-шоу придерживается коммуникативной стратегии вербальной защиты, в частности, взаимозащиты представителей своей социальной группы. Выявлено четыре тактики стратегии вербальной защиты в молодежном дискурсе: тактика восхваления дискредитируемого, тактика отрицания обвинений, тактика перевода обвинений на других лиц, тактика контробвинения.

**Ключевые слова:** дискурс, молодежный дискурс, коммуникативные стратегии, коммуникативные тактики, ток-шоу, вербальная защита

**Annotation:** The article views youth discourse, its age and social features in popular TV genre talk-show. Each participant of the show has his/her own function and definite part prepared by the authors. According to the talk-show

analysis, it was defined that 12-29 year-old participants are mostly presented as victims of any case, as accused people, who are discussed by public, criticized by experts and audience. Thus, in most cases the youth follow the communication strategy of verbal defense, and particularly, interdefense of the members of their own social group. As a result, we have defined precise four tactics of the communication strategy of verbal defense: tactics of praising a discredited person, tactics of opposing the accusation, tactics of transmitting of accusation to the other people, tactics of counter-accusation. The article views youth discourse, its age and social features in popular TV genre talk-show. According to the talk-show analysis, we have found out that in most cases the youth follow the communication strategy of verbal defense, and particularly, interdefense of the members of their own social group. As a result, we have defined precise four tactics of the communication strategy of verbal defense: tactics of praising a discredited person, tactics of opposing the accusation, tactics of transmitting of accusation to the other people, tactics of counter-accusation.

**Key words:** discourse, youth discourse, communication strategies, communication tactics, talk show, verbal defense.

Қазіргі заманғы лингвистика ғылымында және басқа да гуманитарлы ғылымдарда «дискурс» терминінің кең қолданылып, оған біркелкі көзқарас жоқтығы белгілі. Оған сан алуан анықтама бар.

Мақала бағытына ең жақын анықтаманы Ресей лингвисті В.И.Карасик береді. Ол дискурсты имманентті лингвистика, әлеуметтік лингвистика және прагматика деген үш жақтан қарастырып, үш түрлі анықтама береді. Әлеуметтік лингвистика жағынан қарастырсақ: «Дискурс – адамдардың қай әлеуметтік топқа жататынына байланысты, белгілі бір типтік сөйлеу және өзін өзі ұстау жағдайларына байланысты (мысалы, институционалды дискурс) бір-бірімен қарым-қатынасы. Осы позиция тұрғысынан заң, соғыс, саяси, педагогикалық, діни, бұқаралық ақпараттық және т.б. дискурстың түрлерін атап көрсетеді [1].

Ресей лингвисті М.Г. Чабаненко жастар дискурсын крестьян халқы, зиялы қауым, жұмысшы қауым, актерлер мен өнер адамдары дискурстарының қатарына қояды [2]. Бұл мақалада жастар дискурсы, олардың жас ерекшеліктері, әлеуметтік мәдени қасиеттері қарастырылады. Нақтырақ айтсақ, жастар дискурсы қазіргі уақытта ерекше сәнді әрі көпшіліктің ілтипатына бөленген ток-шоу бағдарламалары шеңберінде қарастырылады.

Қазақстан лингвисті Д.З. Ғаббасованың анықтамасы бойынша, «барлығына емес, бірақ әрқайсысына» арналған, батыс теледидарынан алынған теледискуссияның бір түрі [3]. Н.В.Вакурова және Л.И.Московкин сияқты Ресей теледидар жанрын зерттеушілер ток шоууды сөйлеу жанры, тікелей эфир мүмкіндіктерін пайдаланып жасалған теледискуссиялардың заманауи аналогы деп сипаттайды [4].

Дәстүрлі ток-шоу келесі үшбұрыштан құрылады: жүргізуші — шақырылған қонақтар (эксперттер) — студиядағы көрермендер. Әрбір қатысушының бағдарлама ауқымында өз қызметі болады, сонымен қатар, ол ток шоу авторларының алдын-ала анықтап қойған белгілі бір кейіпкер ролін де сомдайды» [5]. 12-29 жас аралығындағы кейіпкерлер қатысқан телебағдарламаларды қарап, біз келесі қорытындыға келдік: жастар әлеуметтік тобының өкілдері көпшілік жағдайда белгілі бір оқиғаның құрбаны немесе күнә тағылып жатқан объект ретінде бағдарламаға қатысады, залдағы эксперттер мен көрермендер тарапынан сынға түсіп те жатады. Жастардың өздері «прокурор» немесе эксперт ретінде өте сирек қатысады. Ресей сайтының бірі заманауи ток шоуудағы жастардың елеусіз, төмен ролін тап өтеді: «...Басқа арналарда өмірлік тәжірибелері мен стереотиптері асып бара жатқан «ағалар мен апалар» жастар мәселелеріне наразылығын білдіріп жатса, біз, жаңа ұрпақ жігіттері мен қыздары, өзіміз де тікелей эфирде жастар мәселелеріне өз көзқарастарымызды және оларды шешу жолдарын ұсына аламыз...» [6]. Қазіргі таңда егер жас тұлға эксперт ретінде ток шоуға қатысса да, оның пікірі көбіне шешуші болмайды. Осы бақылауларды негізге ала отырып, біз ток шоу ауқымында жастар дискурсының коммуникативті стратегиялары мен татикаларын зерттеуді маңызды көріп отырмыз.

Стратегия дегеніміз – дискурсты қабылдаумен байланысты белгілі бір когнитивті операциялар, мағынаны түсіну және интерпретациялау стратегиялары. «Стратегия» ұғымының негізі - Т.А. ван Дейктың «глобальды сөйлеу актісі» туралы түсінігі (жалпы интенция, макросөйлеу актісі) [7].

«Сөйлеу және өзін-өзі ұстау тактикасы» деген ұғымды Е.М.Верещагин былай сипаттайды: стратегиялық перлокутивті әсер ету үшін интенциясы мен жүзеге асыруы бойынша біркелкі коммуниканттың өзін-өзі ұстау жолы» [8].

А.Р.Залегинова пікір-талас ток-шоу бағдарламаларында 3 негізгі стратегияларын бөліп көрсетеді: вербалды шабуыл жасау (дискредитация), вербалды қорғау, көндіру [9]. Ток шоулардың көбісіне жастар эксперт, прокурор рөлдерінде емес, талқылау объектісі болып келгендіктен, олар көбіне

вербалды қорғау стратегиясын ұстанады, соның ішінде өз әлеуметтік тобына жататындарды өзара қорғау басым болып келеді.

Қаралған ток-шоуларды талдау негізінде біз жастар дискурсында қолданылатын қорғау стратегиясының төрт нақты тактикаларын анықтап шығардық:

1. Дискредитацияланған тұлғаны мақтау тактикасы
2. Кінәні мойындамау тактикасы
3. Кінәні басқа тұлғаларға аудару тактикасы
4. Қарсы кінә тағу тактикасы

Талдау бойынша, жастар тобының қатысушылары «өз адамдарын» «өзгелерден» қорғау үшін осы тактикаларды қолданады. Төмендегі қазақ ток-шоу үлгісінде осы тактикаларды пайдалану мысалдары көрсетілген. Перлокутивті әсерге жетуіне шамадан астам эмоциялары, максимализм, кей жерде жастардың мінезіне тән өз-өзіне сенбеушілік те септігін тигізеді, мұның бәрі вербалды түрде де көрініс табады.

«Айтуға оңай» атты «Қазақстан» телеарнасында көрсетілетін ток-шоудың «Әлімжеттік қылмыс па?» деген бағдарламасында студенттер арасында жоғары және орта оқу орындарындағы жасы үлкендердің кішілерге қысым көрсетуі талқыланып жатыр. Жүргізуші – Бейсен Құранбек. Студияда және эксперттер арасында әлімжеттік бар, онымен тиісті органдар күресу керек екендігі айтылып жатыр. Кейбір қатысушылар жәбірленушілердің өздері кінәлі деп пікір айтып жатыр. Қонақ ретінде жас жігіт, жақында ЖОО түлек болып шыққан Айдынға сөз кезегі беріледі. Аудиторияның таң қалдырғаны – бұл коммуникант өзі кезінде әлімжеттіктің құрбаны болса да, зәбірлеушілерді, жалпы бұл жүйені жақтап шығады.

Құранбек: (1) .....Айдынның айтуынша, жалпы мұндай нәрсе студенттердің арасында болсын, жастар арасында болсын керек дейді. Неге олай ойлайды? Өзінен тыңдайық.

Айдын: (2) Негізі тәртіп керек...

Құранбек: (3) Бұны тәртіпке жатқызасыз ба сонда?

Айдын: (4) Негізі оны система деп қояды ғой...система деп қояды. Жігіттер, қыздар, жастар біледі оны. Ол керек негізі. Бірақ оны шамадан тыс, артық қолдану қажет емес, күш көрсету керек емес. Тәртіп деген...мысалы, үлкен курстың балалары ақылын айтып, білгенін айтса, жөнді жолға салса, түзесе...ол дұрыс қой. Тәртіп керек қой.

Құранбек: (5) Өзіңіздің басыңыздан өткен бе?

Айдын: (6) Өзімнің басымнан өткен. Мен Қаскелең мәдениет колледжін бітірдім. Ауылдан келдім ғой енді. Ауылдың қара домалақ баласы.

Құранбек: (7) Таяқ жедіңіз бе?

Айдын: (8) Өзім көрдім, иә. Бағындым.

Құранбек: (9) Ондай жүйенің қажеті қанша? Қате тисе ше?.....

«Тәртіп», «Тәрбие», «...ақылын айтып, білгенін айтса, жөнді жолға салса, түзесе...» деген жағымды тіркестермен коммуникант әлімжеттікті жүзеге асырып жатқан жастарды жақтауға тырысады. Бұл мақтау тактикасы, өкінішке орай, аудитория жағынан да, жүргізуші жағынан да наразылық тудырады, қажетті перлокутивті әсерге жете алмайды. Бұл жүргізушінің соңғы репликасынан да көрінеді.

Үшінші қонақ та жақында жоғары оқу орнынан шыққан түлек Асқар осы жүйеге қатысты барлық тиісті жаргондарды қолданып, жүйенің мәнін түсіндіргісі келеді, жүйенің дұрыс емес екендігін айтады.

Асқар: (1) Мен де жақында студент болдым. Мына студент болған кезде, бар нәрсе ол. Ұратын, соғатын. Басында келген кезде, система деген нәрсе бар. Сен келесің де, біздің системаға кіресің дейді. Кірмесің, өзің жүре бересің. Егер біреу тиіссе, біз сен үшін ответ береміз дейді, сен үшін сөйлеп береміз дейді. Сені комнатаға шақырып алады да, ұрып соққаннан кейін духын алып тастайды....Түнгі сағатта жұмсайды деген бар. Терезеден түссең де, дүкенге барасың. Бармасаң, сені сол жерде сындырып тастайды.

Бойжеткен қонақ: (2) Сонда жатақхананың мамандары қайда қарап отыр?! Алматы қаласы бойынша ғана орын алған оншақты осындай оқиғалардың ішінде сегізі ғана сотқа жіберілді. Бұл тек нақты деректер, фактілерю Мына азаматтардың ешқайсысының да мойнында қылмыс жоқ.....

Бұл қатысушыны қолдап, студиядағы жас бойжеткен қонақ кінәні жастардан емес, басқа тұлғаларға сілтеу тактикасын қолданады. Жатақханаларда камералар жоқтығын, құқық қорғау

органдарының дұрыс жұмыс істемеуін айтып, кінәні сол жаққа аударады. Бұл тактика да әлсіз болады, эксперттер мен мамандар жігітті қорқақ ретінде сипаттап, аргументтерін жокқа шығарады.

Студиядағы көреремен, жас бойжеткен, өз пікірін білдіруге ниет білдреді. Ол да кінәні жастардың өздерінен емес, мектеп қабырғасында дұрыс тәрбие берілмеуінен көреді, мектеп жүйесіне кінәні сілтейді.

Көрермен бойжеткен: (1) Сіздер неге бұл жерде студенттерді ғана қарап отсыздар? Бұл мектеп қабырғасынан басталады. Қазіргі оқушылар – болашақ студенттер. Олар да жастар болады.....[10]

«Біз» ток шоу бағдарламасында жастардың арасында ерекше ықыласқа бөленіп жүрген Жақау атты рэппердің шығармашылығы талқыланып жатыр. Ересек қатысушылар өздерінің бұл өнерге, жалпы рэп стиліне қарсылығын білдіріп жатыр. Жақаудың ән мәтіндерінің төмен руханилығы туралы айтып, наразылықтарын білдіріп жатыр. Студияда Жақаудың шығармашылығын сүйер жас Ернар барынша әншіні жақтауға тырысты.

Ернар: (1) ...Мен мысалы өзім бұрын бала кезімнен орыстың рэпін тындайтынмын. 98 ден бастап рэпті тындап келе жатырмын. 2003 те мен Жақау інімнің ол Жаңаөзенде, мен осы жақта тұрамын 2003 те оның өлеңі келді. Сонда ойламдым: «Мәс саған. Қазақша рэпті біз де жасай алады екенбіз ғой». Кейін ғана оның іргетасы қаланды, Шоқан бауырым, Жақау бауырым сияқты жақсы өлеңдер шыға бастағаннан кейін мен орысша рэпті тындауды қойдым.

Жүргізуші: (2) Саналы шығармалар да болған шығар.

Үлкен жасар қонақ: (3) Сіздің жасыңыз нешеде?

Ернар: (4) 23

Үлкен жасар қонақ: (5) Таң қалдым дейсіңдер. Рэп айту өнер емес ол. Ертең елуге келгенде ұялатын боласың.

Жақау: (6) Бізде Шоқан бар, Ерболат бар. Біз қазақша рэптің алғашқы толқындарымыз.....

Ернар: (7) Аға, Сіз рэпті еліктеу дейсіз. Бәрі еліктеумен келеді. Жаманды айту оңай.... Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен.

Бұл жерде (7) не де болса, көрермен өз сүйікті әншісінің не де болса, «өнер емес» деген айыбын бәрібір кінәні мойындамау тактикасын қолданып, жокқа шығарып тұр.

Жақау «Біз» (6) деген есімдікті пайдаланып, оның өзі де бөлек бір стиль ұстанушы еместігін, онымен бірге осы стильде талай атақты орындаушылар бар екенін, өзі де осы стиль ұстанушы әншілердің қауымдастығына кіретіндігін көрсетіп, бұл жерде өзін қорғап, үлкен күштің бір бөлігі екенін көрсеткісі келіп тұр.

«Бауырым», «інім» (1) деген сөздерді пайдаланып, Ернар көрермен өзіне Жақау, оның өнері қаншалықты жақын екенін көрсетіп тұр [12].

Сайып келе, кез келген ток шоуа жастар көбіне түсініспеушілікке ұшырайды, оларға кінә тағылады, талқылауға салынады. Жастар дискурсында өз топ мүшелерін қорғау тұлғаның осы топқа мүшелігін, белгілі бір қауымға кіруін сезінуімен байланысты. Жоғарыда көрсетілген мысалдарда бұл әлімжеттікке ұшыраған жастар, оның куәсі болғандар, өздері сияқты жас музыканттың шығармашылығын сүйер жастар, жай бір пікірді қолдайтын, бір бірін түсінетін жастар, бір ұрпақ. Бұл олардың эмоцияларынан, қолданатын жаргондарынан, ортақ дүниетанымдарын көрсетететін сөздерінен, «өздерінің мүшелерін» «өзгелерден» нақты бөліп қарастыруынан білінеді. Жастар дискурсында вербалды қорғау коммуникативті стратегиясы бірнеше тактикалар арқылы жүзеге асады. Оның ішінде дискредитацияға ұшыраған тұлғаны мақтау, кінәні мойындамау, кінәні басқа тұлғаларға сілтеу, қарсы кінәлау тактикасы.

1 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. - Волгоград, 2002.

2 Чабаненко М.Г. «Молодежный дискурс как реализация типовой и индивидуальной языковой личности». Диссертация авторефераты. - Кемерово, 2007.

3 Габбасова Д.З. Телевизионный диалог ток-шоу немецкого и казахстанского телевидения как социокультурный момент в коммуникации. Диссертация авторефераты. - Алматы, 2005.

4 Вакурова Н.В., Московкин Л.И. Типология жанров современной экранной продукции. -Москва 1997.

5 Ким Н.М. Технология создания журналистского произведения. — СПб., 2001.

6 www.5iglov.ru. Телевидение для молодежи: образы и мысли.

7 Т.А.Ван Дейк. Когнитивные и речевые стратегии выражения этнических предубеждений. 1983.

8 Верецагин Е.М. В.Г.Костомаров. Язык и культура. 2005.

9 Залегдинова А.Р. Коммуникативные стратегии и тактики в дискурсивном пространстве ток-шоу. - Казань, 2013.

10 kaztrik.kz. «Қазақстан» телеарнасының мұрағаты.

11 Youtube.com.